1920–1930 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргінді кешенді зерделеу, құрбандардың негізгі санаттарын анықтау, іргелі зерттеу жүргізу енді ғылым аясында жалғасады. Үкімет 2024 жылы қазанда Мемлекеттік комиссияның тұжырымдарын іргелі зерттеуге жобалық-мақсатты қаржы бөлді (ИРН: BR24993057 «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау үдерістері»). Осы мақсатта 10-нан аса саяси науқанды жүйелі, пәнаралық, антропологиялық тұрғыдан қарастыратын жұмыс тобы құрылды, ғалым-мамандар шақырылып, әдіснама мен жұмыс бағыттары айқындалды.

2024 жылы Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша 11 том құжаттар мен материалдар жинақтары жарық көрді. Сонымен қатар, Мемлекеттік Комиссияның ғалымдары мен сарапшылары барлық терминді, ұғымдар мен атауларды, саяси лақап аттарды, жазалаушы органдардың кәсіби жаргондарын да зерттеді. Тілде, халықтың сөздік қорында әр кезеңнің шындығы, болмысы көрініс береді. Билік иелері, үстемдік етушілер де өз іс-әрекеттерін сөздері мен құжаттары арқылы тарих бетінде қалдырады. Большевиктер енгізген ұғымдар мен терминдерде де кеңестік биліктің нағыз бет-бейнесі мен олардың сыңаржақ саясаты, озбырлығы мен заңсыз әрекеттері айқын көрініс тапқан. Осы мәселе «Саяси қуғын-сүргінге қатысты терминдер жинағында (Глоссарий)» көрініс тапты.

Большевиктер құрған кеңестік қызыл империя халықты ата кәсібінен күштеп айырып, жаппай кедейлендіріп, мәжбүрлі түрде «Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасын орындату арқылы қазақ даласын бұрын-соңды болмаған алапат АШАРШЫЛЫҚҚА әкелді.

Республиканың 1-хатшысы Ф.Голощекин кеңес өкіметі басшылары пәтуасымен ұйымдастырған «Қазақстандағы Кіші қазан» төңкеріс кампаниясының барысын, тетіктерін, зардаптарын жүйелі зерттегенде ғана ашаршылық құрбандарының санын, жойылған ауыл, қырылған бала, өлім-жітім мөлшерін, халқымыздың басына түскен қасіретті ғылыми тұрғыдан сараптай аламыз. Әрбір өңір мен аудандағы «Кіші қазан» қасіретін дәйектейтін уақыт

әлдеқашан жетті. Әрбір аудан бойынша осы тақырыпқа арналған архив материалдарының жинағын шығару қажет.

Шеттен келген басшы ел психологиясын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын сырттай зерттеп, даярланатыны анық. Большевиктердің осы саладағы күрделі ұстанымын, көзқарасын, амалдарын жан-жақты қарастыру да – ғылым міндеті.

Ф. Голощекин келген бойда, 1925 жылы 1 желтоқсанда Қызылордада өткен V партконференцияда «Қазақстанда ешқандай совет өкіметі орнамағанын» мәлімдеп, «Октябрь дауылы қазақ ауылын жанап өтті. Себеп – ұлттық пролетариаттың болмауы, мәдени-экономикалық мешеулік» [2, 10 б.], - деп атап көрсетті. Бұл – Қазақстанға қарсы жабық соғыс жарияланғанының дәлелі.

Халық большевиктер билігін емес, Алашты, өзінің Алаш автономиясын мойындады. Алашорда үкіметі күшпен, заңсыз таратылса да, жұрттың көкірегінде ұлт зиялылары бастамасына деген сенім 30-жылдарға де дейін сөнбеді. Айлакер большевик келе сала Алаш қайраткерлеріне ауыз салды. Большевиктік-сталиндік билік Алаш ұрпағын, олармен мүдделестерді әрқашан бақылауда ұстады. Қуғын көргендердің ұлдары да әкелері туралы ашық айта алмады, жасыруға мәжбүр болды. Ал, шынында, олар өткендердің ерлігімен мақтануға құқылы еді.

Сонымен Ф.Голощекин: «Ауылды советтендіру – жұртшылықты қамтудың ұраны ғана емес, артта қалған ұлтты ұйымдастырудың ұраны» [2,], деп соқты. Ол, біріншіден, кедей мен орташаларды ұлттық қанаушылыққа қарсы күреске жұмылдыратынын; екіншіден, Алаш идеологиясына қарсы коммунистік идеологияны күшейтетінін мәлімдеді. Тап күресін желеу етіп, әлеуметтік топтарды бір-біріне қарсы қою саясатын жүргізді. «Қазақ ішінде тап атаулы жоқ» деп шырылдаған ұлт зиялылары пікірін ескермеді. Ф.Голощекиннің мақсаты – қазақ даласын толық бағындыру еді. Еркін, рухты, білімді, білікті зиялылар халқымен бір болғанда оларды бағындыру оңай болмайтынын түсінген әккі революционер орталықпен келісе отырып, «Кіші қазан» революциялық зорлық-зомбылық шарасын қарқынды жүргізді. Асқан айлакерлікпен, ел рухын жоятын жауыздықпен атқарды. Бір қарағанда, «қараңғы ауылды кеңестендіріп, реформа жасаған» сияқты көрінді. Алайда қазақ тарихын, ұлт жанын түсінген адам Ф.Голощекин басшылығы кезінде ұлттық болмысымыз тас-талқан болғанын айқын, анық аңғарады.

1925 жылы 1 желтоқсандағы БК(б)П өлкелік комитетінің жұмысы туралы V өлкелік партконференциядағы «За советизацию аула» [2], - атты баяндамасында ол қазақ қоғамын бағынышты етудің жолдарын теориялық-методологиялық тұрғыдан негіздеді. Большевиктік-сталиндік саясаттың «дұрыстығын» көрсету үшін қазақ ауылдары «артта қалған, қараңғы, надан» деген насихатқа кеңінен жол ашты. Ф.Голощекин 4 мәселені баса көрсетті: экономика, мәдени жұмыс, ұлттың өзін-өзі басқару формасы, жергіліктендіру. Осы төрт салаға жойқын шабуыл жасалды.

Жергілікті халықты оңайлықпен бағындыра алмайтынын білген соң, ұлттық нәзік, шетін, зәру тұстарды саясатқа тонын айналдырып үйлестірді. «Қазақ жерін жинаушы» рөліне еніп, «экономикалық тұрғыдан біріктірілмеген территория

бізді жаншып барады», «ауылды советтендіру – артта қалған қазақ ұлтын ұйымдастырудың бірден-бір жолы», «өзін-өзі басқару туралы... форма жалғыз – советтік, осыған байланысты мәселе – жергіліктендіру мәселесі», т.б. деп көз бояйтын амалдармен халықты алдап бақты.

Дәлелдер келтірсек: «Собиратель земли казахской» деп өлкелік партия комитетіне анықтама беріп, «не объединены еще экономический, ... территория нас еще давит», «...казаков среди населения 59-60 процентов...», «...форма национального самоопределения: форма одна – советская; отсюда вопросы советизации Казахстана, ... связанный с вопросам советизации, - это коренизация», «казахский аул...участвовал в выборах и участвовал активно, он «по –английский участвовал в этом....», «советизация аула-единственная форма организации отсталой казахской нации», «советизация аула может быть только на языке аула, людьми вышедшими из аула. Поэтому вне коренизации мы не достигнем ничего»; «казаков комсомольцев надо воспитать практический, на опыте»; «аул - это целый ряд особенностей; «аул – это ужасающая экономическая и культурная отсталость. Аул – это такой быт, перед которым быть русских некультурных и отсталых крестьян является громадным шагом вперед.... аул – это отсутствие всяких культурных сил... И последняя задача в ауле – изменить отсталый быт.... В ауле мы имеем необычайный процент сифлиса, туберкулеза, благодаря тому, что не умываются, не моются, не меняет рубашек» (50-56 бб.) және т.б. «сараптаулар» жасады. Халықтың шамамен 80-90 проценті күніне бес уақыт намаз оқып, таза жүретін қазақтарды «ешқашан жуынбайтын, лас адамдар» ретінде көрсетті. Бұл - қазақ халқының мәдениетіне жасалған жойқын шабуылдың бастамасы еді.

Одан әрі, «Партийное руководство, коммунистическая идеология должны начать решительно бороться со всем этим», - деп Алаш Орда теориясына қарсы шешуші күресті бастау керек екендігін баса айтты. Алаш аман болса, қазақ халқының езгіде қалмайтындығын түсінген Ф. Голощекин, Алаш зиялыларының көзін жоюды бірінші орынға қойды. Жоғарыдағыдай «сараптаулар» 1991 жылға дейін жалғасты.

Жүсіпбек Аймауытұлы 1917 жылдың 30 наурызында «Алаш» газетінің №16 санында жарияланған «Қазақ мінезіндегі өзгерістер» атты мақаласында: «...халықтың бақытсыздығына қарай жақсының сиреген кезінде күш кетіп, мынадай соққы жолықты. Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кеменгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға киікті.

Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ, тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті адамның есімі де кеміді. Әрине, тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады. Мысалы: ойнас, өтірік, өсек сияқтылар. Бұл – бір. Екінші, сол уақта, өзі сүйрете алмаған бірлікке қырсықтың қара басы боп партия деген қағынды тиді. Жауыздық, залымдық қара бұлттай қоршап, халықты

астан-кестең қылып, өзді-өзімен атыстырып, көзді шел қаптады. Күннен-күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай адасып келіп-келіп түсіп отырған халіміз, міне – осы күнгі...» [3], - деп қазақ мінезіне енген өзгерістерді жазған еді. Жаттың жетегінде қалу себебінен қазақ мінезіне енген өзгерістерді зерделеді. Ал, жылқы мінезді таза халықтың рухани болмысы, төл мәдениетін большевиктік-сталиндік билік қасақана ескермеді. Бір қана мысал, тіпті Алаш зиялыларының білімі мен мәдениеті блльшевиктермен салыстыруға да келмейді. Алаш зиялыларын туған, яғни өсіп –жетілдірген халықтың «артта қалуы» мүмкін емес те еді.

Жалпы, Ф.Голощекин және оның командасының жазғандарын зерделеп оқу үшін де көп дайындық керек. Зерттеуші, біріншіден, Алаш зиялылары еңбектерімен жақсы таныс болуға тиіс; екіншіден, қазақ халқының тарихын (ділін, тұрмыс-салтын, т.б.) жетік білуі шарт; үшіншіден, интеллектуалдық интуициясына салмақ түсіруі қажет. «Қазақстандағы Кіші қазан» қасіретін зерделеуге арнайы теория-методология тұрғысынан дайындық қажет» деуіміздің мәні де осында.

Мемлекеттік комиссия жетекшілері, көшбасшы ғалымдары осы қағидатты жақсы игерді. Сонымен қатар аталған білікті комиссия, әсіресе оның жұмысын қамтамасыз ететін Жобалық кеңсе «Кіші қазан» тақырыбын арнайы зерттегенде бірыңғай кәсіби тарихшыларды ғана емес, философ, заңгер, филолог, мәдениеттанушы, психолог, әлеуметтанушы, дінтанушы мамандарды ортақ іске тартудың қажеттігін жете түсінді. Бұл – заманауи озық әлемдік антропологиялық әдіснама.

Мемлекеттің басты құндылығы, негізгі капиталы – адам. Мұны аяқасты еткен қоғамды ешқашан ақтауға болмайды. Большевиктік-сталиндік билік бейкүнә сәбилерді де өмір сүру құқынан айырды... Отбасында бала-шаға бағып отырған ананы да азаптап, абақтыға жапты. Зиялылардың қария әке-шешесін де қорлауға, азаптауға, тіпті түрмеге қамауға пәрмен берді. Бұл – арнайы зерттелінетін көкейкесті мәселе. Адамзат құндылығы мен құқын таптаудың классикалық үлгісі Қазақстанда ХХ ғасырдың 20–30-жылдары жүзеге асқаны – тарихи шындық.

«Кеңес өкіметі электр жарығын жеткізді, оқытты, көзімізді ашты» дейтіндер ұлт қайраткерлері, қазақ байлары, діни тұлғалар саяси билікке қол жеткізгенде, білім іздегендер постимпериялық аумақпен шектелмей, әлемдік университеттерде оқитын еді, жаңашыл өндірістер ашып, зауыттар салып, елдің жерасты, жерүсті байлығын халық игілігіне жаратар еді. Бұған ешқандай шәк жоқ. Тіпті көршілерімізде билікке большевиктер емес, шынайы реформаторлар келсе, тарих мүлдем басқаша қалыптасар еді. Әңгімеге өзек – Ф.Голощекин бастаған қанпезерлер патша отбасын атпайтыны, мың азаптың болмайтыны бесенеден белгілі...

Қаншама адам жазықсыз құрбан болды. Қаншама сәби жетім қалды, жастар қырылды, азапталды. Қазақ халқының рухани тірегі болған дәстүрлі діни мектеп жүйесі жойылды... Алаш зиялылары түгелге дерлік атылды. Тектілер ұрпағын тентіретті. Адамдар бір-бірімен амандаса алмайтын заман орнады. Халық

жаппай үреймен өмір сүрді. Аштық жылдары миллиондар қырылып, өлгендер көмілмей де қалды. Бұндай сұмдық пен қорлықты көрген халық аз шығар. Бұл – «Кіші қазанның» зардабы.

Халқымыз осы жалпыұлттық трагедияны бастан кешірсе де, кеңдігі мен даналығынан айырылмады. Аналарымыздың қайраты арқасында талай ұрпақ аман қалды. Себебі аталарын, әкелерін, ағаларын ұстап, жер аударып, сот-тергеусіз атып немесе ұзақ жылға соттағанда бүкіл әулеттің жауапкершілігі, яғни тірі қалу мүмкіндігі аналар мойнына артылды. Ұрпағын аман сақтау мақсатында олардың көрмеген қасіреті жоқ.

Өз топырағында жетімнің күйін кешкен қазақ жер аударылып келгендерге жеп отырған нанын бөліп берді. Айта берсек, қасіреттің ауқымы адам айтқысыз. Кеңес өкіметін жамандау мақсат емес. Зерттеушіге ақиқат пен шындық қымбат. Ақиқат пен шындық қана – дамудың, жарқын болашақтың кепілі.

Көп уақыт 30-жылдардағы бас көтерулер де халыққа сыңаржақ түсіндірілді. Басқа амалы болмағандықтан, аштан өлмес үшін қолына бар қаруын алып, әуіріммен көтеріліске шыққан ерлерді ақтау ақиқат тұрғысынан қажет. Жоғарыда аталған жоба шеңберінде ғылыми – зерттеу жұмысын жалғастырып жүрген (мемлекеттік комиссия кезінен-автор) заңгер ғалымдар, халықтың көтеріліске шығау құқығы тұрғысынан да теориялық-методологиялық тұжырымдар жасауда.

Қорытынды. Революциялық зорлық-зомбылыққа толы «Кіші қазан» саясатының мақсатын, әдісін, қайғылы салдарын объективті тұрғыдан зерттеу – заман талабы. Өйткені Ф.Голощекин мен оның командасының Қазақстанды басқарған жылдары халқымыз қасіретке белшесінен батты. Тіпті мұны 1937–1938 жылдардағы жаппай террорға жасалған дайындық деп те айтуға болады. Қазақ халқын ойсыратып кеткен «Кіші қазанның» зардабы мен трагедиясын былайша түйіндеп айта аламыз:

1) Ұлттық дамудың өзегі, темірқазығы – Алаш зиялыларын түгелдей дерлік жойды. Олардың отбасы мүшелерін, туған-туыстарын, таныстарын да қуғын-сүргінге ұшыратты.

2) Қазақ халқының әлеуметтік тірегі – байларды түп-тұқиянымен құртып, жұртты сенімнен, қорғаннан айырды. Мысалы, қазақ байлары 20-жылдардағы ашаршылықта халықты барынша аман сақтап қалды, ал 30-жылдары байларды жойғаннан кейін халық жаппай аштан қырылды.

3) Халқымызға рухани жолбасшы рөліндегі қожа, ишан, молдаларды жойды. Дін – әлеуметтік құбылыс. Діни сауатты адамдар өз топырағында мектеп қалыптастырса ғана рухани қауіпсіздік жүйелі дамиды. Осыны әдейі құрту арқылы санада, дәстүрде ала-құлалықты өршітті.

4) Қазақтың қаймағы сынды ауылдарды аздырып-тоздырды. Ауыл – қазақ ұлтының күретамыры, рухани тазалықтың қайнар көзі. Ауылдарды қасақана сандармен таңбалап, екінші, үшінші ұрпақ ата-бабасының туған ауылын таба алмайтын дәрежеге жеткізді.

5) «Революцияға дейін күң болған, құл болған» деген желеумен әйелдерді кеңестік саясаттың қолшоқпарына айналдырды. Жергілікті архивтерде

әйелдердің кеңестік жұмысқа баруға, кедейлердің байлардың орнына қызметке шығуға қарсылық білдірген арыздары жиі кездеседі.

б) «Кіші қазан» саясаты (саяси-экономикалық, әлеуметтік шаралары) халықты аштыққа ұрындырды. Жұрт «малша қырылғанша соғысып өлейік» деп көтеріліске шықты. Туған жерін амалсыз тастап, жаяу-жалпылап шекара асып, ауа көшті. Сырт жерлерде көрген қорлығы да аз емес. Кеңестік билік елдегі ашынған халықты да, шетке ағылған үркіншілік көшті де аяусыз қырып-жойды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсе басшысы, заңгер-ғалым Сабыр Қасымов 1937–1938 жылдары жаппай террор КСРО-ның барлық республикасында болғанын айта келіп, былай деп тұжырымдайды: «Ф.Голощекин және оның командасы басқарған жылдары тарихымызда бұрын-соңды болмаған ең қасіретті кезең, яғни «Қазақстандағы ең үлкен террор» – халқымызды ауқымды саяси қуғын-сүргінге, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, гуманитарлық апатқа алып келген «Кіші қазан».

Халқымыз, әсіресе қоғамдағы зиялы қауым мен атқарушы билік тарихымыздың трагедиялы кезеңі – «Кіші қазан» зардабын ұмытпауға тиіс. Біріншіден, ол демократиялық әрі әділ Қазақстанды құру жолында қай жағынан да қауіпсіздігіміз үшін, сақтану үшін керек. Екіншіден, тәуелсіздіктің құндылығын түсіну мен қастерлеу жолында мемлекетшілдік пен отаншылдықты лайықты орнықтыру үшін қажет. Тағылым ұғымының мәні де осында.

Тарихты жаңғыртуға байланысты ортақ істің барысында, өкінішке қарай, қайбір әріптестеріміздің кеңестік ұстаным мен сыңаржақ көзқарастан шықпағанын аңғардық.

Қасірет көріп, жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған ата-әжелеріміздің алдындағы перзенттік парызымыз, ақталмағандарын толық ақтап, есімдерін түгелдей қайтару.

Қасіреттің болашақта қайталанбауына жол бермеу үшін тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру керек. Әркімді өз биігінен көрсету керек. Кеңестік билік келмеске кетті, тарих жүзінен өткен мемлекеттің жазықсыз құрбаны болған тұлғаларды жаппай ақтау олардың ұрпақтарының жүректеріндегі жараға ем болар еді. Бұл біздің халықтың көңіл –күйін көтеріп, бірлік – ынтымағымыздың, елдігіміздің артуына да себеп болады. Бұл мәселенің бір қыры. Ал, қуғын-сүргін тақырыбы төңірегінде әлі де толықтай зерттелмеген мәселелер жеткілікті. Мәселен, ауылдардың сандармен таңбаланып, өзгерістерге ұшырауы, кейбір ауылдардың жойылуы; діни халықтық көтерілістер, Алаш зиялылығын қолдаған еліміздің түкпір-түкпіріндегі тұлғалар; Голощекиннің халықты аяусыз қырған «Кіші қазан» трагедиясы; ашаршылық кезінде балалар үйінде қырылған балалар; саяси қуғын-сүргінге ұшыраған отбасылар (әйелдер, балалар) және т.б. іргелі тақырыптар. Сонымен қатар, ауылдар мен аудандарда ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін жылдарында атылған адамдар жерленген орындарды түгелдеп, ескерткіш белгі қою ісі де кезек күттірмейтін мәселе.

Пайдаланылған дерек пен әдебиет:

1. // Егемен Қазақстан. 31 мамыр. 2020
2. Голощекин Ф.И. Партийное строительство в Казахстане: (Сборник речей и статей 1925-1930 гг.).– Алма-Ата–М.: Агитпроп РКП (б), 1930. – 344 с.
3. 1917 жылдың 30 наурызында «Алаш» газетінің №16 санында

References

1. Egemen Qazaqstan. 31 Mamyr 2020.
2. Goloschekin F.I. Partiynoe stroitel'stvo v Kazakhstane: (Sbornik rechey i statey 1925–1930 gg.). Alma-Ata–M.: Agitprop RKP(b), 1930. 344 s.
3. 1917 zhyldyñ 30 nauryzynda «Alash» gazetiniñ №16 sandynda.

ГТАХР 03.20

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ АЛАШ ҚҰРЫЛТАЙЫ: АҚҚҰСАҚ ЖИНАЛЫСЫ

Сәуле Зейнуллиновна Мәлікова¹, Ақмарал Ғосманқызы Ибраева²,
Гүлмира Тастемірқызы Мұхамеджанова³

¹Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан, Петропавл (Интернационал көш., 1-үй, 1150000. Петропавл, Қазақстан Республикасы) тарих ғылымдарының кандидаты, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатының директоры, <https://orcid.org/0000-0002-4777-0649>, E-mail: malikova_saule@mail.ru

²Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті (Пушкин көш., 86-үй, 150000. Петропавл, Қазақстан Республикасы), тарих ғылымдарының докторы, профессор, <https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>, E-mail: akmaral1971@mail.ru

³Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті (Пушкин көш., 86-үй, 150000. Петропавл, Қазақстан Республикасы), доктор PhD, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, <https://orcid.org/0000-0001-7942-8680>, E-mail: elnur-09@list.ru

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Қазақстанның солтүстік өңіріндегі ХХ ғасырдың басындағы саяси оқиғалардың барысы баяндалған. *Мақсаты мен міндеттері.* Ғылыми айналымға енгізілген материалдар, ХХ ғасырдың басындағы мұрағаттық құжаттар мен мерзімді басылымдар негізінде Алаш қозғалысының пайда болу тарихы және ұлттық зиялы қауымның тәуелсіздік үшін саяси күрес аренасына шығу тарихы, петицияның бағыты, аймақтағы ақпан және қазан төңкерістерінің оқиғаларын бейнелеу ғылыми негізде баяндалады. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында Жас Азамат газетінің материалдары зерттелді. Қызылжар өңірінде әрекет еткен Алаш қайраткерлері М.Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Тілеулин, А. Тұрлыбаев, Е. Итбаев және т. б. қоғамдық-саяси қызмет, рухани мұра бойынша құнды ақпарат алуға мүмкіндік туды. Олардың қатысуымен жаппай жиналыстар өтті. Мемлекеттік Думаға сайланған депутаттар бойынша мәліметтер табылды. *Қорытындылар.* Архив құжаттарының негізінде авторлар 1918-1919 жылдары Қызылжарда Кеңес өкіметі құлағанын және Алашорда үкіметінің саясаты жүргізілгенін анықтады. Мәселен, ұлттық зиялы қауым

өкілдерінің қатысуымен осындай жиындардың бірі 1918 жылы шілдеде Аққұс болысында (қазіргі Жамбыл ауданы) өтті. Алғаш рет осы тарихи оқиға туралы көптеген материалдар жиналды және зерттелді.. Қазақстанның басқа өңірлеріндегідей Қызылжарда Алаш қайраткерлерінің үлкен жиналысын өткізудің тарихи орны 1918 жылы шілдеде Әлти қажының қонысында Аққұсак болысында, сол кезде оның ұлы Сәдуақас болыс болған жерде өткені жаңа деректер негізінде анықталып отыр.

Түйін сөздер: Алаш, петиция, қозғалыс, Мемлекеттік Дума, Алашорда, зиялы қауым, Алаш полкі, Қызылжар, Бүкілқазақ съезі, Алаш автономиясы.

МРНТИ 03.20

КУРУЛТАЙ АЛАШ В СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОМ РЕГИОНЕ: АККУСАКСКОЕ СОБРАНИЕ

**Сауле Зейнуллиновна Маликова¹, Акмарал Госмановна Ибраева²,
Гульмира Тастемировна Мухамеджанова³**

¹Северо-Казахстанский Государственный архив, Казахстан, г. Петропавловск (ул. Интернациональная, 1, г. Петропавловск, 150000 Республика Казахстан), кандидат исторических наук, директор Северо-Казахстанского государственного архива, [https://orcid.org/ 0000-0002-4777-0649](https://orcid.org/0000-0002-4777-0649), E-mail: malikova_saule@mail.ru

²Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева (ул. Пушкина, 86, г. Петропавловск, 150000 Республика Казахстан), доктор исторических наук, профессор, [https://orcid.org/ 0000-0002-7556-7779](https://orcid.org/0000-0002-7556-7779), E-mail: akmaral1971@mail.ru

³Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева (ул. Пушкина, 86, г. Петропавловск, 150000 Республика Казахстан), доктор PhD, доцент кафедры «Казахский язык и литература», [https://orcid.org/ 0000-0001-7942-8680](https://orcid.org/0000-0001-7942-8680), E-mail: elnur-09@list.ru

Аннотация. Введение. В статье изложен ход политических событий начала XX века в северном регионе Казахстана. *Цель и задачи.* На основе материалов введенных в научный оборот, архивных документов и периодических изданий начала XX века, на научной основе излагается история возникновения движения Алаш и выхода национальной интеллигенции на арену политической борьбы за независимость, направления петиции, отражения событий Февральской и Октябрьской революций в крае. *Результаты.* В ходе исследования изучены материалы газеты Жас Азамат. Удалось получить ценную информацию по общественно-политической деятельности, духовному наследию деятелей Алаш М. Дулатова, М. Жумабаева, Ж. Тлеулина, А. Турлыбаева, Е. Итбаева и др., действовавших в Кызылжарском регионе. Массовые собрания проходили с их участием. Найдены сведения по депутатам, избранным в Государственную Думу. *Выводы.* На основании архивных документов авторы установили, что в 1918-1919 годах в Кызылжаре пала Советская власть и проводилась политика

правительства Алаш-Орды. Так например, одно из таких собраний с участием представителей национальной интеллигенции прошло в июле 1918 года в Аккусакской волости (ныне Жамбылском районе области). Впервые собран и изучен большой пласт материалов об этом историческом событии.

Ключевые слова: Алаш, петиция, движение, Государственная Дума, Алашорда, интеллигенция, Алашский полк, Кызылжар, Всеказахский съезд, Алашская автономия.

IRSTI 03.20

KURULTAI ALASH IN THE NORTH KAZAKHSTAN REGION: AKKUSAK ASSEMBLY

**Saule Zeinullinova Malikova¹, Akmaral Gosmanovna Ibrayeva², Gulmira
Tastemirovna Muhamedzhanova³**

¹North Kazakhstan State Archive, Kazakhstan, Petropavlovsk (1, International Str., Petropavlovsk, 150000 Republic of Kazakhstan), candidate of Historical Sciences, Director North Kazakhstan State Archive, <https://orcid.org/0000-0002-4777-0649>, E-mail: malikova_saule@mail.ru

²North Kazakhstan University named after M. Kozybayev (86, Pushkin Str., Petropavlovsk, 150000 Republic of Kazakhstan), doctor of Historical Sciences, Professor, <https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>, E-mail: akmaral1971@mail.ru

³North Kazakhstan University named after M. Kozybayev (86, Pushkin Str., Petropavlovsk, 150000 Republic of Kazakhstan), doctor of Phd, Associate professor «Kazakh language and literature», <https://orcid.org/0000-0001-7942-8680>, E-mail: elnur-09@list.ru

Annotation. Introduction. The article describes the course of political events of the early twentieth century in the northern region of Kazakhstan. *Purpose and objectives.* On the basis of materials introduced into scientific circulation, archival documents and periodicals of the early twentieth century, the history of the emergence of the Alash movement and the entry of the national intelligentsia into the arena of the political struggle for independence, the direction of the petition, reflection of the events of the February and October revolutions in the region is presented on a scientific basis. *Results.* In the course of the study, the materials of the newspaper Zhas Azamat were studied. It was possible to obtain valuable information on the socio-political activities, the spiritual heritage of the Alash figures M. Dulatov, M. Zhumabayev, Zh. Tleulin, A. Turlybayev, E. Itbayev and others who operated in the Kyzylzhar region. Mass meetings were held with their participation. Information was found on deputies elected to the State Duma. *Conclusions.* Based on archival documents, the authors established that in 1918-1919, Soviet power fell in Kyzylzhar and the policy of the Alash-Orda government was carried out. For example, one of these meetings with the participation of representatives of the national intelligentsia was held in July 1918 in the Akkusak

parish (now Zhambyl district of the region). For the first time, a large volume of materials about this historical event has been collected and studied.

Keywords: Alash, petition, movement, State Duma, Alashorda, intelligentsia, Alash regiment, Kyzylzhar, All-Kazakh Congress, Alash autonomy.

1. Кіріспе

Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы XX ғасырдың алғашқы ширегін саяси күрестер пен рухани жаңару кезеңі деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің беталыс, бағдарларынан хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шыққандығы белгілі. Олар қазақ елінің Еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда, экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени тұрғысынан өте артта қалғандығы патша үкіметінің отарлық саясатының кесірінен екенін толық түсінді. Сондықтан, қазақ халқын өзге дамыған мемлекеттердің қатарына қосу үшін білім ала отырып, өзге мемлекеттердің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуына ықылас қойып, қазақ халқын бүгінгі деңгейге жеткізу үшін саяси күрес аренасына шықты. Алаш арыстарының ұлттық мемлекет құруды көздеп, елді бірлікке шақыруы, ең басты құндылық – егемендікке деген ұмтылыс болатын.

2. Материалдар мен әдіс-тәсілдер

Зерттеу жұмысының методологиясы объективтік, тарихилық, салыстырмалы талдау мен жинақтау қағидалары және тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасына сәйкес отандық тарих ғылымында тәуелсіздікті дамыту идеясы алынды. Тарихи құжаттар, деректер салыстырмалы әдіспен сараптаудан өткізіліп, архив деректерін талдау арқылы анықтауға талпыныс жасалды. Сонымен қатар кейінгі кезде қалыптасып келе жатқан тың бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынған.

3. Талқылау

XX ғасырдың басындағы Ресейдің және оның отары болған қазақ өлкесінің қоғамдық-саяси жағдайлары жеке адамдар мен топтардың наразылығынан ғана емес, экономика мен әлеуметтік саладағы жағдайлар, Ресейдің бастан кешкен сәтсіздіктері, мысалы орыс-жапон соғысы сияқты құбылыстардың ықпалына қарай қалыптасқаны тарихи шындық. Қоғамдық қайшылықтарды пайдаланған жұмысшы табы мен буржуазия мемлекеттік құрылысты өзгертуді талап етті. Шаруалардың жағдайы да мәз емес еді. Ресейдегі барлық этностардың кешкен өмірі де саяси қозғалыстарға себеп болды. Осының бәрі жиналып келіп, Петербургтегі Сарай алаңында көпшілікке оқ ату оқиғасы бірінші орыс революциясы деп аталған тарихи құбылысты туғызды.

Петербургте және Омбыда болған кезінде саяси оқиғалардың жуан ішінде өткен Әлихан Бөкейханның өмірі тумысынан өжет жас азаматтың күрескерлік қасиеттерін ашқандығын айтуымыз керек. 1905 жылғы 6 тамызда жарық көрген Мемлекеттік Дума құру туралы патша манифесі Ресей халқының бір тобына

бостандық бергендей болса, екінші тобын, оның ішінде қазақтарды, саяси жағынан тежеп, арнайы ереже шығарды. Ереже бойынша, мысалы, Семей облысындағы қоныс аударып келген 63 мың қазақ емес азаматтар бір депутат ұсына алатын болса, 625 мың қазаққа Думадан екі орын берілді. Яғни, станицада тұратын орыс этносының дауыс үлесі ауылда тұратын қазақтардан 10 есе артық. Көзі ашық, көкірегі ояу, қоғамдық-саяси құбылыстардың ара-жігін ажырата білетін азаматтар ғана бұл өзгерісті түсінетін. Мұндай азаматтар қазақ арасында бар еді (Григорьев, 2008: 18).

Әлихан Бөкейханов Омбыда тұрса да, Қоянды жәрмеңкесі сияқты қазақтың үш Жүзінің өкілдері жиналатын жерде жиын өткізуді және съезд дәрежесіндегі жиында қазақ ұлтының жанды мүдделерін қорғайтын петиция даярлауды ұйымдастырды. Әрине, петицияның мәтінінде қазақтың ұлттық мемлекеттігі, тәуелсіздігі туралы мәселелер қозғалған жоқ. Дәлірек айтқанда, сол кезең үшін ең маңызды деген ұлтты этнос ретінде сақтап қалудың шарты болып табылатын азаматтық құқықтар, жер мәселесі, ар-ождан, ана тілінің басымдығы, баспасөз нұсқалары туралы мәселелер қозғалды. Бір сөзбен айтқанда, қазақ зиялыларының азаттық жолындағы ұйымдасқан саяси күресі 1905 жылдан басталды дегенде, отарлаушы империя билігінен патша өкіметінен азаматтық құқықтарды ашық және батыл талап етудің пікір айтудың басты жолы ретінде таңдалды.

Қазақ халқының ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің шырқау шыңы 1905 жылғы оқиғаларға байланысты екендігі тарихи ақиқат. Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары Бірінші орыс төңкерісі деген атпен тарихта қалған Ресейдегі ұлы бүліншілікті қазақ пайдасына шешуге ұмтылды. Отаршыл мемлекеттің іргесі сөгіліп, шаңырағы шайқалған сәтті пайдаланып, қазақ халқының тәуелсіздік күресін бастап кетті. Әлбетте, қару көтеріп, қантөгіс жолымен емес, саяси-әлеуметтік, экономикалық-құқықтық талаптар қою арқылы өркениетті жолмен Қазақ мемлекетін құрудың жолдарын іздестірді. Ол үшін алдымен орыс империясының құрамындағы жұрт ретінде қазақтар өздерінің заңды құқықтарына кепілдік беруді талап етті (Қойгелдиев, 2021: 89).

Әлихан Бөкейханов өзінің қазақтар деген мақаласында осы петициялардың маңызы жөнінде жазып, құжаттардан дінге және жерге қатысты мәселелер, саяси бостандық мәселелерінен жоғары қойылғандығын, арыз-тілек хаттарды дайындауға орыс әдебиетінің негізінде тәрбиеленіп, еуропалық мәдениетке құлай сенетін, отанының бақытын батыс мәдениетінің жемістерін тиімді пайдалана білу – деп есептейтін, діни мәселелерді екінші қатарда қарастыратын интеллигенттер, сондай-ақ, шығыс мәдениетімен сусындап, ұлттық діни өзгешілікті насихаттауға ерекше ден қоятын зиялылар да араласқанын ерекше атап өткен. Олардың алғашқысын батысшылар, екіншісін – түрікшілдер деген. 1905 жылдың мауысымында қазақ даласының хақ орта тұсында, Қарқаралы оясындағы Қоянды жәрмеңкесінде 14500 қазақтың атынан министрлер кеңесінің төрағасына жолданған арыз-тілек хат азаттық аңсаған халықтың оянған санасының алғашқы үн қатуы екенін айқан (Букейханов, 1910: 300).

Петициядан кейін қазақтар Мемлекеттік думаға сайланып, тоғыз қазақ оның екі шақырылымына: Ә. Бөкейхан, Т. Нұрекенов, М. Тынышбаев, А. Қалменов, Б. Қаратаев, А. Бірімжанов, Ш. Қосшығұлов, Т. Аллабергенев, С. Жантөрин мүше болды. I және II Мемлекеттік Думада қазақ зиялылары белсене араласып, 1917 жылға дейін жұмыс жасаған төрт Мемлекеттік Думаның оның 3 және 4-сіне қазақтар сайланған жоқ. Өйткені, 1917 жылғы 3 маусым заңына сәйкес патша билігі қазақтарды Мемлекеттік Думаға депутат болу құқынан айырған. Мәселен, I және II Мемлекеттік Думада қазақ депутаттардың жер мәселесін, аграрлық мәселені жоғары белсенді түрде көтеріп, оны үкімет алдына нақты қоя білгендігінен. I Мемлекеттік Думадан бастап орыс Мемлекеттік Думасында мұсылман фракциясы жұмысын бастаған. Соңғы екі Думадағы кедергілерге қарамастан, қазақ зиялылары 4 бірдей Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы арқылы нақты талаптарын қойған. Әлихан Бөкейханов фракция құрамында тұрақты болса, кейде Ахмет Байтұрсынов та сайланып отырған. (РФММ). Дума арқылы қазақ зиялылары өсіп, кемелдену жолына өтіп, петиция жолдау Қазақстанның XX ғасырда саяси өміріндегі басты жаңалықтарына айналды. Бұнда қазақ қоғамының өзекті мәселелері: тіл, дін, білім, шаруалар көші-қоны, іс жүргізу толықтай көрсетіліп, жоғарғы мемлекеттік органдарға жіберілген. Бұл қазақ қоғамының саяси санасының пісіп-жетілгенін, тапталған құқығын отаршыл өкіметтен қорғауға дайын екенін көрсеткен.

Алашорда үкіметінің құрылуына 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қаралған II Жалпықазақ съезі еді. Оның басында: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов болды. Осыған орай, Алашорданың төрағасы Әлихан Бөкейханов Алашорданың қазақ халқының билігін өз қолына алуы туралы қаулы қабылдаған (Әбдешев, 2008: 6).

Ресей патшасы Николай Романовтың тақтан тайдырылғаны туралы хабар Петропавл қаласына 1917 жылдың 1-наурызында жетсе, 14-ші наурызда Петропавл жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі құрылған. Оның құрамында көбі әсерлер еді. 1917 жылы 14 сәуірде Петропавлдың уақытша уездік атқару комитетінің құрамын өзгертуге қатысты жиналыс өтіп, оған қала сыртындағы қазақ және орыс ауылдарынан бірқатар өкілдер қатысқан. Ресей патшасы тақтан түскенмен, уақытша үкімет билікті жұртшылыққа бермегендігі наразылық туғызды. Билік құрамына шаруалар мен қазақ ұлтының өкілдері шақырылмады. Уездік кеңестің басқару органының құрамы қазақтармен толықтырылған. Олар: Полудин болысынан: Күсемісов Салмақбай, Жұмабаев Мәди, Қауанышев Дәулет; Тайынша болысынан: Сағынаев Қожахмет; Мөңкесор болысынан: Әлімбаев Аманжол; Петропавл қаласынан: Тілеулин Жұмағали; Сарытомар болысынан: Абдолла Шанықов. Жиын үстінде уездік атқару комитетінің мүшелігіне қазақтардан Қуанышев пен Тілеулин сайланған. Жаңарып, қайта толықтырылған атқару комитетінің бұл құрамы да қазақтарға теңдік бере қоймағандықтан, 1917 жылы 4 маусымда Петропавлда уездік қазақ комитеті жеке билік органы ретінде дербес бөлінді. Оның төрағалығына Ғалиасқар Қуанышев сайланды. Осылайша, үкіметсіз қалған Ресей империясының әр аймағында, оның ішінде орталығы әлі Омбы, бірақ негізгі

тірегі Петропавл болған Ақмола облысында да биліктің кімнің қолында болуы керектігі шешілмей жатты. Алаш көсемдерінің ұйымдастыруымен уездік атқару комитеттерімен қатар, қазақ комитеттері де құрыла бастады. Бұл кезеңде қазақ комитеттері большевиктік немесе қандай да революциялық бағдарламасы болғандықтан емес, жергілікті ұлт мүддесін қорғау үшін құрылды (Мәлікова, 2021: 16).

1917 жылғы 30 тамызда Петропавл советі 12 адамнан құралған әскери-төңкеріс комитетін құрған. Оның құрамында 3 большевик, 4 солшыл эсер, 3 меньшевик-интернационалист, 3 эсер болды. Оның құрамында да бірде-бір қазақ кірген жоқ. 1917 жылы қазан төңкерісінен кейін де, солтүстік өлкеде, оның орталығы Петропавл қаласында қилы оқиғалар болған. Айта кететін болсақ, 12 желтоқсанда Петропавл қалалық думасы жоғарыда аталған Военревкомның билігін мойындамау туралы шешім қабылдады. Екі күннен кейін Военревком таратылды. Оның орнына жұмысшы және солдат депутаттары қалалық советінің атқару комитеті құрылды.

Азамат соғысының етек алуына бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тұтқынға түскен Австро-Венгрия армиясының солдаттарынан құрылған Чехословак корпусы бүлігінің үлкен маңызы болды. Жақсы қаруланған 50 мың адамдық корпус 1918 жылы мамырдың аяғында Еділ бойы мен Сібірде Транссібір магистралінің ұзына бойында Кеңестерге қарсы шығып, корпусдың бір бөлігі ішкі контрреволюциялық күштермен бірлесе отырып, Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай қалаларын басып алған. Чехословак корпусының бас көтеруі большевиктерге қарсы барлық күштерді қозғалысқа итермеледі. 1918 жылы 11 маусымда Кеңес өкіметі Семей қаласында құлатылып, большевиктерге қарсы күштер ұйымдастырылды. Алашорда жанданып, Алаш туын қайта көтеруге әрекеттер басталды.

Алаш азаматтарының негізгі ойы қазақ ұлттық қарулы күштерінің қалыптасуы болды. Қарулы күштердің қалыптасуы Алаш партиясы мен Алашорда автономиясын жариялаумен байланысты болды. 1918-1920 жылдары большевиктермен тікелей күреске қатысқан Алаш құрамдарына ғылыми тұрғыда тек коммунистік идеология ыдырағаннан кейін ғана назар аударыла бастады. М.Қойгелдиев, Д.Аманжолова, Т.Жұртбай, Ғ.Әнес, Б.Әбдіғалиұлы, К.Нұрпейісов, С.Смағұлова әне басқа да отандық ғалымдардың еңбектерінде Алаш қозғалысының тарихы зерттелді (Нұрпейісов, 1995: 480).

Кеңес тарихнамасына үңілетін болсақ, негізінен Алашорданың әскери тарихы мен Алаш полктерінің Орал, Орынбор, Жетісу майдандарындағы әрекеттері туралы мүлдем мәлімет бермеген. Осы бағыттағы Алаш бөлімдері іс-әрекеттерін жан-жақты зерттеген Д.А.Аманжолованың еңбегін жатқызуға болады. Зертеуші өз еңбегінде Алаш жасақтарының Қызыл әскерге қарсы шайқастарға қатысуының деңгейі мен ауқымын терең ашып көрсеткен (Аманжолова, 1994: 224).

А.В. Ганин, В.А. Гольцов, С.М. Исхаков, Д.Г. Симонов, А.В. Сушко, Р.С. Таймасов, В.А. Шульдяков, В.И. Шишкин, М.Н. Ивлев, Д.Ю. Матвиенко сынды ресейлік зерттеушілердің еңбектерінен Азамат соғысының және Сібір

казак әскері тарихын зерттеу аясындағы Алаш әскери құрылымдары туралы мәліметтер кездеседі. Жұмыс барысында азамат соғысына қатысушылардың өмірбаяндық анықтамалары қолданылған (Ганин, 2006: 188). Осылайша, ғалымдар Алаш әскерінің тарихын зерделеуде алғашқы, маңызды қадамдар жасады. Зерттеулердің негізінде елеулі материалдар ғылыми айналымға енгізілді. Зерттеулердің бастамасы болғанымен, әлі де Алаш полкі, бригадасы, еріктілер отрядының құрылу тарихы, казактардың ұлттық әскерге жұмылдырылуы мәселелері жеткілікті деңгейде зерттелмей отыр. Азаматтық соғыс сахнасындағы казак әскерінің пайда болуының алғышарттары ашылмады.

Отандық ғалымдар Ақ әскер құрамындағы Алаш полктерінің, казактардан құрылған әскери құрылымдардың шайқастарға қатысуы туралы материалдарды жинақтау мақсатында Қазақстанның, Ресей Федерациясының архив қорларында ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді. Ресей Мемлекеттік Әскери Архивіндегі негізгі ауқымды қорлар: №39498 2-ші жеке Сібір корпусының басқармасы (1918-1919) (РГВА. Қ.39498), №39615 Сібір армиясының Жетісу отрядының штабы (1918) (РГВА. Қ.39615), №39711 Атаман Анненков Партизан дивизиясының штабы (1918-1922) (РГВА. Қ.39711), №39930 1-ші партизандық ат-Қырғыз полкінің қоры (1918-1919) (РГВА. Қ.39930). 1-ші Қазақ атты полкінің құжаттары тек 1919 жылдың қаңтары бойынша, ал 2-ші Полк құжаттары 1919 жылдың қазан-желтоқсан айлары бойынша ғана сақталған. Маңызды қорлардың бірі - №110 Түркістан майданы әскерлерін басқару (14 тамыз 1919-20 маусым 1920). Бұл құжатта атаман Анненковтың дивизиясындағы 1-інші (1918 ж. желтоқсаны мен 1919 ж. қаңтар, қараша-желтоқсан айлары) және 3-інші (1919 ж. қыркүйек-қазан айлары) Қазақ атты партизан полктерінің құжаттары сақталған. Құжаттар негізінен жауынгерлік және жауынгерлік емес бөлімшелер бойынша бұйрықтарға жатады. Құжаттардың басым бөлігі Ресей Федерациясының мемлекеттік архивтерінде, атап айтқанда, №1701 Ресей үкіметі ІІМ-нің жергілікті бөлімі (Колчак), Омбы қ., 1918-1919 жж. қорында сақталған.

Алаш әскері бойынша көптеген құжаттар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде сақталған. Бұлардың осы құжаттардың көпшілігінің көшірмелері мен микрофильмдері сақталған. Құнды материалдар Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихы құжаттандыру орталығында (Семей) сақталған, әсіресе, Семей уезінің Алаш милициясын құру және Алашорда үкіметінің қызметі туралы бірқатар материалдар бар. Алаш бөлімшелерінің Жетісудағы азаматтық соғысқа қатысуы туралы материалдар Алматы облысының мемлекеттік архивінде сақталған.

1917 жылы орын алған саяси өзгерістер Алаш қозғалысына жаңа мүмкіндіктер мен жауапты міндеттер қойды. Өздерін казак халқының тағдырына жауапты деп санаған Алаш қайраткерлері 1905 жылдан бері ілгерілеп келе жатқан автономия мәселесін күн тәртібіне қойып, автономияның негізі ұлттық армия екенін жариялады. 1918 ж. Бүкіл Ресей аумағында қанды азамат соғысы басталып, қазіргі Қазақстан аумағы бойынша да ұрыс қимылдары жүріп жатты. Ақтар жағынан да, қызылдар жағынан да жиі тонау мен зорлық-зомбылыққа

ұшыраған қазақ ауылдары қорғансыз қалды. Бұл тұрғыда Алаш Орда үкіметі қазақтар арасынан құрған бөлімдер қазақ халқын ақ гвардияшылар мен қызыл гвардияшылардың Қарулы жасақтарынан қорғауға тиіс болды. Коммунистер билікке келгеннен кейін Алашордашылар анти-большевиктік лагерьге көшті және олардың ең жақын одақтасы казактар болды. Нәтижесінде Орал, Орынбор және Сібір казактарымен уағдаластыққа қол жеткізілді. Бірінші кезеңде казактар құрылып жатқан Алаш Орда милиция жасақтары үшін нұсқаушылар болды. Алаш Орда үкіметі өз автономиясын бар күшімен қорғауға тырысты. Олар автономия, ұлттық үкімет, ұлттық милиция және армияның ыдырайтын империядан тәуелсіздік алу жолындағы алғашқы қадам екенін түсінді. Дербес Қарулы Күштерді қалыптастыру міндеттерінің маңыздылығына және автономияны басқарудың жеделдігіне байланысты 1918 жылғы 11 маусымда Алаш Орда үкіметінің қаулысымен әскери министрлік функциялары бар және Алаш Орданың облыстық және уездік бөлімдері жанынан облыстық және уездік әскери кеңестер ашу құқығы бар үш адамнан тұратын Әскери кеңес құрылды.

Әскери кеңеске большевиктермен күресу үшін жігіттер шақырылып, төрағасы Ә. Бөкейханов, мүшелері М. Тынышпаев және Х. Ғаббасов сайланды. 12 маусымдағы қаулымен жергілікті жерлерде аз дегенде үш, көбі бес мүшеден тұратын кең өкілеттіктері бар Алаш Орданың облыстық және уездік уақытша кеңестері құрылды. 16 маусымда Алаш Орданың барлық аймақтық бөлімшелеріне төрағасы болған Ә. Бөкейхановтың қолы қойылып, отыз адамнан тұратын атты милицияға шақыру туралы тиісті бұйрық жіберілген.

1918 жылы 31 мамырда Чехословак тұтқындары көтеріліс жасап, Поволжьеде, Сібірде және Қазақстанның солтүстігінде, соның ішінде Қызылжарда кеңес үкіметін құлатты. Осы кезде биліксіз қалған аймақта қазақ оқығандары Алаш туын қайта көтеруге әрекеттенді. Сол жылдары Омбыда қазақ балаларын оқыту жөнінде мәселе көтеріліп, мұғалімдер курсы ашылып, оған сабақ берген Мағжандар еді. Қызылжарда жастардың жергілікті Жас азамат деген газеті шығарылып, Алаш Орда идесын, өзін-өзі басқарудың земстволық түрін насихаттаған. Ә. Бөкейханов земство жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс-мекеме, жұрттың көзі, жан ашыры, қорғаушысы, қамқоры деп түсіндірген. Жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерін шешіп отыру үшін Ақмола облысына қарасты уездердегі земствода ұлт зиялылары көзге түсті. Ақмола облыстық земство басқармасына төрағаның орынбасарлығына Ә.Оразаев, мүшелеріне Ережеп Итбаев, Мұхтар Саматов сайланды. 1918 жылы 5 маусымнан бастап жұмысына қайта кіріскен Қызылжар уездік Земство Басқармасында С. Көсемісов, Ғ. Қуанышев, Ж. Тілеулин, М. Жұмабаев қызмет атқарды (СҚМА. 22-қ. 1-т. 9811-іс. 12-п).

Архивтік құжаттар негізінде 1918-1919 жылдары елдің басқа өңірлерінде Кеңес үкіметі билеген кезде, Қызылжарда Кеңес үкіметі құлап, Алаш Орда үкіметінің саясаты жүргізілгені анықталды. Қызылжарда Алаш қайраткерлерінің үлкен жиналысын өткізудің тарихи орны 1918 жылы шілде айында анықталды. Бұл маңызды тарихи оқиға Әлти қажының қонысында

Аққусақ болысында, (қазіргі СҚО Жамбыл ауданында) сол кезде оның ұлы Сәдуақас болыс болған жерде өтті.

Барлыбаевтар әулеті – ХҮІІІ-ХХ ғасыр аралығында өмір сүріп, Қызылжар өңірінің қоғамдық-әлеуметтік өміріне белсене ат салысқан, өз кездерінде аға сұлтанның кеңесшісі, Батыс Сібір шекаралық комиссиясының мүшесі, болыс старшыны, биі, аға сұлтан, заседатель, кеңесші, білікті заң қызметкері сынды қызметтермен ірі билік басында болған тұлғалар.

Барлыбаев Әлти Көкенұлы – 1854 жылы «Әзберген» қыстауында дүниеге келіп, 1926 жылы «Бибалай» қыстауында дүниеден озған. Жамбыл ауданы «Бақырлған» ауылынан 3-4 шақырым жердегі «Бертіс» зиратына жерленген. Заманында Әлти Көкенұлы Қызылжар өңірінде ірі бай болған. Қызылжар, Қорған, Омбы қалаларында, Преснов, Пресногорьков станцияларында сауда орындары болған. ХҮІІІ ғасырда Қызылжардың қоғамдық-саяси өмірінде белсенді рөл атқарған Барлыбаевтар әулетінің белді ұрпағы. Әлтидің әкесі – Барлыбай Шәукерұлының ең кенже баласы, Сегіз сері (1818-1854), Нияз сері (1818-1893), Біржан сал (1825-1897), Шәрке сал (1824-1907) сияқты атақты сал-серілердің тобында болып, серілікпен аты шыққан Көкен сері. Әлтидің жұбайы – Алдай руының Мысық деген тұқымының қызы Ділдебай.

Әлтиұлы Сәдуақас – ірі бай. Петропавл округі Төңкеріс ауданы №2 ауылда тұрған. Мүлкін тәркілеп, отбасымен Петропавл округінің шегінен шығару туралы шешім Петропавл Окрисполком Төралқасының 22/ІХ/28 ж. қаулысымен бекітілді. Әлтиұлы Сәдуақас І санаттағы бай ретінде Петропавл округінің шегінен отбасымен Ақтөбе қаласына жер аударылды (СҚМА. 1648-қ. 1-т. 121-іс. 2-п.).

Әлтидің екінші ұлы - Сейітахмет (1881-1939) Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Преснов болысының ревком төрағасы болған. Негізінен атасы Көкен серіге ұқсап той-думан, серілікпен айналысқан. Молдадан оқып, хат таныған. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдер жинағын 1916 жылы Ғалауетден Мамаковтен сұрап алып, Абай шығармашылығымен жақсы таныс болған (СҚМА. 1648-қ. 1-т. 121-іс. 3-п.).

Мұнда Алаш Орда басшылары Ақмола облысының Петропавл және Көкшетау уездерінің 22 болысының өкілдері қатысқан ауқымды жиналыс ұйымдастырды. Жиналыстың күн тәртібіне Алаш милициясын құру, оның қатарына қазақ жігіттерін тарту туралы мәселе қойылды. Жиналыс жұмысына Алаш Орда Орталық Комитетінің мүшелері Міржақып Дулатов, Омбы облыстық Алаш Орда комитетінен Ережеп Итбаев, Айдархан Тұрлыбаев, Қази Торсанов, Петропавл уездік комитетінен Жұмағали Тілеулин, Салмақбай Қүсемісов, Көкшетау уезінен Еркосай Мұқышев және т. б. қатысты (Мұқанов, 1964).

1918 жылы желтоқсан айында Көкшетау қаласында Алаш партиясы мен «Үш жүз» партиясының біріккен отырысы болды. «Үш жүз» партиясынан 10 адам болды: Шаймерден Альжанов, Мұқан Айтпенев, Қази Торсанов, Ермек Тукпаев, Нұрман Хожанов, Мұталап Хасынов және т.б. Ал, алашордалықтардан 180 адам қатысты. Жиналыс басшылары: Селбек Жанайдаров, Ережеп Итбаев,

Асубек Датов, Сеитов. Хатшылар: Мұхтар Саматов. Баяндамашылар: Мағжан Жұмабаев, Сейтжан Бабаев, Ережеп Итбаев.

Дәл осы күні «Үш жүз» партиясының өкілі Қазі Торсанов Алаш партиясына өтіп, осы партияның мүдделерін қорғауға ант берді. Жиналыстағы баяндамашы Мағжан Жұмабаевтың сөзі: «Біз қазақ халқы өз автономиямызға қол жеткіземіз. Бұл біздің үйіміз болады. Бұл үйдің бір қабырғасы қазір өз қатарында 52 мыңы бар армия болады. Әскерге 20-40 жас аралығындағы еріктілер кіре алады. Біз жаңадан құрған мемлекет «Алаш» символы астындағы Қазақстан деп аталады. Қазақстанның елордасы Қызылорда болады» (СҚМА. 1370-қ. 3-т. 131-іс. 5-п.).

Осы тарихи оқиғаға қатысқан ұлт зиялыларына тоқтала кетсек. Міржақып Дулатов – Петропавлда 1907-1909 жылдары тұрып, мұғалім болған. XX ғасырдың басында қазақтардың ұранына айналған «Оян, қазақ» деген кітабы 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан шыққан болатын. Осы кітабы үшін патша үкіметі оны қуғындап, бірнеше мәрте түрмеге жапты. Тап осы кезде Міржақып ағамыз Қызылжардан Орынборға барып, Ахмет Байтұрсынұлы екеуі «Қазақ» газетін 1918 жылдың күзіне дейін шығарып тұрды. «Қазақ» газеті ұлы даламызға кең таралып, ұлт-азаттық күрестің айбынды Туына айналды. азетке Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин, Ахмет Жанталин, Бірмұхамет Айбасов сынды зиялы қауым өкілдері өлең, хат-хабар жазып, Ресей патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы белсенді күрес жүргізді.

Қызылжар өңірінде М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» атты романы дүниеге келді. Қазіргі таңда дара тұлғаның «Оян, қазақ» пен «Бақытсыз Жамал» туындыларын жан-жақты саралай қарасақ, қазақтың жүрегіне жол тапқан, тәрбиелік құны қымбат алғашқы көркем шығармалар болып табылады. Осы кітаптар арқылы қазақтың ішінде ояну, гүлдену, өркениетке ұмтылу деген аңсар ойлар пайда болды. Мағжан Жұмабаевтың азаматтық, ақындық бетін ашқан, саяси көзқарасын қалыптастырған ұстазы өзге емес – Міржақып Дулатов екені шындық (Тайшыбай, 2013: 200).

1917 жылғы сәуірде ұлттың бірлігі, тәуелсіз болашағы үшін күреске бел буған Итбаев Ережеп, Алаш Орданың Ақмола облыстық қазақ съезін Омбыда ұйымдастырып өткізген. Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, өз заманының көзі ашық азаматы, қазақ халқының күрескер, талантты ұлдарының бірі. Томск қаласында 1917 жылы қазанның 8-15 күндері аралығында жалпысібір съезінде Ережеп Итбаев Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, С.Досжановтармен бірге қазақ халқының өкілі болып қатысады. Сол жылы Сібір кеңесінің құрамына қабылданады. 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері аралығында Орынборда жалпықазақ съезіне қатысып, Алаш автономиясының халық кеңесіне Қызылжарлықтар атынан кандидат болып сайланды (Солтүстік Қазақстан облысы. Энциклопедия, 2006: 3).

Айдархан Тұрлыбаев, жоғары білімді заңгер әрі шығыс тілдерінің маманы. Солтүстік Қазақстандағы тұңғыш қазақ комитетінің, басқаша айтқанда 1917 жылғы көктемде құрылған тәуелсіз мемлекеттік органның бірінші төрағасы, Сібір ревкомындағы Қазақстан өкілі. 1877 жылы Ақмола облысы Көкшетау уезінің Мезгіл болысында туған. 1902-1917 жылдары университет бітіргеннен

кейін Омбының заң орындарында адвокаттық қызмет қылып, алқа сотының мүшесі болады. 1917 жылы 25 сәуір – 5 мамыр аралығында Омбы қаласында өткен Ақмола облыстық қазақ съезін басқарып, өткізген Айдархан Тұрлыбаев, ал орынбасары дәрігер Асылбек Сейітов болған. Осы съезде әр уезден келген 150 делегат А.Тұрлыбаевты Ақмола облыстық қазақ комитетінің төрағасы етіп сайлады. 1917 жылы А.Тұрлыбаев Алаш партиясы құрылатын алғашқы жалпықазақ съезінің де, тәуелсіз Алаш автономиясы жарияланатын екінші жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына белсене қатысқан. Осы күресі үшін ол 1934 жылы абақтыға жабылып, онда 6 ай азап шеккен. 1937 жылы 14 маусымда қайта ұсталып, ату жазасына кесілген, 1957 жылы ақталды (Әнес, 2009).

Жұмағали Тілеулин 1890 жылы Айыртау болысының Жаманшұбар ауылында дүниеге келген. 1913 жылы Орынбор әскери медицина мектебін бітірген. 1913-1917 жылдары Петропавл уезінде фельдшер болып жұмыс атқарған. 1917 жылы наурыздың басында Ә. Бөкейханов Минскіден телеграмма беріп, патшаның құлағанын естірткенде «Қызылжардағы Тілеулинге» деп көрсеткен. 1922 жылы Қызылжар қаласында қазақ педагогика техникумының тұңғыш директоры қызметін атқарған. Көрнекті қазақ публицисі. М. Дулатовтың, М. Жұмабаевтың азаттық күресі жолындағы серігі. Қазақ тілінде медицина саласы бойынша алғашқы оқулықтың авторы. Денсаулық тақырыбына бірнеше кітапты қазақ тіліне аударған. Кеңес тұсында үш рет тұтқындалып, 1938 жылы ату жазасына кесілді (Маликова, 2021: 279).

Ахмет Жанталин, көрнекті публицист, Алаш қайраткері, Міржақып пен Мағжандардың ниеттес серігі. «Айқап» (1911-1915 жж.) журналы мен «Қазақ» (1913-1918 жж.) газетінің белсенді тілшісі ретінде Есіл-Қызылжар өңіріндегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі жөнінде жазып тұрған. Ахмет атамыздың қаламынан туған мақалаларда қазақ жастарына білім беру, ұлт теңдігі мәселелері терең қозғалған. Қызылжар өңірінде судья болып қызмет атқарған (Қойгелдиев, 2009). А.Жанталин 1932 жылы жазықсыз ұсталып, Петропавл абақтысына жабылды. Тәуелсіздік жылдары Ахмет Жанталиннің ел алдындағы қызметіне лайықты баға берілді.

Қафез Айбасов, Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданының, Қаратал ауылында туған. Кеңес дәуірінде мұндай жігерлі, жан-жақты, сауатты азаматтарға тағылған «ұлтшыл» деген айыпен, Мағжандар сияқты үш рет ұсталып, 1940 жылы тамызда белсенді алашордашыл ретінде Солтүстік Қазақстан облыстық сотының шешімімен 15 жылға кесілген. Айбасов Қафез, міне, осы қазақ қоғамындағы байлар аталған әлеуметтік топтың өкілі.

Ғалиасқар Мұхаметжанұлы Қуанышев, 1886 жылы Қызылжарда дүниеге келген, 1917 жылы 4 маусымда Петропавл уездік қазақ комитетінің тұңғыш төрағасы болып сайланған Алаш қайраткері. Ғ.Қуанышев «қала тұрғындары арасында беделі биік, игілікті істердің ұйымдастырушысы ретінде үнемі көзге түсіп жүретін, үлкен жүректі азамат еді», -дейді екен замандастары. 1937 жылы 13 қыркүйекте жазықсыз мерт болған жеолесіміз 1958 жылы ақталған.

Дәулет (толық есімі Дәулетше) Қуанышев, 1878 жылы бұрын Бейнетқор, кейін Совет ауданының оныншы ауылында туған. Ресей патшасы тақтан кеткен соң, 1917 жылғы 4 сәуірде Петропавл уездік атқару комитетіне мүше болып сайланды. Еліміздегі Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлерінің бірі. Революциядан бұрын да қуғын көріп, 1930 жылы кеңес заманында ұлтшыл-алашордашы деген желеумен ұсталған.

Салмақбай Күсемісов, 1869 жылы Қызылжарда туған. Алаш қозғалысына ерте қатысқан, Солтүстік Қазақстан қазақтарының атынан Алашорда үкіметіне сайланған. 1919 жылдың 8 қарашасында ұсталып, алашордашы деген айыппен өлім жазасына кесілген. Жазықсыз екені кейін анықталып, 1954 жылы 12 тамызда ақталған. СҚО ДП архиві құжаттарынан Алаш Қайраткері Салмақбай Күсемісовке қатысты деректер анықталды. Салмақбай Күсемісов, 1869 ж.т., Петропавл қ., СҚО тумасы. қазақ. Бастауыш білімі бар. Петропавл уездік Земство басқармасы өкілінің орынбасары. 08.11.1919 ж. тұтқындалған. 26.10.1920 ж. Петропавл ГубЧК сотталды. Бап: 58-11 УК РСФСР. 12.08.1954 ж. ақталды. Салмақбай Күсемісовке қатысты деректер: Куәлік. Петропавл уездік Земство басқармасы өкілінің орынбасары Салмақбай Күсемісовке берілді, өйткені соғыс уақытының мән-жайлары мен әскери биліктің өкімі бойынша ол өз мекемесімен бірге Петропавлдан эвакуацияланады. Төрт адамның қол қоюмен және қазыналық мөрдің қосымшасымен куәландырылады. Барлық азаматтық және әскери биліктерден заңды көмек көрсетуді сұраймын. Куәлік. Осы куәлік Петропавл уездік Земство басқармасы төрағасының орынбасары Салмақбай Күсемісовке берілді. Ұлты-қазақ. Жарғының 46, 47-баптарының 2-тармағы бойынша әскери міндеттілікке және әскери міндеттілікке қатысты Армия қатарына шақыруға жатпайды (Жертвы политического террора в СССР).

XX ғасырдың басында Ж. Аймауытов айтқандай бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық деп ерекше атап көрсетті. Осы бағытта жалпыұлттық, демократиялық газеттер мен журналдар шыға бастаған. Солардың көпшілігі көп ұзамай большевиктердің тарапынан байшыл, ұлтшыл, алашордашыл деген жалалармен жабылған. Атап айтсақ: Сарыарқа; Бірлік туы; Ұран; Абай; және Түркістан Республикасының астанасында шығып тұрған Ақ жол; Шолпан; Сана; Кедей айнасы басылымдары еді. Осылардың ішінде жастарға арналған тұңғыш газет – Жас азамат болатын. Бұл басылым туралы зерттеуші Дихан Қамзабекұлы «Алашқа тыныс болған «Жас азамат» атты мақаласында қазақтың ұлттық баспасөз тарихында елеулі орны бар «Қазақ» газетінің бағытын жалпы жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерлетуге септігі тиген газет-журналдардың ішінде Жас азамат басылымын ерекше атаған жөн деген пікір жазған. Сондай-ақ ғалым, бұл газет ұлт тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдық егізге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси басылымы екендігін айтқан болатын. Қазақстанның Солтүстік аймақтарындағы жастардың ірі ұйымдарының бірі болып саналған Жас азамат ұйымының органы ретінде Қызылжар қаласында 1918 жылдың 30

шілдесінен 1919 жылдың 3 ақпанына дейін 22-нөмірі жарық көрген бұл жергілікті газеттің шығарушысы – Қошке Кемеңгеров еді (Мәлікова, 2021).

Қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар, ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті 1918 жылдың сәуір-мамыр айында Омбы қаласында өткен қазақ жастарының тұңғыш құрылтайының шешіміне орай, Бүкілқазақтық жастар ұйымының тілі ретінде бұл газеттің алғашқы саны 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген. Газеттің дәл осы кезде Қызылжар қаласында шыға бастауы Ресейдің Оралдан шығысқа қарай жұрттарында, Қазақстанның солтүстік аймағында Кеңес өкіметінің құлауына байланысты, билікті қолына алған Алашорда үкіметінің саяси шешімінің нәтижесі еді. 1918 жылы маусымда Алашорда үкіметі жергілікті жерлерде нақты билікке қол жеткізу үшін бірқатар декреттер қабылдады, соған сәйкес Алаш автономиясының аумағында Кеңес өкіметі шығарған барлық құжаттар мен заң актілері жарамсыз деп танылды (Трудовое Знамя, 1918: 5).

Тұңғыш қазақ жастары газетінің қалай шыққандығы туралы С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуінде» 1918 жылы май айында Омбыдағы оқудағы Алашорда жастарының ұйымына айналған Бірлік ұйымы, жалпы жастар съезін жасағандығын ерекше атап өткен. Бұл съезге әр жердегі жастар ұйымынан екіден өкіл шақырды. Жас қазақ ұйымынан Абдолла Асылбекұлы, енді біріне Омбыда оқып жүрген Жанайдар Сәдуақасұлы сайланды. бұл съезге Ақмола, Семей, Қостанай губернияларының жастары жиналған. Съездің қаулысы бойынша, барлық жастар ұйымдарын Жас азамат деуге қаулы қылды. Жас азаматтың басқарма төрағасына Мұрзаұлын, мүшелігіне: Смағұл Сәдуақасұлын, Мұратбек Сейітұлын, Гуля Досымбекованы (Міржақып Дулатовтың балдызы), Әбдірахман Байділдәұлын сайлаған. Жас азамат ұйымының тілі қылып жабылып қалған Көлбайдың Үш жүз газетінің орнына Қызылжарда Жас азамат атты газетін шығармақ болған. Газеттің редакторы белгілі қайраткер Қошмұхамбет Кемеңгерұлы, басқарма құрамында С. Садуақасұлы, М. Сейітұлы, Г. Досымбекқызы, Ә. Байділдәұлы болды.

Жастар газетінің алғашқы саны «Жас тілек» деген мақаламен ашылып, онда Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай көрсетіп, ел бостандығы үшін ұйымдасуға шақырады. Жас азаматтың үстіне ауыр жүк салынып, оның негізгі мақсаты – ұлт бостандығы мен ұлт теңдігі еді.

Жастардың үні – бұл газеттің шығуына 1918 жылғы сәуір-мамырдағы бірінші съезд себеп болған, ол жөнінде Мұхтар Әуезов «Тұңғыш қазақ жастарының съезі», «Қазақ жастарына» атты мақалаларын жазған. Бұл газеттің Қызылжарда қалай шығып тұрғанын, қазақ жастарының, жалпы қазақ қауымының тәуелсіздікке деген арман-мұңын айғақтап, қоғамдық сананы оятуға күш салғанын Жүсіпбек Аймауытов ерекше атап көрсеткен. Ол Семейдегі Сарыарқа газетінің 1919 жылғы 20 ақпандағы санына «Газет, журнал оқушыларға» деген мақала бастырып, Семейдің орысша газетінің қазақ баспасөзін ғайбаттап, оқушылары болмағандықтан қазақтың бір газеті мен журналы жабылып қалыпты деген хабарына қарсы сөйлеп, түсінік берген.

Қамтыған тақырыбы жағынан қарағанда, жарияланымдарда саясат мәселесінің басым болуы – уақыт талабы екені байқалады. Және қазақ жерін отарлауды тежеу туралы сол кездің өзінде ашық пікір таратқан жастардың ісіне айызың қанады. Айталық, 1918 жылғы 18 тамыздағы 3-санында шыққан «Өлген тірілмекші» деген мақалада Ресей үкіметінің келімсек қарашекпендерді қоныстандыру мекемесі жойылып, Қазақстан жеріне ішкі Ресейден ауып келіп жататын қоныстанушылар легі саябырлаған болса, Қазақ жерінің бір кезде әзәзілі болған переселен мекемесі қайтадан тіріледі деген қауесет бар. Халықтың бостандығы үшін күресетін, оның алдағы тағдырының қандай болмағын айқындайтын көзі ашық, жаны таза, саналы жастар екендігін бұл басылым әуелден-ақ жария етті. Газеттің үшінші санына басылған 25 жастағы ақын Мағжанның «Жастарға!» деген өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе артық емес. Жас ақынның шақыруы алты миллион қазақтың атынан айтылып, қазақ көгіне шалқи көтерілген ұлт ұраны еді:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!...

Смағұл Садуақасовтың Мағжан туралы қазақ жастарының ой-санасының әміршісі деген пікірі осы бір жалынды өлең жолдарында жатқан болар. Оның «Өмір үшін күресу» атты мақаласында қалың қазаққа таныс тіршілік түйткілдерінен ашып көрсеткен. Автор өз ойын айқын түсіндіру үшін қазақ халқы мен алыстағы неміс жұртының тұрмыстық жағдайларын салыстырып, қалың қазағын озық немістің деңгейінде көргісі келіп, билік орындарының қоғамды демократияландыруы қажетті шарт екенін көрсетеді. Байқасақ, мұндағы Смағұлдың саясат пен шаруашылықты ажырағысыз бірлікте көруі де сұңғылалық.

Сол кездегі басты мәселе, жер мәселесі бұл баспаның негізгі тақырыптарының бірі болып, қазақ жерінің қазба байлықтарын шетжұрттық алпауыттардың талап-тонауына қарсылық білдірді. Мәселен, шет мемлекеттердің капиталы кен қазу, фабрик-зауыт салуға (бұлар да қазақ жеріне орнайды) кірсе, қазақ бұл қазынадан тағы да айырылады деген пікірде болды. Нәтижесінде, бұл газет осындай нақты дәлелдерін көрсетіп, Ресей мемлекетіне енді табынудың қажеті жоқ екендігін, қазақ халқы тәуелсіздік үшін, өз болашағының тізгінін өз қолына алу үшін күресуі, соның бәрі қазақ жерінің бүтіндігі маңызды екендігін көрсетті. Жас қаламгерлер өз басылымына осы сөздерді жаза отырып, большевиктік Ресейдің де Қазақстанға тәуелсіздік сыйламайтынын әшкереледі. Ал, «Өлген тірілмекші» деген басқа мақалада осы идея одан әрі дамытылып, жер мәселесі жөнінде большевиктер патша өкіметінің тарихи мұрагері екені айтылды. Халық өзінің саяси көсемі Алаш төңірегіне топтасуы арқылы ғана тәуелсіздік күресіне қосылады деген пікірді ортаға салынды.

4. Зерттеу нәтижелері

Осындай саяси және қоғамдық тақырыптарға қалам тербеген бұл газет авторлары сол кездегі өзара тірескен саяси күштердің ара салмағын бағамдап, халыққа түсінікті тілде баяндап беріп отырды. Байділдә Мырзаұлы мен Ғабділдә Найзабекұлының «Бұны не дейміз?» деген талдамалы мақаласында большевиктердің қазақ даласындағы іс-әрекеттерін әшкереленеді. Қолдан туғызған азамат соғысындағы қатыгездік, адамгершіліктің барлық өлшемін сырып тастап, шетсіз, шексіз ауыртпалық әкелген большевиктердің билікке таласу әдісінің заңсыз екендігін газет ашып көрсетеді. Таптық мүдде дегенді желеу етіп, әкесінің сақалына жармасқан бала, ағасын атқан іні, шешесін сатқан қыз... азамат соғысының басты қаһармандары осы болғанын мерзімді баспасөздің сол кездегі сандары сендіре насихаттағанын байқаймыз. Газеттің бірінші қыркүйекте жарық көрген санында «Алашорда» деген ортақ тақырыппен Омбыдан берілген хабарлар топтамасында: «Учредительное собрание» члендерінен құрылған үкіметпен сөйлесуге барған «Алаш Орда» мүшелері Ахмет Байтұрсынов, Халел һәм Жиһанша Досмұхамедовтер 19 августа (жаңаша) Омбыда Сібір үкіметімен сөйлесіп жатқан «Алаш Орда» бастығы Әлиханды сымсыз телеграфқа шақырып, мынадай сөздерді сөйлесті», деп бастайды да, «Алашорда басшылығының 1918 жылы 23 шілдеде Сібір үкіметінің премьер-министріне жолдаған хатына» байланысты түсінік берген.

Бұл газет уақыт тамырын дәл басып, үлкен саясатқа батыл араласып, сұңғылалық танытқаны оның әр санынан байқалады. Қазақ Ұлттық автономиясын құру туралы II Бүкілқазақ съезінің шешімін жүзеге асыруға кіріскен Ә.Н. Бөкейханов бірден кезек күттірмейтін бірқатар маңызды мәселелерді қарастырды. Қазақстанның батысында, солтүстігінде, шығысында саяси жағдай біркелкі емес еді. Алаш қайраткерлерінің басқа саяси күштерге қатынасы да түрліше қалыптасты. Бөкейханов пен оның айналасындағылар бұл жағдайларды толықтай есепке алды. Семейде Кеңес өкіметі құласымен, осында келген Ә.Н. Бөкейханов жаңа жағдайда қимыл жасау тактикасы туралы нұсқау берді.

Мәселен, Орынбордағы Торғай облыстық Алаш комитетінің басшысы Сейдазым Қадырбаевқа жіберілген жеделхатта Алашорда өз жұмысына кірісіп, II Бүкілқазақ съезінің шешімдерін жүзеге асырып жатқандығын баяндайды. Башқұрт және Сібір автономияларына туысқан автономиялар ретінде қарап, большевиктерді таратуда олармен одақтас екендігін, басқа облыстарда да тізе қосып жұмыс істеп жатқандығын көрсетті. Торғайда Алашорданың облыстық бөлімін, уездерде уездік бөлімдерін ашуды тапсырып, мүшелері земстволық мекемелерден құралсын делінген. Яғни бұл ұлттық жаңа мемлекеттің жүйесі туралы сөз болатын.

Алашорданың келешегі туралы Челябі қаласында өтуге тиіс Сібір өкіметімен келесі келіссөз-кеңестің 25 тамызға белгіленіп Жас азамат тілшісі хабарлаған. Алашорда атынан Халел Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Түркістан автономиясының бастығы Мұстафа Шоқаев бармақшы болып отырған бұл жиылыста әр автономиялы үкіметтерден бас біріктіретін ортадан

барлығына бірдей үкімет тұрғызып, жиылғандар ынтымақтасып, сөзді бір жерден шығарса, бұлардың қаулысы бұзылмайтынына ерекше назар аударады.

Газет бетінде осы кеңестің кейін қалай басталып, қалай аяқталғанын зерттеп қарағанымызда, мәжілістің Челябинде емес, Уфаға шақырылғанын, жобаланған 25 тамызда емес, сәл кешігіп, 1918 жылы 8 қыркүйекте ашылғанын байқалады. Оның жұмысына 147 адам қатысып, оның ішінде 81 адам Құрылтай жиналысының мүшесі болды. Оған барлық қазақ облыстары, оның ішінде Түркістан автономиясынан Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, С. Досжанов, Б. Жақандамов, А. Байтұрсынов, Ғ. Әлімбеков, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Е. Тұрмұхамедовтар қатысты. Уфа мемлекеттік мәжілісінің қараған басты мәселесі Бүкілресейлік жоғарғы өкімет билігін құру болатын. Жаңа үкімет Директория деген атқа ие болды. Ол эсер партиясы ОК-нің мүшесі Н. Авксентьев төрағалық еткен бес адамнан тұрды. Бас қосу қорытындысы Н.Д. Авксентьев пен оның әріптестері Алашорда үкіметі жойылсын, оның қызметі мәдени-тұрмыстық және шаруашылық-экономикалық мәселелермен шектелсін деген шешімге келген. Бұл әрине, Алашорданы тарату туралы мұндай шешім Ә. Бөкейханов пен барлық Алаш қайраткерлеріне мүлде күтпеген жағдай болды. Мысалы, «Саясат күйі» деген мақалада осы мәселелермен қатар, Ресейдің уақытша үкіметі мен Алашорда үкіметінің ара-қатынасы сөз болады. Осы сандағы екінші бір материалда Уфадағы «Құрылтай жиналысы» ұйымының мүшелері мен социал-революционерлер партиясы кіндік комитеті мүшелерінің абақтыға жабылғаны айтылған. Саяси көзқарасы, ұстанған бағыты үшін азаматтық еркінен айырып, зорлық-зомбылық жасаудың әділетпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын айыптап жазды (Жас Азамат: 6). Газеттің 1918 жылғы 15 қазан, сейсенбідегі 7-санында жарық көрген «Қала думасына сайлау» деген мақалада Қызылжар қаласындағы қазақтардың қала билігіне белсене араласуы қажет екендігі саяси үгіт дәстүрінде берілген.

5. Қорытынды

Қазақ газетінің бағытын жалпы жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерілетуге септігі тиген – өңірлі басылым Жас азамат ұлт тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті бола алды.

Алаш қозғалысының басталуы, дамуы, Алаш Орда үкіметінің жариялануы сияқты тарихи оқиғалардың бірде-біреуі Қызылжарды айналып өтпеген. Демек, «Алаш арыстары» деген қасиетті тізімді толықтырып, оларға құрмет көрсетуді жалғастыра беру – міндетіміз. Қызылжар өңіріндегі осындай тарихи оқиғаға қатысты, бүгінгі таңдағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өңіріміздегі Алаш Орда үкіметін қолдаушылардың жаңа есімдері мен Алаш жиылысы болған тарихи орын анықталды. Осыған орай, СҚО, Жамбыл ауданындағы Алаш жиылысы өткен тарихи орын Қазақстанның жалпыұлттық киелі жерлерінің қатарына 2022 жылы бекітілді.

Дереккөздер

РФММ – Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағаты

Sources

SARF – State Archive of the Russian Federation

SANK – State Archives of North Kazakhstan

Әдебиеттер тізімі

Аманжолова, 1994 – *Аманжолова Д.А.* Казахский автономизм и Россия. М., 1994. 224 с.

Әбдешев, 2008 – *Әбдешев М.Е.* Алаш орда министрлері. Алматы: Раритет, 2008. 3-6 бб.

Әнес, Смағұлова, 2009 – *Әнес F., Смағұлова С.* Алаш. Алашорда: энциклопедия / Тұрлыбаев Айдархан. Алматы: Арыс баспасы, 2009. б.318.

База данных «Жертвы» – *БД «Жертвы политического террора в СССР».*

Букейханов, 1910 – *Букейханов А.Н.* Киргизы // Формы национального движения в современных государствах. СПб, 1910. С. 597, 599.

Вестник Семиреченского трудового народа. 1918. Октябрь.

Ганин, 2006 – *Ганин А.В.* Атаман А.И. Дутов. М., 2006. 688 с.;

Григорьев, 2008 – *Григорьев В.К.* Алихан Букейханов. Поиск ориентиров. Астана: Дәуір, 2008. с.21.

Қойгелдиев, 2009 – *Қойгелдиев М.Қ.* Есіл бойындағы азаттық қозғалыс тарихынан. / Солтүстік Қазақстан. 2009. 14 қазан.

Қойгелдиев, 2021 – *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы: Мектеп. 2021, б.129.

Маликова, 2021 – *Маликова С.З.* Жұмағали Тілеулин. Петропавл: Дәуір, 2021. 279 б.

Мәлікова, 2021 – *Мәлікова С.З.* Жас Азамат (1918-1919 жж.). Ғылыми басылым. Петропавл: Дәуір, 2021. 216.

Мұқанов, 1970 – *Мұқанов С.М.* Өмір мектебі. 1-кітап. Алматы: Жазушы, 1970. 456 бет.

Нұрпейісов, 1995 – *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Санат, 1995. 256 б.

Сведения ДКНБ РК по Северо-Казахстанской области МВД Республики Казахстан.

Солтүстік, 2006 – *Солтүстік Қазақстан облысы.* Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2006. 248 б.

Тайшыбай, 2013 – *Тайшыбай З.С.* Сыр сандығым Қызылжар. Астана: Дәуір, 2013. 212 б.

Трудовое, 1918 – *Трудовое* Знамя, 1918. Апрель – май.

References

Amanzolova, 1994 – *Amanzolova D.A.* Kazak avtonomizm i Rosia. M., 1994. 224 p.

- Abdeshev, 2008 – *Abdeshev M.E.* Alash Orda ministrleri. Almaty: Raritet, 2008. Pp. 3-6.
- Anes, Smagulova, 2009 – *Anes G., Smagulova S.* Alash. Alashorda: entsiklopedia / Turlybaev Aidarhan. Almaty: Arys, 2009. 318 p.
- Bokeihanov, 1910 – *Bokeihanov A.N.* Kirgyzy // *Formy natsionalnogo dvizhenia v sovremennih gosudarstvah.* S-Pb.1910. Pp. 597, 599.
- Database “Zhertvi” – DB “Zhertvi politicheskogo terrora v USSR”.
- Ganin, 2006 – *Ganin A.V.* Ataman A. I. Dýtov. M., 2006. 688 b.;
- Grigorev, 2008 – *Grigorev V.K.* Álihan Bókeihanov. Baǵdarlardy izdeý. Astana: Dáýir, 2008. b.21.
- Qoıgeldiev, 2021 – Qoıgeldiev M. Alash qozǵalysy. Almaty: Mektep. 2021, b. 129.
- Qoıgeldiev, 2009 – *Qoıgeldiev M. Q.* Esil boıyndaǵyazattyq qozǵalys tarıhynan. / Ońtústik Qazaqstan. 2009. 14 qazan.
- Malıkova, 2021 – *Malıkova S.Z.* Jumaǵalı Tileýlin. Petropavl: Dáýir, 2021. 279 b.
- Malıkova, 2021 – *Malıkova S.Z.* Jas Azamat (1918-1919 jj.). Ǵylymı basylym. Petropavl: Dáýir, 2021. 21b.
- Muqanov, 1970 – *Muqanov S.M.* Ómir mektebi. 1-kitap. Almaty: Jazýshylar, 1970. 456 bet.
- Nurpeisov, 1995 – *Nurpeisov Q.* Alash hám Alashorda. Almaty: Sanat, 1995. 256 b.
- Ońtústik, 2006 – *Ońtústik Qazaqstan oblysy.* Ensiklopedia. Almaty: Arys, 2006. 248 b.
- Soltústik Qazaqstan oblysy boıynsha QR UQKD málimetteri; Qazaqstan Respýblıkasy IIM.
- Taishybai, 2013 – *Taishybai Z.S.* Syr sandyǵym Qyzyljar. Astana: Dáýir, 2013. 212 b.
- Trudovoe, 1918 – *Trudovoe Znamja.* 1918. April - May.

ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ЭНВЕР ПАШАНЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Канат Базарбаев^{1*}, Насух Гумуш², Эрен Акдениз³

¹Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Б.Саттарханов көшесі 29, 161200 Түркістан қ, Қазақстан.) PhD, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/00000003-0058-2322>, E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

²Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Б.Саттарханов көшесі 29, 161200 Түркістан қ, Қазақстан.) PhD докторант, <https://orcid.org/0000-0001-7490-4801> E-mail: nasuh.gumus@ayu.edu.kz

³Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Б.Саттарханов көшесі 29, 161200 Түркістан қ, Қазақстан.) PhD докторант, <https://orcid.org/0000-0002-3261-3384> E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz.

Түйіндеме. Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысы мен жастүріктер қозғалысының саяси, идеялық ықпалындағы олардың бағдарламалық құжаттары, саяси күрестегі ұстанған қағидалары, жүргізген үгіт-насихат жұмыстарының сабақтастығынан аңғарылады. Ал идеядан нақты іс-әрекетке ұласқан өзара ықпалдастықты мынадай мәселелерге талдау жасау барысында көз жеткізуге болады.

Біріншіден Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстың қарулы кезеңі болып саналатын басмашылық қозғалысқа Энвер паша бастаған жастүріктер өкілдерінің тікелей қатысуы; екіншіден түркістандық қайраткерлердің басмашылық қозғалысқа саяси басшылық жасау әрекеттері. Осы факторлар арқылы екі қозғалыстың ықпалдастығы зерттеу жұмысымызда айқындалады.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер пашаның орны мен рөлі ерекше еді. Ұлт-азаттық қозғалыстың бағытын өзгерткен тағы бір маңызды оқиға, ол Энвер Пашаның Түркістанға келуі болды.

Жалпы, шетелдік, Түркиялық, Орта Азиялық тарихнамаға жүргізілген талдаулар нәтижесінде Энвер пашаның тарихта алар орны мен атқарған рөліне берілген бағалар біріне-бірі кереғар, қайшылықты сипатта болды. Ал оның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы атқарған қызметі туралы көзқарастар да осы сарында айтылады. Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша Энвер Паша Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы қарулы кезеңінің дем берушісі деген тұжырым жасауға болады.

Кілт сөздер: Түркия, Орта Азия, Түркістан, Бұхара, Энвер паша, Кеңестік билік, ұлт-азаттық қозғалыс.

POLITICAL ACTIVITY OF ENVER PASHA IN THE TURKESTAN NATIONAL LIBERATION MOVEMENT

Kanat Bazarbayev¹ *, Nasuh Gumus², Eren Akdeniz³

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan). PhD, associate professor, <https://orcid.org/00000003-0058-2322>, E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan). PhD doctoral student, <https://orcid.org/0000-0001-7490-4801>, E-mail: nasuh.gumus@ayu.edu.kz

³Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan). PhD doctoral student, <https://orcid.org/0000-0002-3261-3384>, E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz

Abstract. The political and ideological influence of the National Liberation Movement and the young turks movement in Turkestan is reflected in the continuity of their program documents, principles of political struggle, and propaganda work. And the interaction from idea to concrete action can be seen in the analysis of the following issues. First, the direct participation of representatives of the young turks led by Enver Pasha in the basmachi movement, which is considered the armed stage of the Turkestan national liberation movement; secondly, the attempts of Turkestan figures to provide political leadership to the basmachi movement. The interaction of the two movements through these factors is determined in our research work. Enver Pasha had a special place and role in the Turkestan national liberation movement. Another important event that changed the course of the national liberation movement was the arrival of Enver Pasha in Turkestan. In general, the analysis of Foreign, including Turkish, Central Asian historiography shows that the assessments of Enver Pasha's place and role in history are contradictory and contradictory. In this regard, the views on his work in the Turkestan national liberation movement are expressed. Based on the results of our research, we can conclude that Enver Pasha is the instigator of the armed period of the Turkestan national liberation movement.

Keywords: Turkey, Central Asia, Turkestan, Bukhara, Enver Pasha, Soviet power, national liberation movement

МРНТИ 03.20

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЭНВЕР-ПАШИ В ТУРКЕСТАНСКОМ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОМ ДВИЖЕНИИ

Канат Базарбаев^{1*}, Насух Гумуш², Эрен Акдениз³

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави (29, ул. Б.Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан), PhD, ассоциированный профессор, <https://orcid.org/00000003-0058-2322>, E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

²Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави (29, ул. Б.Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан), PhD докторант, <https://orcid.org/0000-0001-7490-4801>. E-mail: nasuh.gumus@ayu.edu.kz

³Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави (29, ул. Б.Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан), PhD докторант, <https://orcid.org/0000-0002-3261-3384>. E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz.

Аннотация. Политическое и идеологическое влияние национально-освободительного движения Туркестана и движения младотурков нашло отражение в их программных документах, принципах, которых они придерживались в политической борьбе, преемственности их пропагандистской работы. А взаимодействие от идеи к конкретному действию можно увидеть при анализе следующих вопросов. Во-первых, непосредственное участие младотурков во главе с Энвер-пашой в басмаческом движении, являющимся вооруженным этапом туркестанского национально-освободительного движения; во-вторых, попытки туркестанских лидеров обеспечить политическое руководство басмаческим движением. Через эти факторы и определяется взаимодействие двух движений в нашем исследовании. Влияние и деятельность Энвер-паши занимает особое место в туркестанском национально-освободительном движении. Еще одним важным событием, изменившим направление национально-освободительного движения, стал приезд Энвер-паши в Туркестан.

В целом анализ зарубежной, в том числе турецкой, среднеазиатской историографии показывает, что оценка места и роли Энвер-паши в истории того периода довольно противоречивы. В статье также высказывается мнение о его значении в туркестанском национально-освободительном движении. По результатам нашего исследования можно сделать вывод, что Энвер-паша стал вдохновителем туркестанского национально-освободительного движения, инициировав генезис его вооруженного периода.

Ключевые слова: Турция, Средняя Азия, Туркестан, Бухара, Энвер-паша, советская власть, национально-освободительное движение.

1. Кіріспе. Энвер паша 1921 ж. 8 қараша күні Бұхараға келді. Оның Түркістанға келетіндігін естіген халықтың қуанышында шек болмады. Бұхарада өткізген 23 күн ішінде алдынан халық үзілмеген Энвер паша бұқара халықтың үмітін оятты. Себебі, Түркістан бұл саяси шырғалаңнан тек Энвер пашаның келуімен ғана құтылуы мүмкін еді. Энвер паша Бұхараға 1921 ж. 20 қазанда келген. Оның қасында 2 түрік офицері Хажы Сами бей және Абдул Қадыр Мухиддин бей болған. Бұхарада аз ғана аялдаған Энвер паша 9 қарашада Шығыс Бұхараға барып, Қаршы қаласының төңірегінде Молла Нафис құрбашының

қосынына қосылып, оның басшылығын қолына алады. Осылайша 1921 ж. 9 қарашада Энвер паша өзінің ұлт-азаттық қозғалысқа қосылғандығын мәлімдейді (Тоған, 1994:54).

Энвер паша Түркістанға келгенде, ұлт-азаттық күрес Шығыс Бұхарада кең өріс алған болатын. Шығыс Бұхарадағы басмашылық күштерінің басым бөлігін Бұхара әмірінің сенімді адамы Ибрахим Лақайлы басқарды. Бір жағынан Түркістанға отарлық биліктен бостандық алып беруге қауыштыруға келген Энвер паша Түркістанды жеткілікті деңгейде білмейтін еді. Оның жанындағы Хажы Сами сияқты түрік офицерлері де оған дұрыс мәлімет бере алмады (Тоған, 1999:48). Мысалы, оған қол қойылмай берілген анықтамада Түркістандағы жәдидшілердің көшбасшыларының бірі Абдуррауф Фитрат айлакер, Махмуд Хожа Бехбуди азаматтық батылдықтан жұрдай, Садуллах Хожа қызғаншақ, ал Абиджан Махмуд болса өтірікші сияқты сипаттарымен көрсетілген (Yamauchi, 1995) еді.

Дегенмен, Энвер пашаның бойынан Түркістанда жеңіске жететін барлық қасиет-ерекшеліктер табатындай болып көрінеді. Қалай болғанда да Энвер паша отарлық биліктен азат етуші тұлға ретінде түркістандықтардың ерекше сый-құрметіне бөленді. Ол, сұлтандар мен халифалардың күйеу баласы әрі азаттық күрестің қаһарманы еді. Оның үстіне Энвер Паша білікті де тәжірибелі әскери қызметкер және осман әскерінің бас қолбасшысы болатын. Зерттеу жұмысымызда пайдаланған бұл деректер Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысына қуатты серпін берген Энвер пашаның қызметін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

2. Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысымыздың өзектілігі Қазақстан мен Түркия арасындағы бүгінгі таңдағы ынтымақтастықтың тарихи тәжірибелерін жалпылау арқылы ұдайы дамыту мәселелерімен анықталады. Айта кету керек, Түркия мен Қазақстан мемлекеттері арасындағы тарихи байланыстар ежелгі дәуірден бастау алып, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында бұл қарым-қатынас жаңа сапаға көтерілді. Осман империясының ыдырап, жаңа Түркия Республикасының қалыптасуына негіз қалаған жастүріктер қозғалысының көтерген ұлттық-демократиялық идеясы аймақтық шеңберден шығып, өзге елдерге соның ішінде Орта Азияның тұрғындары қазақтар, өзбектер мен түркімендердің арасына кеңінен таралды. Осы жағдай Түркістандағы зиялы қауымның Түркиядағы саяси, рухани үдерістерімен таныстығын, олардың араларында саяси-идеологиялық байланыстың бар екендігін айғақтайды (Başbakanlık Devlet Arşivi 2005 ж.). Сонымен қатар, 1917 жылдан кейінгі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қарулы кезеңінде Энвер паша, Қожа Сами бей және Субхи бастаған біршама түрік қайраткерлері – аймақтағы тарихи мәні үлкен оқиғаларға қатысуы да осы байланыстарының бірі Түркістандық қайраткерлердің кеңестік биліктен бой тасалап Түркияда ұзақ жылдар саяси эмиграцияда болуы еді. Ұлттық элита арасындағы бір ғасыр бұрынғы осы тарихи байланыстардың тәжірибесі бүгінгі күнгі байланыстардың негізін құрайды.

Түркиялық зерттеушілер Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының шетелдік тарихнамасына алғашқылардың бірі болып назар аударды. Шетелдік тарихнаманың бұл бағыттарының қалыптасып дамуына Кеңес өкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап, Орта Азиядан кетуге мәжбүр болған саяси қайраткерлер М.Шоқай, Б.Хайит, В.Тоған үлкен үлес қосты. Сол кездегі ұлт-азаттық қозғалыстың тікелей қатысушылары болған бұл тұлғалардың еңбектері саяси байланыстар туралы құнды естеліктерге негізделгендіктен, олар әлі күнге дейін орыс және еуропалық тарихшылардың зерттеулерінде құнды дереккөз ретінде пайдаланылуда.

Осы зерттеулерде Түркістан өлкесін кеңестендіру үдерісі мен осы жағдайға Бұқар халқының қарсылығын ғылыми талдаулардың құнды тәжірибелері жинақталған. Бұл біршама тарихшылардың зерттеу еңбектерінде кеңестік тарих ғылымының біржақтылығы, конъюнктурасы және идеологияның тарихи шындықтан маңыздырақ екендігі туралы сыни тұжырымдар қалыптасты. XX ғ. 50-60 жылдары АҚШ және Ұлыбританияда ағылшын тілінде 1917 жылы Қазан төңкерісі мен Түркістан халықтарының оған деген қарым-қатынасы туралы көптеген зерттеу еңбектер жарық көрді. Бұл зерттеулердің негізгі көзі 1920-1930 жж. П.Галузо (Галузо, 1931), Ф.Божко (Божко, 1930), Т.И.Бройдо (Бройдо, 1924), Дервиш (Дервиш, 1921) «Жизнь национальностей» журналында және басқа да басылымдарда жарияланған еңбектері кеңінен қолданылады. Сонымен қатар Кеңес өкіметін қолдаған осы авторлармен қатар Кеңес өкіметіне қарсы күрескен М.Шоқай (Chokaev, 1988), Зәки Валиди (Togan, 1999: 346) еңбектері және 20-30 жж. еуропалық баспасөзде жарық көрген Түркістаннан өзге кеңестік аймақтардан шыққан басқа да мұғажырлардың еңбектері кеңінен пайдаланылды. Британдық-американдық тарихнаманың маңызды дереккөздерінің бірі ретінде Ж.Кастаньенің (Түркістанда жұмыс істеген француз археологы) (Castagne, 1925) еңбегі кеңінен пайдаланылған. Сол сияқты 20 ж. Орта Азияда ағылшын үкіметінің Түркістандағы әсери дипломатиялық миссиясын басқарған майор В.Бейлидің (Bailey, 1946) еңбегінде тақырыпқа қатысты көптеген құпия деректер айналымға ұсынылғандықтан құнды дереккөз ретінде қолданылды.

Зерттеу барысында индукция мен дедукция, тарихи оқиғалар мен құбылыстар туралы тарихи-салыстырмалы, жүйелі-құрылымдық, теориялық білімдер, азаттық қозғалысының жекелеген тұлғаларының қоғамдық-саяси қызметі сияқты зерттеудің жалпы ғылыми әдістері тұжырымдалған. Саяси тарих саяси және идеологиялық құбылыстардың сан алуан және қайшылықты жағдайын ескере отырып, өткеннің тарихи, саяси-әлеуметтік дәлелдерін жалпылауда барынша шынайылықты талап етеді. Сондықтан, зерттеу нысанының бірегейлігі, олардың өзара байланыстары мен ішкі тәуелділігінің ерекшеліктері ескерілді. Біз зерттеу жұмысымызда дәстүрлі тарихи танымдағы білімді толықтыратын, белгілі бір тұжырымдарды жоққа шығаратын немесе растайтын тарихнамалық талдау арқылы тарихи шындықты қалпына келтіру әдісін қолдандық.

3.Талқылау. Энвер паша Түркістанның жағдайын толық білмегендіктен стратегиялық қателіктер жасап, Бұхараның бұрынғы әмірі Әлімхан және оның

қарамағындағы Ибрахим Лақайлымен байланыс орнатады. Ферғана және Самарқан басмашылары өздері жек көретін Бұхара Әмірі бас уәзірінің көшбасшылығын мойындаудан бас тартады. Бір жағынан Әмір де жастүріктердің бұрынғы көшбасшысына күмәнмен қарайтын (Chokaev, 1988: 16). Осыған байланысты, Әмірдің сенімді адамы Ибрахим Лақайлы өзімен кездесуге келген Энвер пашаны тұтқынға алып, оның іс-әрекеттеріне бөгет болады.

Энвер пашаның тұтқынға түскендігін естіген Осман Хожа жанындағылармен ақылдаса келе Энверді құтқару үшін әскери қимыл жасау оның өміріне қауіп төнеді деп, бұл әрекетінен бас тартады. Сөйтіп Осман Хожа, Али Рыза және Даниал Бейлерді Ибрахим Лақайлыға жіберіп, оның ойын білгісі келеді. Лақайлымен кездескен Али Рыза бей, дұшпандарына қарсы ортақтаса отырып күрес жүргізуге келіседі. Осман Хожаның осындай әрекеттеріне қарамастан, Бұхара Үкіметінің мүшелері бұл жағдайға ешқандай мән берместен үнсіз қалады. Үкімет мүшелерінің көпшілігі Кеңес әскерлерін және Бұхара Коммунистік партиясын жақтады (Найт, 1997:56).

Кеңестік гегемониядан құтылып тәуелсіз мемлекет құруды армандаған Осман Хожа, Абдулхамид Ариф және Кари Абдуллахтан басқа жасбұхаралықтар Энвер пашаның бұл әрекетін құптамады. Сол кезде Үкіметте Премьер-министр міндетін атқарған Файзуллах Хожаев және оның жолдастары орыстарды үрейлендіріп алмай, олармен келісім жасаудың жолын қарастырады. Бірақ, дәулетті әулеттен шыққан Үкімет мүшелері ұлт-азаттық күрестің аңысын аңдып, қай жақ жеңсе солай қарай ойысатындықтарын білдіреді. Акчурин сияқты бұхаралық коммунистер орыстармен бірге Энвер пашаға қарсы шығуды ойлады. Заки Валиди Тоғанның сөзіне қарағанда, Энвер паша ортақ конгреске шақырған кезде Түркістанның түкпір-түкпірінен өкілдер келгенімен Бұхара зиялылары бұл үндеуге жауап бермейді. Тоған мұның себебін, жасбұхаралықтардың көпшілігінің діндарлар мен саудагерлердің баласы болып, олардың қарулы күрестен гөрі саяси күресті қалауымен байланыстырады (Togan, 1981:152).

Тоған бұл күреске қатыспайды, ол Энвер пашаға Түркістаннан Ауғанстанға кетуге ұсыныс жасайды. Заки Валиди Тоған Энвер пашаға жазған хатында большевиктердің оппозициялық орыс төңкерісшіл ағымдарымен, эсерлермен ынтымақтастық құруға дайын екендігі, мәжбүр болған жағдайда ұсыныс-талаптарын қабылдайтындығы айтылады. Сондай-ақ ұлттық Қызыл әскерге арқа сүйеген Түркістан Кеңес Үкіметі ынтымақтастық орнатуды жөн тапса, большевиктермен де тіл табыса алатындықтары сөз етіледі. Бұл күреске Энвер паша араласатын болса, Түркістан қозғалысы панисламистік қозғалысқа айналып, Түркістандағы орыстардың ұлттық мақсаттарына жетуі үшін большевиктердің төңірегіне топтасуына себеп болуы мүмкін делінген (Есмағамбетов, 2008). Осман Хожа 1921 ж. 10 желтоқсан күні Душанбеде Қызыл әскер қолбасшыларын коктейль ішуге шақырған кезде, оларға орыс әскерлерінің қару-жарақтары мен оқ-дәрі сақталған қоймаларын тапсыру туралы құжаттарға қой қойғызады. Душанбедегі ескі оқу ғимараты қоршауға алынып, ол жердегі әскерлерге қолбасшылары қол қойған құжат көрсетіліп, олар оқ-дәрі сақталған қоймаларды тапсырады (Красный архив, 1931). Бірақ, ескі аурухана ғимаратына

орналасқан 1000-ға жуық орыс әскерлері мұны естіген кезде қалада қарулы қақтығыстар басталады. Қиын жағдайға тап болған Осман Хожа Ибрахим Лақайдан көмек сұрайды. Көмекке келген Лақайдың адамдары қаланы тонағаннан кейін қайта оралады. Бір жағынан Қызыл әскер, екінші жағынан Лақайдың адамдары ізіне түскен Осман Хожа Энвер пашаны құтқару үшін Көктасқа қарай бет алып, бауырларының қанын төгуге жол бермеу үшін өзінің штаб-пәтерін құрып, осында тұрақтайды.

Оған жаңа әскерлер келіп қосылады. Осы кезде Ауғанстан патшасы Аманулла ханның қысым көрсетуіне байланысты Бұхара әміршісі Алим хан Ибрахим Лақайға хат жазып Энвер Пашаны тұтқыннан әзер құтқарады. Сөйтіп, Энвер паша қарамағындағы барлық әскерлерімен 1922 ж. 22 қаңтар күні таңға жақын Душанбеге шабуыл жасайды. Орыс әскерлері қаланы тастап шығуға сынай танытқанымен паша олардың берілуін талап етеді. Орыстар қаланы тастап қаша бастайды. Осы кезде Энвер пашаның әскеріне 450-500 адамнан құралған тағы бір топ келіп қосылады. Минтепеді қашып бара жатқан орыстардың жолын кескен паша, қызылдарды осылайша ойсырата жеңеді. Осы соғыста Энвер пашаның әскерлеріне келіп қосылғандардың арасында Бұхара Үкіметінің Қорғаныс министрі, жәдидші Абдулхамит Ариф те бар еді.

Қызыл әскер бөлімшелері Энвер пашаға қарсы шабуылдарын маусым айында күшейтіп, 20 шілде күні Белживанды басып алады. Энвер пашаның әскерлері Белживан маңындағы қорғаныс шебінде қалып, ал өзі 30 адаммен Белживанға жақын жердегі Обдора ауылына қарай шегінеді. Энвер паша 1922 ж. 4 тамыз күні Құрбан айт мерекесін өткізуге келген Обдора ауылында болған шайқаста қаза табады (İmzasız, 1933: 39). Энвер пашаның қайтыс болғандығын естіген жәдидшілер қатты қайғырып, қара жамылып оны аза тұтады. Жәдидші ақын Чолпан осы оқиғаға байланысты жазған «Белживан» атты өлеңінде өзінің көңіл күйін «Тарихты қып-қызыл қанға бояған, халықтың соңғы үмітін қанға бояған Белживан» деп жеткізеді.

Жасбұхаралықтардың арасынан шыққан коммунистерден құралған Бұхара Халық Республикалық Үкіметі Энвер пашаның өлімін орыстармен бірге тойлайды. Сонымен қатар осы шайқасқа қатысқан 49 кеңес жауынгерлері Бұхара Үкіметінің Қызыл жұлдыз орденімен марапатталады.

Түркістандағы кеңеске қарсы жасырын саяси қозғалыстың басында болған Уалиди Тоған Энвер пашаның өлімінен соң ұлттық күштердің дағдарып қалғанын айтады. 1922 ж. 18–20 қыркүйегінде Түркістан ұлттық қозғалысының съезін өткізуді жоспарлайды. Осы жағдайға байланысты Заки Валиди Тоған Түркістаннан Әлихан Бөкейхан, Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Тынышбаев, өзбектерден Мұннавар қары және Бұхаралық Хакимзаде мен Мырза Абдулқадыр Мухиддин, Түркіменстандық Какажан Бердиев сияқты белгілі саяси қайраткерлердің Кеңестің үнемі қадағалауында болған соң, бұл съезге келе алмайтындықтарын жазады (Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 2008). Осындай себептермен де съезге қатысушылардың саны 10–15 адаммен ғана шектелген.

Ендігі мәселе Энвер пашаның кеңестік билікпен қатынасы жөнінде І дүниежүзілік соғыста Осман империясының жеңілуі себебінен Энвер паша мемлекеттік биліктен кетуге шешім қабылдап, Бірлік және даму партиясының жетекшілері Энвер, Талат және Жемал бейлер неміс су асты кемесімен 1919 ж. қаңтарында Берлинге келеді. Энвер паша Берлинде кеңестік Ресейдің саяси қайраткерлерінің бірі Карл Радекпен танысып, сол арқылы Мәскеумен байланысқа шығады (Красный архив, 1929). Радек жастүріктер қозғалысының осы жетекшілерімен ағылшындарға қарсы бірлесе күрес жүргізу туралы келіссөз жүргізеді. Талат паша большевиктердің мұсылмандарға берген уәделерін орындамай, патшалық биліктің шовинистік саясатын қолдауға көшкендерін алға тартып, ұсынысты қабылдамайды. Ал Энвер және Жемал пашалар 1920 ж. басында Мәскеуге барып, кеңестік биліктің жоғары дәрежелі басшылар тарапынан ықыласпен қабылданған (Kosaoglu, 2001:256).

4. Нәтижелер. Кеңес Одағына келген Энвер паша 1920 ж. жазында большевиктердің қолдауымен «Ислам бірлігі және төңкеріс қоғамымы» атты ұйым құрады. Большевиктер шығыста ағылшындарға қарсы Энвер пашаның мүмкіндіктерін пайдалану және мұсылмандар арасында коммунистік идеяларды тарату үшін осы ұйымның әрекеттерінен үлкен үміт күтті. 1920 ж. тамызында Чичериннің Бакуде өтетін Шығыс халықтарының құрылтайына шақыру алған Энвердің құрылтайға қатысуын кейбір әзірбайжандық коммунисттер сынға алады. Әзірбайжан Халық Ағарту комиссары Буниатзаде Энвер пашаның неміс үкіметімен бірлесе жұмыс істеп, неміс империализміне жәрдем көрсетіп жүргенін айтады. Осыған байланысты Энвер паша сөз сұрайды. Құрылтай басшысы Зиновьев Энвер пашаға баяндамасын оқуға сөз рұқсат бермейді, оның орнына басқа кісі сөз сөйлейді, онда құрылтайды ұйымдастырушыларға алғысын білдірген соң, Осман мемлекетінің І Дүниежүзілік соғыстағы жағдайы баяндалып, Османлының патшалық Ресей мен Ұлыбританияға қарсы Алмания жағында болуы мәжбүрліктен туындағанын, Алманияның басқаларға қарағанда Османлының тым құрығанда өмір сүру құқын мойындағанын тілге тиек етеді (Науит, 1997: 128).

Кеңестік биліктің жергілікті халықтарға жасаған озбырлығын Бұқара әмірлігінің тәжірибесінен де көреміз. 1920 ж. қыркүйегінде Түрккомиссияның араласуымен Бұхар әмірлігінің аумағында Бұхар Халықтық Кеңестік Республикасы (БХКР) құрылды. Кеңестік үлгідегі ұлттық мемлекеттілік құрудың мысалдарының бірі ретінде бұл әрекет саяси қитұрқылықпен іске асқанына көз жеткіземіз. Түрккомиссияның қаржылық қолдауымен Бұхара коммунистік партиясының ұйымдары Әмір Сейіт Әлімхан үкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырып, РКФСР үкіметінен әскери көмек сұрады. Бұхара операциясының нәтижесінде Түркістан майданының әскері әмір әскерін талқандалып, әмір үкіметі қазынасының алтын қоры Ташкентке жөнелтілді. Осы оқиға жөнінде Молотов Чичеринге жазған хатында Бұхарада орын алған революция кезінде өздерінің бөлімшелерінің тонаушылықпен айналысқанын, мұнан кейін Бұхараға тиесілі көптеген құнды заттардың Ташкентке әкетілгендігін баяндайды. Осы оқиға бүкіл Шығысқа тарап, Кеңестік биліктің абыройына нұқсан келтірді

(Тұрсын, 2006). Төңкеріс барысында 1920 ж. қыркүйегінде Бұхарада бірыңғай коммунистерден тұратын Бүкілбұхарлық Революциялық комитет және коммунистермен бірге ұлттық ұйымдардың өкілдерінен құрылған Халық Комиссарлар Кеңесі түрінде екі үкімет құрылды. Жасбұхаралықтардың беделі коммунистерден әлдеқайда жоғары болғандықтан да большевиктер үкімет құрамын жасақтауда осындай ымырагершілік жасады. Бұндай жағдай БХКР ұлттық басқару элитасының арасындағы өзара алауыздық пен саяси тұрақсыздыққа әкеліп соқты.

Кеңестік билік Бұхар үкіметіне әскери ықпал жасай отырып, оған қомақты қаржылай көмек көрсеткен екен. Бұхар экономикасына 1920 ж. соңынан 1921 ж. ортасына дейін 4 млрд руб. қаржы құйылғанына, 1921 ж. 4 наурызында Ресей және Бұхар үкіметтері арасындағы одақтық және экономикалық келісімге сәйкес қаржылық көмек мөлшері ай сайын 2 млрд. руб. жеткенімен (Большевицкое руководство, 1996: 245) елдегі кеңестік қайта құруларды жергілікті үкімет те, халық та қуаттамады. Осындай саяси өара кезеңде, яғни 1922 ж. көктемінде Энвер пашаның кеңес өкіметіне қарсы лагерьге өтіп, Мәскеуден Орта Азияға келуіне байланысты шиеленісті.

Энвердің Бұхараға келуі саяси алауыздық жағдайындағы үкіметтің жікке бөлінуін тездетті. Жалпыбұхарлықтардан құрылған революциялық комитеттің төрағасы Мырза Мұхитдиновтың Энвер паша жағына өтуі жағдайды одан әрі ушықтырды. Осы уақытта Бұхар мәселесімен тікелей айналысатын Түрккомиссия өкілі В. Цукерман РКФСР-дың Ауғанстандағы елшісі В. Раскольниковке жолдаған жеделхатында Энвердің аумақтағы кеңес әскеріне қарсылық көрсетіп, олардың өз еркімен Орта Азиядан шығуын сондай-ақ түркістандықтар мен бұхарлықтардың өз тағдырын өздері басқаруына мүмкіндік беруді талап еткендігін айтылады (Сборник материалов судебных процессов над алашевцами, 2011: 15-16).

19 наурыз 1922 ж Ф.Ф.Раскольниковтың Л.М. Караханға жазған хатында Энвер пашаның Кавказдан Каспийге дейінгі аймақта жаппай көтерілістің жоспарын жігерлі түрде іске асырып, Шығыс Бұхара мен Ферғанадағы ұйымдастырушылық жұмыстары аяқталған соң Энвер алғашқы кезде Түркістанның әлдебір пунктінде көтеріліс бастап, оны кеңейтумен бір мезгілде партизандық шабуылдар арқылы темір жолдарды бүлдіру әрекетін хабарланған. 1922 ж. ақпанында ауған жағының қолдауымен Энвер пашаның күштері Душанбе қаласын басып алып, ендігі кезекте Бұхараға шабуылға дайындала бастаған болатын.

Қалыптасқан саяси дағдарысқа байланысты Бұхар үкіметінің төрағасы Ф. Ходжаев Мәскеуге барып, қиын жағдайдан шығудың жолдарын жоғары деңгейдегі кездесулерде талқылауға қатысады. Сталиннің өзі Ф. Ходжаевпен бетпе-бет сөйлеседі. Мәскеу сапарынан оралған оны Бұхарада үкімет құрамындағы асқынған алауыздық күтіп тұрған еді. Оның жоқ кезінде басмашылар Бұхара түбіне дейін келіп, қала көшелерінде Энвер пашаның адамдары емін-еркін жүрген. Орталық Комитет құрамындағы солшыл коммунистердің тең жартысы Халық Комиссарлар Кеңесінен бас тартқандығын

Мәскеудің Бұхарадағы эмиссары Я.Х.Петерс Сталинге шұғыл түрде баяндап, саяси ахуалды ауыздықтап, Мәскеудің саясатын іске асыру үшін бірнеше ұсыныстар жасап жеделхат жолдайды. Жеделхат мазмұнында Бұхар Республикасының дербестігіне қол сұғу арқылы үлкен қателікке жол беріліп жатқаны және осы арқылы тұрғындарды орыстарға қарсы айдап салып, Энвердің басқыншылығына сылтау тауып беріліп жатқандығы баяндалады (Тұрсын, 2006:150). Түркістан мен Бұхара, Хорезмде революциялық қайта құру саясатын барынша сақ жүргізу туралы ұсыныстар аз емес болатын. Керісінше, Бұхара Республикасы үкіметі басшыларының пікірі жоғарыдағы көзқарастан өзгеше болатын. Ф.Ходжаев Бұхарадағы саяси жағдайға талдау жасап, 5 сәуір күні Сыртқы істер халық комиссариатына, Караханның атына хат жолдайды. Ол өз кезегінде бұл хатты Сталинге табыс етеді. Хатта Ходжаев Шығыс Бұхарадағы басмашылыққа шынайы баға беріп, оны Энвердің қозғалысы деп атайды. Өйткені басмашылардың басшылары арасында тұрақты әскері ең көбі әрі ықпалдысы Энвер паша болған. Ол басмашылардың негізгі күші 3-4 мыңдық қарулы адамнан тұратындығы, ал қалған 10-12 мыңы ала-құла тобыр екендігін айтып, басмашылар туралы дақыртты сейілтуге әрекет жасайды. Екінші мәселе бойынша қалыптасқан жағдайдан шығу үшін саяси және әскери тұрғыда не істеу керек екендігіне тоқталады. Оның ойынша бұл істі қиындықсыз және ешқандай шығынсыз іске асыруға болады деп экономикалық тетіктерді іске қосу жолдарын көрсетеді. Хаттағы үшінші мәселе ретінде басмашылықты тек әскери шаралармен жоюға болмайды деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды және оны бейбіт жолмен реттеудің шараларын ұсынады. Осындай жағдайда Түрккомиссия мен жергілікті элита өкілдерінің мәселеге қатысты көзқарастарының әртүрлілігі және қолындағы мәліметтердің нақты тұжырым жасауға жеткіліксіздігіне байланысты Сталин 21 сәуірде «Бұхара мен Ферғанадағы басмашылық қозғалыстарды шұғыл түрде басу» мәселесін зерттеу үшін Г.Орджоникидзені Ташкентке арнайы іссапарға жібереді. Орджоникидзе Ташкентке кең өкілеттікпен келіп, Сталиннің талап еткен мәселелеріне объективті жауап іздеп, 12 мамырда Сталинге жолдаған хатында «Бұхарадағы жағдайды бүкіл халықтық көтеріліс деп сипаттауға болады. Мәліметтерге қарағанда, Бұхарада Энвер пашаның басшылығымен ұйымдасқан көтеріліс сипат алды. Көтерілістің кең ауқымда өріс алуына қазіргі үкіметтің дәрменсіздік танытуы осы себептен киіммен, тамақпен жабдықталмаған біздің адамдарымыздың тонаушылық әрекеттері негіз болды. Жағдайды тұрақтандыру үшін уақыт өткізбей тез арада Энвердің көзін құрту керек, оған дайындық жүргізілуде (Сборник материалов судебных процессов над алашевцами, 2011: 152) деп нақты мәселелерді шешуге байланысты өз ұсыныстарын білдірген. Бұл тұжырымнан Ленин бастаған кәсіби революционерлердің өз саяси қарсыластарын террор арқылы жою тәсіліне баса мән бергенін аңғарамыз. Бұл деректер Белживанда көз жұмған Энвер өлімінің құпиясын ашуға бағыт сілтейтіндей.

5. Қорытынды. Энвер паша туралы қалыптасқан тарихнамалық әдебиеттерден ол саяси көзқарастары мен іс-әрекеттерінде қарама-қайшылығы мол күрделі тұлға болып танылады. Шетелдік, Түркиялық, Орта Азиялық

тарихнамаға жасалған талдаулар көрсеткеніндей Энвердің тарихта алар орны мен саяси рөліне берілген бағалар біріне-бірі қайшылықты, кереғар сипатта кездеседі. Ал Энвер пашаның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы атқарған қызметі туралы көзқарастар да осы сарында айтылады.

Егер, Энвер паша кеңестердің оғынан өлмегенде, кеңес әскері Батыс майданда жеңіске жетіп, солдаттарын Түркістанға жібермегенде, тамыз айының соңында Ташкент, Ашхабад темір жолы толығымен жабылған болар еді, ал Хиуа, Бұхара және Бұхарада қызыл әскер қатарында көптеген мұсылмандар басмашылар жағына шыққан болар еді. Уалиди Тоған Энвер пашаның түркі ұлтын құтқару үшін жанын беруге дайын болғандығын алға тартады. Ол шын мәнінде идеалист еді және оның Түркістан жері үшін өлуге дайын екендігі шынайы болатын. Бәрі де оның қалағанындай болып шықты. Оның аты Түркістанның тарихына еніп, мәңгілік есте қалды. Уалиди Тоған Жамал пашаны Энверге мүлдем қарама-қарсы тұлға ретінде сипаттайды. 1921 ж. Жамал паша Уалиди Тоғанға Кабулдан хат жазып, басмашыларды кеңестермен келіссөзге келуге шақырады. Кейін олардың бәрін ағылшындарды Үндістаннан қуу жолында бірігулері үшін Ауғанстанға шақырады. Осылайша ол басмашылар арасында басқыншылық идеяға берілген арманшыл адам ретінде танылады. Жамал паша да идеалист болатын, бірақ Энвер пашаның идеалистігі кіршіксіз еді.

Біздің зерттеулік жұмысымыздың қорытындысы негізінде Энвер Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы қарулы кезеңінің дем берушісі деген тұжырым жасаймыз. Оның үстіне Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыспен, бірге қазақ ұлттық элитасының өкілдері М.Шоқай, С.Қожанов, Ғ.Бірімжанов, Д.Әділов және т.б. қайраткерлердің тағдырына тікелей ықпалы болған Энвер пашаның тұлғасын Отан тарихының құрамында қарастыруымыздың қажеттілігі айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Божко – *Божко Ф.* Гражданская война в Средней Азии. Ташкент: УзГиз. 1930.

Бройдо – *Бройдо Г.И.* Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году. *Новый Восток.* Книга 6. 1924. 187 с.

Bailey– *Bailey F.M.* Mission to Tashkent. London: Jonathan Cape, 1946. 312 p.

Түйін сөздер: Кеңес үкіметі, Маңғыстау уезі, Адайлар, ревком, аграрлық саясат, алым-салық, ОГПУ.

ТОБАНИЯЗ АЛНИЯЗУЛЫ – БОРЕЦ ЗА СВОБОДУ НАРОДА

Болат Сағидоллаевич Жумагулов¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая (д. 13, пр. Достык, 050010 Алматы, Республика Казахстан), кандидат исторических наук, профессор кафедры Всемирной истории, <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>, E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

Аннотация. *Введение.* С обретением независимости, начался процесс возрождения подлинной истории нашей страны и были с почетом возвращены из небытия имена тех людей, которые вели непримиримую борьбу за единство и целостность своей страны и отдали за нее свои жизни. И одним из них, можно смело сказать уникальным, был один из борцов за территориальную целостность своей страны, народный герой, общественный деятель, первый председатель Адайского уездного революционного комитета, член Центрального Исполнительного комитета Казахстана, выдающийся гражданин Казахстана Тобанияз Алниязулы. *Цель и задачи.* До провозглашения независимости его имя никогда не упоминалось публично, все данные о нем хранились в секрете, то есть он был неизвестен своему народу. *Результаты.* В этой статье рассматривается государственная деятельность Тобанияза Алниязулы в Мангистауском регионе на благо народа, политика советского правительства по разрушению традиционных форм хозяйствования, которое обрекло коренное население на бесчисленные страдания и борьба под его руководством лучших представителей казахского народа против этой губительной политики. *Выводы.* Конечно, они не могли изменить политику господствующей тогда тоталитарной власти и все активные участники сопротивления этой политике во главе с Тобаниязом Алниязулы были расстреляны по приговору Тройки ОГПУ, а те, кто не был приговорен к расстрелу, подверглись различным карательным мерам и преследованиям. В памяти народа будут вечно храниться имена героев-мучеников, которые положили на алтарь свободы и независимости свои головы.

Ключевые слова: Советское правительство, Мангистауский уезд, Адай, ревком, аграрная политика, принудительный сбор, ОГПУ.

IRSTI 03.20

TOBANIYAZ ALNIYAZULY - FIGHTER FOR THE FREEDOM OF THE PEOPLE

Bolat S. Zhumagulov¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abay (13, Dostyk av. Almaty, 050010 Republic of Kazakhstan), Candidate of Historical Sciences, Professor of the Department of World History, <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>, E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

Abstract. *Introduction.* With gaining independence, the process of reviving the true history of our country began and the names of those people who waged an uncompromising struggle for the unity and integrity of their country and gave their lives for it were honorably returned from oblivion. And one of them, one can safely say unique, was one of the fighters for the territorial integrity of his country, a national hero, a public figure, the first chairman of the Adai District Revolutionary Committee,

a member of the Central Executive Committee of Kazakhstan, an outstanding citizen of Kazakhstan, Tobaniyaz Alniyazuly. *Goal and tasks.* Before independence, his name was never mentioned publicly, all data about him was kept secret, that is, he was unknown to his people. *Results.* This article discusses the state activities of Tobaniyaz Alniyazuly in the Mangistau region for the benefit of the people, the policy of the Soviet government to destroy traditional forms of management, which doomed the indigenous population to countless suffering, and the struggle under his leadership of the best representatives of the Kazakh people against this destructive policy. *Conclusions.* Of course, they could not change the policy of the then ruling totalitarian government, and all the active participants in the resistance to this policy, led by Tobaniyaz Alniyazuly, were shot by the verdict of the “troika” of the United State Political Administration (OGPU), and those who were not sentenced to death were subjected to various punitive measures and persecution. The memory of the people will forever keep the names of martyr heroes who laid their heads on the altar of freedom and independence.

Key words: Soviet government, Mangystau district, Adai, revolutionary committee, agrarian policy, forced collection, USPA

1. Кіріспе. Қазақ халқының кеңестік кездегі көрген қасіреті қашанда ұрпақтан ұрпаққа айтылып келгені мәлім. Сонау өткен ғасырымыздың 20-30 жылдарындағы ашаршылық нәубеті, тәркілеу науқаны, зорлықпен ұжымдастырып отырықшылдандыру, қолдағы мал-мүлкінен айыру халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең ретінде ел есінде сақталып қалды. Осы саясаттың нәтижесінде қазақ халқы бұрын болмаған қатал зұлымдық пен қуғын-сүргінге ұшырады. Төңкеріс нәтижесінде билікті қолына алған кеңес үкіметі Қазақстанды жер байлығы мол, тек шикізат көзін беретін аймақ ретінде бағалады.

Бұл өңірдің табиғат жағдай ежелден-ақ көшпелі мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы болатын. Ал, аздаған өзен бойларындағы ыңғайлы жерлер болмаса, негізгі аумақта ауа райының жазда ыстық, жауын-шашынның аз, топырақтың құнарсыз, сортаң және ащы болуына қарай мұнда егіншілік қанат жаймаған еді. Күнкөрістің негізгі көзі мал болды.

Кеңес үкіметі бұл өңірде бұрыннан қалыптасып, ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан дәстүрлі шаруашылық жүйесін аяусыз қиратып, халықты босқынға айналдырып, ата жұртынан айырған еді. Ал, қарсылық көрсеткендерін аяусыз жазалады. Ашығын айтсақ, шын мәнінде сол кездегі қоғамдағы өзгеріс, қайта құрулар халықтың біраз бөлігін құрбан ету арқылы жүзеге асырылған болатын.

Әрине, мұндай халыққа жат солақай саясатқа ел ішінде наразылықтың күшеюі заңды еді. Осындай жағдайда елдің бас көтерген азаматтары халықты соңынан ертіп, қарсылықтарын білдірді. Осындай істің басында болған, сол кезде ел ішінде ерекше беделге ие Тобанияз Әлниязұлы еді. Ол өмірінің соңына дейін халық жағында болып, олардың басына бостандық әперу үшін ерік-жігерін аямады.

Тобанияз Әлниязұлы сияқты қазақтың біртуар азаматарының елі мен жерінің біртұтастығы үшін жан аямай күресуі, Кеңес үкіметінің бас бұзар шолақ белсенділерінің, жалпы зорлық зомбылығына, аяусыз қысымшылығына қарсы халықты соңынан ертіп күреске шығуы сол кез үшін өте маңызды оқиға болды. Бұл қозғалыс кейін қазақ халқының кеңес үкіметінің қолдан жасаған зобалаңына қарсы қарулы күресіне ұласып, ел арасында «Адай көтерілісі» деген атпен таралып, Қазақстандағы 372 көтерілістің ішіндегі ұзаққа созылған және көлемді көтеріліске бастау болған еді. Мұндай тақырыпта зерттеу жүргізу Кеңес үкіметінің Қазақ өлкесіндегі аграрлық саясатының қыр-сырын, халық басына түскен нәубеттің, халықтың қарсылық қозғалыстарының маңызын терең түсінуге өз септігін тигізері сөзсіз.

2. Материалдар мен әдіс-тәсілдері. Тобанияз Әлниязұлының өмірі мен күрескерлік қызметін зерттеуде ҚР ҰҚКА-нің № 011377 архиві «По делу контрреволюционной организации баев, торговцев, бывших служащих царского правительства и соработников Адаевского округа» атты қылмыстық істің 12-томындағы тергеу құжаттары материалдар ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы президент архивіндегі (ҚР ПА) және Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА), Атырау облыстық мемлекеттік архиві (Атырау ОМА), Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві (Маңғыстау ОМА) қорларында сақтаулы деректік құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Ғылыми-публицистикалық шығармалардағы Тобанияз туралы жазылған жайлар да назардан тыс қалған жоқ.

Ғылыми мақаланы даярлауда басты назарға объективтік пен тарихилық қағидалары негізгі басшылыққа алынды. Зерттеуді жүзеге асыру кезінде белгіленген мәселені зерделеуде салыстырмалы-тарихи, тарихи-ретроспективті, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелілік әдістері пайдаланылды. Мақалада берілген материалдар хронологиялық жүйеде топтастырылып, деректерге талдау жасалынды.

3. Талқылау. Қазақстандағы шаруалар көтерілістері, оның басшылары туралы Т.Омарбеков «Зобалаң» (Омарбеков, 1994:272), «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» (Омарбеков, 1997:320) атты монографияларында жазды. Онда Адай көтерілісі, оның басшылары туралы тың мәліметтер бар.

Қ.С. Алдажұманов кеңес үкіметінің аграрлық саясатына қарсы халық қарсылығы мен оларға қарсы жүргізілген саяси қуғын-сүргін науқаны туралы алғашқылардың бірі болып жазды (Алдажұманов, 1996:158). Оның еңбектерінде Адай көтерілісі, Тобанияздың күрескерлік қызметі туралы тың мәліметтер бар.

Сонымен қатар, Қазақстандағы шаруалар көтерілістері туралы Т.К. Алланиязовтың «Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческой движений в Казахстане (1929-1931гг.)» (Алланиязов, 2009:424) атты еңбегінде де біраз мәселелер қамтылып, талданған.

Адай округіндегі көтеріліс М.Омаров «Расстрелянная степь. История Адаевского восстания 1931 года. По материалам ОГПУ» (Омаров, 1994:104) деген кітапшасын жариялады. Кейін І.Сариевпен бірге «Ойрандалған Адай

даласы» атты кітап шығарып, онда көтерілістің себептері, негізгі оқиғалары мен кейіпкерлері туралы тың мағлұматтар береді (Сариев, Омаров, 1995:160). Б.С. Жұмағұлов «Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі /1922-1933жж./ атты диссертациясында (Жұмағұлов, 1999:30) және «Сұрқия саясат сойқаны» атты монографиялық зерттеуінде (Жұмағұлов, 2021:312) ҚР ҰҚК архивінен алынған құжаттар бойынша Тобанияз Әлниязұлының бейнесін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президент архивінің бұрынғы мұрағатшы-аудармашысы Зияда Ижановтың «Тобанияз» атты еңбегінде ҚР ОМА және Президент архивінен алынған құжаттар енген (Ижанов, 2016:279).

Тобанияз Әлниязұлының өмірі мен қызметі туралы Ақтау қаласындағы журналист Әбілқайыр Спанов «Тобанияз» атты кітапша шығарды және қосымша деректерді жариялады (Спанов, 1995:120). Ал, жазушы Тәжібай Жаңаев «Тобанияз қыстауы» (Жаңаев, 1998:144) атты шығармасында Тобанияз Әлниязұлы өмірінің соңғы жылдары туралы халық жадында сақталып қалған естеліктерді халық назарына ұсынды. Жазушы Саламат Хайдарұлы «Қанды асу» атты публицистикалық кітабын (Хайдарұлы, 1997:164) жарыққа шығарып, онда Тобанияз Әлниязұлы және басқа да Маңғыстау түбегінің бас көтерген азаматтары туралы жазды. Белгілі жазушы Ғалым Ахметовтың «Алаш Алаш болғанда» атты кітабында Т.Әлниязұлы туралы естеліктері жарияланған (Ахметов, 1996:224).

4. Зерттеу нәтижелері. Кеңес үкіметінің халық басына зор ауыртпашылық әкелген саясатына қарсы қасқайып қарсы тұрған халық батыры ретінде Тобанияз Әлниязұлының есемі тек Маңғыстау өңірінде ғана емес Қазақстанның басқа жерлерінде кеңінен танымал.

Маңғыстау түбегінде, Қаратаудың бойындағы Ақшымырау деген жерде болашақ халық батыры Тобанияз 1875 жылы кедей отбасында жарық дүниесігін ашқан екен. Он үш жасында әкесінен ерте айырылған оның мойынына отбасының тауқыметі ерте түседі. Сондықтан ол өзінен кейінгі іні-қарындастарына қамқор болып, жастайынан шаруаға араласады. Есейе бастаған шағынан халыққа қамқоршы болып, оның жоғын жоқтап, мұңына ортақтасып, қабырғасы қайысқан. Тобанияз ат жалын тартып азамат бола бастаған кезде Маңғыстау уезіндегі елдің жағдайы ауыр еді. Себебі, өткен ғасырымыздың басында Маңғыстаулықтар табиғаттың қолайсыз жағдайына байланысты бірнеше рет жұт пен ашаршылықтың тақсіретін тартып отырған еді. Әсіресе, 1910-1911 жылдары өткен жұт Маңғыстау өңіріне адам айтқысыз апат, орасан зор қиындықтар әкелген еді.

Бұл жөнінде 1912 жылғы 22 наурызда Закаспий облысының бастығына Маңғыстау уезінің бастығы, подполковник Бялонович былай деп мәлімдепті: «...Уезде 12-15 мың жаны бар 3000 үй ешқандай қаржысыз, қаракетсіз қалды. Малдың қырылғаны соншалықты, бұл өлке жақын шамада ешқандай табыс бере алмайды. Аш-жалаңаш қалғандардың бірсыпырасын егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік жасауға болар еді, бірақ оған бұлақтарды, жерасты су көздерін іздестіруге, суды көтеруге шара жасау қажет. Оған айналып келгенде

көптеген қаржы мен уақыт керек», - деп уездегі жағдайды нақты көрсеткенімен, елді әлеуметтік қиындықтан, аштықтан, жалаңаштықтан құтқарудың жолдары жөнінде жағын ашпаған (Ижанов, 2016:4).

Осындай жағдайда Тобанияз бастаған елдің бас көтерген азаматтары халықты бұл ауыртпашылықтан алып шығудың жолын іздестіреді. Олар, Маңғыстау уезінің бастығына елдегі жағдайды толық талдап, бұл күйзелістен шығу жолдарын көрсетіп өтініш жазады. Онда «...Маңғыстау уезі кедейлерінің ешбір кепілдікке алынбаған, күйзелген, мұқтаждықтан туған жоғарыдағы ой-пікірлерін хабарлай отырып, басшы орындарға өтініш, ұсыныс жасауға және көмек көрсетуге ыңғай бола қалған жағдайда оған Сіздің келісім беруіңізді сұраймыз.

Жұтаған, ашыққан ел атынан сенімді өкілдері.

- | | |
|--|---------------|
| 1. Бозашы болысынан құрметті Тобанияз Әлниязов | (мөрін басты) |
| 2. Бозашы болысынан Мұхамедин Мәтжанов | (қолын қойды) |
| Түпқараған болысының старшинасы Тілеген Мәмбетов | (мөрін басты) |
| 1. Маңғыстау болысынан Шапшақбай Сафарбаев | (қолын қойды) |
| 2. Маңғыстау болысынан Абжі Күлишев | (қолын қойды) |
| Жеменей болысынан Тілеген Қабақов | (қолын қойды) |
- (ҚР ОМА. 40-қ. 1-т, 5-байлам. 60-іс, 11-12-п.).

Міне біз бұдан оның жастайынан елінің мұңын жоқтап, қолынан келгенінше олардың тұрмыс жағдайын, бастарына түскен ауыртпашылықтардан шығару жолдарын іздегенін көреміз. Сол кездің өзінде-ақ оның халық ішінде беделі өсіп, барған сайын атағы елге жайылып, оған халықтың үміті арта түседі.

Алайда, уез, облыс басшылары тарапынан ел тағдырына күйзелген жоғарыда аттары аталған азаматтардың ұсыныс-пікіріне, өтінішіне жөнді құлақ аспағандықтан Тобанияз бастаған болыстар мен билер бұл мәселені қайта көтеріп, ақыры олардың талап етуімен және барлық болыстар мен билердің, старшындардың, ел басшыларының қатысуымен уез бастығы 18 дәлу (қазіргіше қаңтар) 1914 жылы қарауға мәжбүр болады.

Онда: 1910-1911 жылдың қысында елдің 80-90 процент малының қырылып, Өлкелік азық-түлік капиталынан берілген 80 мың сомның, империялық азық-түлік капиталынан берілген 230 мың сомның өтеу мерзімінің аяқталғаны, енді оны өтеуге күйзелушіліктің салдарынан мүмкіндіктің жоқтығы, соның салдарынан жоғарыдағы қарыздарды айып өсімімен есептегенде 800 мың сом құрайтындығы тілге тиек етілген. Егер де оны өндіретін болса елдің аштан қырылудан басқа шарасы қалмай тұрғандығы қаулыда ашына жазылған (Ижанов, 2016:6).

Қолдағы деректерге қарағанда Тобанияз Әлниязұлы өзінің ел ішіндегі беделіне орай 1908 жылдан бастап болыстық басқару, ұйымдастыру жұмыстарына тікелей араласа бастаған. 1915 жылдан бастап 1-Бозашы болысы Қарағұл Қарамырзаевтың көмекшісі болды. Сол уақытта бүкіл уез көлемінде майдандағы армияның тылдағы жұмысына адам алу жөніндегі 25 маусым 1916 жылғы жарлықты ел арасында түсіндіру және болыстарға тізім жасауды үйрету, ұйымдастыру үшін елге беделді құрметті азамат Нұрмұхамбет Мырзабеков және

уез басқармасының тілмашы Асқар Үсембаевпен бірге Әланиязовқа да 25 қараша 1916 жылы №11723 куәлік берілді (Ижанов. 2016:13).

«Куәлік. Осы куәлік 1-Бозашы болысының жәрдемшісі Тобанияз Әланиязовқа берілді. Себебі ол майдан тылындағы жұмысқа өз болысынан және уезге қарайтын басқа да болыстардан Фортқа жұмысқа алынатын жұмысшыларды жеткізу үшін өз шабармандарымен жіберілді. Сол үшін уез көлеміндегі барлық жауапты қызметкерлерге Әланиязовқа барынша көмек көрсете отырып, жалпы күшті біріктіріп жұмысқа алынатындарды Фортқа жеткізуді бұйырамын. Уез бастығы Быков (ҚР ОМА. 40-қ. 1-т. 5-байлам. 1081-іс. 329-п.).

Осы қызметінде жүргенде Тобанияз патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусым жарлығына орай, уез бастығының бұйрықтарын орындауы оның жастайынан өзіне тапсырылған міндеттерге үлкен жауапкершілікпен қарауды бойына сіңіргендігінен еді. Бірақ бұл жарлықты бұлжытпай орындаудың өзінің жерлестері, қазақ жастарына қандай қиын тағдыр бұйыратынына көзі жетіп, ол енді қолынан келгенінше көмектесуді ұйғарады. Тобанияздың бұл ойын сезген уез бастығына да, Закаспий облыстық бастығына да ұнамады. Егер жергілікті халық тарапынан қарсылық, немесе бүлік туа қалған жағдайда оның халықты бастай алатын қабілетінен қорқып, енді олар оған сенімсіздікпен қарай бастады. Себебі, бұл кезде қазақ даласында, Жетісу, Торғай, Сырдария т.б. жерлерінде патша жарлығына қарсы қозғалыстар, көтерілістер болып жатқан еді.

Ақырында олар тылдағы қара жұмысқа қазақ жастарын алуға кедергі келтірді дегенді желеу етіп оны қамауға алады. Оны 1917 жылғы 7 ақпандағы Закаспий облысының бастығы генерал-майор Калмаковтың №3507 қаулысынан көруге болады. «Қаулы. Мен, Закаспий облысы, генерал-майор Калмаков Түркістан генерал-губернаторының міндетті қаулысы негізінде 31 тамыз 1916 жылғы Закаспий облысы бойынша жарияланған №374 бұйрыққа сәйкес қаулы етемін: 1-Бозашы болысының кандидаты Тобанияз Әланиязов тылдағы жұмысқа бұратана халықтардан адам алуға тосқауыл болып, оған жол бермеуге әрекет жасап, әкімгершіліктің ісіне араласқандығы үшін 3 ай мерзімге қамауға алынсын. Генерал-майор Калмаков.» (ҚР ОМА. 40-қ. 1104-іс. 47-п.). Ақырында, Тобаниязды тұтқыннан босату туралы болыстардың қайта-қайта шағымдануынан, жергілікті халықтың оны бірауыздан қолдауынан кейін барып оны бостандыққа шығарады. Осы жағдайдан кейін, патша үкіметінің зорлық зомбылығынан азап тартып отырған ел тағдыры Тобаниязды алаңдатпай қоймады. Ол енді саналы өмірін халықтың мұң мұқтажына көмектесуге, жергілікті биліктің әділетсіздігіне қарсы күреске арнады.

Ресейдегі болып жатқан дүмпулердің қазақ даласына да хабары жетіп жатуы, ел ішіндегі халық наразылығының күшейе түсуі, оған Тобанияз сияқты елдің бас көтерген азаматтары басшылық жасауы мүмкін, сондықтан Тобанияздың бостандықта жүруі қауіпті деп, оны қамауға алуға шешім қабылданады. Ақырында 1917 жылы 8 мамырда екінші рет тұтқындалады.

Осы кездегі Тобанияздың атқарған ісі туралы Маңғыстау уезі атқару комитетінің мына қаулысынан үзінді толығырақ мәлімет береді ғой деп

ойлаймын: «...7. Бұрынғы болыс Тобанияз Әлниязовтың тәртібі және оны тоқтатудың шаралары туралы.

Атқару комитетнің мүшелері, куәгерлер: Оңғалбаевтың, Досановтың және Иманғазиевтің түсініктерін тыңдап, мынаны атап көрсетеді. Әлниязов Тобанияз Уақытша үкіметке қарсы қастандық үгіт жүргізеді. Уақытша үкіметке және оның халық қалап сайлаған жауапты қызметкерлерінің және үкіметтің сот мекемелерін «бұл ескі режимнің мекемесі» деп олардың қасақана беделін кетіруге, халық алдында сенімін жоюға, сөйтіп, оларға қарсы ылаң салып, оны өршітіп, қоздыруға тырысуда.

5 мамырда атқару комитетнің бюросында жауапқа шақыртылып, онан жауап алу кезінде мәжіліс өткізуге мүмкіндік бермегендіктен, оның кабинеттен шығып тұруын ұсынған кезде өзінің шектен шыққан іс-әрекетімен комиссардың жәрдемшісін қорлады.

Атқару комитетінің бюросы қаулы етті:

Әлниязов Тобанияз тез арада Форт Александровск жанындағы тұтқындар үйіне қамауға алынсын және осы қаулының көшірмесі Әлниязовқа қарсы шұғыл қылмыстық іс қозғау үшін Маңғыстау уездік бітістіруші (*мировой судья*) сотқа тапсырылсын.

Бұған қосымша бітістіру сотының тексеру жұмыстарынан, сотқа жауап беруден Әлниязовтың жалтарып кету жолдарына тосқауыл қою үшін оны тұтқында ұстау сұралсын. Өйткені, Әлниязов уез басқармасынан өзі көзден таса болып жасырынып, басқа жаққа кету үшін паспорт алуға барлық әрекеті мен айласын жасайды.

Ал, Әлниязовты жасырып, құтқару, бой тасалату үшін және оның ел ішінде Уақытша үкіметке қарсы қоғамдық, зиянкестік үгіт жүргізуіне мүмкіндік беріп, қолайлы жағдай туғызу үшін қызмет орнынан босатылған бұрынғы басшылар – ескі режимді жақтаушылар барлық күш-жігерін жұмсайды. Әлниязовты тұтқындау жөніндегі осы қаулыны орындау уездік комиссарға тапсырылысын.

Атқару комитетінің төрағасы прапорщик Краснодембский» (ҚР ОМА. 40-қ. 1104-іс. 122-п.). (*Жоғарыда аталған қордың материалдары З.Ижановтың аудармасы бойынша беріліп отыр – Б.Ж.*).

Ақырында ол түрмеге жабылады да, тек Ақпан төңкерісі кезінде ғана бостандыққа шығады. Сөйтіп, саналы қызметінің басынан-ақ халық жағында болып, еліне адал қызмет етуді алдына мақсат етіп қойды.

Ұлы Қазан төңкерісі басталған кезде Закаспий аймағына кірген Маңғышлақ түбегінде сонау 1917 жылғы қараша айында Кеңес өкіметі орнаған болатын. 22 қарашада Форт Александровскіде жұмысшы, солдат, шаруа және мұсылман депутаттарының уездік кеңесі ұйымдастырылды. Бұл кезде Қазақстанның кең байтақ жерінде Кеңес өкіметін орнату процесі жүріп жатты.

Тобанияз әскери жасақтарды ұйымдастырып, оны басқарушылардың бірі ретінде бүкіл Адай уезіне белгілі болаған еді. Өзі халықтың мұң-мұқтажын, патша үкіметінің жергілікті тұрғындараға жасап отырған зорлық-зомбылығын көріп өскендіктен Қазан төңкерісінен үлкен үміт күтіп, елдегі кеңес өкіметінің ісін жүзеге асыруға белсене араласады.

Жаңа үкімет белсенділері тарапынан жарияланған үндеулер мен үгіт-насихаттардың сол кездегі халықтың көңілін тапқаны рас. Осы үгіт-насихаттарға сенген, патша үкіметінен ешқандай жақсылық көре алмай отырған жергілікті халық кеңес өкіметін шын көңілімен қолдап, қарсы алған еді. Елдің сенім артқан азаматтары сол кезде жаңа үкіметтің іс-шараларына қолдау көрсеткен болатын.

1918 жылы 23 тамызда Маңғыстау жеріндегі Қараған түбегіне Астрахань қаласынан теңіз арқылы шыққан Әліби Жангелдин бастаған интернационалдық отрядтың келіп түскені бізге мәлім (Қазақ ССР тарихы, 1981:676).

Жаңа үкіметті, Кеңес өкіметін қолдаудың бір айғағы бұларды Тобанияз Әлниязұлы бастаған ел азаматтары қарсылап алып, Бозашы түбегіне, елдің қалың орналасқан жеріне апарды.

Олардың бұл келісінен сезіктене бастаған қазақтарға Тобанияз және басқа да ел азаматтары дұрыс түсіндіріп, жұртқа мән-жайды ашып айтты. Сондықтан адайлар интернационалдық отрядты қарсы алып, Әліби Жангелдинге қолдарынан келгенше көмектесті. 1918 жыдың күзінде ол өз тарапынан халыққа жаңа өкіметтің саясатын, оның мақсаты жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізіп, Қаратөбе, Мәстек деген елді мекендерінде Адайлардың съезін өткізіп, Маңғыстау төңкеріс комитетін құрды.

Тобанияз Әлниязұлына Маңғыстау төңкеріс комитетінің төрағасы қызметімен қатар, Қырғыз (*Қазақ – Б.Ж.*) дала өлкесінің төтенше комиссары Әліби Жангелдиннің Маңғыстау уезі бойынша орынбасары міндеті де жүктелді. Мұндай мемлекеттік тұрғыдағы жауапты міндеттің Тобаниязға жүктелуін төмендегі құжаттан көреміз:

«Дала өлкесінің төтенше комиссарының Маңғыстау уезі бойынша орынбасарына нұсқаулық.

Маңғыстау уезі. Қазан айы, 1918 жыл.

Торғай облысына кетуіме тура келгендіктен, бұл жердегі тұрғындарды Кеңес өкіметі мен Қырғыз (*Қазақ – Б.Ж.*) өлкесінің автономиясын ұйымдастыруға дайындық жұмыстарын жүргізу үшін, Сізді өзімнің Маңғыстау уезіндегі орынбасарым етіп қалдырамын.

Сіз тікелей маған бағынатын, уездегі жоғарғы өкімет болып табыласыз, сондықтан Сізге жүктелген тапсырмаларды орындау барысында менің көмегіме сүйенуіңізге болады,- дей келіп, ... әр түрлі шекаралық дауларды шешуге және көршілік қатынастарды орнықтыру үшін көршілеріңізбен келіссөз жүргізуге құқыңыз бар. ...

Қырғыз (*Қазақ – Б.Ж.*) өлкесінің далалық төтенше комиссары Ә. Жангелдин». (Алиби Джангильдин. Документы и материалы, 1961:105-106).

Жангелдин отряды Тобанияздың ұйымдастыруымен қажетті адам күшімен, көлікпен, жеткілікті азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Жергілікті тұрғындардың көмегінің арқасында Әліби Жангелдин отряды 700 ат және 600 түйемен жолға шыққан екен. Адайдың жүздеген жас жігіттері отряд қатарына қосылады. Олар жолды жақсы білудің арқасында, қауіп-қатерге, су тапшылығына жолықтырмай,

екі жарым ай ішінде, отрядтың аман-сау, Ақтөбе майданына, Шалқарға жетуіне көмектесті (Жаңаев, 1998:47).

Бүкілқазақстандық I-съезд 1920 жылы 4 қазанда Маңғыстау уезінің атын өзгертіп Адай уезі деп жариялайды. Бірақ, 1917-1920 жылдары бірде ақтардың, бірде қызылдардың қолына көшкен үкіметтің өз билігін Форт Александровск қаласынан басқа жерлерде жүргізуге шамалары онша келмеді.

1920 жылдары Адайларды басқару, Адайлар ісі жөнінде арнаулы өкіл сайлау, Адайлар съезін шақыру, Адай атты полкін құру, Красноводск уезінен екі болыс елді Маңғыстау уезінің құрамына қосу т.б. туралы Қазақ өлкесін басқару туралы төңкеріс комитеті қаулылар қабылдаған екен. З.Ижановтың тұжырымдауы бойынша бұл шешімдердің қабылдануына сөзсіз Тобанияз Әлниязов тікелей қатысқан екен. Себебі, 1920 жылы 24 сәуірде Қырғыз (*Қазақ-Б.Ж.*) өлкелік комитеті Ғұбайдулла Әлібековті Адай ісі жөніндегі арнаулы өкіл етіп тағайындап, мандат беріп, маусым айында Маңғыстаудан өз алдына уез ұйымдастыруға жібереді.

1920 жылы 11-14 маусымда Боркөл шатқалында Закаспий облысы Маңғыстау уезіндегі көшпелі Адайлар мен Табын, тағы басқа рулардан және Темір, Красноводск уезінің бірсыпыра болыстарынан сайланған делегаттардың I съезі өткен. Адай уезі бұрынғы Маңғыстау уезінен 13 болыс, Темір уезінен 11 болыс, Красноводскіден IV-ші және V -ші Адай болыстары, Гурьевтен екі болыс ел, яғни 28 әкімшіліктен ұйымдастырылды. Уез тікелей Орынборға бағынатын болды.

Съезде төңкеріс комитетінің басшылары сайланды. Төңкеріс комитетінің төрағалығына Тобанияз Әлниязов, орынбасарына Сыдиық Жұбаев, мүшесі болып Хұсайын Жаналиев бекітілді.

Съезд Маңғыстау уезінің көшпелі жағдайына байланысты шаруашылық, мәдени және т.б. мәселелерді шешу жөнінде кең көлемді қаулы қабылдады.

Уездің алғашқы ұйымдастыру жұмысы көшпелі өмір тұрмысында өте ауыр кезеңде өтті. Уездік төңкеріс комитетінің тұрақты орны болмады. Ойылда онан кейін Қопада, ақырында Форт-Александровскіде орналасты (Ижанов, 2016:21).

Маңғыстау түбегінен бастап, Ойылға дейін, бір жағы Сам құмдарының оңтүстігінен басталып, әрі қарай Арал теңізіне дейін созылған кең байтақ далада көшіп-қонып жүрген ел арасында сол кезде оларды басқару құқығы тек қана төңкеріс комитетінің төрағасы, «Адайдың ханы» атанған Тобанияз Әлниязұлының халық арасындағы аса жоғары абыройы мен беделінің арқасында жүрді деуге болады. Тобанияздың басшылығымен төңкеріс комитеттері елдің жағдайын түзеу жолында бұқара арасында саяси, мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік шаруашылық жұмыстарын жүргізді. Сол кездегі елдің ауыр жағдайына көмектесу үшін қолынан келген жағдайды жасауға тырысқанын мына құжаттан көруге болады.

«24 желтоқсан 1920 жыл

Ойылдан.

ҚОАК Президумына. Көшірмесі Қырғыз (Қазақ)

Еңбек Халық Комиссариатына

Уезд халқы азық-түліктің жоқтығынан қатты аштыққа ұшырауда, Адайлық көшпенділер астық екпейді. Халықты тез арада (*азық-түлікпен – Б.Ж.*) қамтамасыз ету үшін Жұбаевтың көрсеткен №10321 тармағы бойынша тапсырыс беруіңізді сұраймын. Адай төңкеріс комитетінің төрағасы Әлниязов.» (ҚР ОМА. 5-қ. 1-т. 45-іс. 22-п.).

Маңғыстау уезінде Кеңес өкіметі орнаған кезден-ақ милиция, прокуратура, сот тағы да басқа органдар болғанымен, олардың жұмыстары Тобанияз төңкеріс комитетінің басшысы болған кезде, негізінен билер алқасымен, ескіден келе жатқан тәртіпті ескере отырып жүргізілді. Аралары алшақ жатқан, көшіп-қонып жүрген елде қылмыс жасау аз еді, тіпті қылмысқа қарсы жүйелі заңдар да жоқтың қасы еді. Сондықтан да ел арасындағы жер дауы, жесір дауы, барымта, құн төлеу және тағы да басқа ұсақ-түйек қайшылықтар артында реніш, кек дегенді қалдырмайтын халықтың дәстүрлі билер соты арқылы шешімін табатын.

Бірақ, қызметінің бас кезінен-ақ Тобаниязға орталық қырын қарап, сырттай қауіптеніп, оған сенбей үнемі бақылауда ұстаған сияқты. Сол кездің өзінде-ақ, 1921 жылы 13 қаңтарда РКП(б) Кирпартбюроның отырысында КирЦИК-тің мүшелігіне үміткер Әлниязов пен Жұбаевты бекіту туралы мәселе қаралып, онда Ішкі Істер Халық Комиссариатындағы материалдар анықталғанша Әлниязовты бекітуді уақытша тоқтата тұру туралы қаулы қабылданған екен (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс.12-т. 37-п.).

1921 жылғы 3 наурызда өткен Кирпартбюро президумының отырысының №13 хаттамасынан көшірмеде былай деп көрсетілген екен: «24. *Тыңдалды:* Киркрайвоенкомат іссапарға жіберген Өтегеновтың Адай уезі бойынша саяси жұмыс жөніндегі баяндамасы.

24. *Шешті:* Әлниязовты абайлап шақыртып алуды Қазақстан Орталық Атқару Комитетіне ұсынып, бірінші кезекте Адай уездік комитетнің қызметкерлерін қалдыруды міндеттеу. Кирпартбюроның хатшысы Анохин.» (ҚР ОМА. 140-қ. 1-т. 83-іс. 27-п.).

Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары болып, содан кейін көп кешікпей Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару бойынша әскери төңкеріс комитетінің төрағасы болған С.С. Пестковскийдің ұсынысымен Қырғыз (Қазақ) әскери комиссариаты арқылы Адай уезі төңкеріс комитетінің құрамына енгізілген Холодков пен Данилов және Форт-Александровскідегі Кеңес өкіметінің өкілдері енді Тобаниязға сенімсіздікпен қарай бастайды. Оның бір себебі бұлардың барлығы Тобанияздың болыстық және ауылдық төңкеріс комитеттерін құрған кезде Адай ішіндегі беделді адамдарға арқа сүйегенін қолдамады. Өйткені оларды Кеңес өкіметіне жат элементтер деп есептеді (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс.12-т. 41-п.).

Оны Адай төңкеріс комитетінің төрағасы етіп бекіткенін мына құжаттан көреміз: «14 сәуір 1921 ж. №20 хаттамадан көшірме. Кирпартбюро отырысы.

Тыңдалды: Әлниязов жолдас туралы.

Шешті: Адай төңкеріс комитетінің төрағасы болып тағайындалуы туралы КирЦИК шешімі бекітілсін (ҚР ПА. 140-қ. 1-т. 83-іс. 48-п.).

Сол кездегі Тобанияз Әлниязовтың ел үшін істеген қызметіне және жергілікті белсенділердің оның бұл әрекетіне қарсы болғандығына мына архив құжаты толық дәлел бола алады. Сондықтан одан үзінді беруді жөн көрдік.

«10 мамыр 1921 ж. Хаттама.

Арнайы теңіз посты, орталық өкімет өкілдері, уез жауапты партия қызметкерлерінің қатысуымен Уездік төңкеріс комитеті және кәсіподақ кеңесінің біріккен отырысы.

Жұбаев жолдастың төрағалығымен

Хатшы жолдас Умаров

Қатысқандар: уездік төңкеріс комитеті мүшелері Холодков және Алибаев, КирЦИК және уездік төңкеріс комитетінің мүшесі жолдас Данилов, уездік комитет президумы мүшелері ж. Комиссаренко, Матчанов, Кудашев, кәсіподақ төрағасы Мацкевич, уездік әскери комиссар ж. Куликов, арнайы теңіз посты орынбасары жолдас Архипов, ВЦИК мүшелері жолдас Юзимский, қорғаныс кеңесінің уәкілетті өкілі жолдас Горшков, уездік милиция бастығы жолдас Данчуваков, балық басқармасының меңгерушісі жолдас Халявко.

Отырыс сағат 17-де ашылады.

Күн тәртібі:

1. Уездік төңкеріс комитетінің төрағасы жолдас Жұбаевтың «Аймақтағы жағдай туралы» баяндамасы.

Тыңдалды:

Жұбаев жолдас өз баяндамасында уездік төңкеріс комитетінің төрағасы азамат Әлниязовтың келуіне байланысты уезде қос биліктің пайда болғанын атап өтті. Өзін «хан» деп жариялаған Әлниязов аймақта үгіт-насихат жұмыстарын мынадай сипатта жүргізеді: орталықтың алдында оның талап етуімен аудан халқы толық тоғыз жылға барлық мемлекеттік міндеттемеден босатылған, сондықтан заттай салық есебінен шикізат, жүн және қой өткізу уез тұрғындары үшін міндетті емес сияқты етіп көрсетеді. Сондай-ақ еңбекке жұмылдыруды бір өзі жойып, жауапты саяси қызметкерлер ұйымдастырған Қызылтас уездік комитеті мен бірқатар еріктілер комитеттерін таратып жіберді. Сол сияқты уездік комитет ұйымдастырған байланыс таратылып және жойылды, жалпы алғанда ф. Александровскіде орналасқан Кеңес өкіметі органдарының барлық тапсырмаларына орталықтан берілген нұсқау жоқ, ол жекелеген адамдардың ойдан шығарғаны деп оған қарсы антисоветтік үгіт жүргізілді. Сонымен қатар, азамат Әлниязов жалпы алғанда уездік төңкеріс комитетінің келісімінсіз және уезкомның санкциясынсыз 350 миль қашықтықтағы «Сисем» деген жерде ақсақалдар съезін шақырады.

Данилов жолдас Жұбаев жолдастың баяндамасын растайтын, ел ішінен оралған облыстық азық-түлік комитеттерін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаушылар мен агенттердің, сондай-ақ еңбекке жұмылдыру жұмыстарын жүргізуге уәкілетті адамдардың есептерінен үзінді жариялады. Оның үстіне, Данилов жолдас уезде екі әкімшілік билік органының болуының нормадан тыс екенін көрсетеді, сондықтан жалпы уездік төңкеріс комитетінің келісімінсіз және аудандық комитеттің санкциясынсына қарамастан Әлниязов шақырған съезде

қалың бұқараға жақындап, қос билікті жою үшін пайдалану керек, өйткені мұндай жағдай қос билік шаруашылық және әкімшілік органдардың бүкіл ұйымдасқан жұмысын бұзуы мүмкін.

Құдашев жолдас Орынборда іссапармен жүргенімде КирЦИК-тің обкомы мен президиумында азамат Әлниязовты Адай-Маңғышлақ уезіне жұмыс істеуге жібермеу қажеттігін көрсеттім, ол өз әрекетімен саяси да, кеңестік жұмысты да, бәрін жойып жіберуі мүмкін екенін айттым, бірақ менің есебіме назар аударылмады, уездік халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі және уездік төңкеріс комитеті президиумының мүшесі болғанымға қарамастан мені уезд өкілі ретінде танымады.

Мацкевич жолдас бұл құбылыстың жаңалық еместігін, азамат Әлниязовтың уездік төңкеріс комитетінің төрағасы болып тағайындалған күннен бастап-ақ коммунистік партияға қарсы үгіт-насихат жүргізіп келе жатқанын, сондықтан халық арасындағы антисоветтік көңіл-күйді жою үшін түбегейлі шаралар қолдану қажеттігін атап өтіп, азамат Әлниязовты уезден оқшаулау керек деді.

Холодков жолдас бізде аз.Әлниязовтың Кеңес өкіметіне қарсы үгіттеу фактілері бар екенін, ол Форт қаласында орналасқан өкімет органдарының жұмысын бұзатынын көрсетті...

... *Шешімі:*

... азамат Әлниязовты Адай-Маңғышлақ уезіне уревком қылып қайтару БКП(б)-ның жергілікті ұйымын, жалпы уревкомды, кәсіподақ кеңесін елемей ақтисі болады, бірлескен отырыс ескере отырып, азамат Әлниязов қайтадан уезд тұрғындарының арасында коммунистік партияға және өкімет органдарына қарсы ашық үгіт-насихат (*жүргізеді-Б.Ж.*), еңбекке жұмылдыру, шикізатты, жүнді және басқа да азық-түлікті заттай салық түрінде тапсыруды тоқтату, жергілікті жерде құрылған аудандық төңкеріс комитеті, аудандық азық-түлік комитеті және болыстық төңкеріс комитеттерін тарату уездегі кеңес және партия жұмысын бүлдіретін контрреволюциялық акт болып табылады.

Сондықтан бірлескен мәжіліс Кирбюро президиумының азамат Әлниязовты уездік төңкеріс комитетінің төрағасы ретінде Адай-Маңғышлақ даласына жұмысқа қайтару туралы қаулысының күшін жоюды және оны уезден толығымен оқшаулауды талап етеді. КирЦИК пен Кирком тарапынан дер кезінде шаралар қабылданбаған жағдайда Адай-Маңғышлақ Уревкомы, өлкелік комитеттер мен кәсіподақ кеңесі РКП(б) Орталық Комитетіне, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне шағымдануға мәжбүр болады және бір мезгілде Әлниязов жолдасты оқшаулау шараларын сол жерде қолға алсын. Кетіп бара жатқан КирЦИК-тің мүшесі Данилов жолдас пен партия комитетінің мүшесі Әлібаев жолдасқа уревкомның, райкомның және кәсіподақ кеңесінің атынан бұл мәселені өлкелік конференцияда көтеріп және одан әрі Бүкілодақтық атқару комитеті мен ЦК РКП(б) инстанцияларына жолдау тапсырылсын (ҚР ОМА. 266-қ. 3-т. 19-іс. 2-4-б.).

Енді 9 маусым 1921 жылғы Кирпартбюро пленумының жабық отырысының №37а хаттамасынан үзінді берейік: «1. Тыңдалды:

Адайдағы жағдай туралы Данилов пен Оңғалбаев жолдастардың баяндамасы.

1. Шешті:

а). Мүмкіндік туған бойда Әлниязовты төңкеріс комитеті төрағасы қызметінен алып тастау.

б). Сонымен бірге Әлниязовқа оның жұмысын Адай төңкеріс комитетінің жалпы жұмысымен үйлестіру қажеттігі тағы да расталсын.

в). Адай уезіне сол жақта жүре беруді ұсына отырып, тұрақты жұмыс жасау үшін бір топ қызметкерлер жіберілсін.

г). Облыстық комитеттің президиумына топ құрамын белгілеп, обкомның бекітуіне ұсыну тапсырылсын.

д). Төңкеріс комитетінің құрамына Навотный жолдас уақытша енгізілсін.

Кирпартбюро хатшысы Мурзагалиев» (ҚР ПА. 140-қ. 1-т. 82а-іс. 91-п.).

Міне біз бұдан Тобанияздың халық арасында беделінің жоғары екендігін, оның бастамаларын олардың қолдайтындығын көруге болады. Әрине, жергілікті белсенділер оның ел ішіндегі абыройынан, беделінен секенген сияқты, бірақ бәрі бірігіп оның басқан ізін андумен болады.

Қазан төңкерісіне дейін Маңғыстау түбегінде сол кездегі мәліметке сенсек бір тәрбиеші, жалғыз фельдшер болған екен. Тәжібай Жаңаев «Тобанияз қыстауы» атты деректі хикаятында мынадай мәлімет береді – «Тобекең төңкеріс комитетінің төрағасы болып тұрған кезінде, үш жылдың ішінде 14 мектеп ашылып, оларда 27 мұғалім қызмет істеген. Қарашекпенде (қазіргі форт – Шевченко) жетім балалар үшін арнайы интернат ұйымдастырылып, оған төңкеріс комитетінің жолдамасымен панасыз, үй-күйі жоқ, жетім қалған балалар жіберіліп отырған. Кейін олардың көбі елімізге белгілі азаматтар болып өседі. Тобекең Кеңестердің Бүкілқазақстандық Құрылтай съезіне делегат болып барғанында башқұрт Құсайын Мұхамедиев, татар Хасан Уәлиев деген мұғалімдерді алып келіп, Маңғыстаудың Тиген, Жыңғылды ауылдарында мектептер ашады. Бұлардан жүзге жуық балалар сауатын шаып, білім алады. Сондай-ақ қазіргі Атырау облысының Ақшелек, Қопа сияқты елді мекендерінен де мектеп ашқызады. Бұларда Ахмет Байтұрсынов әліппесі бойынша сабақ жүргізілген. Осының бәрі өркениетті ел болуға талпынған алғашқы қадамдар еді.» (Жаңаев, 1998:13).

Міне, Тобанияз Әлниязұлы сол кездің өзінде-ақ елінің болашағы үшін жан аямай еңбек еткен еді. Бірақ оның бұл бастамалары толық жүзеге асып үлгермеді. Енді оны көре алмаушылар шабуылын бұрынғыдан да үдете түседі.

Ақырында, 1922 жылы Тобаниязға «Ақсақалдар билігін сақтайды, ескіден келе жатқан бұрынғы ата-баба салтын, дәстүрін дәріптейді, дін ерекше мән беріп, оны қолдайды, Адай еліне «хан» болуды көксейді. Ықпалы үлкен, беделді адам. Алаш партиясымен сыбайлас, оның батыс бөлімінің басшыларының бірі», -деп (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс. 12-т. 37-б.) енді оны соңына түсуге Мемлекеттік біріккен саяси басқарманың өкілдері белсенді түрде кіріседі. Алаш партиясымен сыбайлас дегенде, Алашорда үкіметінің батыс бөлімшесінің жетекшілері – Халел Досмұхамедов және Жаһанша Досмұхамедовпен оның тығыз байланыста

болғандығынан қауіптенген болулары керек. Келесі бір құжатта «1922 жылы байлар және сол сияқты кеңес үкіметіне қарсылар бұрынғы Уездік төңкеріс комитетінің төрағасы басты идеолог Әлниязов Тобанияз бастап Адай ауылдарын «Шарифатқа» сүйене отырып кеңестендірудің жобасын жасады», - деп көрсетеді (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс. 12-т. 38-б.).

Ауыл халқының кеңес әкім-қараларының жарлықтарына құлақ аспай, Тобанияздың айтқандарын мүлтіксіз орындауы, жас баладан еңкейген қарияға дейін, тіпті елдің барымташы ұры-қарыларының да Тобанияздың ырқына көнетіндігі жергілікті кеңес қызметкерлерінің ашу-ызасын туғызды. Олар енді оны контрреволюциялық топтың басшысы, қол астында Қосжанов Құрмаш бастаған қарулы тобы бар - деп кінәлауға көшеді. «Қосжанов Құрмаш бастаған бандылар қозғалысының басты дем берушісі, әрі идеологиялық жетекшісі, «Адайдың ханы» Тобанияз Әлниязов. Ол өзі де бандыларға қосылып, олардың қимылына еріп жүр...» -деп көрсетеді «Адайлар ісінде» (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс.12-т. 35-б.). Кейбір деректерге қарағанда Құрмаштың Тобаниязбен байланысын өтірікке шығаруға болмайды. Бірақ Тобанияз Құрмашты жөнге салып, оның қарулы тобын Түрікмен, Хорезм жақтан жасалатын тонаушылық шабуылдарға тойтарыс беріп, халық тыныштығын қорғау үшін пайдаланған сияқты (Сариев, Омаров, 1995:45).

Кейін осы сияқты бұзыққа қолдау жасап, әлденеше рет Құрмашты құтқарып жіберген дегенді Тобаниязға айып қылып таққан. Кейбір деректерге және естеліктерге қарағанда, Құрмаш қуғыншылыққа ұшырап жүрген уақытта Тобаниязбен кездескенін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, 1929 жылы Тобанияздың ұсынысымен Құрмаш байлар мәжілісіне қатынасқан, ал 1930 жылы қыс ортасында Тобанияздың өзі Құрмаш тобында аз уақыт болғанға ұқсайды. Бірақ оның Құрмашты ұстап беруге әрекеттенбегені анық. Соған қарағанда, арандатушылықпен қылмысқа барған Құрмаштың жағдайын Тобанияз түсінген болуы керек.

Хорезм жерінен Адай уезінің шекаралас ауылдарына 1921 жылы бірнеше рет шабуылдар болған екен. Адай уезі орналасқан территорияға бұрынғы кезде де Түрікмен қарақшылары шабуыл жасап, жергілікті адамдарды өлтіріп, малдарын айдап алып кетіп отырған. Жалпы Түрікмен-Адай жаугершілігінің түбі әріге, ғасырлар қойнауына кетеді.

Бұған Хорезм үкіметінің, Қазақ өлкелік партия-кеңес басшыларының тарапынан ешқандай әрекет болмай, жергілікті уездің өзі қорғансын деді. Ақыры шыдамы таусылған жергілікті халық Тобанияздан көмек сұрайды. Осыдан кейін Тобанияз бірнеше жүз қаруланған адамдарымен 1921 жылы қыркүйекте Қоңырат қаласына барып, ешқандай қақтығыссыз ел басшыларымен келіссөз жүргізеді. Бұл шара кейін өзінің жемісін берді. Тобанияз Әлниязұлының халық қамын жеп, Қоңыратқа барып, елге тыныштық орнатуын, халық арасындағы оның абыройын, беделін арттыра түседі де, керісінше бұл жергілікті әкімшілікке, партия-кеңес қызметкерлеріне ұнамады. Хорезмге сапарынан кейін, республиканың жоғарғы органдары төңкеріс комитетінің жұмысын,

Тобанияздың ел арасындағы жүргізген саясатын қатты тексеріп, олардың басшыларын қысымға ала бастады.

Бұл жағдай және басқа да мәселелерге байланысты Тобанияз Әлниязұлының істеген іс-әрекеттері үшін оны қызметінен алу керек деген жергілікті коммунистердің арыз-шағымдарын орталық басқару органдары негізге алып, оны қызметінен босатады.

Уездік төңкеріс комитетінің төрағасы қызметінен босатылуының бірінші себебі, оның Хорезмге жасаған жорығы болса, екінші себебі, партия, кеңес қызметкерлері мен төңкеріс комитетіндегі қызметкерлермен арасындағы келіспеушіліктер болды.

Уез халқының сол кезде үкімет саясатына қарсы белең ала бастаған наразылығын төңкерістік комитеттің басқа да беделді азаматтарынан көрді. Барлық келеңсіз жағдайларды ұйымдастырушылардың басшысы ретінде Тобаниязды айыптап, енді оның соңына шырақ алып түседі. Оған дәлел, Бүкілодақтық Төтенше комиссияның №1353-ші құжатында оған мынадай мінездеме беріледі: «Тобанияз Әлниязұлы әулетті, құрметті тұқымнан, Қазақстанда өте беделді, белгілі адам, патша үкіметі тұсында бірнеше жыл болыс болған, бұрын да, қазір де үлкен бай... Барлық Адай жерінде үлкен беделді, ықпалды адам. Ол 1920-1923 жылдары округ төңкеріс комитетінің төрағасы болды, ол жұмыстан түскеннен кейін де адайды басқаруын қойған жоқ, хан атанды. Өзіне «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» - деген жазуы бар дін уағызына сәйкес мөр жасатты. Кеңес үкіметінің заңына бағынбай, ел арасында билік жүргізеді. Ел ішіндегі жағдайды тұрмыстық, дін жолымен шешеді», - делінген. Осы сияқты мінездемелерді бұдан басқа бірнеше құжаттардан кездестіруге болады.

1922 жылы ол тұтқындалып, Орынборға жөнелтіледі.

Тобанияз Әлниязұлына қарсы қозғалған айыптауларының мәні Адай уезі бойынша РКП(б) облыстық партия комитеті мен КирЦИК-тің төтенше өкілі Қазыбековке 1922 жылы қыркүйектің 6-да ОГПУ-дің Адай уезі бойынша өкілі Рыбоследовтың жолдаған мәліметінде баяндалған. Тобанияз Әлниязұлы мен оның серіктеріне төмендегідей: қырдағы тұрғындардан қару-жарақ жинау жөніндегі ОГПУ органдарының іс-қызметіне көрсеткен қарсылық әрекеті, жеке дара «хандық» билік орнатқаны, соның ішінде 1921 жылдың азық-түлік жөніндегі салықтың орындалмай қалуы төңкеріс комитетінің төрағасының кесірінен деген айыптар тағылды (ҚР ОМА. 256-қ. 3-т. 19-іс. 150-п.).

Ақырында, 1922 жылы 6 желтоқсандағы РКП(б) Киробком президиумының мәжілісінде (№47 хаттама) Тобанияз Әлниязұлы туралы баяндама тыңдалып (баяндамашы Пилявский) халықтың талап етуімен елдегі беделді адамдардың кепілдігімен Тобанияз Әлниязұлын босату туралы шешім қабылданады (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 266-іс. 182-п.). Бірақ, РКП(б) Киробком президиумының 1923 жылғы 23 қаңтардағы отырысында Тобанияз Әлниязұлы туралы тағы да мәселе қаралып, талқылау нәтижесінде Әлниязұлының үстінен жасалынатын прокурорлық қадағалау (надзор-Б.Ж.) мен сот органдарының шараларына

кедергі жасамау керектігі туралы қаулы қабылданыпты (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 545-іс. 9-п.).

Мемлекеттік саяси басқарманың №2560 мәлімдемесінде тобанияз Әлниязұлы 1925 жылдан кейін үкімет жұмысында болмаған, өзінің қонысы – Буракөлде үй салып, жеке шаруашылықпен айналысып, көшіп-қонып жүрген.

Тобанияздың қазақ халқы, соның ішінде Адай елінің ішінде ықпалы аса зор болғанын, партия-кеңес органдарының қызметкерлері де, мемлекеттік біріккен саяси басқарманың өкілдері де мойындауға мәжбүр болған. Уездік төңкеріс комитетінің төрағасы қызметінде жүргенде Адай округінің 1919 жылға дейін Түрікменстанға бағынуына наразы болып, Орынбордағы Қырғыз (Қазақ-Б.Ж.) Республикасының басшыларымен 4 айдай сөйлесіп, соның нәтижесінде дұрыс шешімін тауып, Адай округі 200 жылдан кейін Қазақстанның құрамына енген болатын.

Төңкерістік комитеттер, ауылдық кеңестер, Тобанияздың ұсынысымен ауылдық төңкерістік комитеттер болып қайта құрылып, халықтың жағдайын түзеу жолында бұқара арасында саяси, мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік-шаруашылық жұмыстарын белсене жүргізген болатын.

Ұжымдастыру кезіндегі солақай саясаттың қысымымен ел басқа жерлерге үдіре көше бастаған болатын. Осындай ауыр жағдайлардың орын алу себебін заң бұрмалаушылардың тарапынан болып жатқанына жоғарғы үкімет басшылары мән бермеді.

Біріккен саяси басқарманың контрреволюциялық «Адайды құтқару» тобы туралы тергеу құжаттарында: «Әлниязұлы Тобанияздың бастамасымен құпия жиналыс өткізіліп, онда елді Түрікменстанға, Ауғанстан мен Персияға көшуге үгіттеу жүргізілді», - деп көрсетілген (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 545а-іс. 17-п.).

1929 жылдың желтоқсанында Әлниязұлы Тобанияз бастаған бірнеше адам тұтқынға алынады. «Байлардың, саудагерлердің, патша үкіметінің бұрынғы Адай округі кеңес қызметкерлерінің контрреволюциялық ұйымы» - деген қылмыстық іс бойынша 70 адам қылмыстық кодекстің 58-2 бабымен айыпталып тұтқындалған.

1930 жылдың наурыз айының басында оның үстінен жүргізілген тергеу ісі аяқталады да, 12 қыркүйекте Біріккен Мемлекеттік саяси басқарманың Гурьев округтік бөлімі Тобанияз Әлниязұлын Алматыға толық құқықтық уәкілдігінің қарауына жіберуге қаулы қабылдайды (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс. 6-т. 27-п.).

Ақырында, Алматы қаласында, 1931 жылдың, 9-наурызында, түнгі сағат 23-те Қазақстандағы ПП ОГПУ жанындағы үштіктің 1930 жылғы 9 қазандағы №2434 іс бойынша Әлниязов Тобаниязға қатысты жазаның ең жоғары түрі туралы үкім орындалған екен (ҚР ҰҚКА. № 011377-іс. 3-т. 47-п.). Елі үшін жан аямай күрескен есіл ер осылай қаза тапқан еді.

Адай даласынан шыққан, елінің бостандығы, жерінің тұтастығы үшін күрескен, ел ынтымағын қорғаушы, ата-дәстүрін берік сақтаушы Тобанияз Әлниязұлы сияқты ерлердің көзін осылай жою сол кез үшін қалыпты жағдай еді.

Бұл Голощекиннің Қазақстанда «Кіші Қазанды жүзеге асыру керек», - деп ұрандатып, оны теорияға айналдырып, республика басшыларына мақұлдатып,

оны жүзеге асыру үшін қазақ ауылдарында жедел кеңестендіруге бағыттаған саяси әдісі болатын.

Голощекиннің Адай округі туралы нақты саясаты округті екіге бөліп, басқа округтерге бағындырып, ел бірлігін бұзу, сөйтіп елді титығына жеткізген саясатқа қарсы бас көтере бастаған халықтың қимылын көтеріліске жеткізбей басу еді (Сариев, Омаров, 1995:55).

5. Қорытынды. Бұл іс тек қана араға ұзақ уақыт салып қана қайта қаралып, 1962 жылдың 8 ақпандағы және 1990 жылдың 26 сәуіріндегі Қазақстан Республикасы жоғарғы сотының қылмысты істер жөніндегі алқасының шешімімен айыпкерлердің әрекетінде қылмыстық құрамның болмауына орай іс қысқартылды.

Сөйтіп, Адай елінің арыстары еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана халқымен қайтадан табысып, ел тарихынан әділ орнын алған еді. Қазір Ақтау қаласында Тобанияз Әлниязұлына ескерткіш орнатылып, ол туралы баспасөзде материалдар жарияланып, оның есімін болашаққа қалдыру жөнінде жерлестері біраз жұмыстар жүргізілуде.

Дереккөздер

ҚР ОМА - Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

ҚР ПА - Қазақстан Республикасы Президентінің архиві

ҚР ҰҚКА - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті архиві

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

AP RK- Archive of the president of the Republic of Kazakhstan

NSC RK - National Security Committee of the Republic of Kazakhstan - archive

ӘДЕБИЕТТЕР

Алдажуманов, 1996 - *Алдажуманов К.* Крестьянское движение сопротивления в Казахстане в 1929-1932гг. // Адилет. Материалы «круглых столов» и семинаров. Алматы: XXI век, 1996. 158 с.

Алланиязов, 2009 - *Алланиязов Т.К.* «Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческой движений в Казахстане (1929-1931гг.)» Алматы: Фонд XXI век, 2009. 424 с.

Ахметов, 1996 - *Ахметов F.* Алаш Алаш болғанда. Алматы: Жалын, 1996. 224 б.

Алиби Джангильдин, 1961 - *Алиби Джангильдин.* Документы и материалы. Под ред. Т.Е. Елеуова, П.М. Пахмурного. Алматы: Наука, 1961. 235 с.

Жаңаев, 1998 - *Жаңаев Т.* Тобанияз қыстауы. Алматы: Жазушы, 1998. 144 б.

Жұмағұлов, 1999 – *Жұмағұлов Б.С.* Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922-1933 жж.). тарих ғылымдарының кандидаты... диссертацияның авторефераты. Алматы, 1999. 30 б.

- Жұмағұлов, 2021 – *Жұмағұлов Б.С.* Сұрқия саясат сойқаны. Алматы: Үш қиян. 2021. 312 б.
- Ижанов, 2016 - *Ижанов З.* Тобанияз. Алматы: Өлке, 2016. 279 б.
- Қазақ ССР тарихы, 1981 - *Қазақ ССР тарихы.* 4 – том, Алматы: Ғылым, 1981. 676 б.
- Омарбеков, 1994 - *Омарбеков Т.* Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-31 жылдары болған халық наразылығы). Алматы: Санат, 1994. 272 б.
- Омарбеков, 1997 - *Омарбеков Т.* 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Омаров, 1994 - *Омаров М.* Расстрелянная степь. Алматы: Ғылым, 1994. 104 с.
- Сариев, Омаров, 1995 - *Сариев І., Омаров М.* Ойрандалған Адай даласы. Алматы: Атамұра, 1995. 160 б.
- Спанов, 1995 - *Спанов Ә.* Тобанияз. Ақтау: Облыстық баспахана 1995. 120 б.
- Хайдарұлы, 1997 - *Хайдарұлы С.* Қанды асу. Алматы: Өлке, 1997. 164 б.

References

- Akhmetov, 1996 - *Akhmetov G.* Alash Alash Bulganda [When Alash is Alash]. Almaty "Zhalyn", 1996. 224 p. [in Kaz.]
- Aldajumanov, 1996 - *Aldajumanov K.* Peasant resistance movement in Kazakhstan in 1929-1932 [Peasant resistance movement in Kazakhstan in 1929-1932.]. //Adilet. Materials of "round tables" and seminars. Almaty: XXI Century. 1996. 158 p. [in Russ.]
- Allaniyazov, 2009 - *Allaniyazov T.K.* “The last frontier of the defenders of nomadism. The history of armed uprisings and rebel movements in Kazakhstan (1929-1931)” [The last frontier of the defenders of nomadism. The history of armed uprisings and rebel movements in Kazakhstan (1929-1931)]. Almaty: Fund XXI century, 2009. 424p. [in Russ.]
- Alibi Dzhangildin, 1961 - *Alibi Dzhangildin.* Documents and materials [Documents and materials]. Almaty "Nauka", 1961. 217 p. [in Russ.]
- Izhanov, 2016 - *Izhanov Z.* Tobaniyaz [Tobaniyaz]. Almaty: Olke, 2016. 279 p. [in Kazakh].
- Kazakh SSR tarihy, 1981 - *Kazakh SSR Tarihy* [History of the Kazakh SSR]. Vol. 4. Almaty: Gylym, 1981. 676 p. [in Kaz.]
- Khaidaruli, 1997 - *Khaidaruli S.* Kandy asu [Bloody pass]. Almaty: Olke, 1997. 164 p. [in Kaz.]
- Omarbekov, 1994 - *Omarbekov T.* Zobalan (Kushtep ұzhymdastyruға karsylyk. 1929-31 zhyldary bolgan halyk narazylygy) [Hardships (Resistance to forced collectivization. Popular protest of 1929-31).]. Almaty: Sanat, 1994. 272 p. [in Kaz.]
- Omarbekov, 1997 - *Omarbekov T.* 20-30 zhyldardagy Kazakhstan kasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20s and 30s.]. Almaty: Sanat, 1997. 320 p. [in Kaz.]

Omarov, 1994 - *Omarov M.* The shot steppe [The shot steppe]. Almaty: Gylym, 1994. 104 p. [in Russ.]

Sariev, Omarov, 1995 - *Sariev I., Omarov M.* Oirandalgan Aday dalasy [Devastated Adai steppe]. Almaty: Atamura, 1995. 160 p. [in Kaz.]

Spanov, 1995 - *Spanov A.* Tobaniyaz [Tobaniyaz]. Aktau: Regional printing house, 1995. 120 p. [in Kaz.]

Zhanaev, 1998 - *Zhanaev T.* Tobaniyaz qystauy [Tobaniyaz wintering]. Almaty: Zhazushy, 1998. 144 p. [in Kaz.]

Zhumagulov, 1999 - *Zhumagulov B.S.* Kenes okimedinin agrarlyk sayasaty zhane Aday koterilisi (1922-1933) [Agrarian policy of the Soviet government and the Adayev uprising (1922-1933)] ...dissertation abstract. Almaty, 1999. 30 p. [in Kaz.]

Zhumagulov, 2021 - *Zhumagulov B.S.* Surqiya sayasat soykany. [Results of scandalous politics]. Almaty: Ysh qiyan, 2021. 312 p. [in Kaz.]

ХАЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІШІ ОКТЯБРЬ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТРАГЕДИЯЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ
РЕАЛИЗАЦИЯ АНТИНАРОДНОЙ ПРОГРАММЫ МАЛЫЙ ОКТЯБРЬ
В КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ ТРАГИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ
IMPLEMENTATION OF THE ANTI-PEOPLE PROGRAM
LITTLE OCTOBER IN KAZAKHSTAN AND ITS TRAGIC CONSEQUENCES

ГТАХР 03.20

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-
СҮРГІНДЕР ҚҰРБАНЫ – ҒАЛЫМ, АГРОНОМ СМАҒҰЛ ҚАЗЫБЕКОВ**

Алия Тоймахановна Сулейменова¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қ. Филиалы (11/5 үй, Қабанбай батыр көшесі, 010017, Астана, Қазақстан Республикасы), Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, <https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>, e-mail: suleimenova1972@mail.ru

Андатпа. *Kіріспе.* Қазақстандағы 1920–1930-жылдарда жүргізілген саяси қуғын-сүргіндердің жүргізілуі, большевиктік биліктің қазақ зиялы қауым өкілдеріне қарсы жүргізген қуғындау барысының тарихы мен мәні, кеңестік билік органдары жүзеге асырған саяси-қуғын-сүргіндер саясатының механизмдері көрсетілді. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.* 1920–1930-жылдардағы партиялық тазалаулар мен саяси қуғын-сүргіндерге қатысты деректерді ғылыми айналымға енгізу. Қазақтан шыққан алғашқы агроном, ғалым, Петропавл губерниясында, Адай уезінде 1920-жылдардың басында басшылық қызмет атқарған Смағұл Сүлейменұлы Қазыбековтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, 1929 жылы Алаш қайраткерлерімен бірге қуғындалуы, 1938 жылы ату жазасына кесілуі, отбасы мүшелерінің бастан кешкен зардаптары жайындағы архивтік құжаттар мен жарияланымдарды зерделеу. *Әдістері мен материалдары.* Жаңа методологиялық тұрғыдан зерделенген архивтік деректер мен ғылыми ізденістер зерттеудің материалдары ретінде қарастырылды. Архивтік деректер мен жарияланған ғылыми еңбектерге талдау жұмысы жүргізілді. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Жалпы ғылыми әдістер де (анализ, синтез, жалпылау, индукция, дедукция) қолданылды. *Нәтижелер.* Большевиктік билік жүргізген «партиялық тазалаулар», саяси қуғын-сүргіндер қазақтың бас көтерер қайраткерлерінің, көзі ашық сауатты азаматтардың жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы архивтік құжаттар мен фактологиялық деректер арқылы қайта қарастырылды. 1920–1930-жылдардағы «қазақ ұлтшылдығы», «контрреволюциялық ұйымдарды құруға қатысты», «өнеркәсіп орындарында бүлдіру жұмыстарымен айналысты» және т. б. айыптаулар жайлы жазылған еңбектер, архив деректері, тергеу істеріндегі

жауаптардың объективтік және субъективтік қырлары сияқты қордаланған мәселелер жаңаша бағалануы тиіс. *Қорытындылар.* 1925–1933-жылдары большевиктік эмиссар Ф. Голощекин қолға алған «Кіші Қазан» революциясының негізгі науқандарының бірі – 1929 жылғы «Алаштың қырық төресінің» тұтқындалуы, қуғындалуы процесі барысына тарихи баға берілді. Аталған науқанды жүргізу барысындағы саяси қуғын-сүргін құрбаны Смағұл Қазыбеков пен зардап шегуші ретінде оның жұбайы Мағрифа Қазыбекованың, ұлы Ерден мен қызы Елкенің өмірі мен қызметіне сараптама жасалды.

Түйін сөздер: агроном, саяси қуғын-сүргіндер, қазақ ұлтшылдығы, Кіші Қазан революциясы, С. Қазыбеков, А. Кенжин, М. Төлепов, Ф. Голощекин.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «ИРН:BR24993057 Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» іргелі ғылыми жобаны жүзеге асыру жоспарына сай дайындалды.

Дәйексөз үшін: Сулейменова А.Т. Қазақстандағы 1920–1930-жылдардағы саяси қуғын-сүргіндер құрбаны – ғалым, агроном Смағұл Қазыбеков.

МРНТИ 03.20

ЖЕРТВА ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ 1920-1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: УЧЕНЫЙ, АГРОНОМ СМАГУЛ КАЗБЕКОВ

Алия Тоймахановна Сулейменова¹

¹Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в Астане, (д. 11/5, ул. Кабанбай батыра, 010017, Астана, Республика Казахстан), кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, <https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>, e-mail: suleimenova1972@mail.ru

Аннотация. *Введение.* История и сущность политических репрессий в Казахстане в 1920-1930-х годах, проводившихся большевистской властью против представителей казахской интеллигенции, отражены механизмы политико-репрессивной политики, проводимой советскими органами власти. *Цели и задачи исследования.* Изучение архивных документов и публикаций о жизни и общественно-политической деятельности первого казахского агронома, ученого, занимавшего руководящие должности в Петропавловской губернии, Адайском уезде в начале 1920-х годов, изгнании с деятелями Алаш Орда в 1929 г., расстреле в 1938 г., переживаниях членов семьи. *Методы и материалы.* Новые методологически изученные архивные данные и научные изыскания рассматривались как материалы исследования. Проведен анализ архивных данных и опубликованных научных работ. Также использовались общенаучные методы (анализ, синтез, обобщение, индукция, дедукция). *Результаты.* «Партийные чистки», политические репрессии, проводимые большевистской властью, были пересмотрены с помощью архивных документов и

фактологических данных о массовых репрессиях казахских деятелей, интеллигенции дореволюционного периода. В 1920–1930-е гг. появились такие обобщенные вопросы, как труды об обвинениях в «казахском национализме», «в создании контрреволюционных организаций», «занимался подрывными работами на производствах» и др., Данные архива, объективные и субъективные аспекты ответов в следственных делах. *Выводы.* В 1925–1933 годах была дана историческая оценка хода процесса ареста, изгнания «сорока главарей Алаша» 1929 года, одной из основных кампаний «Малой Казанской» революции, предпринятых Ф. Голощекиным. В ходе проведения данной акции была проведена экспертиза жизни и деятельности жертвы политических репрессий С. Казбекова и его супруги М. Казбековой, сына Эрдена и дочери Эльке.

Ключевые слова: агроном, политические репрессии, казахский национализм, революция Малый Октябрь, С. Казбеков, А. Кенжин, М. Тулепов, Ф. Голощекин

Благодарность. Статья подготовлена в соответствии с планом реализации фундаментального научного проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «ИРН: BR24993057 фундаментальные исследования основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации».

Для цитирования: Сулейменова А.Т. Жертва политических репрессий 1920-1930-х годов в Казахстане: ученый, агроном Смагул Казбеков

IRSTI 03.20

A VICTIM OF POLITICAL REPRESSIONS IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S AND 1930S: THE SCIENTIST AND AGRONOMIST SMAGUL KAZBEKOV

Aliya Toymakhanovna Suleimenova¹

¹Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (11/5 Kabanbai Batyr str., 010017, Astana, Republic of Kazakhstan), Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, <https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>, e-mail: suleimenova1972@mail.ru

Abstract. Introduction. The history and essence of the political repressions carried out in Kazakhstan in the 1920s and 1930s, the course of the collapse of the Bolshevik power against representatives of the Kazakh intelligentsia, the mechanisms of the policy of political repression carried out by the Soviet authorities were shown. Goals and objectives of the study. Study of archival documents and publications about the life and socio-political activities of Smagul Suleimenovich Kazbekov, the first agronomist, scientist of Kazakh origin, who held a leadership position in the early

1920s in Petropavlovsk province, Aday uyezd, his exile with Alash figures in 1929, his execution in 1938, the consequences of family members. *Methods and materials.* New methodologically studied archival data and scientific research were considered as research materials. An analysis of archival data and published scientific works was carried out. The archive of the president of the Republic of Kazakhstan October Revolution, Goloshchekin *Results.* The "party purges", political repressions carried out by the Bolshevik authorities, the mass repressions of the Kazakh leaders, literate citizens with an open mind, were revised through archival documents and factological data. The collected issues of the 1920s-1930s, such as "Kazakh nationalism", "participated in the creation of counter-revolutionary organizations", "engaged in destructive work in industrial areas", etc., as well as works on accusations, archival data, objective and subjective aspects of answers in investigative cases, should be evaluated in a new way. *Conclusions.* A historical assessment of the process of arrest and exile of the "forty judges of Alash" in 1929, one of the main campaigns of the "little Kazan" revolution, undertaken by F. Goloshchekin in 1925-1933, was given. In the course of this campaign, an examination of the life and activities of S. Kazbekov and his wife M. Kazbekova, son Erden and daughter Elke were carried out as victims of political repression.

Keywords: agronomist, political repressions, Kazakh nationalism, Small October Revolution, S. Kazbekov, A. Kenzhin, M. Tulepov, F. Goloshchekin

Acknowledgements. the article was prepared in accordance with the plan of the Science Committee of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan for the implementation of the fundamental scientific project «Irn:BR24993057 fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repression in Kazakhstan and the processes of their full justification».

For citation: Suleimenova A.T. A victim of political repressions in Kazakhstan in the 1920s and 1930s: the scientist and agronomist Smagul Kazbekov // History of the Fatherland. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 91-104 (Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_91-104

Кіріспе. Алаш зиялылары «Кіші Қазан» науқаны кезінде алғашқылардың қатарында большевиктік билік басындағы Ф. Голощекиннің қаһарына ілікті. Алаш қозғалысының қайраткерлері, белсенділері, қазақ оқығандары, зиялы қауым өкілдері «буржуазиялық ұлтшыл», «контрреволюционер», «буржуазиялық мемлекеттердің агенттері» және «халық жауы» деп айыпталды.

Репрессия құрбандарын толық ақтауға байланысты құрылған комиссияның мүшесі ретінде Алаш тұлғаларына байланысты әлі де шешімін таппаған мәселелер бар ма? деген тілші сұрағына берген жауабында академик-ғалым М. Қойгелдиев: «Мақсат – халқына лайық таңдаған жолы үшін кінәлі саналып, жазаланған тарихи буынның қызметіне, бүгінгі ұрпағының көзқарасы мен ұстанымын білдіру. Яғни, біріншіден, өткен ғасырдың басында антифеодалдық және антиколониалдық сипатта өмірге келіп, қызметін ағартушылықтан бастап, халқын мемлекеттік ұлт деңгейіне көтеру ісін қолға алған Алаш буыны бастаған

қозғалысты қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде тану. Екіншіден, оның мақсатты қызметі нәтижесінде өмірге келген Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясы қазақ мемлекеттілігін жаңғырту әрекеті есебінде мойындау. Үшіншіден, осы жал-пыұлттық азаттық қозғалысты бастап жүргізген оның басшылары мен қолдаушыларын азаттық қозғалыстың қаһарман тұлғалары ретінде мойындау. Осы ұсыныста табиғи тілектен артық нәрсе бар ма? Меніңше, жоқ. Бұл – біздің буын айтуға тиісті ақиқат» (Қойгелдиев: 2024).

Жұмыстың жаңалығы. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметі қйраткерлерінің ұлттық мемлекет құру, ғылым мен білімді дамыту жолындағы істерін жалғастырушы, мемлекет және қоғам қайраткері Қазыбеков Смағұл Сүлейменұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты ғылыми айналымға жаңадан енгізілген құжаттар сарапқа салынды. Саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде тізімге іліккен С. Қазыбековтың А. Кенжин, М. Төлепов, С. Сәдуақасов және т. б. қатарында тізе қоса еңбек еткені айқындалды. 1922 жылы Петропавл, Ақмола уездерінде жергіліктендіру, қазақтарды жерге орналастыру жұмысын жүзеге асыру барысында «ұлтшылдықпен» айыпталып, қызметтен босағаны, Адай уезінде болған қақтығыстарды басу үшін республика басшылығы тарапынан арнайы жіберілгені анықталды. Жаңадан ғылыми айналымға енгізілген 1929–1938 жылдардағы тергеу істерінің деректеріне сүйене отырып оның академик Н. Вавиловтың ғылыми экспедициясының құрамында Америка Құрама Штаттарында болғаны, агрономия, дәнді дақылдарды өсіру, тұқымдарды асылдандыру мәселелерімен айналысқаны көрсетілді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізі фактілер мен тарихи оқиғаларды нақты жағдайға сәйкес, олардың өзара байланысында қарастыруға мүмкіндік берген объективті қамту принципі болды. Жалпы ғылыми әдістер де (анализ, синтез, жалпылау, индукция, дедукция) қолданылды. Архивтік деректер мен жарияланған ғылыми еңбектерге талдау жұмысы жүргізілді. Мақалада жарияланған мәліметтер дереккөздерге, саяси қуғын-сүргіндер мен ұлтшылдыққа, өндіріс орындарында террористік іс қимыл жүргізді деген айыптау мәселелеріне қатысты елеулі еңбектерге сүйенеді. Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне сақтауға берілген ІХК, МҚК ведомстволарының арнаулы архивтерінің № 352 қорының 1928–1938-жылдардағы қылмыстық істері, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі Қазақ АКСР Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-Шаруа инспекциясының № 44-қорының 1930–1935-жылдардағы істері қаралып, құжаттары сарапқа салынды.

Нәтижелер. Қазіргі уақытқа дейін зерттеушілер назарынан тыс қалып келген, көпшілігінің «күпия» айдарына сәйкес пайдалануға шектеу қойылған арнаулы архивтердің құрамындағы қылмыстық істердің деректері ғылыми талдау нысанына алынды. Ресей, Татарстан елдеріндегі саяси қуғын-сүргіндердің жүргізілуі, құрбандар мен зардап шеккендердің өмірі мен қызметі зерделенді. Үлкен террор, партиялық тазалаулар, В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық академиясы (ВАСХНИЛ) Қазақстандық бөлімінің зерттеу жұмыстарына С. Қазыбеков, Ш. Күсепқалиев және т. б.

қатысуы сирек қорлар қатарындағы ғылыми еңбектер арқылы айқындалды. Қылмыстық істердің тергеу хаттамаларында келтірілген ауыл шаруашылығын отырықшыландыру, байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу, Қарсақпай кен орны мен Шымкент қорғасын зауытындағы қазақ жұмысшыларының жағдайы және т. б. қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тақырыптарына қатысты ғылыми, ғылыми көпшілік әдебиеттер ғылыми-зерттеушілік мақсатта сарапталды.

Нәтижелер. XX ғасырдың аумалы-төкпелі 20–30-жылдарының оқиғасын баяндайтын құжат елге елеусіз қалған тұлғаның сұлбасын көрсетеді. Сұлбасы дейтініміз ол туралы деректер әлі де жанама күйде қалып отыр. Революцияға дейінгі кезеңде білім алған сауатты, білікті азаматтар большевиктік биліктің әкімшілік органдарында қызмет етуге тартылғандығы, 1929 жылғы тазалауларға іліккенге дейін Алаш қозғалысына қатысқандар билік басында отырғандығы мәлім. 1920–1946 жылдардағы халық комиссарларының құрамына зер салсақ, Алаш партиясының мүшелерімен қатар, ұлттық идеямен қаруланған қайраткерлер ел ертеңі жолында қызметке кірісті. Атап айтқанда А. Байтұрсынов (*Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 96, 97*) оқу ағарту халық комиссары, Ғұбайдолла Әлібеков (*Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 89*) әділет халық комиссары, Ш. Бекмұхамедов әділет халкомы (*Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 108*), Есенғали Қасаболатов қаржы халық комиссарының орынбасары (*Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 267*), Қалменов Атлаш жергілікті өнеркәсіп халық комиссары (*Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 28*), Жер ісі халық комиссариатын әр жылдары, Ә. Әлібеков (*Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 88*) басқарды. А. Кенжин (*Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 237*) оқу ағарту комиссарының орынбасары (1922), Ішкі және сыртқы сауда халық комиссары (1924–1928) және т.б. соңынан барлығы дерлік халық жауы ретінде ату жазасына кесілді.

Большевиктік биліктің басқару органдарында қызмет еткендердің көпшілігі Алаш қозғалысына тікелей қатыспаса да, оның идеясын өмірінің ұстанымына айналдырып, қоғамдық-саяси қызметінде берік ұстын етіп өтті. Ж. Мыңбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі жайлы зерттеу еңбектің авторы Ә. Спан: «Жалау Мыңбайұлы туралы «Алаштың» жастар арасындағы тірегі, филиалы» деген қорытындыға келеді. 1914 жылы алғаш Омбыда құрылған, ұйымдастырушыларының қатарында Асылбек, Мұратбек Сейітовтер, Мұхтар Саматов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Ахмет Баржақсин, Шахмардан Әлжановтар, 1917–1918 жылдар ұйым қатарына Ә. Байдлдин, А. Сейдалин, Қ. Кемеңгеров, Ғ. Тоғжановтар толықтырды. 1917 жылы 1–4 қазанда «Бірліктің» кеңейтілген мәжілісі болып, оған 100-ге жуық өкіл қатысады деген мәлімет береді (*Спан: 2000, 56*). Орталық Қазақстанда өріс алған жастардан құралған «Бірлік» тобының мүшесі, жүздің қатарында Қазыбеков Смағұл Сүлейменұлы да болды.

Смағұл Сүлейменұлы Қазыбеков 1937 жылғы 21 маусымдағы тергеу хаттамасындағы жауабында: «Колчактың Далалық соты кеңестік биліктің пайдасына үгіт жүргізгенім үшін ату жазасына кесілдім, қашып құтылдым» деп

көрсетеді (*Алашорда ісі: 6 том, 269*). Бұл мәлімет қосымша дерекпен анықталып отыр. ПХК Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 3-бөлімінің анықтамасында 1914–1937 жылдар аралығында революцияға дейінгі уақытта Омбы қаласында өмір сүрген «Бірлік» деп аталатын ұлтшыл жастар үйірмесінің мүшесі болғандығы аталып өтеді (*Алашорда ісі: 6 том, 273*).

РК (б) П Қазақ облыстық комитетінің өңірлердегі органдарында да жергілікті қазақ оқығандары қызмет атқарды. Омбы қаласында ауыл шаруашылық училищесін бітірген Смағұл Сүлейменұлы Қазыбеков те алғашқылардың қатарында жүрді. Бұл жөнінде архив деректері баян етеді.

Семей, Ақмола өңірлеріндегі губкомдардың жұмысын тексеруге барған уәкілетті өкілдер С. Сәдуақасов, А. Кенжиннің жергілікті жерлердегі билікті таратып, олардың орнына қазақ оқығандарын алып келуі жоғары партия билігі тарапынан қатаң сынға ұшырады. Ұлтшылдық ретінде айыпталды. Мәселелері арнайы қаралды да. ҚР Президентінің Архивінде сақталған төмендегі құжатта 1922 жылы Ақмолада болған оқиғаны баяндайды.

Орынбор қаласында РК(б) П Қырғыз (Қазақ) обкомы, Қырғыз (Қазақ) ОАК уәкілетті мүшесі Кенжиннің Иманәлі болыстық атқару комитетінің төрағасы Қарақұтовтың өлтірілуі бойынша істі толық тергеу үшін жаңа комиссияны жіберу мәселесі бойынша ерекше пікірі бар өтініші 1922 жылы 13 маусымда жасалды. А. Кенжин аталған өтініште РК (б) П губерниялық комитетінің шешімін мүлде дұрыс емес деп есептей отырып, себептерін нақтылап көрсетеді:

1. Төлепов, Куценко, Наймуш жолдастардан тұратын уәкілетті комиссияның тексеру материалы губерниялық комитет отырысында хабарланбады, осыған байланысты губерниялық комитет мүшелері комиссия жинаған материалдың мазмұнымен толық таныса алмады.

2. Иманәлі болысының атқару комитетінің төрағасы Қарақұтовтың зорлықпен өлтірілуі оқиғасын нақтылау дерегін комиссия толығымен табысты жүргізді деп есептеймін, бұл Қарақұтов ісіне тікелей немесе жанама түрде қатысы бар адамдардан алынған жауаптардан көрінеді, сонымен қатар тергеу азаматтың қандай негізде өлтірілгенін жеткілікті деректермен анықтап қана қойған жоқ. Қарақұтовтың өлімі, ал Мальцев пен Новокрещеневтің өлтірілуі жүйелі террордың нәтижесі екені сөзсіз анық.

3. Қарақұтовтың ісін тергеу барысында оның зорлық-зомбылықпен өлтірілуіне қатысты іске қатысқан адамдардан жауап алу кезінде нақтыланған басқа да қылмыстар анықталды және оларды комиссия жеткілікті түрде қамтыды.

4. Материалдың қаншалықты назар аударуға лайық екендігі туралы Революциялық трибуналдан қорытынды болған жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып және РК (б) П губерниялық комитетінің сот тергеу органы болып табылмайтынын айта отырып, комиссияны губерниялық комитет пен губерниялық атқару комитеті Иманәлі болыстық атқару комитеті төрағасы азамат Қарақұтовтың кісі қолынан қаза табу фактісін анықтау мақсатында ғана жіберген және мұндай факті толық анықталған. Кісі өлтіруге сыбайластардың: Сорокиннің, Лебедевтің, Ивановтың және

басқалардың бірқатар айғақтары, сондай-ақ бірқатар куәгерлердің айғақтары дәлелдегендей, мен РК (б) П губерниялық комитетінен басқа комиссия жіберуді мүлдем қажеті жоқ деп есептеймін, өйткені істі одан әрі қарай бағыттау трибуналдың материалды тергеуіне байланысты болуы керек. Сондай-ақ осы іске қатысуға тиіс басқа адамдарды тарту қажет.

Партия қатарын нығайту мәселесіне келсек, губерниялық комитеттің коммунистік ячейкаларға нұсқау беру, тексеру және олардың жұмысын жақсарту бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін мықты жолдастарды жіберуі қажет еді, комиссияның жұмысына қарағанда жергілікті жердегі сауатты мамандардың жұмыс істегені әлдеқайда тиімді әрі дау-дамайсыз жүргізілетін еді» деп көрсетеді.

А. Кенжин мен М. Төлеповтың комиссиясына сенім артқан жергілікті тұрғындар орын алған бассыздықтар туралы өтініштер, арыз-шағымдар жасағандығын архив деректері көрсетеді. Петропавл уезі Жамантұз болысы № 1 ауыл тұрғыны Т. Найманбаев 1922 жылы 22 маусымда А. Кенжинге қылмыстық істі тергеу және материалдық шығынды өтеу туралы өтініші назар аудартады. Орысша сауатсыз Телтай Найманбаевтың хатын орысшаға Мағжан Жұмабаев аударады, оның орнына Уәлиахмет Исатаев қол қояды.

«Мен, Найманбаев, сәуір айында Көкшетау қаласына іс бабымен бардым, үйге келген соң мынадай оқиғаны білдім.

Столыпинский болысының Самохваловка поселкесінің азаматтарының бірінен 2 жылқы ұрланған екен, олардың ізі менің ауылымның жанынан өтіп кеткен. Жоғарыда аталған ауылдың жылқы іздеген азаматтары Явленский ауылынан келген, қарақшыларды ізін кесіп жүрген КомЧОН жасағымен кездеседі.

Осы отрядпен бірге Самохваловка поселкесінің азаматтары Лаврентий Лимор, Захар Лимор, Тихон Самохвалов, Митрофан Лимор және Петр Афанасьев ауылға келіп, барлығын тіптіп, қаруларын оқтап, ауылдың барлық азаматтарын соққыға жығып жазалайды. Нәтижесінде Қасым Тұндыбаевтың киіз үйінен екі тері тапқан: бірі қасқыр шауып өлтірген жылқының, екіншісі ірі қараның терісін тауып алған, содан кейін олар өздерінің жылқыларының терілері деп мәлімдеген. Олар төсегінде ауырып жатқан Тұндыбаевты қамшымен ұрып, тұтқынға алады, өздерімен бірге Тұндыбаевқа тиесілі екі бұқаны алып кетеді. Тұндыбаевтан және осы ауылдың тағы бір азаматынан Самохваловка поселкесіне бір сауын сиыр немесе қозылы бес қой ауылға жеткізуді талап етеді. Содан олар менің киіз үйіме кіріп, 200 миллион сом тұратын түрлі бағалы заттарды алып кетеді.

Шамамен айтқанда менің бір биемді, ер-тұрмандары мен арбаларымен қолды етіп алып кетті. Столыпинский поселкесіне жете бергенде биені қайтарды, азамат Тұндыбаев қашып кетті деген желеумен атылады. Кейін белгілі болғандай, Самохваловкадан келген жылқыларды Таранғұл болысына қарасты №4 ауылдың қырғыздары Нұрғажы Шамсутдинов пен Байбосын Алдабергенов ұрлап кеткен. Мен Петропавл қаласының маңында ұстаған кезімде Нұрғажы Шамсутдинов пен Байбосын Алдабергенов қылмыстық әрекеттер жасағанын

мойындады. Бұл барымташыларды бір жылқымен (екіншісін сатып жіберген) Явленскідегі халық сотына тапсырдым. Бірнеше бұқа мен жылқыны иелеріне қайтарып берді. Халық сотының үкімімен түрмеге түскен екі барымташының бірі қамаудан қашып құтылса, екіншісі шартты түрде бостандыққа шықты. Маған келтірілген материалдық шығынды бұрын айтқанымдай халық соты қараған жоқ. Губерниялық атқару комитетінің төрағасы жолдас Қазыбеков Губерниялық тергеу басқармасының бастығына тиісті тапсырма берді. Губерниялық тергеу агенті халық сотының шешімімен шартты түрде бостандыққа шыққан барымташыны ұстап, Петропавл қаласына КомЧОН басшысы Карягин мен оның хатшысы Сироткинді жауапқа шақырады. Маған жеткен мәлімет бойынша, мені ауылымда милиция өкілдері іздеп жүр. Егер мен олардың қолына түссем, онда мен де мергендердің қолынан құтылмаймын деп ойлау керек.

Мұндай жағдайлар қырғыз (қазақ) даласында жиі кездеседі. Милиция агенттері мен түрлі жасақтар (отрядтар) әлдебір қарақшыларды қуамыз деген желеумен жергілікті халықпен араласып, қиянат жасайды. Қырғыздарды заңсыз, сотсыз жолмен атып, мал-мүлкін тонап жатыр. Жоғарыда айтылғандарды айта келе, Кенжин жолдас, осы істі тергеп-тексеруді, кінәлі тұлғаларды қатаң жауапкершілікке тартуды, мені жергілікті биліктің зорлық-зомбылық әрекеттерінен қорғауды және менің материалдық шығынымды өтеу үшін жергілікті атқарушы органдарға тиісті ұйғарым шығаруыңызды сұраймын».

Алаш ардақтылары А. Кенжин мен М. Жұмабаевтың құжат арқылы кездесуін осы архив деректері айғақтайды^{1*} (Сүлейменова: 2012, 96, 190, 191-б).

Ұзақ сонар бұл ақпарат С. Қазыбеков басшылық еткен Петропавл уезінде орын алған оқиғаның баяндайды. 1922 жылғы 26 маусымда Қазыбековті қызметінен босату туралы шешімге қарсылық білдірген РКП(б) Қырғыз обкомы, Қырғыз ОАК уәкілетті өкілдері Кенжин мен Төлеповтің ерекше пікірі бар мәлімдемесі де Петропавл уезіндегі орын алған бассыздықтарды ауыздықтау әрекетін көрсетеді. Олар өздерінің қарсылықтарын бірнеше тармақтарға бөліп, дәлелдеуге тырысады.

«Қазыбековті губерниялық атқару комитетінің төрағасы қызметінен босату туралы губерниялық комитет бюросының қаулысымен келіспейміз және оны келесі себептер бойынша түбегейлі дұрыс емес деп санаймыз:

1. Біздің ойымызша, Қазыбеков жолдас губерниялық комитеттің пленумының қаулысына өз пікірін білдіруде айыпты ештеңе жасаған жоқ. Бюроның қабылдауға болмайтын, әдепсіз және т. б деп санайтын кейбір сөздері тек жүйке толқуы мен асығыс тұжырымның нәтижесі болуы мүмкін. Ал оның бюродағы түсіндірмесінен кейін бұл ұйғарымдарды біз қажетсіз деп санаймыз.

^{1*} Мағжан Жұмабаев 1919–1923 жылдары Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде, [Шолпан](#), «Сана» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы «[Батыр Баянды](#)» жазып, жарыққа шығарады. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (қаралған уақыты 24 сәуір 2025 ж.)

2. Губерниялық комитет бюросының бұл мәселені талқылауға деген көзқарасын да дұрыс емес деп санаймыз: Қазыбековтың кандидатурасын талқылау кезінде мәселенің іскерлік жағы ескерілмеді. Сұрақтың ресми-құқықтық тұрғыда қойылуымен келіспейтін болсақ (мысалы: Қазыбековтың арызға қол қоюы туралы талап: «Өз пікірінің қателігін түсінуі» жайлы мәлімдемесі және т. б.), біз қазіргі уақытта губерниялық атқару комитетін өзгертуге жол бермеу туралы өз ойымызды, өз пікірімізді ұсынамыз.

3. Бұған қоса, бұл мәселеге губерниялық атқару комитеті төралқасы мен басқа органдар тарапынан барынша күш-жігер мен қаражат жұмсауды талап ететін қайта сайлау науқаны күтіп тұр. Бұған қоса, Кеңестердің губерниялық съезі келе жатыр, онда атқару комитетінің жылдық жұмысы туралы егжей-тегжейлі, толық есеп беру, тәжірибені ескере отырып, өткен жұмыстың кемшіліктерін жою қажет. Осыған орай, төрағаның ауысуы мен басқасын таңдау есеп беруде көрініс табатыны сөзсіз.

4. Қазыбековтың губерниялық атқару комитетіндегі көп жылғы төрағалық қызметінің нәтижесінде бөлімдермен берік, іскерлік байланыс орнатылды және нығайтты және белгілі бір бөлімнің белгілі бір аймағындағы мемлекеттік жұмыстың толыққанды жүргізілуіне қол жеткізді. Губатоком төрағасын басқа адаммен алмастыру жүргізіліп жатқан жүйелі, жоспарлы жұмысқа түбегейлі нұқсан келтіреді және жаңа адам айтарлықтай уақытын губерния кеңесінің жұмысымен жалпы танысуға жұмсайды.

5. Соңында, Қырғыз (Қазақ) обкомы, Қырғыз (Қазақ) ОАК директиваларын Ақмола губерниясының аумағында орындау барысында біздің қызметіміздің жүзеге асырылу қарқынын, тәртібі мен егжей-тегжейлерін жаңадан тағайындалған адам мүлдем білмейді, жаңа адам болады деген ұстаныммен ешбір жағдайда келісе алмаймыз. Соның салдарынан науқаннан хабарсыз қалу біздің болашақтағы барлық жұмысымызды айтарлықтай әлсіретеді. Сондықтан бюродан өз шешімін қайта қарап, Қазыбековті губерниялық атқару комитетінің төрағасы қызметінде қалдыруды сұраймыз.

Әйтпесе, РК (б) П өлкелік комитеті атынан санкция мәселесіне қатысты арнайы пікіріміз телеграф арқылы жеткізілген өлкелік комитет пен Орталық Атқару Комитетінен үзілді-кесілді жауап алғанша, сіздің шешіміңіздің орындалуын тоқтата тұруды ұсынып отырмыз».

Губерниялық атқару комитетінің төрағасы Қазыбеков 1922 жылы 6 шілдеде Қырғыз (қазақ) өлкелік әскери комиссариатқа, көшірмесін Қырғыз (қазақ) обкомына, Қырғыз (қазақ) ОАК төрағасы Меңдешевке, ХКК төрағасы Мырзағалиевке жіберуді өтіне отырып, жергілікті биліктің заңсыз әрекеттері туралы жеделхат жолдайды. Жеделхатта ол Петропавл уезінің аумағында әртүрлі желеулермен қырғыздардың (қазақтардың) өлтірілуі жиілеп кеткендігін атап өтеді. «ГПУ қызметкерлерінің Иманәлі болыстық атқару комитетінің төрағасын белгісіз себептермен тұтқынға алып, қашуға әрекет жасады деп атып өлтіргендігі жайлы ақпаратты маусымның басында алған. Ұлттық негізде осыған ұқсас адам өлімінің орын алуы және мұндай қылмыстардың ұлғаюының алдын алу мақсатында губком төрағасының рұқсатымен қабылданған губатком

төралқасының қаулысы негізінде Иманәлі болыстық атқару комитетінің төрағасының өліміне байланысты тергеу үшін құрамында Қырғыз (қазақ) Обкомы уәкілетті өкілі Төлепов, губмилиция бастығы мен губревтрибунал төрағасы Куценко бар ықпалды (авторитетный) төтенше уәкілетті тергеу комиссиясы жіберілді. Комиссия Иманәлі болыстық атқару комитетінің төрағасының өлімі және оның алдында жасалған үш қылмыс деректері алдынала жасалған жоспар бойынша жүзеге асырылғандығын анықтады. Бұл қылмыстардың бастамашысы губком мүшесі Вороновтың санкциясымен жұмыс жүргізген. Комиссия жұмыс істеген кезде Петропавл уезінің казагы, өлім орын алған ауданда тұратын Воронов үйінде демалыста болған. Осындай хабарлама алған соң Губком төралқасының қаулысымен Воронов қамауға алынады, комиссия қайтып кеткен соң губком мүшесі Сафроновтың талап етуімен, комиссияның баяндамасы мен Вороновты тұтқындау туралы мәселе губком пленумының мәжілісінің қарауына ауыстырылады. Тіптен басқа нәрсе болып шығады. Жауапты хатшы Данилов пен мүшелері Сафронов, Баталовтардың талап етуімен орын алған қылмыстарды қайта тергеу үшін басқа комиссия құрылады. Осылайша жоғарыда көрсетілген абыройлы комиссияның губком қаулыларына қарағанда күшінің жоғарылығына қарамастан сенімсіздік білдірілді, тергеу ісі тоқтатылды, қылмыскерлер сайран салып жүр. Мұндай қаулыға Қырғыз (қазақ) ОАК уәкілетті өкілдері Кенжин, Төлепов және губкомның басқа мүшелері қарсылық танытқанымен, аз ғана басым дауыспен ол қаулы қабылданып кетті. Мұндай қысымда жұмыс істеу мүмкіндігі жоқ деп есептеп, губатком төрағасы лауазымынан босату және менің орныма басқа біреуді тағайындау туралы арыз жазуға мәжбүр болдым» (*ҚР ПА.139-қ. 1-т. 266 а-іс. 90–94-н.*).

Қазыбековтың арызы губком төралқасының мәжілісінде Данилов, Сафронов, Баталов, Бейсенев, Межня және шешуші дауыс құқығымен Кенжин, Төлеповтардың қатысуымен қаралды. Бірінші үш дауыспен Қазыбеков губатком төрағасы лауазымынан алынып, оның орнына Шәріпов тағайындалды. Қазыбеков бұл қаулының күші жоқ екендігін, Орталық бекіткен лауазымынан Қырғыз (қазақ) ОАК, Қырғыз (қазақ) обкомының арнаулы нұсқауынсыз қызметті тапсырудан бас тартатынын, одан әрі қандай қадамдар жасау жайлы нұсқау күтетіндігін мәлімдеді. Орталықтың тарапынан шұғыл шаралар қолданылмаса, азық-түлік салығы науқаны, жаңа жер реформасы және т. б. маусымдық тапсырмалар өз уақытында орындалмай қалуы мүмкін екендігін, жауап күтетіндігін ескертеді.

Орынбор қаласында 1922 жылғы 16, 17 шілдеде өткен РК (б) ПҚырғыз (қазақ) облыстық комитеті төралқасының мәжілісі Ақмола партия ұйымындағы келеңсіз құбылыстар туралы мәселені қарады.

Қатысушылар: Асылбеков, Меңдешев, Полозов, Бақылау комиссиясының төрағасы Яковлев, облыстық жастар комитеттің хатшысы Алексеев, Қырғыз(қазақ) обкомы, Қырғыз (қазақ) ОАК уәкілетті өкілдері: Кенжин, Төлепов және Сәдуақасов. Қостанай губерниясынан: Тараненко және Банк. Ақмола облысынан: Шәріпов, Қазыбеков, Катченко, Бейсенов және Шаповалов.

Мәжілісте Қырғыз (қазақ) облыстық комитет пен Орталық Атқару Комитетінің уәкілетті өкілдерінің жұмыс туралы есебі тыңдалды.

Ақмола облысы бойынша Кенжин баяндайды: «Ақмола губерниясында болған кезінде губерниялық атқару комитетінің барлық губерниялық бөлімдері тексеріліп, нұсқау берілді. Бөлімдерден жазбаша есептер қабылданып, мұқият тексеріліп, жауапты басшылармен бірге талқыланды. Жалпы кемшіліктерден мыналар анықталды: халық комиссариаттарының несиелерді уақтылы ашпауы, банкноталардың тіптен болмауы және жергілікті салықтардың түсімдерін қоспағанда, мұндай ақшаның 4 ай бойы болмауы орын алды. Кейбір бөлімдер Орынбор қаласына қарағанда Сібір революциялық комитетімен тығыз байланыста. Барлық бөлімдердің ортақ кемшілігі де басшылардың жиі ауысуы.

Өңірлермен, сондай-ақ Орталықпен, Орынбор қаласымен байланысы әлсіз. Көптеген бөлімдер бір мезгілде 3 орталықтың: Мәскеу, Н-Николаевск және Орынбордың бұйрықтарын басшылыққа алады. Жергілікті жерлерде партиялық жұмыстың жағдайы әлсіз; аудандар өз міндеттерін мүлде білмейді немесе елестетпейді. Партия ұяларында одан да нашар; партияның тапсырмалары туралы шамалы болса да түсінік жоқ. Партиялық тәртіп те, Жарғы деген ұғым да жоқ. Полиция мен сот-тергеу органдарының қызметіне партия мүшелерінің және жалпы ұялардың анархиялық араласу құбылыстары бар.

Мәжілісте сөз алған Шәріпов: Кенжин жолдастың айтқан кемшіліктерін жоққа шығаруға болмайды. Оларға өткізілген көптеген іс-шаралар туралы айтылады, бірақ мұның қалай жүзеге асырылғанына ешқандай шектеулер жоқ, сондықтан мұның барлығын іс жүзінде жоқ уәкілетті адамдар жасаған сияқты. Губерниялық комитет олар келгенге дейін-ақ жалпы, атап айтқанда қырғыз (қазақ) кедейлері арасындағы жұмыстың жоспарын жасап, қабылдап, іс жүзінде жүзеге асыру үшін губерниялық атқару комитетіне берілді. Кейбір бөлімдерде олар келгенге дейін қырғыз (қазақ) жұмысшылар енгізілді.

Каулин жолдас: Ақмола губерниясында дау-дамайлардың болуын жоққа шығаруға болмайды. Бұл бүкіл ҚКСР-ге тән құбылыс. Ұйымның партиялық құрамы негізінен ұсақ буржуазиялық. Бірақ ол дау-дамайдың алдын ала алмаған уәкілдердің көзінше басталып кеткенін, ал [бұл үшін] уәкілдердің өздері кінәлі екенін айтады.

Шәріпов жолдас: Сафроновқа және басқа жолдастарға көптеген айыптар тағылды. Қазыбеков пен Бейсеновтің өзі оны губерниялық комитеттің жауапты хатшылығына ұсынып, Сафроновты жақтап, губерниялық комитет мүшелерінің пәтерлерін аралап, енді оны отарлаушы деп айыптайды. Келіспеушіліктер, тіпті, пролетарлық деп аталатын, Құмашев қарақшылары және соларға ұқсас басқалар қатысқан Қырғыз (қазақ) конференциясынан кейін туындайды. Губерниялық комитет те жер саясаты үшін айыпталды.

Губерниялық комитет губерниялық атқару комитетіне жер бөлімін ұйымдастыру жоспарын берді; соның ішінде Қазыбеков бар қырғыздар (қазақтар) жұмыс істеп жатыр, егер ештеңе жасалмаса, онда губерниялық комитет кінәлі емес.

Катченко жолдас: бұл жағдай жауапты қызметкерлер Шаповалов, Казбеков және тағы басқалардың бұзақылығын, бұзықтығын, маскүнемдігін көрсетеді.

Қазыбеков жолдас: Мен құрмаған топтар құрды деп айыпталып отырмын. Сафронов жолдасты губерниялық комитеттің хатшылығына ұсынуға келсек, бұл уақытша шара ретінде Чернядьев жолдасты бекіткенге дейін жүзеге асырылуы тиіс еді.

Сәдуақасов жолдас: Жауапты қырғыз (қазақ) жұмысшыларына тәртіп бұзды, маскүнемдік жасады деп тағылған айыптардың бәрі өздері спирттік ішімдіктерді дайындаумен айналысатын орыстармен қарым-қатынастың жемісі.

Дунаев пен Полозов: Олар уәкілетті өкілдердің жұмыс барысында тікелей міндеттерінен алшақтап кеткенін атап көрсетеді. Жарыссөзде Ишков пен Бейсенов сөз сөйледі.

Шешім қабылданды:

1. Халық комиссариаттарында қызметкерлердің жоқтығын ескере отырып, Кенжин мен Төлепов жолдастардың өкілеттіктері аяқталды деп саналады.

2. Ақмола партия ұйымының ахуалын жақсарту мақсатында кезектен тыс губерниялық конференция шақырылсын, оған облыстық комитет басшылығының қатысуы жеткілікті.

3. Ақмола губерниясының жауапты қызметкерлері арасында жол беруге болмайтын келіспеушіліктердің болуы танылсын және қажетті табандылықты, әдептілік пен ұстамдылықты сақтай отырып, оны жою үшін шешуші шаралар қабылдау губерниялық комитетке жүктелсін.

4. Губерниялық комитеттің назарын губернияның кейбір аудандарында жекелеген азаматтарды өлтіруден көрінген қылмыстық анархо-партиялық әрекетке аударып, губерниялық комитетті бұл құбылысты аяусыз жоюға міндеттелсін.

5. Ақмола губерниялық комитетіне өлкелік комитеттің үзілді-кесілді, анық және нақты циркулярына қайшы, Петропавл қаласында алкогольдік ішімдіктерді сатумен жаппай мерекелеуге рұқсат бергені үшін сөгіс жариялансын.

6. Қырғыздар (қазақтар) арасындағы, әсіресе халқы негізінен қырғыздар (қазақтар) тұратын губерниядағы жұмыстың ерекше және бірінші кезектегі маңыздылығын ескере отырып, губерниялық комитетке жұмыстың қарқыны мен көлемін жан-жақты арттыруға, қырғыздар (қазақтар) арасында облыстық комитет белгілеген бағдарламаға сәйкес әрі қарай жұмыс жүргізуге және жергілікті жерде айтылған барлық жағдай мен қажетті жұмыстарды бірінші ретпен қамтамасыз етуге міндеттелсін. Қырғыз (қазақ) халқының ана тілінде іс жүргізуін тиімді қамтамасыз ету, қырғыз (қазақтар) еңбекшілерін барлық басқару органдарына тарту және қырғыз (қазақтар) кедейлерінің мүдделерін кеңінен қорғау үшін барлық шаралар қабылдансын.

7. Ақмола губерниясынан Баталов пен Сафроновты кері шақырту расталсын.

8. Данилов жолдастың Мәскеуге, РКП Орталық Комитетінің қарауына кетуі расталсын.

9. Чернядьев жолдас Ақмола губкомының хатшысы болып бекітілсін» деген 16 тармақтан тұратын қаулы қабылданды.

Сонымен қатар жергілікті қаржының түсуінің елеулі еместігі мен шамалылығын ескере отырып, қырғыздарды (қазақтарды) милиция қатарына тарту саласындағы реформаны тез арада жүргізу үшін Ақмола губерниялық атқару комитетіне қысқа мерзімде ашаршылықтан азат аудандарда милиция және командалық құрамды қырғыздардан (қазақтардан) дайындау бойынша шағын мерзімдегі курстарды ашу үшін қорлар құру жайында өкілеттілік берілсін, қырғыз (қазақ) халқын оқытуға жеңілдетілген курстар жүргізу құқығы берілді (*ҚР ПА.139-қ. 1-т. 769-іс. 4–6, 8-п.*).

Бұл құжаттардан белгілі болғандай, С. Қазыбеков басшылық жасаған уақытта орын алған тәртіпсіздіктер, келеңсіздіктер бүкіл Қазақ Республикасында орын алған. Ұлы державалық шовинизм мен ұлтшылдық белең алып, жаңа мен ескінің күресі шиеленсікен кезең еді.

Ресейдегі үлкен террор тақырыбына қатысты тарихнамалық еңбегінде А. Литвин «террор» терминінің Роберт Конквесттің «Большой террор» кітабы орыс тілінде шыққаннан кейін танымал болғандығын көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, көптеген тарихшылар мен публицистер бұл терминді ең алдымен 1930-жылдардағы қуғын-сүргінге қатысты қолданады. Кеңестік Ресейде «үлкен» немесе «кіші» террор болған жоқ, бірақ 1918 жылы Үкіметтің Жарлықтарымен заңдастырылған соттан тыс атуды енгізу туралы (18 ақпан), қызыл террор (5 қыркүйек) және т. б. азаматтарға қарсы мемлекеттік террорды ең үлкен зардаптың қатарына жатқызады. Сталин Лениннің 1918 жылы негіз салып беріп кеткен репрессиялар жүйесін тоталитарлық жүйеге айналдырды, адам ойына келмейтін ұйымшылдықпен жүзеге асырылған жауыздық 1918 жылғы бастаманың жалғасы еді. А. Литвиннің есебінше 1918–1922 жылдары 1,5 миллионға жуық ресейліктер қызыл және ақ террордың құрбаны болды. Бұл көрсеткіш Үлкен террордың көрсеткіші емес пе? Әрине, 1930-жылдары адамдар соғыс құрбаны болған жоқ, «бейбіт» жағдайда жойылды.

Мемлекеттік қауіпсіздік органдары қылмыстық жауапкершілікке тартқан азаматтардың саны туралы статистикалық мәліметтер (КСРО-да «саяси қылмыстар» үшін жауапкершілік Қылмыстық кодекспен анықталды) 1930–1950-жылдары қуғын-сүргін күшейе түскендігін көрсетеді. 1918–1953-жылдары тек қауіпсіздік органдары 4 308 487 адамды тұтқындады, оның 835 194-і атылды (төртіншісінің біреуі дерлік). Көпшілігі – 3 778 234 адам – 1930-жылдары – 1950-жылдардың басында қамауға алынды, олардың 786 098-і атылды (*Литвин: 1997, 546–575*).

Жоғарыда еңбегіне сілтеме жасалған ресейлік тарихшы А. Литвин тергеу істері жайындағы ғылыми еңбегінде 1930-жылдардағы саяси мотивпен айыпталғандарға жасақталған тергеу істері мен кеңестік биліктің сот және соттан тыс процесстеріне талдау жасайды. «Қатігез заңдар, оларды өз бетінше түсіндіру, қорқынышқа толы пікірлер, үштік құрылымдардың тергеушілері мен басқа да қызметкерлерінің шаласауаттылығынан тергеу хаттамалары бір тектес сарында құрастырылды. Олардың барлығы тұтқындалғандарды «терроршыл»,

«ұлтшылдық» немесе «шпиондық» қызметке айыптауды жүзеге асырды. Оларда қылмыстарды бұлтартпайтын заттай айғақтар болған жоқ, тұтқындарды оның өзінің «көрсетулері, доностар мен сговорлар негізінде соттады. 1930-жылдардағы саяси негізде айыпталушылардың (РКФСР ҚК 58-10-бабы) тергеу істері көптомдық болды. Олардың ішінде тергеу хаттамалары, тұтқындау және пәтерлерін тінту жөніндегі ордерлер, бетпе-бет кездесу материалдары, арыздар, «айыпталушылардың «мойындаулары», «куәгерлердің доностары мен откровениялары, үкімдер, көпшілігінде ату жазасының орындалғаны жөніндегі анықтамалар бар. Белгілі қоғам қайраткерлеріне қатысты болғанда (Татарстанда, мысалы жазушы Ибрагимовтың, тарихшы Х. Атласовтың және т. б.) айыптау томдарына құпия қызметкерлер (сексот), ПХК тартқан күдіктінің жақын айналасындағы адамдарынан жеткізілген донесениялар енгізілген бақылау істері жасақталатын. Саяси қуғын-сүргін қрбандарын ақтауға байланысты қылмыстық құрамының болған болмағандығы жайлы құжаттардан тұратын жеке іс құрастырылды. Ату жазасына кесілуі жылдам орындалғанымен, ақтау процесі ұзақ жүргізілді. Бұл еңбегінде автор «Үлкен террордың кезіндегі тергеу істері ресей тоталитаризмінің тарихи дереккөзі, оның жауыздығының, шексіз қатігездігінің, адам мен адамзаттың қандай да бір құқығын мойындамағандығының айғағы» деп көрсетеді (*Литвин: 1995, 170–176*).

Отыз жыл бұрын саяси қуғын-сүргін құрбандарының 1920–1950-жылдардағы тергеу істерін ғылыми айналымға енгізуді ресейлік тарихшылар қолға алған еді. Қазақстандық тарихшылар еліміз егенмендік алған кезде ішін-ара тергеу істеріне сілтеме жасауға мүмкіндік алды. Ал 2020 жылы 1920–1950-жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі арнайы комиссия құрылған соң арнаулы архивтердегі тергеу материалдарына санаулылардың ғана қолы жете алды. Мемлекеттік комиссияның бағдарламасымен шығарылған іргелі фактологиялық еңбек 2023 жылы зерттеушіге жол тартты.

«Алашорда ісі» атауымен жарияланған он екі томдық арнаулы архивтердегі сақталған қылмыстық істердің жинағы жоғарыда аты аталған Қазыбеков жайлы біршама ақпарат береді. Аталған жинақтың 9-томы «Алашорда жағындағы дәулеттілер» деген атаумен Алашорда үкіметінің қызметіне белсене араласып, қаржылай, рухани, ұйымдастырушылық демеушілікте болған, кеңес өкіметі мен большевизм идеяларын қабылдамаған дәулетті адамдар (байлар) туралы ғылыми айналымға енбеген арнаулы архивтерде сақталған құжаттармен топтастырылған. Жинақтың құрамына енгізілген қылмыстық атқару істеріндегі тергеу хаттамаларында жеке тұлғалардың жауаптары бар. Кенжин мен Төлеповтың комиссиясының қарауына ілінген Қазыбеков (Қазыбеков) жайлы мәлімет назар аудартады. 1937 жылғы 19 сәуірде Б. Қарсақпаевтың қосымша тергеу хаттамасында: «Қазыбеков Смағұл менің алыс туысым, ол да мен секілді «ибескі» атасынан шыққан, кішкентай кезімнен танимын. Ол Атбасарда және Петропавлда оқыды. 1920 жылы кездестім. Сол жылы Қазыбеков Смағұл Жезқазғаннан Қарсақпайға келді және өзімен бірге 12 адам қызыләскерді ертіп келді. Енді есіме түсті, 1919 жылы Атбасар уездік ревкомының нұсқаушысы Шоқан Нұрымовпен бірге Жезқазғанға келіп, аудандық комитеттің төрағасы

ишан Ахмет Оразовты қызметінен босатып, оның орнына Ыбырай Толысбаевты сайлап кеткен болатын. Қазыбеков Қарсақпайға 1920 жылы келгенде жүн, шикізат және түйе разверсткасын жүргізіп, мен соған көмектескен болатынымын. 1920 жылдың қысында Қазыбеков Атбасарға кетіп қалды, 1927 жылға дейін көрген жоқпын» деген ақпарат береді (*Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том: 2023, 384, 385*).

1937 жылы жүргізілген контр-ұлтшыл ұйымдардың қызметі туралы тергеу материалдарында М. Жылқыайдаров деген азаматқа қойған сұрағында тергеуші өзіңіздің контрреволюциялық ұйымдармен байланысыңызды 1922 жылдан бастап айтып беріңіз деген талап қояды. «Ысмағұл Қазыбековпен жастайымыздан байланыстамыз. Біз екеуміз бір ауданнанбыз, революцияға дейін бастауыш мектепте бірге оқыдық. 1921 және 1922 жылдары Қазыбеков Ақмола губаткомының төрағасы болды. Сол кездің өзінде Қазыбеков ұлтшыл болатын. Ол сәдуақасовшылдардың ықпалында болды. Онымен тұрақты түрде байланыс жасап тұрды. Губаткомның төрағасы қызметін өзінің пайдасына пайдаланып жүрді, ақ гвардияшылар Асанқожа Қошамбаев пен Мұхамедия Бұрханов және ишан Әлім Байғазинді қуғындаудан құтқарып, жасырынып қалуына көмектесті. 1922 жылы Қазыбеков губатком төрағасы қызметінен босатылып Орынборда адайлар мен түркмендердің арасындағы жанжалды реттеу жөніндегі уәкіл болып тағайындалды. Адай округіне барудың орнына Қазыбеков 1922 жылы мамырда Орынбордан Мәскеуге ұлтшылдар Сәдуақасовпен және Бөкейхановпен кездесуге кетіп қалды. Бұл кездесу алдын-ала келісілген болуы мүмкін. Бөкейханов ол кезде Семей губаткомының төрағасы болатын, Сәдуақасов Қырғыз (Қазақ) ОАК хатшылығынан ұлтшылдық қызметі үшін лауазымынан алынған еді. Орынборға мен Қазыбековпен бірге келдім де оның шақыруымен Мәскеуге бірге жолға шықтық. Мәскеуде Сәдуақасов пен Абдул Бөкейханов тоқтаған қонақүйге тоқтадық. Ол жерде 15 күндей тұрдық. Осы уақыт ішінде бірнеше рет әңгімелестік, Сәдуақасов оны үнемі аңдып жүретініне шағымданды, контр-революциялық пікірлер айттық. Төртеуіміздің пікіріміз Қазақстаннан орыстарды қуу керек және орыстардың ықпалын жою керек деген бағытта тоқайласты. Бұл уақытта Қазыбеков, Бөкейханов және Сәдуақасов Рысқұловпен бірнеше рет кездесті. Осындай кездесулердің біріне мен де қатыстым. Бір күні маған қонақүйге Рысқұлов келетіндігін хабарлады. Кешке Рысқұлов келді. Ұлтшылдық рухта оған Қазақстандағы жағдай туралы ақпарат берілді, Сәдуақасовты қызметтен босатып, партиядан шығарды, ұлтшылдарға қарсы бір науқан жүргізіліп жатыр деген сарында ақпарат жасалды» деп жауап берді. Жылқыайдаров Қазыбековпен тағы бір кездесуі жайлы айтты. Қазыбековтың Танашевпен, Мұстафа Шоқайдың тапсырмасымен келген Чайкинмен кездесулері жайлы баяндап береді. «Осыдан соң Қазыбеков 1925 жылға дейін Мәскеуде бұрынғы Петровско-Разумовский академиясында^{1*} оқыды да, шетелге ғылыми іссапарға кетті. 1926 немесе 1927

^{1*} Петровский ауыл-шаруашылық академиясы — Ресей империясының жоғары аграрлық оқу орны. 1923 жылы желтоқсанда КСРО ХКК Петровский ауылшаруашылық академиясын К.А. Тимирязев атындағы

жылы Қазыбеков шетелден оралды, 1927 жылы Қарсақпай ауданындағы Ақшұқыл немесе Қызыл тұрма өңіріндегі, Ағыбаевтардың және Түйебаевтардың ауылына келді. Ағыбаевтардың үйінде Қазыбеков байлардың контрреволюциялық жиналысын өткізді, оған Хасен Қасқабаев, Ахметбек Баймендиев (ол қазір Қарсақпай ауданында малшылықпен айналысуда), Батырбек Баймендин, Нұрмұхамед Оразалин (соңғы екеуі қайтыс болды) қатысты. Осы жиналыста Қазыбаев кеңес билігіне қарсы күресті күшейту туралы мәселені көтерді. Қазыбеков Ағыбаевтардың немере інісі болатын. Оның келуіне орай және Ағыбаевтардың ұлына қыз айттыруына орай арнайы контрреволюциялық жиын өткізу үшін той ұйымдастырылды. «Қазақтарда фабриканттар мен помещиктер жоқ, қазақтардың кәмпескелейтін түгі де жоқ, қазақтар малсыз өмір сүре алмайды, сондықтан кәмпескеге қарсылық көрсету керек, малды бермеу керек, көтеріліс ұйымдастыру арқылы бағынбау керек» деген үгіт насихат жүргізді. Осы ұйымның ісі бойынша 40-тан астам адам тұтқынға алынды» деп көрсетеді. Сонымен қатар Жылқыайдаровтың көрсетуінше Қазыбеков 1928 жылы тұтқыннан қашып құтылады да, екеуі Қызылорда қаласында тұрады, Қазыбеков Қазақ су шаруашылығы, немесе Жер ісі жөніндегі халық комиссариатында, Жылқайдаров Қорғаушылар алқасында қызмет етіп жүріп жиі араласып тұрады. Осы уақытта екеуі кеңестік билікпен күрес жүргізу керектігі туралы жиі талқылап отырады. Өңгіме барысында Қазыбеков шетелге барған кезінде Шоқаевпен кездескені жайында айтты деп көрсетеді. Шоқаев сол кезде оған шетелдерден қолдау іздеу және кеңестік билікпен белсенді түрде күрес жүргізу туралы тапсырма берді деп айтады. Тергеушінің «Қызылордада сіздер кіммен байланыс жасадыңыздар деген сұрағына «контрреволюциялық келіссөздерімізді екеуміз ғана бір-бірімізбен жүргіздік, одан әріге бармадық. Бірақ Қазыбеков Қазақорман шаруашылығы тресінің меңгерушісі Аспандияр Кенжин мен Камал Ысқақовпен жақсы араласып тұрды» деген сипатта жауап береді (*Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том: 2023, 388–390*).

Ө. Байділдинның 1929 жылғы 25 шілде – 1 тамыз аралығында берген тергеу хаттамасында С. Сәдуақасовтың Семей, Қостанай өңіріндегі ұлтшылдық істері жайлы баяндап береді. Сонымен қатар ақмолалық уәкілетті өкілдер Кенжин мен Төлеповтың да осындай жағдайға ұшырағандарын атап өтеді. «Олар біздің жақтастарымыз Қазыбеков, Бейсенов, Ж. Садуақасов (Кеңестердің III съезі кезінде бізден айырылып кетті), Сейдалин, Мұхамедов, Айбасов және тағы басқалардың көмегімен колонизаторларға қарсы күресті бастадық. Олар алашордашыларды белсенді түрді қатарымызға қосып алды. М. Жұмабаевты губерниялық аштықпен күрес комитеті басшысының орынбасары, Тілеулинді губерниялық денсаулық сақтау комитетіне және т. б. жұмысқа алды. Осындай әрекеттері үшін оларды обком кері шақырып алды, ал Қазыбеков партиядан

шығарылды» деп көрсетеді. (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том: 2023, 454-б.).

Д. Әділевтың 1928 жылы 27 желтоқсандағы жауап алу стенограммасында көрсетілгендей: «Иә, кешірім сұраймын, мен ол кезде әлі большевикше ойлана алмайтын едім, нағыз ұлтшыл болатынымын. Бөкейханов Алаш партиясының ұйымдастырған бағдарламасын дамытты. Оған қарсы ол кезде медицина мектебінде оқитын Әлжанов қарсы шықты. Ол орта жастағы адам болатын. Әлжановты Мұқан Әйтпенов және, қателеспесем кейіннен чехословактар Петропавлда атып өлтірген Қазыбеков қолдады» деген мәлімет қалдырады (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том: 2023, 206).

Е. Байғаскин 1929 жылғы 4 желтоқсандағы тергеу ісіндегі жауабында: «1921 жылдың соңы және 1922 жылдың басында кеңестік биліктің барлық шараларында алашордашылар басқа сипатта және басқаша ұйымдастырушылық түрінде жұмыс жүргізді. Ақмола, Семей губернияларындағы атқару комитеттері мен губкомның ұйымдастыру бөлімдерінің барлығының басшылығында алашордашылар отырды. Семей губерниясында Абдулла Бөкейханов, Ақмолада – Қазыбеков Смағұл отырды. Атқару комитеттерін басқарып отырған осылар тек қана қазақ қызметкерлер қатысатын қазақ жиналыстарын өткізетін. Осы мәжілістерде қазақ тұрғындардың арасында жүргізілетін саяси іс-шаралар мен олардың жүргізілу әдістері талқыланатын және шешімдер қабылданатын. Осы жиындарда қабылданған шешімдер партия және кеңес органдарының басшылары арқылы жүзеге асырылатын. Осы сияқты жиындар уездік, болыстық және ауылдық көлемде төменгі тармақтарда өткізілуі тиіс болды, бірақ ол жүзеге аспады. Аталған жиындарды өткізу туралы баспасөз бетінде ашық жарияланып отырды. Осы тақырып туралы Ғаббас Тоғжановтың мақаласы «Еңбекші қазақ» газетінде 1922 жылы жарияланған болатын (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том: 2023, 473-б.).

Д. Әділевтың 1928 жылғы 28 желтоқсандағы жауабында Бірімжанов, Битлеуов, Қазыбеков, Танашевтердің шетелге кеткені жайлы айтады. Оларға ақша, шетелдік мандат, рұқсаттамалар беріліп, Берлинге кетті (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том; 2023, 188-б.).

Ал шетелге оқуға аттанған төртеудің бірі Дамулла Битілеуов 1929 жылғы 3 қаңтардағы жауабында: «Ташкент қаласына келгенімде шетелге оқуға студенттерді жіберіп жатқанын естідім. Менің оқуға қатты әуесім кетті, бірақ ешқандай дайындығым жоқ еді. 4 қазақты жіберу туралы қаулы шығарылғанымен, баратын адам жоқ болғандықтан арыз жаздым да, Алматыға ашыққандарға көмек көрсету ұйымына аттандым, онда ұсақ малды ірі қараға айырбастаумен айналысатын уәкіл болдым. Осы уақытта мен Ташкенттен барлық істі тапсырып, Германияға сапарға кету үшін Ташкентке келу туралы жеделхат алдым. Үйге соқпадым. Қобалжып тұрсам да баруға шешім қабылдадым. Менімен бірге Бірімжанов, Қожановтың әйелінің інісі Мұнайтпасов болды. Бұл екеуінен басқа менімен бірге Қазыбеков барды. Германияға келген соң Бірімжанов ауылшаруашылық факультетіне, Қазыбеков те соған түсті. Бізбен бірге өз қаржысымен барған Танашев деген біреу болды.

Ол Фрейбург қаласында былғары өңдеу мектебіне түсті. Екі айдан кейін оқуын тастап қайтып кетті (*Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том: 2023, 302-б.*).

Тергеу істеріндегі жауаптардан белгілі болғандай С. Қазыбеков бірнеше рет шетелде болғаны айқындалуда. Шетелде болған уақытын: «1929 жылғы ақпаннан қараша аралығында Дәнді дақылдар тресінің бағыты бойынша дәнді дақылдар шаруашылығын зерттеу үшін Америка Құрама Штаттарында ғылыми іссапарда болдым, Нью-Йорк, Чикаго және АҚШ-ң басқа штаттарында болдым, сонымен қатар жол-жөнекей Варшава, Берлин және Парижге соқтым. Варшавада бір тәулік, Берлинде 1–1, 5 аптадай, Парижде 7 күнге жуық болдым. «Шетелде таныстарыңызды кездестірдіңіз бе» деген сауалға «ешкімді кездестірмедім, тек Берлинде Сауда өкілдігінде істейтін омбылық танысым Березовскийді жолықтырдым» деп көрсетеді.

Анықтамалық еңбектерде Смағұл Сүлейменұлының академик Вавиловтың экспедицияларының құрамында болғандығы туралы деректер бар. Ал атақты генетик ғалым, академик Н. Вавилов Түркістан қаласында болғанда С. Қазыбековтың онымен кездеспеуі мүмкін емес. 1933 жылғы 13, 14 мамырда Түркістан қаласында каучук шаруашылықтарын аудандастыру жөніндегі комиссия отырысы өткізілген. Облыстық мемлекеттік архивте сақталған құжатта осылай аталған жиналысқа академик Н. Вавилов төрағалық еткен. Облыстық газет тілшісі Л. Ковалева әлемге әйгілі ғалымның ғылыми ботаникалық-агрономиялық 6 елге жасаған экспедициялары Парсы еліне, Түркістанға және таулы Тәжікстаннан басталғандығын ерекшелеп атап өту қажет дген байлам жасайды (*Ковалева: 2018*).

1937 жылғы 21 маусымдағы хаттамада «Контрреволюциялық ұйымның мүшесі ретінде тұтқындалғаныңызды қабылдайсыз ба» деген сауалға, «жоқ қабылдамаймын» деп жауап береді. 1 тамызда Қазыбековтың контрреволюциялық ұйым туралы көрсететіндігі жайлы акт құрастырылған. «Егер менен айыптауларды алып тастаса, және тұтқыннан босатуға сөз беретін болса, мен контрреволюциялық ұйым туралы айтып беремін» деп айтты (*Алашорда ісі. 1920–1940. Құжаттар мен материалдар. 6 том: 2023, 269-б.*)

«1922 жылы жерге орналастыру мәселесі бойынша таптық принципті есепке алмастан, ауылдың ішінен байларға жер бөліп берді, орыстар мен басқа ұлт өкілдерін шығарып жіберді, осылайша ұлтараздықты қоздырды», «1927–1928 жылдары ғылыми іссапар түрінде контрреволюциялық ұйымдардың тапсырмасымен шетелге барып, ақ эмигрант, контр-ұлтшыл ұйымның жетекшісі Шоқаев Мұстафамен кездесті, оған Қазақстандағы контрреволюциялық жұмыстардың барысын баяндады, сөйтіп одан Қазақстанда контрреволюциялық жұмыстарды жалғастыру туралы тапсырма алды. КСРО-ға қайтып келген соң контрреволюцияшыл ұлтшыл ұйымның жетекшілері Рысқұлов, Нұрмақов, Қожановтарды хабардар етті», «1928 жылы байларды тәркілеу кезінде Қарсақпай ауданының Ақшұқыл деген жерде Агбаев, Х. Қасқабаев (хан, қазір Ауғанстанда эмигрант) және т. б. кездесіп, контрреволюциялық жиналыс өткізді, осы жиында кеңес билігімен ұйымдасқан күрес жүргізуге, контрреволюциялық

жұмысты күшейтуге үгіттеді», Контрреволюциялық жұмысын Шымкент қаласында жалғастырып, контрреволюциялық ұйымның мүшелері Баймұқан Бигенов, Қарсақпаевпен байланыс орнатып, олармен контрреволюциялық жиналыс өткізді», «1936 жылы Ащысай полиметалл комбинаты мен Шымкент қорғасын заводында диверсиялық-бүлдіру тобын Жылқыайдаров арқылы ұйымдастырды. Онымен байланысты шпион Бекарысов арқылы жүргізді», «Контрреволюциялық ұйымға 28 адамды тартты» деген айып тағылды

1938 жылы 19 ақпанда Қазыбековты РКФСР Қылмыстық-атқару кодексінің 319, 320 баптарын басшылыққа ала отырып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8 және 58-11-баптарында көрсетілген қылмысты жүзеге асырды деп ең ауыр жаза – атуға үкім шығарды. Үкім сол күні Шымкент қаласында орындалды (*Алашорда ісі.1920–1940. Құжаттар мен материалдар. 6-том: 2023, 273-б.*).

Әрбір құжаттың, әрбір есімнің артында бір әулеттің, бір елдің тұтас тарихы хатталып жатыр. Тергеу материалдарының әрбір дерегін архив құжаттарымен дәйектеу арқылы, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ қоғамының дамуын зерделеуге мүмкіндік беріледі.

Ғалым, агроном, саяси қуғын-сүргін құрбаны жайлы өмірбаяндық деректер энциклопедиялық сөздіктер мен анықтамалықтарда кездеседі.

Олар: Қарағанды облысының энциклопедиясында: «Смағұл Сүлейменұлы Қазыбеков (1897–1938), қазақтан шыққан алғашқы агроном, биолог-генетик ғалымдардың бірі, академик Н.И.Вавиловтың шәкірті. Жезқазғанның түлегі. Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясын бітірген (1922). 1920-жылдар аяғында Солтүстік және Оңтүстік Америкада Н. И. Вавиловтың ботаника-агрономдық экспедициясының құрамында болған. 1925 жылы ҚазАКСР-да құрылған жер шаруашылығы халық комиссариатында жұмыс істеген. 1925–1926 жылдары Англияға тәжірибе алмасу үшін барған топтың құрамында болды. 1937 жылы тұтқындалды. 1938 жылы ату жазасына кесілді» деп қысқаша қайырады (*Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия, 2006*).

Ал Алматы қаласының Азалы кітабында «1897 жылы туылған. Қарағанды облысы Қарсақпай ауданының тумасы, қазақ, ҚКСР Жер шаруашылығы Халық комиссариатының тұқым тану бөлімінің меңгерушісі. Алматы қ. Тұрған 1938 жылы 19 ақпанда КСРО Жоғарғы Соты Әскери Алқасының Көшпелі соты тұтқынға алған. Атылған. 1957 жылғы 21 желтоқсанда КСРО Жоғарғы соты Әскери Алқасының қаулысымен ақталған» деп көрсетілген. (*Книга Скорби – Азалы Кіман*).

Сонымен қатар интернет желісіндегі деректер базасы мен сайттарда да мәліметтер бар. «Центр Азия Казахстан» сайтында: «Казбеков Исмагул Сулейманович. 1897 жылы туылған, 1938 ж. қайтыс болған. Қарсақпай болысында дүниеге келген қазақ. Омбы ауылшаруашылығы орта училищесін (1912), Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын (?) бітірген. Адай уездік атқару комитетінің төрағасы (08.1921–), Ақмола губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары (10.1921), Ақмола губерниялық атқару

комитетінің төрағасы (17–26.06. 1922). 1922 жылы 19 маусымда Ақмола Губерниялық Бақылау комиссиясының қаулысымен «арақ ішкені, буржуазиялық элементпен байланысы және партиялық этиканы сақтамағаны үшін» партиядан шығарылды. 1922 жылы 24 тамызда РК (б) П Қазақ обкомының төралқасының шешімімен Казбеков (ол?) Адай уездік атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 1926 жылы Ақмола губерниясында басшылық қызметте, 1928 жылы Ақмола округтік халық ағарту бөлімінде (меңгеруші ?) басшылық қызметте. 1920-жылдардың соңында Ташкентте Жер ісі жөніндегі институттың бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. АҚШ-да ұзақ мерзімді ғылыми іссапарда болды. ВАСХНИЛ дің Орта Азия мен ҚКСР бойынша бөлімінің меңгерушісі лауазымында болды. Қазақ Жер ісі институтының тұқымтану бөлімінің меңгерушісі (? –1937). 1937 жылы 21 маусымда (немесе 21 шілде) тұтқынға алынған. 1938 жылы 19 ақпанда КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Алқасының Көшпелі сессиясы Алматы қаласында ең жоғары жазаға кесуге үкім шығарған. Жұбайы – Мағрифа Мырзағұлқызы Казбекова (1903–1982), Орта Азия медицина институтын бітірген, Ташкент (1929), дәрігер, 28.07.1938 жылы 28 шілдеде тұтқындалған. АЛЖИР лазаретінде дәрігер, ал 1943 жылдан бастап меңгерушінің орынбасары, 1945–1947 жылдары –ПХК ГУЛАГ жапон әскери тұтқындарына арналған Балқаш лагерінің лазаретінің меңгерушісі, 1947–1974 – Балқаш қалалық ауруханасының жұқпалы аурулар бөлімінің дәрігері, меңгерушісі қызметтерін атқарды. Облыстық және қалалық кеңестің депутаты. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері» атақтарымен марапатталған. Ұлы Ерден (1927 ж.т.), медицина ғылымдарының кандидаты, қызы Елке (1937 ж.т.) (*Centrasia.org/person*).

1937 жылғы 21 маусымдағы тергеу хаттамасында С. Қазыбеков отбасы жайлы: інім – Мейрамбай Сүлейменов, 16 жаста, әйелім Мағрифа Қазыбекова – Ташкенттегі Тері-венерология институтында дәрігер, аға ассистент, екі кішкене балам бар» деп көрсетеді. (*Алашорда ісі.1920–1940. Құжаттар мен материалдар. 6-том: 2023, 208-б.*).

Ұлы Ерденнің тағдыры әзірге белгісіз. Оның әскери қызметте болғанын төмендегі деректер көрсетеді. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінің карточкасындағы деректер бойынша ол әскери дәрігер қызметін атқарған. Әскери қызметшілердің есепке алу-қызметтік картотекасында: «Ерден Ысмағұлұлы Қазыбеков 1926 жылы 12 мамырда туылған. Туған жері Өзбек КСР, Ташкент облысы, Ташкент қ. Медицина қызметінің аға лейтенанты. Әскерге шақырылған орны: Балқаш қалалық Әскери комиссариаты, Қазақ КСР, Қарағанды облысы, Балқаш қ. Әскери қызметті бастаған уақыты: 27 ақпан 1945 ж. Қызмет еткен бөлімі: 58 зконап 16 сд ОрВО. Қызметті аяқтаған уақыты: 06.04.1950 ж.» деген деректер бар (*ЦАМО. Учётно-послужная картотека*).

Ал қызы Елке жайлы жарияланған мақалада: «балаларды қабылдау-тарату бөлімінде және АЛЖИРде өткізген балалық шағына қарамастан Елке Смақұлқызы өзін бақытты санайды. Оның мейірімді, қамқор күйеуі Мұрат

Оспанов, төрт баласы бар, оларды мақтан тұтады. Елке Смағұлқызы қалалық білім бөлімінде ұзақ уақыт жұмыс істеді, одан соң Жезқазған медицина училищесінде оқытушы және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. «КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталған. Облыстық денсаулық сақтау бөлімі мен Медицина қызметкерлері кәсіподағының орталық комитеті жанындағы Құрмет Кітабына есімі енгізілген Анасы Мағрифа Мырзағұлқызы құжаттары мен пайдаланған заттарын АЛЖИР музейіне тапсырған (*Джуманбаева: 2009*).

Смағұл Сүлейменұлының есімі Қазақстан Ұлттық электрондық кітапхана жүйесінде «Адай уезінің ауыл шаруашылығының ерекшеліктері» атты еңбекті жазған авторлар қатарында аталады. 1926 жылы жүргізілген зерттеулер КСРО Ғылым академиясының қазақстандық экспедициясының топырақтану-ботаникалық отрядының жұмысы туралы есепте көрсетілген. Бұл есептің Адай уезінің аумағы, әкімшілік бөлінуі, халқы, көш-қон жайлы бөлімдерін С. Қазыбеков И. В. Ларинмен, М.М. Ищенко, Б.К. Щелоковпен бірлесіп жазды. Ол мал шаруашылығы бөліміне толықтырулар енгізген. Далалық зерттеулерді агроном С.С. Қазыбеков практиканттар Н.М. Бекетов, Ш.Д. Күсепқалиевпен бірге оңтүстік және батыс Үстірт және Маңғыстауда жүргізген (*Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда: 1928, 4, 5*).

Сонымен қатар Қазақстандық бөлімшенің еңбектері VII шығарылымында жарияланған тізімде көрсетілген. «Естественные корма юго-запади Казакстана. (Материалы по изучению естественных кормовых степей. Часть 1-ая. Поедаемость и химизм (печ.) деп аталады. Бұл еңбекті Н.М. Бекетов, И.Н. Иманалиев, М.М. Ищенко, И.С. Казбеков, Ш.Д. Кусябғалиев, И.В. Ларин, Г. П. Ружейников, Б.К. Щелоков, М. Юнусов бірлесіп дайындаған (*Акад. наук СССР. Ленинград: Издание Академии наук СССР: 1928, 232*).

ҚР Орталық мемлекеттік архивінде Жұмысшы-Шаруа инспекциясының халық комиссары Богдановтың атына жазылған Ауылшаруашылық тобының инспекторы Күсепқалиевтің 1930 жылға арналған көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарды отырықшыландыру жөніндегі практикалық іс-шраларды бақылау мәселесі бойынша 1930 жылы 10 маусымда жасаған баяндау жазбасы сақталған. Аталған құжатта отырықшыландыруға қатысты жұмыстардың барлығын Жер ісі халық комиссариаты мен Колхозсоюзға шоғырландыруды және жұмыстың барлығына жауапты етіп тағайындауды ұсынады. В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашығы академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақстандық бөлімшесінің тапсырмасымен Адай уезінің ауыл шаруашылығының жай күйін зерттеген дадалық экспедиция жұмысына қатысып, ғылыми очеркті бірлесе жазған С. Қазыбеков пен Ш. Күсепқалиевтің^{1*}

^{1*} Күсепқалиев Шайха (Шайхали) Дәулетұлы, 1900 жылы туылған. Қазақ, Батыс Қазақстан облысы, Тайпак тумасы. Білімі жоғары жаратылыстану. Тұтқынға дейін Алматы облысында тұрған. Агроном болып жұмыс істеген. 1937 жылы 5 желтоқсанда ПХК Алматы облыстық 4 бөлімшесі тұтқындаған. ПХК Алматы облысының басқармасының үштігі 1937 жылғы 10 желтоқсанда жаза тағайындаған. Бап: РКФСР ҚК 58-10, 58-11. Ең жоғары жаза тағайындалған. КСРО Жоғарғы Соты 1957 жылғы 20 қыркүйекте қылмыс құрамы болмауына байланысты ақтаған. [https://ru.openlist.wiki/ Кусябғалиев Шайхи Давлетович \(1900\) — Открытый список](https://ru.openlist.wiki/Кусябгалиев_Шайхи_Давлетович_(1900)---Открытый_список). Қаралған уақыты: 14.09. 2025 ж.

жолы Қазақ КСР Жер шаруашылығы комиссариатында тағы да түйісті (*ҚР ОМА. 44-қ. 11-т. 393-іс. 49–52-н.*).

С.С. Қазыбековтың өзінің кәсіби білімін қазақ шаруаларын жерге орналастыру ісімен республиканың әр өңірінде атқарғандығы, тіпті шешуші дауыспен жұмыс істегендігі деректерден мәлім болуда. Атап айтқанда, Кәрім Әлімбаев 1929 жылғы 6 мамырдағы тергеудегі жауабында Түркістан жер істері жөніндегі халық комиссариатының Жетісу губерниясындағы жер реформаларын жүргізу барысы жайлы баяндайды. Топырақтану-ботаникалық зерделеу жөніндегі түрлі экспедицияларды толықтыру жұмыстардың барлығы тек қана Мурзин мен Қазыбеков арқылы атқарылғандығын айтады (*Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том: 2023, 279*).

БК (б) П Қазақ өлкелік комитетінің М. Мурзиннің қызеті туралы дайындаған анықтамасында: «Жер ісі Халық комиссариатының басшылық жұмысында және барлық ұлтшыл зиялылармен (Қазыбеков және Жаманмұрыновпен) байланыста бола отырып, Мурзин жер мәселесі бойынша партия желісін саналы түрде бұрмалайды» деп көрсетеді. Аталған тұлғалардың бұл әрекеті жергілікті жерлердегі пікірлестерін құлшынысын арттырып, кеңестік биліктің жерге орналастыру ісін жүзеге асыруға кедергі келтіреді деп қорытындылайды (*ҚР ПА.141-қ. 17-т. 237-іс. 10, 11-н.*).

Қорытындылар. Адам тағдырының қилы қилы бұралаңдарын қалыпқа келтіруде архив құжаттарының орны ерекше. Тергеу істеріндегі жауаптар соқтықпалы-соқпақты жолмен жүрген жандардың ізін айшықтауға мүмкіндік береді. Тергеу хаттамаларындағы жауаптарды өмірбаян деректері секілді эпистолярлық мұралар қатарына енгізу қажет. Бұл жауаптардың объективтік, субъективтік мәнге ие болуынан. Жауаптарды қатаң түрде, күштеу, қинау арқылы алынды деген күннің өзінде, суыртпақтай отырып, тұлғаның өміріне қатысты беймәлім тұстарды қалпына келтіруге болады. Танымы биік, зейіні зерек зерттеушілер үшін қылмыстық істердегі әрбір дерек құнды. Қылмыстық істерді зерделей отырып, 1929 жылғы қырық төренің айыпталу істері мен 1936–1938 жылдардағы қуғындалған кеңестік билік өкілдерінің қылмыстық істеріндегі жауаптар тарих ақтандақтарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Кейінгі еңбектерінде А. Литвин 1990 жылдардың соңында бұл дереккөзге сыни көзқараспен қарап, тарихи дереккөз ретінде пайдаланудың қажетсіздігі жөнінде мәселе көтереді. Зерттеушінің кейінгі еңбектерінде қолдан құрастырылған құжаттардың өзінен де, тергеу істерінің материалдарының кейбір куәліктерінен суыртпақтай отырып жинақтап нақты мәліметтер табуға болады деп атап өтеді (Литвин: 1995).

1922, 1925, 1929, 1931, 1933, 1936–1938 жылдардағы Коммунистік партия мүшелерінің қатарын тазалаулар барысында ұйымдастырылған партиялық-тергеу істеріндегі деректерде күнделікті тұрмыс баяндалады.

Смағұл Сүлейменұлы Қазыбековтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін архивтік үзік-үзік деректер арқылы жинақтауға ұмтылыс жасалды. Шетелде білім алған, тәжірибе жинақтаған ғалым агрономның соңында қалған ғылыми мұрасын жинақтау алдағы күндердің еншісінде. Арнаулы архивтердегі қылмыстық

істердегі жауаптар арқылы С. Қазыбековтың 1921–1936 жылдар аралығында жүргізген саяси қызметтері туралы мәлімет қорытындыланды. А. Кенжин мен М. Төлеповтың ерекше пікірін талқылаған құжат негізінде Ақмола өңіріндегі қызметі сарапқа салынды. 1922 жылы партиядан шығарылғандығы туралы мәлімет жинақталған республикалық Бақылау комиссиясының партиялық-тергеу ісі қазірше зерттеушілер қолына берілмейді. Республикалық архив қорларындағы жеке істер мен партиялық-тергеу істеріндегі деректер ғылыми айналымға енгізілуі керек.

«Бетеге кетіп бел қалады, ерлер кетіп ел қалады» дегендей, орнында бар оңалар күн алда.

Қазақ оқығандарының XX ғасырдың басында жүргізген ұлт-азаттық жолындағы күресі түрлі бағытта жүзеге асырылды. Қазақстан шшыққан агроном ғалым, саяси қуғын-сүргін құрбаны Смағұл Сүлейменұлы Қазыбековтың аз ғана ғұмырындағы атқарған ісі ел ертеңіне арналды.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві.

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві.

ӘДЕБИЕТТЕР

Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том – Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том. «№ 78754 А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов және басқаларды айыптау ісі. 1927–1930 жж.» / Құраст.: М. Қойгелдиев, Қ. Әлімғазин, З. Мырзатаева, Г. Мұқажанова. Алматы: «Кітап» баспасы, 2023. 572 б., сур. 16 б.

Алашорда ісі. 1920–1940. Құжаттар мен материалдар. 6-том – Алашорда ісі. 1920–1940. Құжаттар мен материалдар. 6-том. Алашорда үкіметі мүшелері мен осы ұстанымдағы тұлғаларды жою шаралары. 1933–1938 жж. Құраст.: М. Қойгелдиев, Х. Әбжанов, Г. Нұрымбетова, З. Мырзатаева, Ж. Өзбеков. Алматы: Кітап, 2023. 504 б. сур. 16 б.

Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том – Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том. «Алашорда жағындағы дәулеттілер». Құраст.: З. Қабылдинов, Қ. Әлімғазин, М. Қалыбекова, Е. Сыздықова. Алматы: Кітап, 2023. 484 б. сур. 16 б.

Джуманбаева, 2009 – Джуманбаева А. Музей скорби и слез. // Подробности. Жезказган. 31 мая 2009 г. URL: <https://www.newsfactory.kz/42468.html>. Қаралған уақыты: 10 қыркүйек 2025 ж.

Книга Скорби – Азалы Кітап. Расстрельные списки – Книга Скорби – Азалы Кітап. Расстрельные списки. Алма-Ата. URL: <https://bessmertnybarak.ru/books/person/415325/>. Қаралған уақыты: 9 қыркүйек 2025 ж.

Ковалева, 2018 – Ковалева Л. Отрасль, которую мы потеряли. Южный Казахстан. 2 февраля 2018 г. URL: https://yujanka.kz/otrasl-kotoruyu-my-poteryali/?ysclid=mfgnw4u0rx_2298_738. Қаралған уақыты: 13 қыркүйек 2025 ж.

Конквест, 1991 – Конквест Р. Большой террор. Книга 1. Издательство: Ракстниекс, 1991 г., 416 стр URL: https://nkvd.tomsk.ru/content /editor/PUBLIKACII/Monografii/Konkvest-1-Bolshoj-terror-Kn-1-Robert-Konkvest-1991 -416s_compressed.pdf?ysclid=mfjk9m86im891092961. Қаралған уақыты: 14 қыркүйек 2025 ж.

Қазақстан халық комиссарлары, 2004 – Қазақстан халық комиссарлары. 1920–1946: Өмірбаяндық анықтамалық. Ред. М.С. Нәрікбаев (жауапты), Л.Д. Дегітаева, Е.М. Грибанова. Құраст.: М.Х. Жақыпов, А.С. Зулкашеа, А.Н. Ипмағамбетова (жауапты), Е.В. Чиликова. Алматы: Қазақ гуманитарлық-заң униеристетінің баспасы, 2004. 499 б.

Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия, 2006 – Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5 URL: ysclid=mfkz2jnw1737203122. Қаралған уақыты: 14 қыркүйек 2025 ж.

Қойгелдиев, 2024 – Қойгелдиев М. Тарихтың күші – деректе. // Егемен Қазақстан. 15 ақпан 2024 ж. URL: <https://egemen.kz/article/358279-mambet-qoygeldi-akademik-tarikhtynh-kush3-derekte>. Қаралған уақыты: 14 қыркүйек 2025 ж.).

ҚР ОМА. 44-қ. 11-т. 393-іс. 49–52-п.

ҚР ПА.139-қ. 1-т. 769-іс. 4–6, 8-п.

ҚР ПА.139-қ. 1-т. 266 а-іс. 90–94-п.

ҚР ПА.141-қ. 17-т. 237-іс. 10, 11-п.

Литвин, 1997 – Литвин А. Российская историография большого террора // У источника: [Сборник] / Отв. ред. С. О. Шмидт. Вып.1. М., 1997. С.546-575. URL: https://www.infran.ru/vovenko/60years_ww2/demogr7.htm. Қаралған уақыты: 13 қыркүйек 2025 ж.

Литвин 1995 – Литвин А.Л. «Следственные дела как исторический источник» в научно-документальном журнале «Гасырлар аязы–Эхо веков». №5. 1995. С.170–176. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sledstvennye-dela-kak-istoricheskiy-istochnik-1?ysclid=mfkz7d8ilh_861597419. Қаралған уақыты: 13 қыркүйек 2025 ж.

Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда: 1928 – Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда: Отчет о работах почвенно-ботанического отряда Казахстанской экспедиции Академии наук СССР: Исследование 1926 года, М.М. Ищенко, И.С. Казбеков, Б.К. Щелоков, И.В. Ларин; [предисл. С.С. Неуструева; под ред. И.В. Ларина]; Акад. наук СССР. Ленинград: Издание Академии наук СССР, 1928. Материалы комиссии экспедиционных исследований. вып. 13. 800 экз. . (в пер.) Библиогр. в подстроч. примеч. Вып. VI .– 215, [5] с., ил., к. (в пер.) : 50 тг. URL: <https://kazneb.kz/index.php/ru/catalogue/view/1549850>. Қаралған уақыты: 9 қыркүйек 2025 ж.

Спан, 2000 – Спан Ә. Жалау Мыңбайұлы; [жалпы ред. басқ. Қ. Сыдиықұлы]. Алматы: Информ-Арна, 2000. 246 б., [4] п. сурет.

Сүлейменова, 2012 – Сүлейменова Ә. Аспандияр кенжин: Ғасырлар тоғысындағы тағдыр (1887–1938). Алматы: Елтаным, 2012. 240 б.

Сүлейменова, 2014 – Асфендияр Кенжин. Сборник документов и материалов. [сост. А. Т. Сүлейменова]. Алматы: Елтаным, 2014. 344 с. 4 л. ил.

Centrasia.org/person2 – URL: <https://centrasia.org/person2.php?st=1284903772&ysclid=mfcuf1pcmd409074666> Постоянный адрес биографии.

Қаралған уақыты: 9 қыркүйек 2025 ж.

ЦАМО. Учётно-послужная картотека – Құжаттың реквизиттері: ЦАМО. Учётно-послужная картотека. Шкаф 375. Ящик 40. Казбеков Эрден Исмагулович. URL: <https://poisk.re/person/officers/7170684?ysclid=mfculex9wk775178953>. Қаралған уақыты: 9 қыркүйек 2025 ж.

Sources

CSA RK – Central state archive of the Republic of Kazakhstan.

PA RK – PA RK – Archive Of The President Of The Republic Of Kazakhstan.

References

Alashorda case. 1920–1940. Documents and materials. Volume 1 – Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том. «№ 78754 А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов және басқаларды айыптау ісі. 1927–1930 жж.». [Alashorda case. 1920–1940. Documents and materials. Volume 1. «Case No. 78754 against A. Baitursynuly, M. Dulatov and others. 1927–1930.».]. / Comp.: M. Koygeldiev, K. Alimgazinov, Z. Myrzataeva, G. Mukazhanova. Almaty: Kitap, 2023. 572 p., fig. 16 p. (In Rus.).

Alashorda case. 1920–1940. Documents and materials. Volume 6 – Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 6-том. Алашорда үкіметі мүшелері мен осы устанымдағы тұлғаларды жойу шаралары. 1933–1938 жж. [Alashorda case. 1920–1940. Documents and materials. Volume 6. Measures to eliminate members of the Alashorda government and individuals in this position. 1933–1938.]. Comp.: M. Koygeldiev, H. Abzhanov, G. Nurymbetova, Z. Myrzataeva, Zh. Ozbekov. Almaty: Kitap, 2023. 504 p. fig. 16 p. (In Rus.).

Alashorda case. 1920–1940. Documents and materials. Volume 9 – Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том. «Алашорда жағындағы дәулеттілер». [Alashorda case. 1920–1940. Documents and materials. Volume 9. «The rich on the Alashorda side»] Comp.: Z. Kabyldinov, K. Alimgazinov, M. Kalybekova, E. Syzdykova. Almaty: Kitap, 2023. 484 p. fig. 16 p. (In Rus.).

Span, 2000 – Span Ә. Жалау Мыңбайұлы [Span A. Zhalau Mynbayuly]. [General editor. K. Sydiykhuly]. Almaty: Inform-Arna, 2000. 246 p., [4] p. pictures. (In Kaz.).

Suleimenova, 2012 – Сүлейменова Ә. Аспандияр Кенжін: Ғасырлар тоғысындағы тағдыр (1887–1938). [Aspandiyar Kenzhin: Fate at the Turn of the Centuries (1887–1938)]. Almaty: Eltanym, 2012. 240 p. (In Kaz.).

Suleimenova, 2014 – Асфендияр Кенжин. Sbornik dokumentov i materialov. [Asfendiyar Kenzhin. Collection of documents and materials.]. Comp. A.T. Suleimenova] Almaty: Eltanym, 2014. 344 с. 4 л. country. (In Kaz., Rus.).

Centrasia.org/person2 – URL: <https://centrasia.org/person2.php?st=1284903772&ysclid=mfcuf1pcmd409074666> Permanent bio address. Viewed: 9 September 2025. (In Rus.).

Dzhumanbayeva, 2009 – Dzhumanbayeva A. Muzey skorbi i slez. // Podrobnosti. Zhezkazgan. 31 maya 2009 g. [Dzhumanbaeva A. Museum of sorrow and tears. // Details. Zhezkazgan. May 31, 2009.]. URL: <https://www.newsfactory.kz/42468.html>. Viewed: September 10, 2025. (In Rus.).

Karaganda. Karaganda region: Encyclopedia, 2006 – Qarağandı. Qarağandı oblısı: Ėnciklopediya. [Karaganda. Karaganda region: Encyclopedia.] Almaty: Atamura, 2006. ISBN 9965-34-515-5</ref>. URL: ysclid=mfkz2jnw1737203122. Viewed: September 14, 2025. (In Kaz.).

Kniga Skorbi – Azaly Kitap. Rasstrel'nyye spiski – Kniga Skorbi – Azaly Kitap. Rasstrel'nyye spiski. Alma-Ata. [Book of Sorrow – Azaly Kitap. Execution lists. Alma-Ata] URL: <https://bessmertnybarak.ru/books/person/415325/> Viewed: September 9, 2025. (In Rus.).

Koygeldiev, 2024 – Qoygeldiev M. Tarixtiñ küşi – derekte. [Koygeldiev M. The power of history is in the evidence]. // Egemen Kazakhstan. February 15, 2024. URL: <https://egemen.kz/article/358279-mambet-qoygeldi-akademik-tarikhtynh-kush3-derekte>. Viewed: September 14, 2025. (In Kaz.).

Kovaleva, 2018 – Kovaleva L. Otrasl', kotoruyu my poteryali. Yuzhnyy Kazakhstan. 2 fevralya 2018 g. [Kovaleva L. The industry we lost. South Kazakhstan. February 2, 2018.]. URL: <https://yujanka.kz/otrasl-kotoruyu-my-poteryali/?ysclid=mfgnw4u0rx2298738>. Viewed: September 13, 2025. (In Rus.).

Konkvest, 1991 – Konkvest R. Bol'shoy terror. Kniga 1. [Conquest R. The Great Terror. Book 1. Publisher: Rakstnieks, 1991, 416 pp.]. URL: https://nkvd.tomsk.ru/content/editor/PUBLIKACII/Monografii/Konkvest-1-Bolshoj-terror-Kn-1-Robert-Konkvest-1991-416s_compressed.pdf?ysclid=mfjk9m86im891092961. Viewed: September 14, 2025. (In Rus.).

RK OMA. 44-q. 11-t. 393-is. 49–52-p.

RK PA.139-q. t. 1. 769-is. 4–6, 8-p.

RK PA.139-q. 1-t. 266 a-is. 90–94-p.

Litvin, 1995 – Litvin A.L. «Sledstvennyye dela kak istoricheskiy istochnik». ["Investigative files as a historical source."]. «Voice of Centuries - Echo of Ages». No. 5. 1995. P.170–176. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sledstvennyye-dela-kak-istoricheskiy-istochnik-1?ysclid=mfkz7d8ilh_861597419. Viewed: September 13, 2025. (In Rus.).

Litvin, 1997 – Litvin A. Rossiyskaya istoriografiya bol'shogo terrora // U istochnika: [Sbornik]. [Russian historiography of the Great Terror // At the source: [Collection] Rev. ed. S. O. Schmidt. Issue 1. M., 1997. P. 546-575. URL: https://www.infran.ru/vovenko/60years_ww2/demogr7.htm. Viewed: September 13, 2025. (In Rus.).

Peculiarities of Agriculture in Adayevsky District: 1928 – Osobennosti sel'skogo khozyaystva Adayevskogo uyezda: Otchet o rabotakh pochvenno-botanicheskogo otryada Kazakhstanskoy ekspeditsii Akademii nauk SSSR: Issledovaniye 1926 goda.

[Peculiarities of agriculture in Adayevsky district: Report on the work of the soil-botanical detachment of the Kazakhstan expedition of the USSR Academy of Sciences: Research of 1926]. Comp.: M. M. Ishchenko, I. S. Kazbekov, B. K. Shchelokov, I. V. Larin; [foreword by S. S. Neustruev; edited by I. V. Larin]; Academy of Sciences of the USSR. Leningrad: Publication of the Academy of Sciences of the USSR, 1928. Materials of the expeditionary research commission. Issue 13. 800 copies . (in translation) Bibliography in interlinear notes. Issue VI .– 215, [5] p., ill., k. (in translation). URL: <https://kazneb.kz /index.php/ru/ catalogue/ view/1549850>. Viewed: September 08, 2025. (In Rus.).

People's Commissars of Kazakhstan, 2004 – Qazaqstan xalıq komıssarları. 1920–1946: Ömirbayandıq anıqtamalıq. [People's Commissars of Kazakhstan. 1920–1946: Biographical Directory.] Ed. M.S. Narikbayev (responsible), L.D. Degitaeva, E.M. Gribanova. Comp.: M.Kh. Zhakypov, A.S. Zulkashea, A.N. Ipmagambetova (responsible), E.V. Chilikova. Almaty: Publishing House of the Kazakh Humanitarian-Law University, 2004. 499 p. (In Kaz.).

TsAMO. Accounting and service card index – K, ūzhattyñ rekvizitteri: TSAMO. Uchotno-posluzhnaya kartoteka. Shkaf 375. Yashchik 40. Kazbekov Erden Ismagulovich. [– Kuzhattyn requisites: TsAMO. Accounting record file. Cabinet 375. Box 40. Kazbekov Erden Ismagulovich] URL: <https://poisk. re/person /officers/ 7170684? ysclid= mfculex9wk775178953>. Accessed: September 9, 2025.

АҚТӨБЕ ӨңІРІНДЕГІ «КІШІ ҚАЗАН» ҚАСІРЕТІ

Сәрсембин Үмбетқан Қуандықұлы¹

¹Философия ғылымдарының кандидаты Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Ақтөбе қ.. E-mail: Sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

Түйіндеме. Мақалада Ф. Голощекин Қазақстанды басқарған 1925-1933 жылдары елімізде бұрын-соңды болып көрмеген қасірет орнағандығы; халыққа қарсы революциялық зорлық – зомбылыққа негізделген «Кіші қазан» халыққа қарсы бағдарламасы салдарынан халық аштан қырылғандығы деректер негізінде зерделенген.

Автор Ақтөбе өңіріндегі «Кіші қазан» қасіретін архив деректері негізінде зерделеген. Зерттеу негізінде бір ауданның өзінен тең жартысынан астам адамның еріксіз мәжбүрлі босқынға айналғаны, кейбір аудандарда бұдан да көп мәжбүрлі босқындар болу мүмкіндігін дәйектеген. Мақалада ашаршылық 1925 жылдан бастап мықтап қолға алына бастаған, яғни күштеп жүргізілген большевиктік-сталиндік саясаттың ең шегіне жеткен кезеңі екендігі түйінделеді.

Сонымен қатар, ашаршылық кезінде ет, етке мал дайындау жоспары қасақана ұлғайтылғандығын; аудандардан 1931 жылдың өзінде қыс айларында мыңдаған тонна ет өндіру талап етілгендігін; 1929 жылы халықтың мал-мүлкі түгелдей тартып алынып болғандығын; халық мүддесіне қарсы саясаттың астарында қоғамды «абсурдтық күйге» түсіру тәсілдерінің жатқандығын деректермен талдаған.

Автор бұрын байға, ишандарға, интеллектуал адамдарға, өзіне, қолындағы малына, үйіндегі дүние-мүлкіне сенген халықты еркінен айыру үшін революциялық зорлық-зомбылыққа негізделген саясат жүргізілгендігін дәйектеген.

Кілт сөздер. Саяси қуғын-сүргін, байлар, ишандар, ерік, мүдде, ашаршылық, тәркілеу және т.б.

ТРАГЕДИЯ «МАЛОГО ОКТЯБРЯ» В АКТЮБИНСКОМ РЕГИОНЕ

Сарсембин Умбеткан Куандыкович¹

¹Кандидат философских наук, заведующий кафедрой Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова. Казахстан, г. Актобе, e-mail: Sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

Аннотация. В статье на основе архивных и документальных источников анализируется, что в период руководства Ф. Голощекина Казахстаном (1925–1933 гг.) в стране развернулась беспрецедентная по масштабам трагедия. В результате реализации антинародной программы «Малый Октябрь», основанной на революционном насилии и принудительных методах, значительная часть населения оказалась обречена на массовое голодание и гибель.

Автором на архивных материалах исследуется специфика проявления «Малого Октября» в Актюбинском регионе. Исследование показывает, что в одном лишь районе более половины жителей были вынуждены стать беженцами, а в отдельных районах их число могло быть ещё выше. Делается вывод, что процесс, приведший к массовому голоду, начал формироваться уже с 1925 года, то есть в период, когда политика большевистско-сталинского принуждения достигла своего апогея.

В статье также раскрывается, что в годы голода планы по заготовке мяса преднамеренно увеличивались; что от районов в зимние месяцы 1931 года требовали производство тысяч тонн мяса; что к 1929 году у населения был полностью конфискован скот и имущество. На основе фактических данных показывается, что за данной антинародной практикой скрывались методы преднамеренного доведения общества до «абсурдного состояния».

Автор обосновывает, что для лишения населения социальной и экономической опоры — включая прежнее доверие к баям, ишанам, интеллигенции, а также к собственному труду, скоту и имуществу — применялась политика, основанная на революционном насилии и репрессивных механизмах.

Ключевые слова: политические репрессии, бая, ишаны, воля, интерес, голод, конфискация и др.

IRSTI 03.20

THE TRAGEDY OF THE "SMALL OCTOBER" IN THE AKTOBE REGION

Sarsembin Umbetkan Kuandykuly¹

¹Candidate of philosophical Sciences, head of the Department of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov. Kazakhstan, Aktobe. E-mail: Sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

Abstract. Drawing on archival and documentary sources, the article analyzes the unprecedented tragedy that unfolded in Kazakhstan during the leadership of F. Goloshchyokin (1925–1933). As a result of the anti-popular “Little October” program—rooted in revolutionary violence and coercive methods—a significant portion of the population was driven into mass starvation and death.

Using archival materials, the author examines the specific manifestations of the “Little October” campaign in the Aktobe region. The study demonstrates that in a

single district more than half of the population was forced into displacement, and in some districts the number of such refugees may have been even higher. The article concludes that the processes leading to widespread famine began as early as 1925, marking the period in which Bolshevik–Stalinist coercive policies reached their peak.

The article further reveals that during the famine years meat procurement plans were deliberately inflated; that districts were required to produce thousands of tons of meat even in the winter months of 1931; and that by 1929 all livestock and property had been fully confiscated from the population. Based on factual evidence, the study shows that these anti-popular policies employed methods intentionally aimed at reducing society to a state of “absurdity.”

The author argues that a policy grounded in revolutionary violence and repressive mechanisms was implemented to deprive the population of its social and economic foundations—including its traditional reliance on *bais*, *ishans*, the intelligentsia, and on its own labor, livestock, and property.

Abstract. Political repression, *bais*, *ishans*, will, interest, famine, confiscation, etc.

Кіріспе. Ф. Голощекин Қазақстанды басқарған 1925-1933 жылдары елімізде бұрын-соңды болып көрмеген қасірет орнады. Халыққа қарсы революциялық зорлық – зомбылыққа негізделген «Кіші қазан» халыққа қарсы бағдарламасы салдарынан халық аштан қырылды. Әлі күнге дейін 1930-1933 жж. ашаршылықтан қырылған адамдардың санын анықтай алмаудамыз.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесі тарапынан қолға алынған «Қазақстандағы Кіші қазан» халыққа қарсы революциялық зорлық-зомбылық бағдарламасы және оның зардаптарын іргелі зерттеуге бағытталған ғылыми -зерттеу жұмыстары қуантарлық іс.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Жалпы ғылыми әдістер (талдау, дедукция, жалпылау) мен арнайы тарихи әдістер (тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік), сондай-ақ архивтік дереккөздерді талдау, историографиялық талдау, контент-талдау, сапалық әдістер және сандық әдістер қолданылады. Зерттеудің әдіснамалық негізін объективтілік, тарихилық, ғылымилық және жүйелілік қағидаттары құрайды.

Нәтижелер. 1925-1930 жылдардағы большевиктік –сталиндік билік жүргізген саясат жан-жақты әрі терең зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелердің бірі. Күрделі болып отырған себебі адам шығынының көптеп орын алуына себеп болған кеңес өкіметінің қасақана жүргізген саясаты екенін күні кешеге дейін айта алған жоқпыз. Тәуелсіздік алғаннан бері тарихшы ғалымдарымыз зерттеуде. Бірақ әлі күнге дейін қанша адамның кеңестік саясаттың құрбаны болғаны белгісіз. Кейбір деректерден (ОГПУ-дың құжаттары) белгілі бір уақыт аралығындағы (екі-үш ай, бір ай немесе бір апта мерзімі) өлген адамдар санын келтірген мәліметтерді кездестіріп қаламыз. Осының өзінен кеңес үкіметінің 1929-1930 жылдардағы жүргізген саясатының

салдарынан еріксіз босқынға айналған халықтың, адамдар санын көрсетпеу үшін «қожалық» деп жазғанын байқаймыз.

Ашаршылықтан кейін ОГПУ-дің құжаттарында қожалықтардағы адамдардың саны көрсетілген деректер де кездесіп қалады. Осы азғандай мәліметтің өзінде бір ауданның өзінен тең жартысынан астам адамның еріксіз босқынға айналғаны көрініп тұр. Кейбір аудандарда бұдан да көп болуы мүмкін. Ашаршылық бұл 1925 жылдан бастап мықтап қолға алына бастаған, яғни күштеп жүргізілген большевиктік-сталиндік саясаттың ең шегіне жеткен түрі, кезеңі деп айтуға болады. Бас аяғы 5-6 жылдың ішінде елді, халықты қандай күйге түсіргенін көріп отырмыз. Қоғамға қысымның күшейгені сондай ашаршылық кезінде ет, етке мал дайындау жоспары қасақана ұлғайтылған. Аудандардан 1931 жылдың өзінде қыс айларында мыңдаған тонна ет өндіру талап етілген.

1933 жылы 24 қыркүйекте «Социалдық жол» газетінің №208 (395) санында «1933 жылдың III тоқсанындағы ет дайындау жұмысының барысы туралы. Қазақстанның өлкелік партия комитетінің биылғы сентябрдің 14-күнгі қаулысы» тақырыбында көлемді мақала жарияланған. Сонда ет, етке мал дайындау жоспарының ашаршылық кезінде қасақана ұлғайтылып, күшпен талап етілгені байқалады. Мақалада былай делінген: «Өлкелік комитет III тоқсандағы ет дайындау жоспарының орындалуы нашар, тіпті көңіл қанағаттанарлық емес деп біледі (Шығыс облысы 30,9 процент, Оңтүстік 38,3 процент, Ақтөбе 41,7 процент, Батыс 44,2 процент, Қарағанды 64,0 процент, Алматы 69,7 процент, бүкіл өлкедегі 44, 1 процент. Әсіресе совхоздардың жоспарды орындауы тіпті нашар, жоспарлары тірідей салмақпен есептегенде 7611,2 тонна, орындағандары 3416,8 тонна, яғни жоспардың 44,9 проценті ерекше міндеттеу бойынша 3600 тонна орнына орындағандары 2096,2 тонна, яғни тоқсандық міндеттің 32,2 проценті ғана).

Бірқатар аудандар аудандар мал дайындау жоспарын орындауға большевикше кірісудің орнына, шынына келгенде, ет салығын орындау ісін мүлдем тоқтатып қойды, ет дайындау сықылды ірі маңызды ең керекті (II айдағы жоспардың орындалуы мынадай шамада).

..... ауданы 20,9%, Зыйран 55,2%, Қатонқарағай 65,2%, Ақбұлақ 53,7%, Темір 61,8%, Семезор 64,8%, алакөл 43,9%, Лепсі 48,9%. Бір спыра аудандарда және жеке облыстарда мал дайындау ісіне партия басшылығы көрсетімегендіктен, ет комбинаттарына мал жөнелтіп тұру жұмысы доғарылып қалып отыр. Өнеркәсіпті аудандарға мал жөнелту жайында партия мен үкіметтің берген нқсқауларын облыстар мен аудандар орындамады. Жөнелтуге тиісті уәкіл Қазақстанда 11538 танны еді, Орындағаны 5348,3 тонны, яғни орындағаны 50,7% оның ішінде Шығыс облысы 26,5%, оңтүстік 26%, Қарағанды 46%, Алматы 54%. Мал дайындау ісінің өте нашар орындалуының үстіне аудандар дайындалған малдың өзінде әртүрлі сылтаумен жер жерде бөгеп қалуда, партия мен үкіметтің міндеттеген жұмыстарын орындауға жөнді шаралар қолданбауда. Мәселен Павлодар, Зыран, Катонқарағай, Өскемен, Шымкент, Қызылорда, Түркістан, Талдықорған, Үржар және Лепсі сықылды аудандар Ленинградқа ет жіберу

жұмысын мүлдем қойып алған....». Осындай деректер аудандардағы партия отырыстарының хаттамаларынан да кездеседі.

Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 1929 жылы халықтың мал-мүлкі түгелдей тартып алынып болған. Енді қалғаны азғантай мал болмаса, малдың барлығы 1928-1929 жылдары тәркілеу кезінде тартып алынған. Бірақ соған қарамастан ел тегістей ашаршылыққа ұшырап жатса да ет жоспары қасақана ұлғайтылған. Бұндай саясаттың арғы жағында қоғамды «абсурдтық күйге» түсіру тәсілдерінің жатқаны түсіну қиын емес. Бұрын байға, ишандарға, интеллектуал адамдарға, өзіне, қолындағы малына, үйіндегі дүние-мүлкіне сенген халықты еркінен айыру үшін осындай күйге түсіру көзделген.

1931 жылы 9-шы қаңтарда өткен Ырғыз аудандық партия комитетінің бюро отырысында аудандағы ет дайындау жоспарының орындалуы қаралған. Сонда былай делінген: «Аудандық атқару колмитетінің малға шарт жасау, мал дайындау бойынша 1931 жылғы январдан-сентябрге дейін көрсеткен ірі қара 9936 - бас жеке кварталдағы дайындалған 2155 - бас ірі қара қосылғанда 12901 бас болады / 30 жылы 1 октябрен 31 жылы 1 октябрге дейін өлкелік жоспарға кіргізіліп жасалғандықтан жеке кварталдікі қосылып отыр /. В / қой 1830 бас болып және Қарабұтақ ауданына өлкелік жоспардың 3-тен бірін яғни 9000 ірі қара 10110 уақ /жай/ ірі қара белгілеп жоспарды бекітуде.

Қазір жұмыскерлерді етпен жетістіру жағдайының нашарлығын ескеріп, бұл январ-февралда екпінділікпен дайындық жұмысты жүргізуде. Ау-атком пракциясының январ-февральға жасаған мал дайындау жоспары 1436 бас ірі қара. Бұл жылдық жоспардың 14,4 % пайызы ақ, сондықтан ау-атком пракциясының жоспарды қайта қарап өсіруге тапсырамын. Кемінде жылдық жоспардың январ-февральда 25% дайындалатын болсын. Байларға беріліп отырған ірі қара жоспары 592 бас, жылдық жоспардың 5,9 %-ті ақ, бұл тіпті кемітіліп жіберген. Байлардың ет малын /ірі қара, қой/ басқа малға /түйе, жылқыға/ аударып отырғандығын және байлардың малының санын дұрыс есептемеген. Сондықтан ау-атком пракциясына байлардың жоспарын, әсіресе январ-февралда өсірк хаты тапсырылсын. Бұл жөнінде өлкелік партия комитетінің 22 декабрдегі бір түрлі малын екінші түрлі малға аударуға болады деген хаты жолдансын. Барлық ауылдық кеңестерге. Айрықша кварталды бітіріп 1931 жылға кіріп отырмыз. Сол уақыт жеке кварталдың ішіндегі бастаған саяси шаруашылық жұмыстары – мал дайындау, жүн дайындау жарғысына тағы басқа шикі зат дайындау жұмыстары бітіріліп осы кварталдың жұмысы аяқталсын» [1. 3.4 пп.]. Бұдан әрі халыққа қысымды күшейту, қайткенде де ет жоспарын орындау, байларды соттау, тапсырманы орындамаған уәкілдерге де, аудандардағы халық соты өкілдеріне қысым көрсету қаралған. Құжатта соңғы уақытта байлар аз сотталған деген деректер кездеседі. Осы жерде тағы да 1931 жылы Наурыздың 5-і күні өткен Ырғыз аудандық партия комитетінің бюро отырысның қаулысын келтірсек, құжатта мынадай шешімдер бар: «Қаулы: Марттың 5-не дейін мал дайындық жоспарының 49/% ғана орындалған. Бұл жағдай еш қанағаттандырғандай емес. Осымен қатар соңғы 5 күндіктен әрі әкімшілік ауылдардан ақпар келмеген. Байлардың міндетті жоспарды

орындаулары әлі күнге дейін 35% ақ. Бұларға еңбекшілер..... болмаған. Олардың малдарын сатып, сойып кемсітушілермен қатты күресу жоқ. Қарабұтақ ізінен сотталған байлардың есебі жоқ. Ондағы халық соты байды соттауды бүтіндей жойып отыр.

Ауыл кеңестерімен уәкілдер байларға қысым көрсету орнына байды орташа есебінде жасырып жақтап отырғандары бар, /15-16/ ауыл кеңес хатшылары байлардың жоспарын өздеріне толық орындатпай отырған. Осыларды ескере келіп бюро төмендегі қаулыға келеді:

1. Мал сою жұмыстарының тоқталуымен мал дайындық жұмыстары шабандамай, айрықша артық большевиктік екпінмен күшейтілсін. Соңғы он күн ішінде барлық мал дайындық жоспарларын негізімен орындап болу, дайындық орындарымен уәкіл, ұя, топ, кеңес, қоғам ұйымдарына міндеттелінсін.

2. Байлардың жоспарды толық орындамауымен малды сойып, сатып кемітулеріне қарсы еңбекшіл ұйымдастырылып ауылдағы көпшілік қысымы күшейсін. Сотқа жеткен істер тез қаралып болсын. Бұл жөнінде ауылдық уәкілдерге айрықша түсінік берілсін.

Ауылатком практикасы әсіресе малды сойып сатып кемсітумен күрес ретінде, кеңестерге, уәкілдерге міндетті жұмыстар тапсырады. Байды орташа көрсетпек болып жасырғандығы анықталған 15-16 ауыл кеңес хатшыларына көрнекті сот жүргізіп қызметтерінен алу ауыл-атком практикасына тапсырылсын.

3. 5 күндік сайын жоспарды орындалу ақпарын толық бермей отырған ауылдық уәкілдер айрықша ескерілсын. Бұлардың айыптылары партия, кеңес қолымен тығыз түрде жауапқа тартылсын.

4. Ау-атком практикасына тапсырылсын тығыз түрде тәртіп беріп келіп отырғандардан даярланатын малдарды жоспардан тысқары даярлауды дайындық, кеңес орындарымен уәкілдерге міндеттелсін. Байлардан дайындалған мал, соңғы өлкеден келген тәртіптер бойынша ауылдық жоспардан тысқары болып саналады. Сондықтан ауылдық жоспар байлардікін есептемей қалған шаруалардың өзіне орындалсын.

Көп ауылдарда байлардың сиыр, қой жоқ деп қолындағы қалған жылқыларын, түйелерін саттырып отырғандары сезіледі /11 ауыл/. Бұдан былай байлардың қолындағы малдары саттырылмай тапқызылсын. Таппаған күнде қолындағы барлық малы хатталып дереу сотталсын.

5. Дайындық орындарына міндеттелінсін осы кезге дейін болып келген мал алу, зат беру жөніндегі сорақы жөнсіздіктер тез ретке салынсын.

The above is an example of the spiritual fortitude of Kazakh imams and kazis, ishans and tauips, who served the faith and believers in Soviet times, overcoming the pressure of the supervisory authorities. They healed the souls and bodies of the flock, supported faith in people and thus will remain in the history of the country. The firmness of spirit, the strength of faith, supported by the knowledge gained in Bukhara madrassas, at Cairo's al-Azhar University, characterize these opinion leaders. They generously fed life-giving ideas to people who had almost lost hope of being treated fairly by the state. Ordinary Kazakh workers experienced incredible difficulties, and sometimes a miracle saved them from arrests and camps. Thus, a devoted student, Smagul Sadvokasov, pre-empted the arrest of his teacher, and Sadvokas Gilmani took custody of the children of his deceased friend, Beisembai kazha. Earthly and heavenly things, prayers and advice were all interspersed in the hell of the "Little October" and the "Great Terror" ...



Photo: the author of the article interviews the son of Zhakiy kazha,

Zeynullah imam, Kokshetau.

The descendants of Zhaki kazhi Beisembayev – his sons Gabdulla, Khairulla, Zeynulla, Seyfulla, daughters Shamiya and Galiya - honor the memory of the older generation. Almost all of them followed in the footsteps of Beisembai's grandfather, Zhakia's father, and his mentor, S. Gilmani. The middle son named Khairullah studied for seven years in Cairo at al-Azhar University (Egypt), now the naib is the imam of the Kalkaman Mosque in Almaty. Daughter Shamiya was born in the Syrian capital of Damascus, the girl's name was given by Saduakas Gilmani, it is derived from the Arabic "Shams" (Syria). The youngest son named Seifullah is an imam in the village of Novoishimka in the Gabit Musrepov district of the North Kazakhstan region. This is the power of life and great faith, when even the families of Kazakh priests doomed by the Soviet government were able to survive and take their rightful place in society. A unique example where a combination of circumstances and perseverance helped people resist the system.

References

Gilmani, Saduakas. Wikipedia.

<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%93%D1%8B%D0%BB%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D0%B8,%D0%A1%D0%B0%D0%B4%D1%83%D0%B0%D0%BA%D0%B0%D1%81>

GARF ГАРФ – The State Archive of the Russian Federation. Moscow.

Gylmani S. History of the life of scientists who existed in our time / Ed. A. K. Muminov, A. J. Frank. Alma-Ata: Dyke-Press, 2015. Vol. 1. Joseph, 2016-Joseph Kalkoz. "I don't know," he said. 2016. April 21. <https://arka-azhary.kz/2016/04/21/din-dep-tken-azhyrly-t-l-a-edl/>

Information from the Authorized Council for Religious Affairs under the Council of Ministers of the USSR for the Kokchetav region of the Kazakh SSR Z.A. Alibekov to the Council for Religious Affairs under the Council of Ministers of the USSR on the passage of the Muslim holiday. GARF. F. R-6991. Op. 6. D. 4581. L. 4-5.

Islam in the territory of the former Russian Empire. Encyclopedic dictionary. Moscow: 2006, 2018.

Muminov, 2018 - Muminov A.K. The scientific heritage of Hanafi scientists of Central Asia and Kazakhstan. Astana: Foundation for the Support of Spiritual Values, 2018. 216 p.

FMA, 2025 – Field materials collected during an expedition to Kokshetau and the Akmola region in 2025.

**КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН СЕНУШІЛЕРДІҢ
ТАҒДЫРЫ**
СУДЬБЫ ДУХОВЕНСТВА И ВЕРУЮЩИХ В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ
THE FATES OF THE CLERGY AND BELIEVERS IN SOVIET KAZAKHSTAN

ҒТАХР 03.20

**ҚАЗАҚ МОЛДАЛАРЫНЫҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ «АМАН ҚАЛУ»
СТРАТЕГИЯСЫ (ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІ)**

Гүлдана Абайқызы Мамбетова¹, Әшірбек Құрбанұлы Мүмінов²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, (34-үй, Молдағұлова даңғ., 030000 Ақтөбе, Қазақстан), Тарих факультетінің PhD докторанты, <https://orcid.org/0000-0002-2075-4331>, E-mail: guldanamambetova@gmail.com

²Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы (ИРСИКА), Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ОИС), (Носараға Mah. Alemdar Caddesi No. 15, Bâbüâli Girişi, Cağaloğlu-Fatih, 34110, İstanbul, Türkiye), Тарих ғылымдарының докторы, доцент, Орталық Азиядағы қызмет бойынша кеңесші, <https://orcid.org/0000-0002-3430-928X>, E-mail: muminov9703@yahoo.com

Түйіндеме. *Kіріспе.* Мақалада кеңес үкіметінің қазақ жеріндегі діни тұлғаларға қатысты жүргізген қудалау саясаты барысындағы XX ғасырдағы Қазақстан молдаларының «аман қалу» стратегиясы талданады. Соңғы үш жылдықта Мемлекет басшысының тапсырмасымен тарихымыздың ақтаңдақ кездеріндегі жазықсыз қудаланған, атылған бай-кулак, дінбасылар, яғни XX ғасырдың 20-30 жылдардың саяси құрбаны болған жандарды толық ақтау, олар туралы деректерді жинау, біріктіру процестері жүзеге асуда. Аталған мәселе жан-жақты зерттеуді талап етеді. Себебі репрессия, жазалау кезінде көптеген молда, діни қызметкерлеріміз ең алдымен жеке басын, отбасын сақтап қалу мақсатында көршілес мемлекеттерге шекара өтіп кетуге мәжбүр болды, тіпті кейбіреулерін әдейі басқа мемлекеттерге мәжбүрлеп қудалау шаралары болғанын мұрағат құжаттары дәлелдеп отыр.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Кеңестік биліктің жалпыға міндеттеген атеистік көзқарасын қабылдап, дінмен күресте осалдық танытудың өзі Қазақстан молдарының «аман қалу» стратегиясы болып табылады, яғни діни көзқарастағы қарапайым халықтың аман қалуы үшін, қазақ жеріндегі діни жағдайдың, дін өкілдерінің кеңестік биліктің жүргізген атеистік саясатына бейімделу арқылы, түрлі трансформациялану жағдайында қазақ жеріндегі ислам дінінің сақталып, өмір сүруге деген талпынысын дәлелдеу аталған мақаланың мақсат-міндеттерін құрап отыр. *Нәтижелер.* Отаршыл мемлекеттің әскеріне де, саясатына қарсы тұру қиынға соғатынын білген қарапайым діни бірлестіктер кеңес билігінің барлық шығарған ережелері мен тыйымдарын еш қарсылықсыз қабылдады. Кей жағдайларда мұрағат беттерінде көтерілістер мен

қарсылықтардың болғанын көруге болады. Алайда, ондай жағдайда тез басылып, кеңестік әскер тарапынан жаншылып отырды. Мақала жазу барысында салыстырмалы анализ, тарихилық, жүйелілік әдістері қолданылды. Авторлар отандық тарихнамадағы «аман қалу» стратегиясы туралы жазып жүрген тарих ғылымдарының докторы, профессор Мүмінов Әшірбек Құрбанұлының еңбектері мен Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің құжаттары, сондай-ақ, мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен саяси-құрбандарды толық ақтау жөніндегі комиссияларының қорытынды материалдары негізінде ұсынылып отыр. Алға қойылған мақсатымызға жету үшін, алдымен «аман қалу» стратегиясының сипаттамасы, сондай-ақ кеңес билігінің дінбасыларға қатысты ұстанған саясатын, жалпы дінге және діншілдікке қатысты саясатының мән-мағынасы да қарастырылды. *Қорытынды.* Ислам діні қазақ халқының тарихында, әсіресе кеңестік билік жүргізген қудалау, отарлау саясатқа негізделген атеистік қоғамға бетбұру кезеңінде маңызды рөл атқарып, ұлтымыздың салт-санасын айқындауға үлес қосты. Қазақ халқының рухани болашағына бағыт-бағдар беріп, Кеңес Одағы ыдырағанға дейін түрлі трансформациялық өзгерістерге ұшырай отыра, Қазақстанның батыс өңірінің діни қайраткерлері мен молдаларының түрлі әлеуметтік, саяси жағдайларға бейімделу арқылы жүзеге асып отырған қызметтері нәтижесінде ислам діні идеологиялық қару рөлін атқарып келді.

Кілт сөздер: «ишан», «аман қалу» стратегиясы, «ОГПУ», саяси құрбандар, диаспора, «қызыл террор», колониализм, діни трансформация, мәжбүрлі босқындар».

МРНТИ 03.20

СТРАТЕГИИ «ВЫЖИВАНИЯ» КАЗАХСКИХ МУЛЛ В XX ВЕКЕ (ПО МАТЕРИАЛАМ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА)

Гүлдана Абайқызы Мамбетова¹, Аширбек Курбанович Муминов²

¹Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, (д. 34, пр. Молдагуловой, 030000 Актобе, Республика Казахстан), PhD докторант исторического факультета, <https://orcid.org/0000-0002-2075-4331>, E-mail: guldanamambetova@gmail.com

²Исследовательский центр по исламской истории, искусству и культуре (ИРСИКА), Организация исламского сотрудничества (ОИС), (Nocarpaşa Mah. AlemdarCaddesi No. 15, Bâbüâli Girişi, Cağaloğlu-Fatih, 34110, İstanbul, Türkiye), доктор исторических наук, ассоциированный профессор, консультант по деятельности в Центральной Азии, <https://orcid.org/0000-0002-3430-928X>, E-mail: muminov9703@yahoo.com

Аннотация. *Введение.* В данной статье анализируется стратегия «выживания» казахских мулл в XX веке в ходе политики советского правительства в отношении духовенства на казахской земле. В последние три

года по поручению Главы государства идет процесс полной реабилитации, осуществляется сбор данных невинно преследуемых и расстрелянных байкулаков, религиозных деятелей, политических жертв 20-30-х годов XX века. Этот вопрос требует комплексного, тщательного исследования. Потому что во время репрессии и гонения многие наши муллы и религиозные лидеры были вынуждены бежать через границу в соседние государства, чтобы спасти себя и свои семьи, и даже некоторых из них сознательно заставляли выезжать в другие государства в ходе репрессии, об этом свидетельствуют архивные документы.

Цель и задачи исследования. Принятие повсеместно навязываемого советской властью атеистического взгляда и демонстрация уязвимости в борьбе с религией является стратегией «выживания» казахских мулл, т. е. выживания религиозно настроенного простого народа, чтобы сохранять ислам в стране и в первую очередь спасти самого себя и свою семью. Это связано с тем, что обычные религиозные общины, зная, что противостоять армии и политике колониального государства будет трудно, поэтому без возражений принимали все правила и запреты, издаваемые советской властью. В некоторых случаях на архивных материалах можно увидеть небольшие бунты и протесты религиозных лидеров. Однако в такой ситуации он был быстро подавлен и разгромлен со стороны советской армии.

Результаты. В ходе написания статьи использовались методы сравнительного анализа, историчности, систематизации. Авторы представляют ее на основе работ доктора исторических наук, профессора Муминова Аширбека Курбановича, писавшего о стратегии «выживания» в отечественной историографии, и документов Актюбинского областного государственного архива, а также итоговых материалов комиссии по полному оправданию политических жертв по специальному поручению главы государства. Для достижения заявленной нами цели прежде всего рассмотрелось значение термина стратегии «выживания» и политики советской власти в отношении духовенства, политики в отношении к религии в казахской земле и религиозности в целом.

Выводы. Ислам сыграл важную роль в истории казахского народа, особенно в период перехода к атеистическому обществу, основанному на гонениях и колониационной политике советской власти, и способствовала определению обычаев нашего народа. Направляя духовное будущее казахского народа и претерпевая различные преобразующие изменения вплоть до распада Советского Союза, ислам сыграл роль идеологического оружия в результате деятельности наших религиозных деятелей и мулл западного региона Казахстана, адаптируясь к различным социальным и политическим условиям.

Ключевые слова: «ишан», стратегия «выживания», «ОГПУ», политические жертвы, диаспора, «красный террор», колониализм, религиозная трансформация, «вынужденные беженцы».

STRATEGIES OF "SURVIVAL" OF THE MULLAHS OF KAZAKHSTAN IN THE TWENTIETH CENTURY (THE WESTERN REGION OF KAZAKHSTAN)

Guldana Abaikyzy Mambetova ¹, Ashirbek Kurbanovich Muminov²

¹K. Zhubanov Aktobe Regional University, (34, Moldagulova av., Aktobe, 030000 Republic of Kazakhstan), PhD student of the Faculty of History, <https://orcid.org/0000-0002-2075-4331>, E-mail: guldanamambetova@gmail.com

²Research Centre for Islamic History, Art and Culture (IRCICA), Organization of Islamic Cooperation (OIC), (Hocapaşa Mah. Alemdar Caddesi No. 15, Bâbiâli Girişi, Cağaloğlu-Fatih, 34110, İstanbul, Türkiye), Dr. Sciences (History), Associate Professor, Consultant on Organizational Activities (Central Asia), <https://orcid.org/0000-0002-3430-928X>, E-mail: muminov9703@yahoo.com

Abstract. *Introduction.* This article analyzes the strategy of "survival" of the Kazakh mullahs in the twentieth century in the course of the Soviet government's policy towards the clergy in the Kazakh land. At present, on behalf of the Head of State, the process of full justification is underway, data are being collected on innocently persecuted and executed Baikulak, religious figures, political victims of the 20-30s of the twentieth century. *Goals.* This issue requires a comprehensive, thorough study. Because during the repressions and punishments, many of our mullahs and religious leaders were forced to flee across the border to neighboring states in order to save themselves and their families, and even some of them were deliberately forced to travel to other states during the repression, this is evidenced by archival documents.. Acceptance of the atheistic view imposed by the Soviet authorities everywhere and demonstrating vulnerability in the fight against religion is a strategy for the "survival" of the Kazakh mullahs, that is, the survival of the religiously inclined common people in order to preserve Islam in the country. This is due to the fact that ordinary religious communities, knowing that it would be difficult to resist the army and the policy of the colonial state, therefore, accepted all the rules and prohibitions issued by the Soviet government without objection. In some cases, small riots and protests can be seen on the archive pages. However, in such a situation, he was quickly suppressed and defeated by the Soviet army. In the course of writing the article, were used the methods of comparative analysis, historicity, and systematization. *Result.* The authors present it on the basis of the works of the Doctor of Historical Sciences, Professor Muminov Ashirbek Kurbanovich, who wrote about the strategy of "survival" in domestic historiography, and the documents of the Aktobe regional archive, as well as the final materials of the commission for the full justification of political victims on special instructions from the head of state. To achieve the stated our goal will first of all consider the significance of the policy of the Soviet government in relation to the clergy, the policy in relation to religion in the Kazakh land and religiosity in general. *Conclusions.* Islam played an important role in the history of the Kazakh people, especially during the transition to an atheistic society based on the persecution and colonization policies of the Soviet regime, and helped define the customs of our people.

Guiding the spiritual future of the Kazakh people and undergoing various transformative changes until the collapse of the Soviet Union, Islam played the role of an ideological weapon as a result of the activities of our religious leaders and mullahs of the western region of Kazakhstan, adapting to different social and political conditions.

Key words: «ishan», «survival» strategy, political victims, diaspora, «red terror», colonialism, religious transformation, «forced refugees».

Кіріспе. Кеңес үкіметі әкімшіл – әміршіл жүйеге сүйеніп, большевиктік партия билігі қоғамның барлық саласында идеологиялық диктат, қатаң бақылау жасау саясатын жүргізгенін білеміз. Сонымен бірге қазақ халқын шоқындыру мен орыстандыруға бағыттаған коммунистік партияның «солақай саясаты» ғалымдар, бай-кулактар, дінбасы молдалар, әскерилер, т.б. қоғамның барлық әлеуметтік топтарын XX ғасыр басында жазықсыз қудалады. Бұл мақала ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әр ұлтқа тіл, дін, діл және жазу керек деп айтып кеткеніндей, қазақ қоғамының маңызды рухани бөлігі - дінімізге қатысты болып отыр, соның ішінде ел тарихындағы репрессиялар мен жазықсыз қудалауға ұшыраған әлеуметтік топ өкілдерінің бірі – молдалардың тарихи тағдырына арналады. Кеңестік биліктің атеистік көзқарасын қабылдап, дінмен күресте осалдық танытудың өзін қазақ молдарының «аман қалу» стратегиясы ретінде қарастыра отырып, яғни діни көзқарастағы қарапайым халықтың аман қалуы үшін жасалғанын, қазақ жеріндегі діни жағдайдың, дін өкілдері лидерлерінің кеңестік биліктің жүргізген атеизм саясатына бейімделу арқылы, діни трансформациялану жағдайында қазақ жеріндегі ислам дінінің сақталып, өмір сүруге деген талпынысын дәлелдеу біздің мақаламыздың мақсат-міндеттерін құрап отыр. Себебі отаршыл мемлекеттің әскеріне де, саясатына қарсы тұру қиынға соғатынын білген қарапайым дін басшылары кеңес билігінің барлық шығарған ережелері мен тыйымдарын қарсылықсыз қабылдауға мәжбүр болды. Қазақстанның батыс өңіріндегі көтерілістер мен қарсылықтардың болғанын мұрағат беттерінен көруге болады. Алайда, ондай жағдайда тез басылып, кеңестік үкіметі тарапынан жаншылып отырды. Белгілі деректанушы Қ. Атабаев айтқандай, қазақ халқының бодандыққа еш уақытта көнбеген, бостандық үшін күресе білген халық екенін екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу – қазақ тарихшыларының алдында тұрған жауапты міндет екенін естен шығармауымыз қажет. Себебі, Ресей билігінің кеңестік кезеңіндегі исламға қатысты саясатының бір ерекшелігі - отарлық саясаттың күшейген тұстарында қатыгездік сипатта болғанын көрсету болып табылады.

Соңғы үш жылдықта Қазақстанда кеңес үкіметінің билігі кезіндегі дінге қарсы күрес, тарихымыздың ақтандақ тұстары – репрессияға ұшыраған бай, кулактар, ашаршылық жылдарының құрбандары, жазықсыз жазаланған, түрлі айып тағылған дінбасы, молдалардың тағдыры көптеп зерттелуде. Себебі жана Қазақстанда тарихқа көзқарас таптық емес, өркениетті, объективті жазылуы тиіс. Осы орайда Президент Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы құрған комиссиясының қорытынды

материалдарында тақырыбымызға қатысты құнды деректер бар. Сонымен қатар, ауызша тарих, Oral history деп жатамыз, еліміздің тарихының осындай күрделі кезеңдерін сипаттауда, оларды зерттеуде маңызды орын алатын маңызды зерттеу әдістерінің бірі. Деректанулық маңыздылығы жоғары болып табылатын құнды еңбектерде қазіргі таңда көптеп қолданылып жүр. Себебі бір ғасыр бұрын кеңестік отаршыл саясат құрбандарына айналған тұлғалардың ұрпақтарының естеліктері, интервью, заманхаттарын алдыңғы орындарға қою арқылы, жаңа мәнге, жаңа көзқарастар арқылы тарихи зерттеулерге екінші дем беруге болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Тәуелсіздік алғанға дейін, кеңестік авторлардың еңбектері мемлекеттің дінге қарсы саясатын қолдауға және насихаттауға, атеистік дүниетанымды негіздеу мен орнықтыруға, және үгіттеуге бағытталып келді. Көптеген еңбектер 1920-1930 жылдардағы Кеңес үкіметінің атеистік тәжірибесін сипаттауға арналып, зерттеулер ескі және жаңа дүниенің элементтері ретінде кеңес мемлекетінің діні мен идеологиясының үйлесімсіздігі идеясын ұсынды. Мақала дайындау барысында сол себепті таптық көзқарастағы емес, кеңес үкіметінің отаршылдық саясаты жағдайында исламның қазақтардың өмірінен шеттелуіне байланысты жазылған қазақстандық тарихшылардың заманауи зерттеулері мен диссертациялары деректік қорымыздың бірінші тобын құрайды. А.С. Жанбосынованың (Жанбосынова, 2010) зерттеулері Қазақстанның Шығыс өңіріндегі мемлекет-дін қарым-қатынастары мен осы өңірде жүргізілген қудалау саясатын талдайды. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысындағы діни қызметкерлердің қудалауға ұшырауына байланысты «Репрессивная политика Советского государства в 20-50 е годы XX века» (на примере Восточного Казахстана) кандидаттық диссертациясында репрессияға ұшыраған тұлғаларды ұлтына, діни қызмет статусына, атқаратын жұмыс орындарына, тағылған айыптарына байланысты толық талдау жасаған (Жанбосынова, 2010: 255-259 бб). Г.М. Раздыкова (Раздыкова, 2007) қазақтардың мұсылмандық білім беру жүйесі мен этникалық құрамын зерттесе, З.Г. Сактаганова (Сактаганова, 2017) кеңес мемлекетінің дін саясаты, формалары мен әдістерін талдап, дінге қарсы күрестің заңнамалық негіздемесіне баса назар аударады. XX ғасыр екінші жартысындағы діни ахуал толығырақ қарастырылып, кеңестік қазақстандықтардың күнделікті өміріндегі исламның рөлі белгілі бір кезеңдердегі белсенді дінге қарсы күресіне қарамастан, Қазақстанның әртүрлі аймақтарында дін өте маңызды болды деп тұжырым жасайды. Зерттеуші А.М. Садыкованың (Садыкова, 2015) Қазақстандағы діни мекемелердің мемлекеттен бөлу саясатының жүзеге асырылуын зерттеп, қарастырылып отырған мәселеге қатысты шетелдік, кеңестік, қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне тарихнамалық талдау жасайды, ал, А. А. Мустафаеваның (Мустафаева, 2013) зерттеуінде Қазақстанның тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңдеріндегі исламның қайта жаңғыруының ішкі факторы ретінде идеологиялық вакуумды толтыру қарастырылса, сыртқы фактор ретінде мұсылман елдерімен дипломатиялық қатынастардың орнатылуын көре аламыз. С.У.Бақторазов, (Бақторазов, 2022, 2023) кеңес үкіметінің Қазақстанның оңтүстік өңірінде жүргізген қуғын-сүргін (1917-1939 жж) саясатын зерттей келе, репрессияға

ұшыраған тұлғаларға этникалық талдау жасаған, 70-тен аса қудаланған өзбек азаматтарының тізімін көрсетеді. Ал, зерттеуші С.Д. Дильманов (Дильманов, 2003) еңбегінде репрессияланған қазақ молдаларының түзету-еңбек лагерлеріндегі өмірі туралы мәліметтер келтірілген.

Кеңес өкіметінің орнаған алғашқы күндерінен бастап мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың екіжақты сипаты туралы Сақтағанова З.Г., Мажитова Ж.С., Аймахов Е.Н (Сақтағанова және басқалар, 2017:191-200) жазады. Отандық тарихнамада З.Сәдуақасованың еңбектері Ресей самодержавиесінің Оңтүстік Қазақстандағы діни саясаты мен Түркістандағы «мұсылман мәселесін» шешу мәселелеріне арналып, зерттелген (Сәдуақасова, 2002: 85-92).

Қазақстан тәуелсіздік алғалы ислам тарихы мен қазақ жеріндегі эволюциясына қатысты көптеген еңбектер жазылып, айтылмаған тұстары тарих беттеріне қайта шыға бастады. Соңғы үш жылдықта Қазақстанда кеңес үкіметінің билігі кезіндегі діни жағдай, тарихымыздың ақтаңдақ тұстары – репрессияға ұшыраған бай, кулактар, ашаршылық жылдарының құрбандары, жазықсыз жазаланған, түрлі айып тағылған дінбасы, молдалардың тағдыры көптеп зерттелуде. Себебі жаңа Қазақстанда тарихқа көзқарас таптық емес, өркениетті, объективті жазылуы тиіс. Сондықтан да, қазіргі отандық тарихнамада исламның қазақ жеріндегі рөлі мен маңызы туралы ғылыми мәселелер көптеп зерттеліп, отан тарихындағы таптық тұрғыда емес, шынайы деректер тобының қатарын толықтыруда. Осы орайда Президент Қ.К.Тоқаевтың арнайы тапсырмасы бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы құрған комиссиясының қорытынды материалдарында аталған тақырыбымызға қатысты құнды деректер бар. Сол себепті де аталған құжаттық жинақтардың 5, 21, 32, - ші томдары мақала дайындау барысында қолданылды.

Ауқымды, нақты тарихи фактілерді қажет ететін мәселемізге қатысты мәліметтер ҚР-ның Президенттік архивіндегі 141-қор (Қазақ өлкелік комитеті), Ақтөбе мемлекеттік облыстық архивіндегі 3-ші қор (Мұсылман депутаттарының Ақтөбе аудандық атқару комитеті), 4-ші қор (Жұмысшы, шаруа және қызыл әскер депутаттары кеңесінің Ақтөбе губерниялық атқару комитеті), 13-қорынан (Ақтөбе қаласының пролетарлық аудандық халықтық бақылау комитеті) алынды.

Зерттеу тақырыбымызға қатысты мәліметтердің келесі бір тобына Ақтөбе облысының Мемлекеттік архиві мен Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне қарасты «Руханият» орталығында сақталған материалдары жатады. Онда «Сталиндік репрессия» кезінде қудаланған молдалар мен дінбасылар туралы біршама деректер сақталған. Кеңестік биліктің дінге қатысты қатыгез саясатының нәтижесінде туған жерін тастап Ресей жеріне қашып, тірі қалу мақсатында қызметін, аты-жөнін жасыруға мәжбүр болған молдалар мен ишандардың ұрпақтары өз ата-бабалары туралы мәліметтерді іздестіруде. Зейнеткер, өлкетанушы, Ақтөбе облыстық тарихи – өлкетану музейі жанындағы «Руханият» клубының төрағасы, 2016 жылы құрылған «Аманат» экспедициясының жетекшісі, діни қайраткерлердің өмірінен зерттеу

жұмыстарын жинақтап, республикалық «Тұран-тв» түсіру тобымен Ақтөбе облысы аумағындағы көне мешіт медреселер және онда қызмет еткен ахундар мен хазіреттер, дін өкілдері туралы 5 бөлімнен тұратын «Аманат» фильмінің жоба жетекшісі – Абдуллина Жібек апайымыз солардың бірі болып табылады. Сондай-ақ, Сталиндік репрессия кезінде қудаланып, кейіннен Қарақалпақ, Өзбекстан жерлерін паналап, діни қызмет атқарған аталарын зерттеп жүрген Ақтөбе облысы, Шалқар ауданындағы «ұстаздардың ұстазы» атанған Әбдіғалым ишанның немересі Махмут Әбдіжәлиұлы мен өлкетанушы Жібек Абдуллинаның интервьюлері мақаламыздың деректік қатарын толықтырып отыр. Себебі, қазіргі таңда ауызша тарих көптеген тарихи зерттеулерді тәуелсіз елдің тарихы тұрғысынан саралап, зерттеуде шынайы деректердің көбеюіне үлесін қосып отырғаны сөзсіз.

Мақала жазу барысында тарих ғылымында қалыптасқан тарихилық, объективтілік, жүйелілік принциптері басшылыққа алынып, колониализм теориясы қолданылды. Сонымен бірге зерттеу барысында нақты-салыстырмалы талдау, сипаттау, деректің шынайылық деңгейін анықтау, интервью алу әдістері қолданыс тапты. Объективтілік принципі мақаламызда қозғалыстың сипатын ашып, салдарлары мен нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеудің әдіснамалық негізі пәнаралық көзқарас болып табылады. Себебі, пәнаралық көзқарас жаратылыстану және қоғамдық ғылымдардың әдістерін тарих, гуманитарлық ғылымдарда табысты пайдалануға мүмкіндік беріп отыр.

Талқылау. Отандық тарихнамада мақаламызда қолданып отырған «аман қалу» стратегиясы термині тар мағынада қолданылып жүр. Себебі шетелдік көптеген ғалымдар бұл терминді негізінен биология, психология, генетика, экология, экономика салаларында кеңінен пайдаланады. Украиналық зерттеуші Н. Кузовова «өмір сүру» стратегиясы терминін (стратегия выживания) мағынасын тарих ғылымында 1932-1933 жылдардағы ашаршылық тарихын зерттеуде қолданудың перспективалары мен практикасын қарастыра отырып, тарих ғылымында нақты анықтамасы жоқ екенін айтады (Кузовова, 2022: 96-106). Алайда «аман қалу» стратегиясын тарих ғылымында қолданылуын ауызша тарих, баяндау, естеліктермен бөлісу секілді әдістермен тығыз байланысты зерттеу керек. Себебі, біз қарастырып отырған мәселеде қуғын-сүргінге ұшыраған, жазықсыз жазаланған әлеуметтік топ өкілдері діни қызметкерлердің ұрпақтарының естеліктері, мемуарлары мен ата-бабаларының баяндаған естелік әңгімелері құнды деректер тобына жатар еді. Сондай-ақ естеліктер, күнделіктер, жеке жазбалар мен заманхаттардың басты ерекшелігі – пайда болу негізі жағынан жеке адамдық деректер тобына жатқандықтан, олар аса субъективті болып келеді. Себебі, жеке адамның замандастары және келешек ұрпақ үшін өзі қатысқан тарихи оқиғалардағы іс-тәжірибесін көрсету ондағы өзінің орнын ой елегінен өткізу, болған оқиғаларды адамның жадында қалпына келтірудің ерекше құралы ретінде маңыздылығы жоғары. Осы орайда Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің қызметкері Н.А.Артеменконың 2020 жылғы мақаласындағы ауызша тарих пен адам жадының арақатынасы, травматикалық тәжірибедегі баяндау ерекшеліктерін талдай келе, «бір дәуір ұстанатын белгілі-

бір ұғымдар мен терминдер бар және мұндай ұстану сол дәуірдің диагнозы, заманның белгісі ретінде әрекет етеді» - деген тұжырымдамалары ойға келеді (Артеменко, 2020:14-33). Автор адам жадындағы естеліктерді белгілі-бір травматикалық жағдайды баяндайтын әңгімелерге теңеп, жеке, тіпті ұлттық, әлеуметтік бірегейлікті бұзуға алып келетін деструктивті мәселелер қатарына жатқызған. Сол себепті де, репрессияға ұшыраған діни қызметкерлердің ұрпақтары үшін, жалпы кеңес үкіметі билігі тарапынан қуғындалған ата-бабалары туралы еске алу қиын екендігін, ұрпақтарының санасына травматикалық естеліктерді баяндау психологиялық түрде оңай болмағандықтан, қоғамда аз айтылып, зерттеліп жүргенін мойындауымыз керек. Қазақстан тарихында аталған терминді алғашқылардың бірі болып қолданып жүрген тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.К.Мүмінов болды. Тарихшы ғалым «аман қалу» стратегиясы ұғымын Ресейдің кеңестік және патшалық кезеңіндегі дінбасылар мен молдаларына қарсы жүргізген саясатын зерттеуде пайдалануда. Жалпы, Ә.К. Мүміновтың (Мүмінов, 2007, 2017, 2019) зерттеулерін аталған мәселені зерттеудегі тарихнамалық маңызды зерттеулер тобына жатқызуға болады.

Ислам – Ресейдегі және одақ территориясындағы православиеден кейінгі екінші үлкен дін болғандықтан кеңес халықтарының мұсылман бөлігі мен большевиктер арасындағы қарым-қатынастардың дамуын көптеген шетелдік, орыс, қазақ авторлары зерттеді. Таптық идеологияны насихаттауға бағытталған кеңестік еңбектерде бұл термин мүлде қолданылмайды.

Аталған терминге қатысты көршілес Қырғызстан мен Якутия тарихын зерттеуде қолданылған еңбектермен салыстырар болсақ, «Стратегия выживания Якутских интеллигенции в XX веке» атты монографияда 1930-1940 жж. Ресей билігі тарапынан якут халықтарының білімді зиялы өкілдеріне тағылған айыптар мен қуғындау басталғаны жазылады. Якуттардың жоғары білім алуға қызығушылығы, олардың қоғамның барған сайын күрделене түскен әлеуметтік құрылымына бейімделуге ұмтылысын көрсетті. Себебі, Якут АССР-інде жоғары білімі бар мамандардың саны 1955 жылы 5,2 мың адамнан 1985 жылы 61 мың адамға дейін өссе, оның ішінде инженерлер 1,3 мыңнан 25,1 мыңға дейін, агрономдар, ветеринарлар, орманшылар 0,3 мыңнан 3,3 мыңға дейін, дәрігерлер 0,7 мыңға дейін, мұғалімдер, мәдениет қызметкерлері мен кітапханашылар 8 мыңнан 20,6 мыңға дейін өскен екен. Алайда, 1960 жылдан кейін Якут АССР-де мектептердегі білім беру жүйесі орыс тіліне ауысқаннан кейін, өз тілін білмейтін интеллигенция өкілдерінің саны өскен болатын (Иванов, 2007:186-187). Бір жағынан якут зиялы өкілдерінің қалыптасқан саяси-идеологиялық жағдайдағы «аман қалу» стратегиясын тіл мәселесіне қатысты зиянды пайдасыз жақтарын көруімізге болады. Бұл мәселеден ел тарихындағы ұқсас тұстарын байқаймыз, себебі, атеистік қоғам құру мақсатындағы күрестер мен жүргізілген ауқымды әрекеттерден, мектептерде, университеттерде білім алған сауатты, зиялы қазақ жастарының арасында Якутиядағы сияқты тіл мәселесімен қатар, діни сауатсыздықтың орын алғанын көре аламыз.

Көршілес Қырғызстанның 2010 жылы Ош қаласында болған қақтығыстан өзбек қауымының аман қалу стратегиясы ретінде – некені қарастырған қызықты бір мақала бар. Ол жерде Өзбекстанмен шекаралас қырғыз елінің оңтүстігіндегі Ош қаласында тұратын өзбек қыздарды ата-анасы күштеп, ертерек некеге отыруына жағдай жасағаны айтылады, себебі 2010 жылы Ошта этникалық қақтығыс кезінде жыныстық зорлық-зомбылықтар өте көп болғандықтан, өзбек қауымы Оштағы өз қауымын құрметтеу, әйелдерді сексуалды зорлық-зомбылықтардан қорғау, оларды болдырмау мақсатында, жергілікті өзбектер неке қиюды ұлт ретінде «аман қалудың» бір жолы ретінде пайдалана бастағанын мақала авторы интервью әдістері бойынша зерттеген (Исмаилбекова, 2016:158).

Ресей тарихнамасындағы аталған терминге қатысты тарихи зерттеулерге келер болсақ, 1992 жылы Хельсинки университетінің әлеуметтік саясат институтының қызметкері Т.Пирайнен Санкт-Петербургке фин-ресейлік бірлескен ғылыми жобаны ұйымдастыру ұсынысымен Ресейге келіп, түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында қалалық отбасылардың «аман қалу» әдістері мен стратегияларын зерттейтін бірлескен жобамен айналысады (Быстрова және басқалар, 1995:143-165). «Құрылымдық өзгерістер және өмір сүру стратегиялары: Ресейдегі нарықтық қатынастарға бейімделу» жобасының негізгі мақсаты - азаматтардың күнделікті өмірінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге жауап ретінде нарықтық экономикаға көшуге әзірленген стратегиялардың барлық кешенін сипаттау және талдау болып табылды. Зерттеудің орталық тақырыбы (өмір сүру стратегиялары туралы) екі кіші жобамен толықтырылды: біріншісі нақты әлеуметтік мәселелерді зерттеуге қатысты, екіншісі - өмір сүру стратегиясының құрамдас бөлігі ретіндегі әлеуметтік желілер және олардағы өзгерістерді зерттеген. Осы орайда өзгермелі жағдайларда халықтың өмір сүру стратегияларын шартты түрде 3 негізгі кезеңге бөліп зерттейді.

1. Пассивті әлеуметтік бейімделу.

2. Өміріндегі түбегейлі өзгеріс.

3. Эскапизм – өмірдегі жағымсыз, қызықсыз нәрселерден аулақ болу, күнделікті өмірден, шындықтан қашу.

Стратегиялардың аталған осы үш нұсқасы да респонденттердің яғни біздің мақаламыздағы репрессияланған діни тұлғалар мен олардың ұрпақтарының мінез-құлқындағы ауытқулармен бірге жүзеге асырылып, естеліктер мен олар туралы жазылған еңбектер, мақалаларды талдау барысында пайдаланылатын болады. Сол себепті әр тұлғаның, әр қудаланған діни қызметкерлер мен молдалардың белгілі-бір мекенге, елге бейімделуі немесе қуғын-сүргін кезіндегі «аман қалу» стратегиясы жеке, қайталанбас құбылыс екенін ескеруіміз керек.

Бұл термин сонымен бірге Ресей тарихында екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистік блокадада қалған Санкт-Петербург қаласының тұрғындарына қатысты зерттеулерінде кеңінен пайдаланылып жүр.

Нәтижелер. Отандық тарихнамада Қазақстан территориясында исламның таралуын, қазақ даласында салынған мешіттердің тарихы және дінбасылардың өмірі мен кеңес билігінің Қазақстандағы дінге қатысты саясатын зерттеуге

арналған көптеген еңбектердің бар екендігі жоғарыда айтылған болатын. Алайда, ол еңбектер мен зерттеудерде қуғынға ұшыраған молдалардың, діни тұлғалардың өмірбаяны мен ұрпақтары туралы мәліметтер жалпылама зерттелген.

Тағы бір архив құжаттары негізінде жазылған «Ақтөбе өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін зобалаңы» атты Мемлекет басшысының тапсырмасы нәтижесінде жарық көрген «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Ақтөбе облысы бойынша жарық көрген еңбегінде кеңестік билік тұсында қуғын-сүргін зардабын көрген топ дәстүрлі дін өкілдері де болғаны айтылады. Дәстүрлі дін өкілдері – молдалар, хазіреттер, ишандар 1916-1917 жж. ұлт-азаттық және Алаш қозғалысына рухани және қаржылай қолдау беріп, 1918-1921 жж. Азамат соғысы жылдарындағы қалыптасқан қиындықтармен тікелей күрес жүргізді. Олар 1927-1928 жж. Кеңес үкіметінің елдегі барлық ауыл шаруашылығы мен материалдық ресурстарды тәркілеу науқанына қарсылық танытып, шаруашылығын (мал-мүлкін) сақтап қалу мақсатында оңтүстік бағытқа қарай (Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Ауғанстан) көшуді ұйымдастырғаны жөніндегі деректерді келтіреді. (Көшеров және басқалар, 21-том, 2022:5).

Ақтөбе облысында 500-ден астам дәстүрлі дін қызметкерлері сайлау құқығынан айырылған. Оның мұсылмандық бағытта 400-ден астам болса, христианшылдық бағытта 100-ге жуық дін өкілдері сайлау құқықтары болмаған. 1931-1933 жылдары аштыққа қарсы қозғалысты адам күштерін жұмылдыру арқылы барынша Кеңес үкіметіне қарулы қарсылық таныту мен басшылық қызметті ұйымдастыру жағдайларына байланысты 1933-1938 жылдары дін қызметкерлері 3 жылдан 10 жылға дейін еңбек лагерлеріне қамалды, кейбірі әскери жағдайға байланысты Кеңес үкіметіне қарсылық танытқандары үшін соттың шешімінсіз, тек үштіктің бұйрықтарымен атылды. Осылайша, дәстүрлі дін өкілдері кеңес өкіметінің жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргіннің құрбандары болды (Көшеров және басқалар, 2022:7).

1937 жылдары репрессияны күшейтуге сылтау ретінде КСРО Жоғарғы Кеңесіне сайлау да пайдаланылды. Осылай республика прокуратурасының ерекше бөлімінің ақпаратында: «Кейбір жерлерде тап жауларының қалдықтары сталиндік конституцияға қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізуге тырысуда, олар сонымен қатар сайлау комиссиясының мүшелеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастыруда. «Кейбір жерлерде сайлау комиссияларының құрамына репрессияланған байлар, молдалар және басқа да қашқан-пысқандардан тұратын қылмыскер элементтерді кіргізуге талпынулар болып, аты-жөндерін өзгерту арқылы сайлаушылардың тізімін шатастыру және бұл тізімге жүздеген сайлаушыларды қоспау жағдайлары орын алды» (Көшеров және басқалар, 2022:9-10).

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдарында репрессия кезінде көршілес мемлекеттерге өтіп кеткен, діни көзқарастағы тұлғалар, бай - кулактарға қатысты «мәжбүрлі босқындар» деген термин қолданылады. Не себепті отбасына және өзіне

«контрреволюцияшыл» деген айып тағылған дінбасы, молдалар, ишандар көршілес мемлекеттерге мәжбүрлі қашуға барды? Себебі олардың тұрып жатқан жері мен мал-мүлкіне қатысты конфискациялар туралы шығарылған 14 наурыз 1928 жылғы қаулының 8-тармағында бұл қаулы Қазақ АКСР аумағында тұрып жатқан жергілікті халыққа қатысты қолданылады деп жазылды, яғни басқа мемлекеттерде заңдық күші жоқ, сол себепті егерде аман-есен көршілес мемлекеттерге өтіп кеткен жағдайда (Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан) оларды қамауға алу немесе тәркілеумен арнайы органдар айналыспады (Балтабаева және басқалары, 2022 :5-том). Бұл да бір қуғындауға ұшыраған діни тұлғалардың жоғарыда айтылған «эскапизм – өмірдегі жағымсыз, қызықсыз нәрселерден аулақ болу, күнделікті өмірден, шындықтан қашу» арқылы өзін және отбасын сақтап қалу арқылы жаңа ортаға бейімделуге барысында осындай атауларға ие болды.

Тақырыбымызға қатысты қызықты ақпараттарды 2016 жылы жарық көрген М.А.Алибаевтың «Кеңестік Қазақстандағы ислам: аман қалу стратегиялары» монографиясынан көруге болады. Онда Қазақстандағы исламның кеңестік кезеңін қарастырады. Монография авторы діннің атеистік режимге бейімделу аспектілерін, атап айтқанда, аман қалу стратегияларының себептерін Ақмола облысы материалдары бойынша зерттеп, қажылыққа бару, қазақ жеріндегі қасиетті жерлерге зиярат етуді ислам дінінің «аман қалу» стратегиясы ретінде көрсете отырып, «паралельді ислам» терминін қолданады (Алибаев, 2016). Тағы бір біз тоқталатын маңызды еңбектердің бірі – 2006 жылы жарық көрген «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер жаңғырығы. Қазақстан дінбасыларының қайғылы тағдыры». Тоталитаризмнің құрбаны болған 800 ге жуық діни адамдардың тізімі мен қысқаша өмірі туралы және қандай айыппен жазаланғаны туралы жазылған бұл еңбекте нақты мәліметтер берілген. 1923-1924 жылдары бұрынғы Кеңес Одағы аумағында 2469 дін қызметкердің тұтқындалып, ал 1931-1932 жж. олардың саны 19812-ге жеткені баяндалады (Гринев, Сенютина, 2006:4). Жазалауларға байланысты кәсібін өзгертуге мәжбүр болған молдалар туралы да ақпараттар жазылған. Қазақстанда 900-ден астам дін қызметкері мемлекеттік қылмыс жасады деген айыппен негізсіз қамауға алынды, оның ішінде 431 адам өлім жазасына кесілген, бұл барлық қудаланғандардың 44% құрап отыр. Дінге қатысты қуғын-сүргін құрбандарының санаты өте кең, оған діни басқармадағы әртүрлі топтар да, дінді қолдайтын қарапайым діндарлар да кірді. Мұсылман дін қызметкерлерінің ішінде молда, молда-бай, бұрынғы молда, діни фанат (мұсылман діни лидерлерге көмектесетін діни белсенділер тергеу істерінде осылай белгіленді), «кезбе молдалар», ишандар, азаншылар, мутаваллилер, имамдар, хазіреттер барлық санаттары кірді. Кеңес үкіметінің баса назар аударған діни санаттары - ишандар болды. Ол туралы «ерекше назар аударуды қажет ететін елеулі фактілердің бірі – Қазақстандағы ишанизм мәселесі. Мысалы, Орал губерниясы, Қарақалпақ өлкесінің бүкіл аумағы, Сырдария мен Ақтөбе губерниялары осыдан ерекше зардап шегеді. Бұл діни қызметкерлер контингенті, әсіресе Қазақстанның оңтүстік облыстарында өзбек дінбасылары мен халқының болуына байланысты фанатизм мен діндарлықпен

ерекшеленеді, Өзбекстан ишандарының тығыз байланысы мен тұрақты ықпалы салдарынан өте реакцияшыл және контрреволюцияшыл болып келеді» деп жазылған (ҚР ПА, қ.141, 1541 іс, 28-39п.).

Алдымен, «ишан» дегеніміз кімдер дейтін болсақ, ишан-діни білімі терең, бойындағы таланты толық ашылған, яғни бойына туа бітті дарыған қабілетті ұстазының берген білімі мен ортасының берген өнегесімен байытқан адам. Ишан деп танылған кісілердің әулиелік қасиеті, бойындағы басқа да қасиеттері (батырлық, ақындық, және т.б) сол кездегі тарихи өмірдің талаптарына сай түрлі қызметтерді атқарып отырған. Әулие-ишан атанған адамдардың негізгі алған білімі бұл дін ілімі деп анықтама берілген. (Сәрсембин, 2023:.)

Ишандар туралы, соның ішінде Ақтөбе облысы территориясында өмір сүрген сары ишан туралы философия ғылымдарының кандидаты Үмбетхан Сәрсембин зерттеген. Қазақтың рухани тұлғаларының (діни тұлғалар, байлар және т.б) жеке өмірін алып қарасақ, олар қиындыққа қарамастан, патша билігі, одан кейінгі кеңес билігі туғызған ұлт зиялыларының жаңа буынын қалыптастырып отырған деп баға береді, аман қалу мақсатында ұрпақтарымен Қарақалпақстанға көшуге мәжбүр болған, Ақтөбе облысы, Ырғыз өңірінде діни ағартушылықпен айналысып, Сарыоба деген жерде мешіт салдырып, медреселерде шәкірт тәрбиелеумен айналысқан, ел тарихында есімі ұрпаққа белгілі Қосым қожаның тікелей ұрпағы Сары Ишан туралы жазады, мұрағат құжаттарына сүйене отырып, Сары ишан бабамыздың не себептен әуелі Нұра, Тәуіп жағында болып, кейін Қарақалпақстанға халықпен бірге кеткенін, 1933 жылы елге қалай оралғанын мына бір мұрағат деректерінен байқай аламыз дейді. Мәселен, 1935 жылғы 25 қазандағы ОГПУ-дың Ақтөбе облыстық саяси құпия бөлімінің берген мәліметінде былай делінген дейді. «Иргизский район: начиная с 1931 года население района систематически кочует. Всего за это время из пределов района откочевало свыше 1000 хозяйств, причем из иргизского района перекочевало в местность Карабутах более богатую (присоединена к Иргизскому району в 1932 г.) 1872 хозяйства. Тургайский район: «с 1931 года по май 1933 г. из района откочевало 2400 хозяйств. Откочевники в поисках хлеба направились в разные стороны. Население аулов №2,5,6,8,14 и 15 поражены откочевавшими тенденциями и сейчас. Хлеб в этих аулах совершенно погиб и население питается разными суррогатами в силу чего есть случай опухания» (АОМА, 13-қ, 2-тізбек, 458-іс, 26-п). Бұл мақалада біздің айтып отырған «аман қалу» мақсатындағы діни тұлғалардың не себепті елін тастап, уақытша өзін, отбасын, тіпті діни көзқарастарын аман алып қалу үшін көршілес мемлекеттерге мәжбүрлі көшуінің себептерін айқындап отыр, және де барлық көшуге мәжбүр болған халықтың белгілі бір уақыт өткеннен кейін еліне қайтып келгенін, оған Сары ишан сияқты дүние-мүлкі, малы бар ауқатты, жүрегінде иманы бар діни тұлғалардың қарапайым халыққа көрсеткен көмегі көп болғандығын көрсетеді.

Зерттеуші Д.Ю.Араповтың (Арапов, 2010) еңбектерін талдай отырып, XX ғасырдың 20-жылдардың аяғына дейін Кеңес үкіметі негізінен исламға қатысты салыстырмалы төзімділік саясатын ұстанғанын есте ұстаған жөн. 1920-1930 жылдар тоғысындағы «ұлы бетбұрыс» дәуірінде Ресейдегі барлық

конфессияларға, соның ішінде исламға аяусыз шабуыл басталғаны айтылады. Мешіттер жабылып, исламдық ғибадат министрлері қуғын-сүргінге ұшырады, 30-жылдардың ортасында аман қалған жалғыз исламдық әкімшілік - САДУМ институтының қызметі іс жүзінде уақытша тоқтатылады. Ұлы Отан соғысының басталуы ғана кеңес басшыларын тек қана саяси себептермен Ресейдегі мұсылман қауымының рухани өмірінің белгілі-бір қайта жандануын қолдауға мәжбүр етті. Отандық тарихшылар арасында дінге қатысты қудалау кеңестік билік тұсында басталды, империялық кезеңде патшалық билік дінді қолдады, молдаларға түрлі марапаттаулар беріліп, салықтардан босатылды деген тұжарымдар да бар. Сондай-ақ профессор Избасарова Г.Б. мен Мәден А.Т. «XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы жергілікті қазақ элитасы және оның трансформациясы (Ақтөбе өңірінің материалдары негізінде)» мақаласында жоғарыда айтылған ойымызды толықтыра түседі. Онда XIX ғасырдың соңына қарай патша өкіметі діни қайраткерлердің қызметін шектеуді күшейтті деп жазады. 1891 жылғы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже» бойынша бұрынғысынша әр болысқа бір молдадан ұстауға рұқсат етілді. Молдалар қазақтар арасынан сайланды. Жаңа сайланған молданы бекіту және оны қызметінен босату құқығы әскери губернаторға тиісілі болды. Мешіттерді тұрғызуға Ақмола, Семей және Жетісу облыстарында генерал-губернатор рұқсат берсе, ал Орал және Торғай облыстарында ішкі істер министрінің рұқсаты қажет болды делінген (Избасарова, Мәден, 2022:38-39). «XIX ғасырда, әсіресе оның екінші жартысында патшалық Ресей үкіметі осы діни қайраткерлердің ықпалын шектеу жолдарын қарастырды. Қазақ балаларына діни білім беруді шектеді, қазақтардың шет елде жоғары діни білім алуына, қажылыққа баруына шектеу қоя бастады, мешіттер салуға тыйым салды. Патша үкіметінің осы шектеулерінің барлығы 1968 жылғы «Уақытша ережеде» көрініс тапты» дей келе, Кеңес үкіметінің орнауымен қазақ халқы мен элита өкілдерінің, соның ішінде діни қызметкерлердің мал-мүлкіне шабуыл жасалып, олардың қоғамдағы беделі мен мәртебесіне соққы жасалды деп тұжырымдайды (Избасарова, Мәден, 2022: 29).

Еліміз Тәуелсіздік алғалы бірнеше рет аталған тақырыпқа байланысты, яғни, қуғын-сүргінге ұшыраған жазықсыз жандарды ақтау мәселесі көтеріліп, мемлекет тарапынан ауқымды істер жүргізілді, алғаш 1989 жылдан бастау алған тарихи оқиға 1993, 1995, 2002, 2020 жылдары бірнеше этаппен жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының жеке тапсырмасымен тарихымыздың ақтаңдақ кездеріндегі жазықсыз қудаланған, атылған бай-кулак, дінбасылар, яғни XX ғасырдың 20-30 жылдардың саяси құрбаны болған жандарды толық ақтау, олар туралы деректерді жинау, біріктіру процестері әлі де жүзеге асуда. Дегенмен, аталған мәселе жан-жақты зерттеуді талап етеді. Себебі репрессия, қудалау кезінде көптеген молда, діни қызметкерлеріміз жеке басын, отбасын сақтап қалу мақсатында көршілес мемлекеттерге шекара өтіп, ауа көшуге мәжбүр болды, тіпті кейбіреулерін әдейі басқа мемлекеттерге мәжбүрлеп қудалау шаралары болғанын мұрағат құжаттары дәлелдеп отыр. Сол үшін де көршілес мемлекеттердегі қазақтардың ұрпақтарының естеліктері, мұрағат

қорларындағы көші-қон кезіндегі құжаттары т.б. ауқымды зерттеуді талап етеді. Солардың бірі -1865-1914 жылдары Ақтөбе облысы Шалқар өңірінде дүниеге келіп, бүкіл Батыс Қазақстан өңіріне Әбдіғалым Рысмағанбетұлы. Әбдіғалым ахун Бұхара, Хорезмдегі Көкілташ медресесінен діни білім алған, Қажылыққа барып, Шалқар өңірінде мешіт салдырып, дәріс берген. Бердімағанбет Бегейұлы, Жанаман Сейтімұлы, Бейбітәлі ақын, Дәулет ақын, Қасым, Бердіғожа, Әбдіжәміл, Үсен, Жалтума Жиенқұлұлы ақын секілді шәкірттерді тәрбиелеп, Әбдіоқап, Әбдіжәміл (1900-1969), Әбдітәуап (1912-1982) балаларын да діни жолмен тәрбиелеген. Қазіргі таңда Махмұт Әбдіжәлиұлы өз заманында ұстаздардың ұстазы атанған Әбдіғалым ишанның немересі, репрессия кезінде Өзбекстан, Қарақалпақ жерлерін паналап, ұсталып кеткен Әбдіоқап Әбдіғалымұлы туралы ақпараттарды іздестіріп, ата-бабасы туралы қолында бар мәліметтермен бөлісіп жүр. (Махмұт Әбдіжәлиұлының сұхбатынан)

Сонымен, кеңес үкіметінің діни көзқарас пен қазақ еліндегі діни жағдайға қатысты жазалау шаралары мен тиымдарына қарапайым халық қалай жауап қатты деген сұраққа келер болсақ, Қазақстанның батыс бөлігінде кішігірім көтерілістер мен қақтығыстар болып тұрды. Соның бірі – Маңғыстау өңірін 1927-1928 жылдардағы жайлаған ашаршылық пен ата мекенінен ауа көшіп, Тәжікстан еліне босып барған өз заманында еліне құрметті, сыйлы, иманды дәулетті Бесенұлы Тағанияздың жалғыз баласы Қожахметтің балалары кеңес үкіметінің конфискациялау саясатымен келіспей, Форт-Александровскіде қызылдармен жауласқан. Оған себеп, Қожахмет бай болғандықтан, және оның бар малы мен мүлкінің байлығының тәркіленуі. Кейіннен бұл көтеріліс 1931-жылдың наурызында Адай көтерілісіне жалғасады. Қожахметтің үлкен баласы Бимұханбет сол уақытта құрылған Тобыш жасақтарының бас сардары атанып, сол жылы шілде айында темірдей зеңбірекпен қаруланған үкімет әскерлерінен жеңіліс табады. Кеңес үкіметіне бодан болмаймыз деп, бір түннің ішінде жүктерін түйелерге артып, Маңғыстау халқы Иран асып кетуге шешім қабылдаған. Кеңес үкіметін мойындамағандар, байлар, намаз оқитындар және ереуілге шыққан батырлардың күресі енді жер үшін емес, бала-шағы қамы үшін, және жер бетінен жоқ болып кетпес үшін артта ұрпақ қалдыру мақсатында туған жерді тастауға мәжбүр болады. Осындай мысалдар сонау бір қасіретті кезеңнен аман қалу үшін өмірлерінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер мен жоғарыда айтылған пассивті әлеуметтік бейімделулерден өтіп, қазіргі кезде ұрпақтары ата-бабасының жолын жалғастырып, еліне оралған жағдайлар өте көп.

Маңғыстау босқындары туралы деректерді (Исенов, Купенов, 2022: 96-98бб). мақала авторы Ақтау қаласының тұрғыны өлкетанушы Нұрғазиев Арман Абайұлынан жазып алғандығын айтады. Маңғыстаулық Қожахмет әулетінің босқыншылыққа ұшырауы, және Тәжікстан мен Ауғанстан асқандығы туралы әулеттің басынан кешкен тағдыр тәлкегі мен жаңа мекенге бейімделуі туралы Өтеген Ихсанұлы мен Бекболат Қайырбекұлының зерттеулерінен оқуға болады. Бұл жерден шығатын түйінді – кеңестік билік еліміздегі әлеуметтік топ өкілдерін таңдамады, байлар, молдалар, қарапайым халық, үкіметке қарсы шыққандарды

жаншып-басу, жазалау сол кездегі қазақ халқына қарсы бағытталған отаршылдық саясаттың айқын көрінісі болды.

Ақтөбе облыстық музейінің еріктісі, арғы атасы кеңес үкіметі тарапынан қудаланған Абдуллина Жібек апайымыздың сұхбатында былай дейді: «Бүгінгі сәтте мен сол кезеңдегі жаңа өкіметтің атеистік саясаты салдарынан зардап шеккен діни қайраткер ұрпағы ретінде мен тек өз басымыздан емес, бүкіл әулетіміз шеккен, сүйегімізге таңбадай басқан «Халық жауы» ұрпақтары атанған қасіретті шақты баяндағым келеді. Балалық шағымыз кеңестік дәуірде өткенімен, өткенді еске алсақ, сонау ғасырдың басында Орта Азияның діни медреселерінен білім алып (Бұхара.Көкілташ медресесі) әрі қарай білімін шет жерлерде жалғастырып, еліне, туған жеріне арада 8 жыл өткенде білімді діни ғұлама болып оралады. Бисен Абдоллаұлы туралы республикалық, басылымдарда, энциклопедияларда, ақпарат құралдарында жазылып та айтылып та жүргендігін естеріңізге салғым келеді. Бисен Абдоллаұлы Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтеһсай ауылдық кеңесіне қарасты Жарық елдімекені, Жаманкөл жерінде дүниеге келген. Әкесі Абдолла Амандықұлы (1829-1905) Ислам-Алла тағалының ақиқат жолын, адамзаттың бес парызын, қасиетті Құран мен киелі дәстүрлерін, Мұхаммед пайғамбардың өмірі үлгі боларлық іс-әрекеттері исламның діни, этикалық, құқықтық, жалпы исламның өмір салты туралы ілімдерін толық меңгерген мұсылман елдерінен білім алып, ислам жайындағы пікірлерін елге таратқан.

Бисен хазірет елге оралған соң Ойыл, Қобда, Темір аудандарына танымал әйгілі шебер Бірмағамбет (Бірман) Көшімқұлұлы (1846-1922) ұстаның көмегімен атақонысы Жаманкөл жайлауынан (1910-1912ж.ж.) мешіт тұрғызады. Ол мешіт сол өңірдің балаларын оқытып, тіл сындырып, ағартушылық ілімге баулыған. Ол үлкен рухани орталыққа айналады. Онда ол 16 жыл дәріс оқып, араб тілдеріне, діни тәрбиеге шәкірттер тәрбиелеп, имандылыққа үйреткен. Мешіттер жабылып, жоғарғы жақтан дін өкілдеріне діни сабақ беруге шектеу қойылған кезде хазірет істі болады. Қоғамға қауіпті жан есебінде сайлау салу құқығынан айырып, көпшілік орындарға баруға тиым салынып оқшауланып, өкіметтің назарында болған (АОМА, қ.4,1-ші тізбек, іс.12.306-313пп.) Бисен хазірет мешітін ауылдық кеңесте әкімшілік отыратын үйге айналдырған. 1928 жылы Өтеһсай ауылдық кеңесіне келген тізімде хазіретті 58 бабпен «Халық жауы» ретінде ұстап, дүние-мүлкін тәркілеп, өзін жер аударуға нұсқау келеді. Жоғары жақта әкімшілік кеңесте қызмет атқарып жүрген хатшы сауатты жігіт Сұлтан Бимағамбетов жанашырлық танытып түн жарымында жасырын келіп хабарлайды. Араға күн салып, өзіне қараған ағайынмен ақылдаса келе қараңғы түнді жамылып шағын көшпен Ресей жеріне өтеді. Келіп тоқтаған жері Башқұртстанның Бекқұл елдімекені. Өрнек ауылы» дейді «Руханият» клубының жетекшісі, Жібек Абдуллина.

Бисен Абдоллаұлы секілді діни медреселерде білім алып, мешіт салдырған қаншама молда, ишандардың талайы «халық жауы» деген жала жабылып, қуғындалды. Ақтөбе облысынан ғана емес, барлық Қазақстан территориясы бойынша ату жазасына, түзету лагерлеріне айдалған діни қызметкерлердің

көбінесе ұрпақтарының тарапынан ғана зерттелуде. Ату жазасына кесіліп, кейіннен ақталған дінбасылардың есімдері Ақтөбе облыстық архивінде сақталған. Солардың бірі:

Тағы бір діни көзқарасы үшін қудаланғандардың бірі - Айтқұлұлы Үсен. Руы – тама. Діни атағы – хазірет. 1993 жылы Үсен хазіреттің немерелері – Жаңылтай және Гаухармен кездескенде, Гаухар апай ағасы жөнінде білетіндерін айтып берді. Атамыз Үсен хазірет 1870 жылы туған. Қайда оқығанын білмейміз, бірақ хазірет атағын иеленген соң, Бөрте өзенінің бойындағы бес ауылдың қаржысына мешіт салдырған. Тама, Табын руларының қатар қоныстанған ауыл адамдары тастарды тасып қолғабыс тигізсе, құрылысты башқұрт шеберлері 25 ірі қараға тұрғызған. Осы жерде 1901-1905 жылдары бес ауылдың балалары оқыса, жұма намазына халық өте көп жиналған. 1928 жылы ағамыздың мал-мүлкі тәркіленіп, айдауға жіберіліп, алты айдан соң қайтып келгенде бәрінен айрылғанын көрген. Жалғыз баласы Артығалиды да қудалап, Қараүңгірдегі жұмысынан шығарып жіберіп, белсенділер мешітті құлатуға бұйырған. Әкемнің салдырған мешітін бұздыра алмаймын» деген сөзі үшін Артығали 1937 жылы айдалып кеткен. (Илиясова, 2016:116)

Үсен хазіреттің жеке басына қатысты деректер Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатынан табылды. 1927 жылдың 15 ақпанындағы сайлауға дауыс беру құқығынан айырылғандар тізімінде 98-ші болып тіркелген Үсен Айтқұлов Бөрте болысы №6 ауылдан деп жазылған (АО МА, қ. 3, 2 - тізбек, 69 іс. 4-5 шп).

Қазақстандық тарихшы ғалымдар Өтеген Ихсанұлы мен Бекболат Қайырбекұлы «Тәжікстан Республикасына 1920-1930 жж. қоныс аударған қазақ босқындары: олардың бейімделуі атты» мақаласында өткен ғасырдағы ашаршылық кезіндегі Орта Азия елдеріне қоныс аударған қазақ босқындары туралы зерттей келе, кеңестік кезеңдегі архивтік құжаттарда «откочевники» деп жазылды және нәубет жылдарында Қазақстаннан ауа көшкен қазақтар тарихы бүгінде Отандық тарих ғылымында өзекті тақырып болып отыр. Сонымен бірге, Тәжікстандағы аз қазақтардың басын қосатын «Бәйтерек» мәдени орталығы, қазақ халқының тарихында Тәжікстанға 5 рет қазақтардың ауа көшкенін және 2013 халық санағы кезінде 2 мыңға жуық қазақтардың тек 600-ғана қазақ болғандығын жазады. Себебі қалғандары өзбектеніп кеткен. Балалары өзбек мектебіне барады, рулары-уақ болғанымен, ұлтын-өзбек деп жаздырып алған делінген (Исенов, Купенов, 2022). Бұл ақпараттардан біз қиын-қыстау кезеңде мәжбүрлі қоныс аударған тұлғалардың жаңа мекенге бейімделуі немесе отанға қайтып оралуы «аман қалу» стратегиясының екі түрлі нәтижесін көрсетеді.

«Қарақалпақ жеріне қоныс аударған қазақ босқындарының қоныстануы мен бейімделуі» атты мақалада PhD доктор Байдалы Р.Ж. жалпы қазақ қоғамында көшіп кету қарсылықтың бір формасы болатын. Қазір сол кезеңдегі көшіп кету, «ауа көшу», «амалсыздан көшіп кету», «үркіншілік», «үдере көшу», «босқыншылық», «шұбырынды босқын», «қанды босқын» атауларымен белгілі болса, архив қорларында ол «откочевники», «возвращенцы» атауларымен жазылған деп, көршілес Өзбек, Қарақалпақ, Қырғыз және Түркмен жеріне

қазақтардың көшуінің негізі бұл республикаларды ұжымдастыру Қазақстандағыдай шектен шықтан жоқ деп баға береді (Байдалы Р.Ж, 2022). Бұл жерде біз жалпы кеңес үкіметінің жүргізген саясатына қарсы көші-қон процесін діни қызметкерлердің «аман қалу» мақсатында көршілес мемлекеттерге бас сауғалаған әрекетін, ашаршылық, күштеп ұжымдастыру, бай-кулактарды тәркілеу сияқты тарихи оқиғалардан бөліп қарастыра алмаймыз, себебі XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының барлық дерлік әлеуметтік топ өкілдерін қудалау – қазақ халқына жасалған отаршылдық, колониалистік саясаттың бір бөлігі еді, және тарихи процестер мен тарихи фактілердің жүйелі түрде зерттелуі үшін бөліп қарастырмауымыз қажет, сонда ғана біз ашық, субъективті шынайы баға бере аламыз.

Әзірге бізде Кеңес мемлекетінің дінге қарсы саясаты, оның нормативтік-құқықтық базасы, Кеңес өкіметінің өмір сүруінің әртүрлі кезеңдерінде оны жүзеге асыру әдістері, оның мемлекетке тигізген ықпалының нақты көлемі туралы толық мәлімет жоқ. Қуғын-сүргінге ұшыраған діни басқарма өкілдерінің және дінге сенушілердің әртүрлі топтарының тағдыры әлі күнге дейін зерттеуді қажет етеді. Кеңес үкіметінің дінге қарсы саясаты мен оның құрамдас бөлігі ретінде дін өкілдеріне қарсы жүргізілген қуғын-сүргіннің жеткіліксіз зерттелуінің басты себебі – қолжетімсіздігі және зерттеушілердің құпияланған тиісті мұрағаттық материалдарға құқықтарының шектеулілігі болып отыр. Себебі, Кеңес мемлекетінің дін өкілдеріне қарсы жүргізген репрессия саясатының толық бейнесін қалпына келтіру, оларды жүзеге асыру, репрессиялық саясатты жүзеге асырудың салдары мен нәтижелеріне мұрағат материалдарына толықтай қол жеткізбейінше мүмкін емес.

Қорытынды. Сонымен, ислам діні қазақ халқының тарихында, әсіресе кеңестік билік жүргізген қудалау, отарлау саясатқа негізделген атеистік қоғамға бетбұру кезеңінде маңызды рөл атқарып, ұлтымыздың салт-санасын айқындауға үлес қосты. Қазақ халқының рухани болашағына бағыт-бағдар беріп, Кеңес Одағы ыдырағанға дейін түрлі трансформациялық өзгерістерге ұшырай отыра, діни қайраткерлеріміз бен діни көзқарастағы тұлғалардың түрлі әлеуметтік, саяси жағдайларға бейімделу арқылы жүзеге асып отырған қызметтері нәтижесінде идеологиялық қару рөлін атқарып келгені рас.

Осылайша, көріп отырғанымыздай, "аман қалу стратегиясы" ұғымы отандық тарих ғылымында, соның ішінде ел тарихындағы ақтандақ, қасіретке толы XX ғасырдың 20-50 жж. дінге қарсы күресте жазықсыз қудаланған дінбасылардың тарихын зерттеуде өз орнын алуда деп айта аламыз, алайда, XX ғасыр басындағы Батыс Қазақстан өңіріндегі Қазақстан молдаларының тарихын зерттеуде қолданылғанымен әлі де толықтыруларды талап етеді. Жоғарыда айтқанымыздай «қазақ тарихындағы тұлғалар болмысын» толық ашу мақсатында жалпылама ғана зерттеулер емес, Қазақстанның әр өңірінде діни қызмет етіп, мешіт-медреселер салуда, сол өңірде діни білімнің дамуына үлес қосқан молдалар мен діни лидерлердің қатарын тарихи деректер негізінде толықтыру қажет.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, дін қызметкерлерін, діни көзқарасы мен ислам дінінің бекіткен парыздарын орындағаны үшін қазақ халқының әлеуметтік үлкен бір топ өкілдерін репрессияға ұшырату «қызыл террордың» бір көрінісі еді. Кеңес үкіметінің XX ғасырдың 20-30 жж. ұстанған қудалау саясаты Кеңес үкіметінің армандаған коммунизм, демократиясына қарама-қайшы келген құбылыс болды және бұл тоталитарлық биліктің шырқау шегіне жеткендігін көрсететін, биліктің қазақ халқын ұлт ретінде жоюды мақсат етіп, әлеуметтік барлық топ өкілдерін, соның ішінде діни тұлғалардың мәдениеті мен бай рухани өмірін құртуға бағыттаған саясатын көрсетті. Сонымен қатар, XX ғасырдың 20-30 жж. Қазақстан молдаларының «аман қалу» стратегиясы тарихы - көршілес мемлекеттерге өз еркімен, кей жағдайда мәжбүрлі бас сауғалауы нәтижесінде ең бірінші кезекте, адам, тұлға ретінде аман қалуына, екіншіден, тұтастай жоюға бағытталған ислам дінінің трансформацияларға ұшырау арқылы қазақ жерінде жойылмай, уақытша ғана діни салт-дәстүрлер мен ережелердің тоқтауына алып келген ерекше құбылыс болғанын дәлелдейді. Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, көршілес отырған елдермен бір кеңістікте тұрып, ортақ мәселелерді шешу мақсатында тығыз байланыс құрып отырған Ортаазиялық республикалардың, соның ішінде Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстанмен тарихи-мәдени байланыстар құрудың маңыздылығы мен рухани нәтижесінің мол болатынына көз жеткізуіміз керек, себебі өткен ғасырлардағы тарихи жағдайларға байланысты шекара сыртындағы қандастарымыздың, «мәжбүрлі қоныс аудару» нәтижесінде көшіп кеткен діни тұлғалар мен олардың ұрпақтары қазақ диаспорасының үлкен бір бөлігін құрап отыр. Аталған мәселе тарихын зерделеу арқылы, репрессиялар мен қуғындау оқиғаларының қаншама шындық, беттерін ашуға болатынын айтқымыз келеді.

Деректер

АО МА - Ақтөбе облыстық Мемлекеттік Архиві

ҚР ПА – Қазақстан Республикасының Президенттік Архиві

Sources

SAAR - State archive of Aktobe region

PA RK - Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер тізімі

Арапов, 2010 - *Арапов Д.Ю.* Ислам және Кеңес мемлекеті. Мәселе. 1: (ОГПУ Шығыс бөлімінің материалдары негізінде. 1926) Мәскеу, 2010 ж.

Артеменко, 2020 - *Artemenko N.A.* Oral history, remembering practices and the problem of “access” to the traumatic experience. // *Corpus Mundi* 2020. №4 | ISSN: 2686-9055. P.14-33.

Бабаджанов және басқалары, 2007 - *Бабаджанов Б.М., Муминов А.К., А.фон Кюгельген*. Диспуты мусульманских религиозных авторитетов в Центральной Азии в XX веке. Алматы: Daik – Press, 2007, 265 с.

Бақторазов, 2021 - *Бақторазов С.У.* Оңтүстік Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған өзбек азаматтары.// ЭТНОСАЯСАТ – ақпараттық-сараптамалық басылым. 2021. №1-2, 45-52 бб.

Бақторазов, 2022 - *Бақторазов С.У.* Қазақстанның Оңтүстік өңірінде жүргізілген саяси қуғын-сүргін (1917-1939 жж.) : монография; Жамбыл облысы әкімі аппаратының "Қоғамдық келісім" КММ. Алматы : Дарын, 2022. 307 б.

Балтабаева және басқалары, 2022 - *Балтабаева Қ.Н., Айдарбаева Р.Қ., Тілеубаев Ш.Б., Нұрбай Қ.Ж., Оразов Р.Е.* / бас. ред. Е.Т. Карин. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) V том. Астана: «Алматы-Болашақ» 2022 жыл, 656 бет.

Быстрова және басқалары, 1995 – *Быстрова А., Евдокимова Е., Игнатова С., Серебрянникова А., Еремичева Г., Соловьева Н., Травин И.* Стратегия выживания населения в изменяющихся условиях. // *Мир России*. 1995. № 2. С. 143-167.

Дильманов, 2003 - *Дильманов С.Д.* Исправительно-трудовые лагеря НКВД–МВД СССР на территории Казахстана (30–50-е годы XX века) Алматы, 2002. 344 с.

Жанбосынова, 2010 - *Жанбосынова А.С.* Репрессивная политика Советского государства в 20-50-е годы XX века (на примере Восточного Казахстана). Усть-Каменогорск, 2010. 300 с.

Иванов, 2007 - *Иванов В.Н.* Россия и Якутия: сквозь призму истории / Акад.наук РС (Я), Якутск, 2007. 424 с.

Исенов, Купенов, 2022 - *Исенов У., Купенов Б.К.* «Казахи-беженцы, переселившиеся в 1920-1930 гг. В Республику Таджикистан: их адаптация». Вестник Отан тарихы №3, (99) 2022, 96-106 сс

Исмаилбекова, 2010 - *А. Исмаилбекова.* Брак как стратегия выживания узбекской общины после конфликта в Оше 2010 г. ЭО, 2016 г. № 6. С.156-166.

Кабульдинов және басқалары, 2022 – *Кабульдинов З.Е., Балтабаева К.Н., Джумашев А.М., Калыбекова М.Ч., Касымова Д.Б., Кочиев Э.Р., Рыскулов Т.А.* Политические репрессии среди казахов на территории республик Средней Азии в 20–50-е годы XX века (в свете новых архивных источников). Сборник архивных материалов. Алматы: ИИЭ: ИП «Алма», 2022. 620 с.

Кенжетаев және басқалар, 2022 - *Кенжетаев Д.Т., Сатеришинов Б.М., Төлеген М., Шаповал Ю.В.* / Под общ. ред. Е.Т. Карина. Антирелигиозная политика советского государства и репрессии против духовенства в Казахстане. Сборник документов и материалов. Астана, 2022. Т. 14. 306 с.

Көшеров және басқалар, 2022 - *Көшеров Н., Матсалаева Ж., Сарбаев Д.* / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Карин. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной

реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 21: Ақтөбе өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін зобалаңы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Астана, 2022. 324 б.

Кузовова, 2022 - *Кузовова Н.* “Стратегии выживания” в методологии истории // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. 2022. Т. 139. №. 2. С. 96-106.

Мустафаева, 2013 - *Мустафаева А.А.* XX ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстандағы ислам дінінің қайта жаңғыруы. KazNU Bulletin. Oriental series. №4 (65). 2013. 19-23 бб.

Мүмінов, Утепбергенова, 2019 - *Мүмінов Ә.К., Утепбергенова У.* Акмолинская школа в исламских науках. Исламтану және араб филологиясы мәселелері. Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2019. 27-36 бб.

Раздыкова, 2007 - *Раздыкова Г.М.* Этнический компонент в мусульманском образовании казахов Степного края в конце XIX - начале XX вв. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. 2007. Омск: Издательство ОмГУ, 23 с.

Садыкова, 2015 - *Садыкова А.М.* Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918-1953 жж). Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2015. 201 б.

Сақтағанова және басқалар, 2017 - *Сақтағанова З.Г., Мажитова Ж.С., Аймахов Е.Н.* Государство и религия в советской истории: этапы и особенности взаимоотношений в Казахстане // *Вестник КазНПУ*. 2017. № 2 (53). С. 191–200.

Сәрсембин, 2022 – *Сәрсембин У.* Сары ишан. // *Aqiqat.kazgazeta.kz*. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12064>

Илиясова, 2016 – *Илиясова Р.* Ел иесі, жер иесі. Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2016. 116 б.

References

Arapov, 2010 - *Arapov D.Yu.* Islam and the Soviet state. The problem. 1: (Based on the materials of the Eastern Department of the OGPU. 1926) Moscow, 2010.

Artemenko, 2020 - *Artemenko N. A.* Oral history, remembering practices and the problem of "access" to the traumatic experience. // *Corpus Mundi* 2020. #4 | ISSN: 2686-9055. P.14-33.

Babadzhanov and others, 2007 - *Babadzhanov B.M., Muminov A.K., A. von Kügelgen.* Disputes of Muslim religious authorities in Central Asia in the 20th century. Almaty: Daik - Press, 2007. 265 p.

Baktorazov, 2021 - *Baktorazov S.U.* Uzbek citizens persecuted in South Kazakhstan.// *ETHNO-POLITICS* - informational and expert publication. 2021. No. 1-2, P. 45-52.

Baktorazov, 2022 - *Baktorazov S.U.* Political persecution in the Southern region of Kazakhstan (1917-1939): monograph; "Public agreement" KMM of the akim's office of Zhambyl region. Almaty: Daryn, 2022. 307 p.

Baltabaeva and others, 2022 - *Baltabaeva K.N., Aidarbaeva R.K., Tileubaev Sh.B., Nurbay K.Zh., Orazov R.E.* / chief. ed. E.T. Karin. Materials of the State Commission for full acquittal of victims of political persecution (20s-50s of XX century) Vol. V. Astana: "Almaty-Bolashak" 2022. 656 p.

Bystrova and others, 1995 – *Bystrova A., Evdokmova E., Ignatova S., Serebryannikova A., Eremicheva G., Solovyeva N., Travin I.* Strategy of population survival in changing conditions. // *World of Russia*. 1995. No. 2. P.143-167.

Dilmanov, 2003 - *Dilmanov S.D.* Correctional labor camps of the NKVD-MVD of the USSR on the territory of Kazakhstan (30-50s of XX century) / Almaty, 2002. 344 p.

Zhanbosynova, 2010 - *Zhanbosynova A.S.* Repressive policy of the Soviet state in the 20-50s of the XX century (on the example of Eastern Kazakhstan). Ust-Kamenogorsk, 2010. 300 p.

Ivanov, 2007 - *Ivanov V.N.* Russia and Yakutia: through the lens of history / Acad.nauk RS (Ya), Yakutsk, 2007. 424 p.

Isenov, Kупenov, 2022 - *Isenov U., Kупenov B.K.* «Kazakh refugees who moved in 1920-1930. In the Republic of Tajikistan: ikh adaptation». *Bulletin of the History of the Motherland*. No. 3, (99) 2022. P. 96-106.

Ismailbekova, 2010 - *Ismailbekova A.* Marriage as a survival strategy of the Uzbek community after the conflict in 2010. // EO. 2016. No. 6. P. 156-166.

Kabuldinov and others, 2022 - *Kabuldinov Z.E., Baltabaeva K.N., Jumashev A.M., Kalybekova M.Ch., Kasymova D.B., Kochiev E.R., Ryskulov T.A.* Political repressions among Kazakhs in the territory of the republics of Central Asia in the 20-50s of the 20th century (in the light of new archival sources). Collection of archival materials. Almaty: Alma, 2022. 620 p.

Kenzhetaev and others, 2022 - *Kenzhetaev D.T., Satershinov B.M., Tolegen M., Shapoval Yu.V.* / Ed. E.T. Karin. Anti-religious policy of the Soviet state and repression against the clergy in Kazakhstan. Collection of documents and materials. Astana, 2022. 306 p.

Kosherov and others, 2022 – *Kosherov N., Matsalaeva Zh., Sarbayev D.* / Ed. E.T. Karin. Materials of the State Commission for the Full Acquittal of Victims of Political Repression (20-50s of the XX Century) Vol. 21: Soviet persecution in the Aktobe region. Collection of documents and materials. Astana, 2022. 324 p.

Kuzovova, 2022 - *Kuzovova N.* «Strategy of survival» in methodological history // *Vestnik of L. Gumilev ENU*. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies. 2022. Vol. 139. No. 2. P. 96-106.

Mustafaeva, 2013 – *Mustafaeva A.A.* Revival of Islam in Kazakhstan in the 90s of the 20th century. *KazNU Bulletin. Oriental series*. No. 4(65). 2013. Pp. 19-23.

Muminov, Utepbergenova, 2019 - *Muminov A.K., Utepbergenova U.* Akmolai School of Islamic Sciences. Problems of Islamic studies and Arabic philology.

Proceedings of the international scientific and practical conference. Almaty, 2019. P. 27-36.

Razdykova, 2007 - *Razdykova G.M.* The ethnic component in the Muslim education of Kazakhs of the Steppe region in the late 19th - early 20th centuries. Author's abstract of the thesis of the candidate of historical sciences. 2007. Omsk: Izdatelstvo OmGU, 23 p.

Sadykova, 2015 - *Sadykova A.M.* Policy of the Soviet government in the field of religion (1918-1953). Dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy. Almaty, 2015. 201 p.

Saktaganova and others, 2017 - *Saktaganova Z.G., Mazhitova J.S., Aymakhov E.N.* State and religion in Soviet history: stages and features of relations in Kazakhstan // *Vestnik KazNPU*. 2017. No. 2 (53). P. 191–200.

Sarsembin, 2022 - *Sarsembin U.* Yellow Ishan. // *Aqiqat.kazgazeta.kz*. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12064>

Ilyasova, 2016 – *Ilyasova R.* Country owner, land owner. Aktobe: A-Polygraphy, 2016. 11

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕР: АТЕИСТІК ШАБУЫЛ МЕН ҮГІТ-НАСИХАТ

Жолдасұлы Талғат¹, Байжанова Гүлнұр Нұрымбекқызы²

¹Философия докторы (PhD), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессор м.а. (Әйтеке Би көш. 29А-үй, 120000, Қызылорда, Қазақстан Республикасы), <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Шетел тілдері және аударма БББ-ның аға оқытушысы (Әйтеке Би көш. 29А-үй, 120000, Қызылорда, Қазақстан Республикасы) <https://orcid.org/0000-0001-9223-8048>, E-mail: nurymbekkyzygulnur@gmail.com

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Советтік Қазақстандағы коммунистік партияның исламдық қасиетті жерлерге қатысты ұстанымдары мен оған қарсы әрекеттері қарастырылады. Атеистік идеология үстемдік еткен қоғамда дінге сенушілердің қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүріне байланысты мемлекеттің көзқарасы теріс болғаны белгілі. Өйткені атеистік қоғам құруды жоспарлаған большевиктердің жолына дінді өміршең етіп тұрған діни дәстүрлер де үлкен кедергі болды. Бірақ большевиктер сол өздерінің атеистік жоспарына сай қимылдады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Қазақстанда советтік билік пен коммунистік партияның дінге және мұсылмандардың исламдық қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүріне деген принциптері және қарсы үгіт-насихатын ашып көрсету және талдау. Советтік Қазақстандағы қасиетті жерлердің жағдайын, аталған діни дәстүрдің қаншалықты зиян көргенін және өміршеңдігін саралау. *Нәтижелер.* Қасиетті жерлерге баратын дінге сенушілерді тоқтату үшін мемлекет бар күшін салды. Коммунистік партия тарапынан жаппай үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылды. Кейбір қасиетті жерлер мемлекеттің қарауына алынып, ол жерлер түрлі мақсаттарда қолданылды. Мемлекет кейбір қасиетті жерлерде тіпті атеистік музейлер құруға талпынды. Ал, кейбір киелі мекендер жабылып, ол жерге сенушілердің келуіне тосқауыл жасалды. *Қорытынды.* Әрине атеистік қоғам құруға бар күшін салған коммунистерге өз мақсатына жету оңай болған жоқ. Мемлекеттің де дінге, қасиетті жерлерге деген шабуылы әр кезеңде әртүрлі болды. Шабуыл қатты болып тұрған кезеңдерде қасиетті жерлерді зиярат етуді тоқтатқан халық, дінге қатысты саясат жұмсарған кезеңдерде киелі мекендерді зиярат ету дәстүрін қайта жандандырып отырды.

Түйін сөздер: ислам, атеизм, ишанизм, исламдық қасиетті жерлер, діни дәстүр, үгіт-насихат, діни басқарма.

ИСЛАМСКИЕ СВЯТЫЕ МЕСТА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: АТЕИСТИЧЕСКАЯ АТАКА И ПРОПАГАНДА

Жолдасулы Талгат¹, Байжанова Гулнур Нурымбеккызы²

¹Доктор философии (PhD), и.о. ассоциированного профессора, Кызылординский университет имени Коркыт Ата (ул. Айтеке би 29А, 120000 Кызылорда, Казахстан) <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Магистр гуманитарных наук, старший преподаватель образовательной программы «Иностранные языки и перевод», Кызылординский университет имени Коркыт Ата (ул. Айтеке би 29А, 120000 Кызылорда, Казахстан) <https://orcid.org/0000-0001-9223-8048>, E-mail: nurymbekkyzygulnur@gmail.com

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются позиции коммунистической партии в Советском Казахстане по отношению к исламским святым местам и действия против них. Известно, что в обществе, где преобладала атеистическая идеология, отношение государства к традиции посещения священных мест верующими было отрицательным. Потому что большевики, планировавшие создать атеистическое общество, столкнулись с большим препятствием в виде религиозных традиций, делавших религию жизнеспособной

Однако большевики действовали по своему атеистическому плану. *Цель и задачи исследования.* Раскрыть и проанализировать принципы и контрпропаганду советской власти и коммунистической партии в Казахстане в отношении религии и традиции паломничества мусульман к исламским святым местам. Дифференцировать состояние святых мест в Советском Казахстане, насколько пострадала указанная религиозная традиция и ее жизнеспособность. *Результаты.* Государство приложило все усилия, чтобы воспрепятствовать верующим посещать святые места. Коммунистической партией была организована массовая пропаганда. Некоторые священные места были переданы под контроль государства и использовались для различных целей. Государство даже пыталось создать атеистические музеи в некоторых святых местах. А некоторые святые места были закрыты и верующим не разрешалось их посещение. *Заключение.* Конечно, коммунистам, которые из всех сил старались создать атеистическое общество, было нелегко добиться своей цели. Нападки государства на религию и святые места в каждый период времени были разными. Люди переставали посещать святые места в периоды интенсивных нападков и возрождали традицию посещения святых мест в периоды смягчения религиозной политики.

Ключевые слова: ислам, атеизм, ишанизм, исламские святые места, религиозная традиция, пропаганда, религиозное управление.

IRSTI 03.20

ISLAMIC HOLY PLACES IN SOVIET KAZAKHSTAN: ATHEIST ATTACK AND PROPAGANDA

Talgat Zholdassuly¹, Gulnur Baizhanova²

¹Doctor of Philosophy (PhD), Associate professor, Korkyt Ata Kyzylorda University (29A Aiteke bi street, 120000 Kyzylorda, Kazakhstan) <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Master in humanities, Senior teacher of the department “Foreign languages and translation”, Korkyt Ata Kyzylorda University (29A Aiteke bi street, 120000 Kyzylorda, Kazakhstan), <https://orcid.org/0000-0001-9223-8048>, E-mail: nurymbekkyzygulnur@gmail.com

Abstract. *Introduction.* The article investigates the stance of the Communist Party in Soviet Kazakhstan regarding Islamic sacred sites and the measures taken against them. The state’s stance was unfavorably inclined, attributed to the prevalent atheistic ideology, towards the tradition of religious believers visiting holy places. The Bolsheviks faced a significant challenge in establishing an atheistic society due to the persistence of religious traditions that sustained faith. Despite this obstacle, the Bolsheviks adhered to their atheistic agenda and took actions accordingly. *The purpose and objectives of the research.* The research seeks to uncover and analyze the guiding principles and counter-propaganda strategies employed by the Soviet authorities and the Communist Party in Kazakhstan regarding religion and the tradition of Muslim pilgrimage to Islamic holy places. To assess the state of holy places in Soviet Kazakhstan, evaluating the extent of damage and the sustainability of the aforementioned religious tradition. *Results.* The government made every effort to discourage religious believers from visiting holy places, employing mass propaganda orchestrated by the Communist Party. Certain sacred sites were seized by the state, repurposed for various uses, and attempts were made to establish atheistic museums in some of these locations. Additionally, certain holy places were shut down, and measures were implemented to prevent believers from accessing them. *Conclusion.* Certainly, the communists faced formidable challenges in their pursuit of establishing an atheistic society. The state’s approach to religion and holy places varied across different periods. Individuals, who refrained from visiting holy places during times of heightened attacks, would often revive the tradition when religious policies were relaxed.

Keywords: Islam, Atheism, Ishanism, Islamic holy places, Religious tradition, Propaganda, Religious administration.

Қысқашы. Зайырлы мемлекет болып құрылған, бірақ атеистік идеология үстемдік еткен Совет Одағы тарихында мұсылман халықтардың діні мен дәстүріне едәуір зиян келгені белгілі. Совет тарихында бүкіл діндерге, оның ішінде исламға қарсы шабуыл саяси шарттарға байланысты әр кезеңде өзгеріп отырды және әртүрлі деңгейде іске асты. Бірақ исламға бағытталған үгіт-насихат тоқтаған емес. Тарихи деректерден исламға, молда-ишандарға қарсы жаппай

тікелей шабуыл 1930 жылдарда өзінің шырқау шегіне жеткені де белгілі. Ол кезеңде қоғамда толықтай жауынгер атеизм үстемдік құрды. Себебі коммунистік қоғам құру жолында үлкен кедергінің бірі дін болды. Советтік көзқарас бойынша дін ортағасырлық феодалдық құрылыстың қалдығы саналса, дінбасылар «қанаушы» тапқа жатқызылды. Сол үшін жаңа совет азаматының санасынан «кертартпа» діни түсініктер пен «қанаушы», «паразит» молда-ишандар жойылуы керек болды.

Советтер тек исламдық сеніммен ғана емес, мұсылман халықтардың исламмен астасып кеткен сопылық діни дәстүрлерімен де күресті. Соның бірі мұсылмандардың қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүрі еді. Бұл зерттеуде Советтік Қазақстандағы қасиетті жерлерге байланысты мемлекеттің саясатына тоқталатын боламыз. Советтік Қазақстандағы сопылыққа (ишанизмге), сопылық дәстүрлерге, оның ішінде әулие культіне және әулие атанған діни тұлғалардың кесенелеріне жасалатын зиярат дәстүріне қатысты коммунистік партияның ұстанымдары мен әрекеттері қандай болды деген сұраққа жауап ізделеді. Исламдық қасиетті жерлерге, қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүріне және ол жерлерде жасалатын дін ритуалдарға байланысты большевиктердің ұстанымдарын зерттеп талдау жұмыстың негізгі мақсаты мен міндетін құрайды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізгі материалдарын Қазақстан Республикасы архивтері қорларындағы архив деректері және естеліктер құрайды. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінің (ҚР ОМА) 1711 - қоры (ССРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақ Діни культтер істері жөніндегі уәкілетті кеңесі, 1944-1965 ж.ж.) мен 2079 - қорының (ССРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақ ССР-і Дін істері жөніндегі уәкілетті кеңесі, 1966-1974 ж.ж.) құжаттары (есептері, баяндамалары) қолданылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінің (ҚР ПА) 708 - қоры (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, 1937-1991 ж.ж.) мен Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві (ҚОМА) Р-808-қорының (ССРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қызылорда облысының дін істері жөніндегі уәкілетті кеңесі) деректері (партия қаулылары, хаттамалары) пайдаланылды.

Бұл түпдеректермен бірге, Ресейлік және Қазақстандық архивтердің кітап болып болып жарияланған тақырыпқа қатысты құжаттары мен материалдары және Қазақстанда жұмыс жасаған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды жинақтарындағы тақырыпқа қатысты құнды түпдеректер де қолданылғанын айта кеткен жөн. Деректерді қолдану барысында, қолданылған құжаттардың барлығы советтің кезеңде идеология аясында жазылған мемлекеттік және партиялық құжаттар екендігі естен шығарылмады. Сондықтан дереккөздерді өңдеуде деректің шынайылық деңгейін анықтау, мәтінді талдау, салыстырмалы талдау және сипаттау зерттеу әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Сонымен бірге, тарих ғылымында қалыптасқан тарихилық, хронологиялық, объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Объективтілік ұстаным қасиетті жерлерге қатысты

мемлекет саясатын ашып, ол саясаттың барысы мен салдарын бағалауға мүмкіндік беретін болады.

Талқылау. Қазақстандағы қасиетті жерлерге байланысты зерттеулер Советтік кезеңдерде де жарық көрді. Оларды жалпы екі топқа бөлуге болады, біріншісін қазақ даласындағы кесенелерді көне тарихи ескерткіш ретінде зерттеген ғалымдардың еңбегі, екіншісі дінге сенуші халық тарапынан қасиетті жер ретінде зиярат етілетін киелі орындарға қарсы жазылған атеистік бағыттағы еңбектер. Бірінші топтағы еңбектерде қасиетті жерлер көбіне дінге сенушілердің зиярат ететін орны ретінде емес, ортағасырлық тарихи ескерткіш ретінде зерттелді. Мысалы, қазақ даласындағы ең үлкен қасиетті орын әрі маңызды тарихи ескерткіш Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінен мысал келтірер болсақ, 1930 жылы советтік тарихшы-археолог М.Е. Массонның аталған мавзолей туралы шағын еңбегі жарық көрді. Бұл аталған маңызды еңбекте мавзолейдің салынуы, салынғаннан кейінгі тарихы, мавзолейдің тарихи-археологиялық сипаттамасы, алғашқы советтік кезеңдегі көрінісі, кесененің шейхтары мен Ахмет Яссауи туралы аңыздар жазылған. Сонымен қатар, аталған еңбекте автордың сол кезеңде өзі куә болған кесенені зиярат етушілер мен кесенеде жасалған ритуалдар жөнінде жазғандары тақырыпқа қатысты маңызды дерек көзі саналады. Жалпы советтік кезеңде Ахмет Яссауи кесенесі бойынша ең үлкен зерттеу және қалпына келтіру жұмыстары 1950-1980 жылдар аралығында жасалаған. Ол жұмыстарды Б.Н. Засыпкин, Т.Ш. Карумидзе, Л.Ю. Маньковская, Б.Т. Тұяқбаева және А.Н. Проскурин секілді реставраторлар мен зерттеушілер жүргізген (Свод памятников, 1994: 276).

Советтік кезеңде Ахмет Яссауи кесенесінің дінге сенушілер тарапынан зиярат етілуіне және зияратшылардың ол жердегі құлшылықтарына қатысты жазылған екінші топтағы еңбектерде атеистік мазмұн басым. Мысалы сондай еңбектің бірі О. Дастановтың 1967 жылы жарық көрген ««Әулиелі» жерлер туралы шындық» атты кітабы. Аталған еңбекті Ахмет Яссауи және ол туралы халық аузындағы сопылық хикаяларға қарсы, қожа-ишандарға, оңтүстік аймақтағы басқа да қасиетті жерлерге және олардың сенушілер тарапынан зиярат етілуіне қарсы атеистік үгіт-насихат мақсатында жазылған деуге болады. Мақалада қолданылған, атеистік идеология жағдайында жазылған тағы бір еңбек советтік дінтанушы және философия докторы Э.Г. Филимоновтың басшылығымен 1983 жылы жарық көрген «Ислам в СССР: Особенности процесса секуляризации в республиках советского Востока» атты кітабы. Бірақ аталған еңбектер атеистік мазмұнда жазылса да, ол жерде келтірілген кейбір мәліметтердің дерек ретінде маңызды екенін айта кету қажет. Тек ол мәліметтерді аталған советтік авторлар атеистік тұрғыда талдаса, біз объективті тұрғыда талдау жасаймыз. Сонымен қатар мақалада, советтік кезеңде партияның бағыт беруімен қасиетті жерлердің зиярат етілуіне және әулиелер культіне қарсы әрекет еткен Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (САДУМ) мүфтиі болған Шамсиддинхан Бабахановтың 1999 жылы жариялаған «Муфтий Зияуддин ибн Эшон Бабахан. Жизнь деятельность» атты еңбегі мен САДУМ құрамында болған Қазақстан қазиятының қазияы болып қызмет еткен

Сәдуақас Ғылманидің «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» (Жауапты шығарушылары: Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк, Алматы: Дайк-Пресс, 2013) атты кітабы да қолданылды.

Совет Одағы тарағаннан кейінгі дәуірде Батыс елдерінде, Ресейде және Орта Азия елдерінде советтік кезеңдегі исламға қатысты сапалы зерттеулер шыға бастады. Оның ішінде советтік кезеңдегі исламдық қасиетті жерлерге байланысты тікелей және жанама түрде жазылған еңбектер аз да болса жарық көрді. Мысалы, Ахмет Яссауи мавзолейі туралы тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізген және мавзолейдің тарихи құжаттарын зерттеген Ю.А. Ёлгин (Археологические и историко-архитектурные исследования мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави: Вторая половина XIX в. – середина 1950-х годов, 2013) мен А.К. Муминовтың (Муминов и др. Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасави, 2017) зерттеуін айтуға болады. Аталған зерттеулерде мавзолейге қарсы атеистік пропаганда туралы тікелей айтылмаса да, мемлекеттің кесенеге қатысты саясаты мен шешімдері туралы мәлеметтер кездеседі. Батыстық зерттеушілердің де советтік исламға қатысты көптеген құнды зерттеулерін атап өту керек. Мысалы, зерттеуші Е. Тасар (Tasar, 2017) мен П. Сарторидың (Sartori, Babajanov, 2019) зерттеулерінде советтік биліктің, САДУМ-ның және оның кейбір ықпалды мүшелерінің Өзбекстан, Тәжістан және Қырғызстан жеріндегі исламдық қасиетті жерлерге байланысты ұстанымы мен көзқарасы жөнінде құнды мәліметтер кездеседі. Одан бөлек аталған мәселеге байланысты бұл мақаламызда қолданылған Орта Азиялық екі зерттеуші Б. Бабаджанов пен Ә.Қ. Муминовтың (Muminov, 2013) еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Сонымен бірге, САДУМ-ның Өзбекстан жеріндегі қасиетті жерлерге бағытталған саясаты туралы да мол мәлімет келтірілген өзбек тарихшысы Р.М. Юсуповтың кандидаттық диссертациясы (Юсупов, 2008) мен САДУМ-ның Қазақстандағы қасиетті жерлерге байланысты ұстанымы туралы да тың мәліметтер беретін тарихшы Т. Жолдасұлының зерттеуі (Zholdassuly, 2023) де қолданылды.

Қазақстандық ғалым Ә.Қ. Муминов, Орта Азиядағы қасиетті жерлерді сипаттайтын алғашқы деректер XV ғ. басынан бастап пайда болғанын айтады. Сонымен қатар, қасиетті жерлерге қатысты жазбаша және ауызша әңгімелер заманға бейімделіп отырған және ондай әңгімені жақтаушылар қожалар және сопылар болып екі топқа бөлінген дейді. Аймақта әулиелердің кесенелерінің шырақшылары да көбіне қасиетті әулет саналатын қожалардан шығып отырған. Сонымен қатар, Орта Азиядағы қасиетті жерлер және ол жерлерге қатысты ритуалдар «жергілікті ислам» болып есептеледі. Яғни, Муминовтың ойынша, қасиетті жерлер және олардың рухани мәдениеті Орта Азиялық исламның ерекшелігі болып саналады. Бірақ аймақтағы барлық кесенелер қасиетті деп саналмайды және қасиетті жерлерді Орта Азиялық, аймақтық және жергілікті деп бөлуге болады дейді. Муминовтың тұжырымы бойынша, Орта Азиядағы қасиетті жер институты – қасиетті жер, мифология, «қорғаушылар», зияратшылар және ритуалдар болып бірнеше бөліктен тұрады (Muminov, 2013: 27-29). Бұл мақалада аталған қасиетті жер институты бөліктерінің ішінде

зияратшыларға қатысты коммунистік партия мен САДУМ-ның ұстанымдары мен әрекеттерінің тарихына тоқталатын боламыз. Советтік кезеңдегі Қазақстандағы қасиетті жерлер, оның ішінде Ахмет Яссауи кесенесіне қатысты мемлекеттің саясаты Орта Азиядағы кейбір киелі мекендермен байланыстырыла талданады.

Нәтижелер. Алғашқы кезеңінде ислам дініне ашық шабуылдаудан тартынып, дінге сенушілерге салыстырмалы түрде төзімді қараған большевиктер, бірақ дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын ұмытқан жоқ. Әсіресе Орта Азияда ишандардың дінге сенушілерге деген ықпалын және олардың сопылық дәстүрдің өміршеңдігіндегі рөлін көрген советтер ишандардың атеистік қоғам құруда үлкен «кедергі» болатынын түсінді. «Ишан» (парсы-тәжікше «олар» деген мағынаны білдіреді) — Орта Азиядағы сопылық тариқат жетекшілеріне және олардың құрметті дінбасыларына немесе олардың ұрпақтарына берілетін атақ немесе лақап ат. Халық құрмет ретінде мұндай рухани жетекшілердің атын атамай, оның орнына осы сөзді қолданған (Абашин, 2006: 164-166). Советтер исламға қарсы таптық тұрғыда түсіндірме жасап, басқа дінбасылар секілді ишандарды да «қанаушы» тапқа жатқызды. 20-жылдардың басында Түркістан Компартиясы Орталық Комитеті үгіт-насихат бөлімінің барлық партиялық бөлімшелерге жолдаған «Түркістан жағдайындағы дінге қарсы үгіт-насихат туралы» тезистері осыны дәлелдейді және ол құжаттар арқылы көптеген фактілерге көз жеткізуге болады. Аталған басқарманың елді мекендерге жолдаған «Ишанизм және басқа да діни ағымдармен күресу туралы» тағы бір хатында ишанизмнің марксистік тұрғыда діни мәні «әшкереленіп», діндарлар құрмет тұтатын қожалардың «шынайы істері» ашып көрсетілген (Ислам в СССР, 1983: 8).

1923 жылдың 11-16 наурызындағы Түркістан Компартиясы VII-съезінің «Түркістан жағдайындағы дінге қарсы үгіт-насихат туралы» тезисінде: *«...Түркістанның байырғы халықтары арасында дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу барысында қате наным-сенімдер (суеверие) мен пұтқа табынушылық қалдықтарының таралу аймағындағы күресті де ескеру қажет. Қате наным-сенім мен пұтқа табынушылық сенімдердің қалдықтары ишандардың, қажылардың, диуаналар мен халендерлердің, тақуалардың, мессианизмнің зиянды әрекеттеріне негіз жасайды, олар дін атын жамылып халықты бопсалаумен айналысады және ол істерін дұға оқу, емдеу және түс жору арқылы ақтап алуға тырысады. Халық бұқарасы үшін шын мәнінде ешқандай пайдасы мен мәні жоқ мұндай дінбасылардың, паразиттердің барлық түрлерінің тұтас кастасын түбегейлі жою керек. Әсіресе Түркістанның байырғы тұрғындары қырғыздар (қазақтар) мен түрікмендер арасындағы күресті сәтті жүргізу қажет және бұл дегеніңіз дінге қарсы үгіт-насихат ол аймақта үлкен мәнге ие деген сөз. Бұл іске «Қосшы» одағының ұйымдары мен жергілікті баспасөзді тарту қажет. Қалың бұқараға діни наным-сенімдердің зияндылығын түсіндіру керек»* делінген (Преодолевая религиозное влияние ислама, 1990: 60).

Мұндай құжаттардан советтердің 20-жылдардың басынан бастап ишандар, диуаналар мен халендерлердің Орта Азия мұсылмандарының діни өміріндегі орнын біліп, олардың атеистік қоғам құру жолында үлкен «кедергі» болатынын түсінгенін, ишандарды бақылауда ұстағанын және олардың қоғамға ықпалын жоюға талпынғанын байқауға болады. 1926 жылы 1 сәуірде Бүкілодақтық коммунистік партиясы Ақтөбе губерниялық комитетінің «Дін қызметкерлерінің әрекеті» бойынша Қазақ өлкелік комитетіне жасаған баяндамасында, соңғы кезде шәкірттерін (мүридтерін) көбейтіп, олардан өз күнкөрісі үшін садақа жинайтын ишандардың әрекетінің жандануы байқалады делінген (Преодолевая религиозное влияние ислама, 1990: 105). Қазан төңкерісінен кейін шамамен он жылдай исламға қарсы ашық шабуылға көшпей, мұқият әрекет еткен советтердің бұл діни саясатының нәтижесінде мұсылмандар тұратын аймақтарды 20-жылдардың ортасында діни жандану орын алған. Бұл жағдайда ишандардың да өз діни әрекеттерін жандандырғанын басқа да құжаттардан көруге болады.

Сол кезеңде ишандардың белсенділігі және Орта Азия бойынша үлкен зиярат орнының бірі болған атақты сопы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі большевиктерді қатты алаңдатқаны белгілі. Партияның 1927 жылғы сәуірдегі «Қазақстандағы мұсылман дінбасыларының қызметіне жасалған шолу» атты құжаттың ишандарға қатысты бөлімінде, Қазақстанның қай өңірінде ишандардың саны көп, қай аймақтарында олардың ықпалы аз деген мәселе талқыланды. Одан әрі бұл құжатта: *«Саны жағынан алғанда, барлық аймақтарда ишанизм күшейіп келеді. Бұл жағдай бұрынғы ишандардың көпшілігінің өз мүридтері мен қалпелерінің арасынан жаңа ишандар шығаруды әдетке айналдыруымен байланысты... Түркістан қаласында «Әзірет Сұлтан» деп аталатын әйгілі тарихи кесене бар. Бұл кесенеге жыл сайын 5 мыңнан 8 мыңға дейін зияратшылар ағылады. Қазіргі таңда бұл кесененің иелерінің ұрпақтарынан тараған 200-ге жуық отбасы тек осы кесенеден түскен табысқа күн көріп жатыр»* (Преодолевая религиозное влияние ислама, 1990: 132-134) делінген. Ал, 1927 жыл 8 маусымдағы Бүкілодақтық коммунистік партия Қазақ өлкелік комитетінің Мұсылмандық діни қозғалысқа қарсы күрес шаралары туралы қаулысында: *«Қазақтар арасында діни сана мен діни үгіт-насихат әлі де болса сопылықпен (ишанизм) және шаманизммен (жартылай пұтқа табынушылық) сабақтас дамып келеді»* деп жазылған (Преодолевая религиозное влияние ислама, 1990: 138).

1920 жылдары Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) Орта Азия және Қазақстандағы діни жағдайды қатты бақылауда ұстап, партияға есеп беріп отырған. 1927 жылдың 4 шілдесіндегі ОГПУ-дың Орта Азиядағы өкілінің мұсылман дінбасылар туралы есебінде ишанизм (суфизм) туралы да арнайы айтылып: *«Ишандар мен олардың қалпелерін қатты ескеру керек. Бұл топтың ерекшелігі ишанизм ірі жер иеленуші феодалдық биліктің ең жақсы сақталған қалдығы екендігінде. Ишандар көбінесе әрі рухани, әрі феодалдық билікті қолында ұстайды»* (Ислам и советское государство, 2010: 103) деп мәлімдеген. Кейбір атақты ишандардың тек беделді дінбасы ғана емес, уақыптық жер-суларға, мүліктерге де ие болғанын да айтуымыз керек. Сол үшін де

большевиктер оларды шаруалардың кедейлерді «қанаушы» бай тапқа жатқызған. Оларды «қанаушы» тап ретінде, мүридтерінің садақасына күн көретін «паразит» деп санап, оларға қарсы мерзімді басылымдар арқылы да үгіт-насихат жүргізген. Большевиктердің дінге, сопылыққа, ишанизмге қарсы мұндай үгіт-насихаты ишандар тұрғысынан қарсы реакцияларға себеп болған. Мысалы, 1928 жылы «Қызыл Қазақстан» газетінде, Батыс Қазақстан аймағында Әбдіғазы Хазірет атты бір сопы өз мүридтеріне бүкіл мұсылмандарға балаларының комсомолға мүше болмауын, одан аулақ жүруін айтуды тапсырған және сонымен қатар мұсылмандарды қыздарын коммунистерге, комсомол мүшелеріне күйеуге бермеуге, олармен араласпауға үгіттеген (Преодолевая религиозное влияние ислама, 1990: 182).

Жоғарыда 1927 жылдың сәуіріндегі партия құжатында Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесінің оның ұрпақтарының иелігінде болғаны және 200-ге жуық отбасы сол кесенеден түскен табысқа күн көріп жатқаны айтылған еді. Ал, 1928 жылы Ахмет Яссауи ұрпақтарының дүние-мүлкі тәркіленіп, бүкіл құқықтарынан айырылған. Одан соң көпшілігі Кеңес Одағынан кетуге мәжбүр болған, ал кейбірі кейін қуғын-сүргінге ұшыраған. Осылайша билігі әбден орныққан большевиктер исламға қарсы үгіт-насихат жасаумен ғана шектелмей, 1928 жылдан бастап исламға қарсы тікелей шабуыл бастаған. Жалпы советтік кезеңде Ахмет Яссауи кесенесі мемлекет тарапынан қазақ халқының көптеген көрнекті өкілдері мен маңызды тұлғалары жерленген кесене ретінде немесе Дала тарихы үшін маңызды оқиғалар өткен тарихи ескерткіш ретінде емес, мемлекет тарапынан тек ортағасырлық сәулет ескерткіші ретінде қабылданған. Ол жердегі құжат қорлары, Құран қолжазбалары және басқа да құнды жәдігерлер зиян көрген. Сондай бақылаусыз жағдайда ол жердегі құлпытастардың көпшілігі орнынан қозғалған және астындағы, айналасындағы бейіттер қиратылған. Бұл кезеңде Яссауи кесенесінің кітапханасында сақталған ескі қолжазбалар да жоғалып, кейін олардың кейбірлері ғана табылған. (Муминов и др., 2017: 80, 83).

Яссауи кесенесін тарихи ескерткіш ретінде зерттеп, қалпына келтірген Совет үкіметі оның діни орталық ретінде зиярат етілуін қаламады. Ескерткіштің сақталуына сол кезде үстемдік еткен жауынгерлік атеизм қатты кері әсерін тигізген. Мысалы, 1926 жылы Орталық Азия музейлерін, көне жәдігерлерді және тарихи ескерткіштерді қорғау комитеті Түркістан қаласында кесенені қорғау жөніндегі тұрақты комиссия құруға әрекет жасаған. Алайда, Түркістандағы жергілікті билік бұл жұмысты дінді қорғау әрекеті деп бағалап комиссия мүшесі Садық Өтегеновті қамауға алған (Муминов и др., 2017: 76-77). Одан әрі 1928 жылы 22 ақпанда Қазақ АССР Оқу халық комиссары, республикалық Халық комиссарлар кеңесіне Ахмет Яссауи кесенесін жөндеуге 1000 рубль қаржы бөлу туралы хат жазған. Оған қоса бұл құжатта, Яссауи кесенесіне 1922 жылы арнайы комиссия жүргізген тексеру нәтижесінде оның қауіпті жағдайда екендігі анықталғаны да жазылған (Преодолевая религиозное влияние ислама, 1990: 163-164).

Исламға, ишанизмге және атақты сопы-ишандардың кесенелеріне қарсы тікелей шабуыл басталған соң, қасиетті жерлерді зиярат ететіндердің саны

біртіндеп азая бастаған. Мысалы, 1920 жылдары Ахмет Яссауи кесенесіне кең көлемде зерттеу жүргізген атақты совет археологы және шығыстанушысы М.Е. Массон өз еңбегінде *«Яссауи мазарына ғибадат ету үшін ағылатын келушілер саны жылдан жылға азайып келеді»* деп жазған. Зиярат кезінде қойдың да бұрынғыдан аз сойылатыны және бір кездері келушілер жоғары бағаланған тұмарларға деген сұраныстың азайғаны да айтылған. Сонымен қатар, Массон Ахмет Яссауи кесенесін Орта Азиядағы Аясофия деп бағалауды да ұмытпаған (Массон, 1930: 12, 19-20). Осылайша 1930 жылдары дінге қарсы шабуылдар мен жаппай үгіт-насихаттың кесірінен Ахмет Яссауи кесенесі де зиян көрген. Ахмет Яссауи кесенесінің символы Тайқазан 1936 жылы Эрмитаж мұражайына жіберілген. (Дастанов, 1967: 18). Яссауи кесенесіне қатысты қолжазбалар мен түрлі құжаттар советтік кезеңде жойылып, оны сақтаушылар қысымға ұшыраған. Ал, кейін жоғалған құжаттардың кейбірі ғана табылған (Муминов и др., 2017: 3, 67).

Ахмет Яссауи кесенесіндегі қылуат жер асты мешіті де мемлекет бақылауында болып, қылуатке кіруге тиым салынған. Архив құжатында, 1929 жылы қаңтарда өткен Түркістан ауданы қалалық кеңесі мәжілісінде, Қалалық кеңес төрағасы және коммунистік партия мүшесі Әбдірахман Ахметов, зиярат және құлшылық ету үшін қылуатті дінбасыларға беру мәселесін көтерген. Өйткені Қалалық кеңеске дінге сенушілер тарапынан осындай мазмұндағы өтініш жолданған. Бұл өтінішті Ахмет Яссауи кесенесінің шырақшысы Розмет Сейдов Қалалық кеңеске халықтан қол жинап өткізген. Өтініште кесенеге келуші сансыз зияратшыны тасымалдау арқылы теміржолға кіріс әкелетіні үшін қылуаттің мемлекетке пайдалы екендігі жазылған. Алайда бұл мәселе Қалалық кеңес отырысында өз шешімін таппаған. Сонымен қатар, аталмыш құжатта бұл мәселенің қозғаушы күші Қалалық кеңес төрағасы Әбдірахман Ахметов пен мемлекеттік қызметкер және коммунистік партия мүшесі Тұяқ Тұрсынқожаев және қожа руының «Арифлер» тармағының өкілі Азизхан ишан мен жергілікті ықпалды бір қожа Ширжан Ахметов екені айтылған. Құжат авторы осы мәлімдемесі арқылы Әбдірахман Ахметов пен Тұяқ Тұрсынқожаевтың да өздерінің қожа руынан шыққаны үшін сенушілердің тілегін орындағысы келгені жеткізген (Кеңес өкіметінің дін саясаты, 2022: 139-143). Бірақ одан соң Ә. Ахметов пен Т. Тұрсынқожаевқа қатысты партияның қандай шешім шығарғанына қатысты әзірге дерек жоқ.

1930 жылдары дінге қарсы тәуелсіз музейлер де жұмыс істеген және олардың ең ірілері Мәскеу мен Ленинградта орналасты. Мұндай атеизм музейі Алматы қаласында да ашылған. Ал, 1939 жылы Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесінің ғимаратында Дінге қарсы музейдің бөлімшесін ашу жоспары жасалған. Бұл жоба бойынша 1939 жылы Түркістанда құрылатын дінге қарсы музей үшін барлық жоспар, сызба жасалып, жеке құрам саны нақтыланған. Бұл құжатта Түркістан қаласы Орта Азиядағы барлық түрдегі діни «кертартпалықтың» ошағы деп есептеліп, Ахмет Яссауи өмір сүрген Түркістан қаласында Дінге қарсы музей ұйымдастыру керектігі айтылған (Zholdassuly, 2020: 548-550). Кеңес үкіметі бұл кесенені бекер таңдамаған, өйткені бұл жер

түркі халықтарының рухани астанасы және үлкен діни орталық һәм қасиетті жер еді. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Ахмет Яссауи кесенесіндегі Дінге қарсы музей 1939-1941 жылдар шамасында жұмыс істеген. Ал, 1941-1945 жылдардағы кеңес-герман соғысы кезеңінде Ахмет Яссауи кесенесі солдаттар тұратын аймақтық әскери казарма болған (Zholdassuly, Baizhanova, 2022: 199).

1941 жылы кеңес-герман соғысы басталған соң жалпы Совет Одағында дінге салыстырмалы түрде еркіндік берілгені мәлім. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және одан кейін де дінге сенушілер тарапынан киелі жерлерді зиярат ету көбейген. Қазақстанда Ахмет Яссауи кесенесінен басқа діндарлар жиі зиярат ететін Арыстан Баб, Абдул-Азиз Баб, Ысқақ Баб, Ибрахим Ата, Айша Бибі, Бабаджа Хатун және Қарахан сияқты көптеген үлкен кесенелер болған. Олардың көпшілігі Қазақстанның оңтүстік облыстарында орналасқан. Бұл кесенелер тарихи ескерткіш ретінде қорғалу Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1947 жылғы 23 қыркүйектегі шешімімен Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Сәулет басқармасына берілген. Одан соң Сәулет басқармасы осы ескерткіштердің барлығына қорғау және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізе бастаған. Бұл киелі жерлерді зиярат етуге келген діндарлар малдас құрып отырып, құран аяттарын оқитын болған және шырақшысы болса садақаларын шырақшыға қалдыратын болған, шырақшы болмаса кесенелердің жанындағы жәшікке салып кететін болған (ҚР ОМА, 1711-қ. 2-т. 24-іс. 62-64-пп.). Осылайша мемлекет дінге сенушілердің зияратын тоқтатып, ол жерлерді бақылауға алу үшін кесенелерді ресми түрде Сәулет басқармасына берген.

Соғыстан кейін Орта Азияда Оштағы (Қырғызстан) Тахт-и-Сулеймание тауы («Сүлейменнің тағы»), Марғиланның (Өзбекстан) оңтүстігіндегі Шахимардан кесенесі, Бұхараның (Өзбекстан) жанындағы әйгілі сопы Бахауиддин Нақшбанди кесенесі және Самарқандағы (Өзбекстан) Шахи Зинда мемориалдық кешені секілді ең көп зиярат етілетін исламдық қасиетті жерлердің бірі Ахмет Яссауи кесенесі еді (Мухаметшин и др. 2013: 309-310). Архив құжаттарынан, сол кезеңде Ораза айт және Құрбан айт мерекелерінде дінге сенушілердің бұқаралық діни ритуалдарға қатысуы көбейгенін көруге болады. Мысалы, Ош қаласында 1948 жылы 14 қазанда мерекелік құлшылыққа 30-35 мың адам, ал 7 тамызда 60 мыңға жуық адам қатысқан. Ол жерге құлшылық етушілердің ондай үлкен тобының келу себебі Тахт-и-Сулеймание тауы болған және ол жер жергілікті мұсылмандар тарапынан «екінші Мекке» деп аталған. Сондықтан зияратшылар әдетте Ош қаласына тек Ош облысынан ғана емес, Өзбек және Тәжік ССР-нен келіп тұрған. Діндарлар бұл зияратқа әдетте 2-4 күнін жұмсайтын болған (Ислам и советское государство, 2011: 71). 1950-ші жылдардың басында да қасиетті жерлерге (мазарларға) зиярат етушілер саны көбейген. Мысалы, Тахт-и-Сулеймание тауына 1956 жылы Құрбан айттың бірінші күні 1954 жылмен салыстырғанда 10-15 мыңға көбірек зияратшы келген. Яғни, ол жерді 1954 жылы 70-75 мыңдай, ал 1956 жылы 80-85 мыңдай адам зиярат еткен (Ислам и советское государство, 2011: 154).

Аймақтағы діни жағдайды қатты бақылауда ұстаған большевиктерді бұл жағдай қатты алаңдатқан. Советтер тарапынан исламға, сопылық дәстүрлерге,

оның ішінде қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүріне қарсы күрес әбден талқыланып, пысықталған. Қасиетті жерлерді зиярат етуге қарсы күрес, әсіресе 1958 жылғы 28 қарашадағы Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Қасиетті жерлерді зиярат етуді тоқтату жөніндегі шаралар туралы» қаулысынан кейін күшейе түскен. Н. Хрущев кезінде іске асырылған бұл қатаң шабуыл, ол биліктен кеткенге дейін жалғасқан. Бұл шешім бойынша барлық киелі орындар жабылуы тиіс болған. Сонымен бірге, осы шешімге сәйкес Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде құрылған САДУМ да мемлекет әмірімен 1959 жылы 23 қаңтарда қасиетті жерлерді зиярат етуге қарсы «Қасиетті жерлер туралы» атты пәтуа шығарған. 1959 жылы ақпан айында Қырғыз ССР-дегі ең үлкен зиярат орны Тахт-и-Сулеймание тауында құлшылық және зиярат ету мәселесі де талқыланып, оған да қарсы арнайы пәтуа шығарылып барлық ресми тіркелген мешіттерге жіберілген (Zholdassuly, 2023: 192-193). Негізі Тахт-и-Сулеймание тауынына байланысты САДУМ дінбасылары арасында үлкен пікірталас 1952 жылдың қаңтарынан басталған және ол жердің зиярат етілуіне қатысты 1959 жылға дейін де екі рет пәтуә шығарылған. Бірақ ол екі пәтуә көп таратылмаған. Өйткені САДУМ-ға берілген бұл қасиетті жерлерге келушілер азайса, садақа түспей қалуы мүмкін еді (Sartori, Babajanov, 2019: 121-128). Жалпы САДУМ мүфтиі Зияуддин Бабахановтың (1908—1982) исламдық қасиетті жерлердің зиярат етілуіне қарсы пәтуәсында, қасиетті жерлерге барып құлшылық қылудың, мазарлардың басына барып құрбан шалудың шарифатқа қайшы екендігі айтылған және өлген адамнан көмек сұрау адасушылық делінген. Сонымен қатар кесенелер мазарлар басындағы шырақшыларды қатты сынаған (Муфтий Зияуддин, 1999: 203-207). Осылайша большевиктер ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан мұндай жергілікті діни дәстүрге қарсы күресте дінбасыларды да қолданған.

1958 жылғы 28 қарашадағы «Киелі жерлердің зиярат етілуін тоқтату шаралары туралы» СОКП Орталық Комитетінің қаулысының орындалу барысы туралы партияның 1959 жылғы 29 маусымдағы есебінде былай делінген:

«Қазақстан аумағында «қасиетті жер» деп аталатын 26 жер – су көздері (бұлақтар), үңгірлер, «әулиелер» мен «асыл» адамдар жерленген кесенелер ба еді. СОКП ОК қаулысы шыққаннан бері мұндай 13 (қасиетті) жер жабылып, оларға зиярат жасау іс жүзінде тоқтатылды.

Оңтүстік Қазақстан облысында бес кесене жабылды, олар Ұзын ата, Асық ата, Укаш ата, Баба Дәруіш және Ислам ата кесенелері. Укаш ата мазарының аумағында Кентау қаласындағы еңбекшілердің балаларына арналған пионер лагері ұйымдастырылды...

Қазіргі уақытта республикада зиярат жасалатын тағы 13 кесене бар. Оның 9-ы Оңтүстік Қазақстан облысында, 4-уі Жамбыл облысында орналасқан. Республиканың басқа аймақтарында мұндай «кесенелер» немесе діндарлар қасиет тұтатын басқа «қасиетті жерлер» жоқ.

Бұл кесенелердің барлығы көне мәдени ескерткіш ретінде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Сәулет істері басқармасына тіркелген. Оларды қорғау жергілікті билік өкілдерінің міндеті. Осы көне құрылыстардың ішінде,

Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесі көлемі, құрылыс техникасы мен сәулет өнері ретінде безендірілу жағынан дүние жүзіндегі ең көне құрылыстардың бірі және орта ғасырларлық құнды ескерткіш. Дегенмен, бұл Қазақстан үшін ғана емес, Орта Азия республикалары үшін де маңызды діни зиярат орталығы. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті осы кесенеді республикалық дін тарихы музейін құру туралы шешім қабылдады. Ол үшін қажетті экспонаттар мен әдебиеттер іріктеліп, қызметкерлер құрамы анықталып жатыр. Бұл музейді ұйымдастыру партия және мемлекеттік органдарға мұсылман халық арасында ғылыми-жаратылыстану және дінге қарсы насихатты күшейтуге көмектеседі» (ҚР ПА, 708-қ. 34-т. 1651-іс. 174-175-пп.).

Бұл құжаттан партия Қазақстан жеріндегі қасиетті жерлердің санын азайтып көрсеткені байқауға болады. Ол кезеңде Қазақстан бойынша барлығы тек 26 қасиетті жер болмағаны анық. Мемлекет тіркеп, өз қорғауына алған 13-і кесенені ғана қасиетті жер деп санағаны да көрініп тұр және олардың барлығы Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында орналасқан. Басқа өңірлерден бірде-бір қасиетті орын ескерткіш ретінде тіркелмеген. Оған қоса Қазақстан ғана емес, бүкіл Орта Азия бойынша ең үлкен киелі орынның бірі болып сенушілер тарапынан зиярат етілетін Ахмет Яссауи кесенесі большевиктердің қатты бақылауында болған. Ол жерге зиярат етіп келетін сенушілерді азайту үшін кесенеді дінге қарсы насихат үшін қолданылатын үлкен музей құру жоспарланған. Мемлекеттің қасиетті жерлермен күресіне халықтың қарсы реакциясы да болғанын айта кету керек. Мәселен, 1959 жылы Түркістан қаласындағы діндарлар жұма намазы кезінде сол жерде тіркелген САДУМ имамына Ахмет Яссауи кесенесінің жабылуына қатысты наразылық білдіріп, сұрақтар қойған. Имам болса, Әмір Темір бұл кесенені тек өзінің абыройын көтеру үшін салғанын және Әмір Темірдің мұсылмандарға қарсы «қатыгездігімен», «қанқұмарлығымен» әйгілі болғанын айтып жауап берген (Tasar, 2017, 222). Бұдан мемлекет және оның имамдарының Ахмет Яссауи кесенесіне ғана емес, оны салған Әмір Темірге де қарсы көзқараста болғанын көруге болған.

Мемлекеттің киелі орындарға қарсы күресте әртүрлі әдістерді қолданғаны көрініп тұр. Н. Хрущевтан кейін исламға, қасиетті жерлерге қарсы мемлекеттің саясаты аздап жұмсарғанымен, қасиетті жерлерге қарсы ұстаным мен насихат одақ тарағанға дейін жалғасты. Бұл істе мемлекет САДУМ-ды да одан әрі қолдана берді. САДУМ-ның қасиетті жерлерді зиярат етуге қатысты қатаң көзқарасы 1980-шы жылдары мүфтий Шамсиддинхан Бабаханов (1937—2003) кезінде де жалғасты. Қасиетті жерлерге қарсы көзқарас ресми жиындарда, кеңестерде талқыланатын. Мысалы, сол кезеңде Дін істері кеңесінің Өзбекстандағы өкілі У.А. Рустамовтың қатысуымен болған бір жиында мүфтий Ш. Бабаханов, мүфтий орынбасары А. Абдуллаев және басқалар кесенелерге, әулиелерге сиынудың шарифатқа қайшы екендігін, бейіттердің кесене секілді үлкен етіп салынбауы тиіс екендігін айтқан және ресми молдаларға оны мешіттерде діндарларға да жеткізуді тапсырған (Юсупов, 2008: 79). САДУМ-ға

бағынышты Қазақстан қазиятының қазии болған Сәдуақас Ғылмани (1890-1972) да өз еңбегінде, халық арасында Түркістандағы Әзірет-Сұлтан кесенесін зияратқа етсе, ол қажылық қылғанның жартысына тең деген түсінік болғанын немесе қажылық қылған кісілер Меккеге қажылыққа бармас бұрын, Әзірет-Сұлтанға бардың ба деп сұрайтын болғанын жазады. Оған қоса өзі де САДУМ мүшесі ретінде, ишанға қол беріп мүрид болуды, сопылық тариқаттарды және қасиетті жерді зиярат етіп, дұға қылуды сынаған және ол мәселеге қатысты САДУМ пәтуасын еске салып отырған (Ғылмани, 2013: 130-131, 140-141, 169).

1940 жылдары тарихи ескерткіш ретінде Яссауи кесенесін күтіп-ұстау үшін айтарлықтай ештеңе жасалмаған. Соғыс басталғанда кесенедегі жұмыстар тоқтатылған еді. Алайда, ол Сәулет басқармасына тапсырылғанға дейін Қазақ ССР Сәулет істері басқармасының 1945 жылғы 7 тамыздағы құжатында Ахмет Яссауи кесенесі ішіндегі мешітке қатысты; әшекейлері мол кесененің тозығы жеткені, сондықтан қалпына келтіруді қажет ететіндігі, бірақ реставрацияның күрделі жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жасалуы тиіс жұмыс екендігі жазылған. Сондай-ақ, кесенедегі барлық бөлмелердің ішінде мешіт бөлмесінің қатты тозығы жеткендігі, бірақ жөндеу жұмыстары жүргізілсе, оны қалпына келтіруге болатындығы айтылған (ҚР ОМА, 1711-қ. 1-т. 5-іс. 43-44-пп.). Сәулет басқармасының осындай ұсыныстарының нәтижесінде Ахмет Яссауи кесенесі аталған басқармаға беріліп, жөндеу жұмыстары басталып кеткен болуы мүмкін деп топшылаймыз.

Жоғарыда айтылғандай, Ахмет Яссауи кесенесі большевиктер тарапынан тек ортағасырлық сәулет ескерткіші ретінде қабылданып, кесенені зерттеу жұмыстары 1949 жылдан бастап біртіндеп басталған. Кешенді түрде сәулет, археологиялық және инженерлік зерттеулерге қажеттілік пісіп жетіліп, 1951-1959 жылдары Яссауи кесенесіне кешенді зерттеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Бұл жұмыстар Қазақ ССР Құрылыс комитетінің (Горстрой) Ескерткіштерді қорғау департаментінің тапсырысы бойынша, бірнеше ғалымдардың ғылыми жетекшілігімен Өзбек ССР Құрылыс комитетінің мамандандырылған ғылыми реставрациялық-өндірістік шеберханасы тарапынан жүргізілген (Ёлгин, 2013: 141-143). Жалпы советтік кезеңде Ахмет Яссауи кесенесі бойынша ең үлкен зерттеулер 1952-1958 жылдары (Б.Н. Засыпкин, Т.Ш. Карумидзе, Л.Ю. Маньковская, К.А. Шахурин) және 1970-1980 жылдары (Б.Т. Тұяқбаева, А.Н. Проскурин) жүргізілген (Свод памятников, 1994: 276). Яғни, Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстары 1950-1980 жылдар аралығында жалғасқан. Большевиктер кесенені рухани орталық деп бағаламаған, оны тек тарихи ескерткіш ретінде қарастырған. Советтер мұсылмандардың кесенені зиярат етуіне кедергі жасап қана қоймай, кесенеде атеистік музей ашуға да әрекеттенген.

1950 жылдары Ахмет Яссауи кесенесін зиярат етушілер саны да артқан. Архив құжаттарында, сол жылдары Ахмет Яссауи кесенесін тек Қазақстан мұсылмандары ғана емес, бүкіл Орта Азия республикалары мен Татар, Башқұрт автономиялық советтік социалистік республикаларындағы діндарлар да құрмет тұтып зиярат еткені жазылған. 1958 жылы 26 қарашада жергілікті билік Яссауи

кесенесінен 100-150 метр қашықтықта орналасқан Хиливат мешітін басқа шалғай жерге көшіру туралы шешім қабылдаған. Бұл мешіттің Яссауи мавзолейі аумағында орналасқаны үшін оны басқа жерге көшірмек болғандығы білдірілген. Сонымен қатар, Ахмет Яссауи кесенесіндегі қалпына келтіру жұмыстары аяқталғаннан кейін кесененің музейге айналатыны, бұл оның діндарлар тарапынан зиярат етілуін түпкілікті тоқтатуға мүмкіндік беретіндігі айтылған (ҚР ОМА, 1711-қ. 2-т. 90-іс. 42-43-пп.). Көріп отырғанымыздай, мешітке келетін діндарлардың Ахмет Яссауи кесенесіне келуін алдын алу үшін бейіт жанындағы тіркелген мешітті де қабірден алыс жерге көшірген. Оған қоса сенушілер кесенені зиярат етпес үшін оны музейге айналдыру көзделген.

Сөйтіп, 1950 жылдары киелі жерлерге баратын діндарлардың көбеюі большевиктерді алаңдатып, олар бұл діни дәстүрге қарсы күресті күшейткенін айтқан едік. Коммунистер Н. Хрущевтің дінге қарсы шабуылы кезеңінде дінмен күресу үшін Ахмет Яссауи кесенесін жай музей емес, атеистік музейге айналдыруды жоспарлаған. Мысалы, Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Діни культтер істері жөніндегі уәкілетті кеңестің төрағасы Б. Жұмашевтың 1959 жылғы 5 маусымдағы баяндамасынан сөзбе-сөз үзінді келтірер болсақ:

«Қазан социалистік революциясына дейін Қазақстанның барлық аймақтарынан келетін дінге сенушілер тарапынан зиярат етілетін жалғыз орын XIV ғ. ғасырдың соңы мен XV ғ. басында Түркістанда салынған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі еді.

Көне дәуірдің құнды сәулет ескерткіші саналатын бұл кесене, 1947 жылғы 23 қыркүйектегі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімімен Сәулет істері басқармасына өткізіліп, содан бері зияратшылардың кесенеге кіруіне тыйым салынған. Сонымен бірге бұл алып құрылысты сәулет ескерткіші ретінде одан әрі сақтау үшін қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары басталды.

Алайда, аталған күннен бастап кесенеге келушілердің кесенеге кіруіне тиым салынғанымен және зиярат етушілердің Түркістан қаласына келуі күрт азайғанымен, зиярат ету күні бүгінге дейін тоқтаған жоқ. Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан және Орта Азия республикаларынан келушілердің үлкен ағыны әсіресе мұсылмандардың діни мерекелері мен Рамазан айы кезінде байқалады.

Кесенені қалпына келтіру және жанарту жұмыстары ұзақ жылдар бойы жалғасуда. Бұл жұмысқа қазірдің өзінде үш миллион рубльден астам қаржы жұмсалды. Қазақ ССР-нің шешім қабылдаушы органдарының шешімімен бұл жұмыстар 1959 жылы аяқталуы тиіс. Қалпына келтіру және жөндеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі үлкен саябақпен қоршалып, онда кинотеатр, мәжіліс залы мен кітапханасы бар клуб салынатын болады. Кесене ғимаратының өзі атеистік мұражай ретінде ашылады.

Қазақстанда Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен бөлек бүгінгі күнге дейін сақталған және діндарлар тарапынан «қасиетті жер» деп есептелінетін 20 кесене тағы бар. Алайда бұл мазарлардың барлығы тек жергілікті маңызы бар «қасиетті жерлер» болып саналады. Бұл кесенелерге басқа облыстар мен республикалардан келіп зиярат ететіндер өте сирек. Осы 20 кесененің біреуі Жамбыл облысы облыстық музейінің қарамағында. Ол Жамбыл қаласында

орналасқан «Әулие ата Қарахан» кесенесі. Бұл кесене де көне ескерткіш ретінде Сәулет басқармасында тіркелген. Бұл кесене мен Қожа Ахмет Яссауи ғибадатханасынан басқа барлығы 20 кесененің тағы 10 кесенесі Сәулет басқармасында тіркелген. 1959 жылға дейін Сәулет басқармасының облыстық басқармалары штаттық күзетшілері болмағандықтан, бұл кесенелердің кілттерін кесенелердің маңында тұратын әрі «қожа» деп аталатын және өздерін бұл кесенелерге жерленген «әулиелердің» ұрпақтары деп санайтын адамдарға тапсырып отырған. Ал, олар қолдарындағы кілттерді пайдаланып, зиярат етушілерді кесенеге ақылы түрде кіргізген. 1957 жылы мұндай оқиға Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде де болған. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде түнде жұмыс істейтін күзетшілер «қасиетті» кесенеге келушілердің ішке кіруіне ақылы түрде рұқсат берген, бірақ одан соң ол 4 күзетші ауыстырылған. Енді бұл он кесененің барлығында есік кілттері «әулиелер ұрпақтарының» қолынан алынып, тиісті жергілікті билік өкілдерінің қолына тапсырылды, осылайша бұл кесенелерге дұға жасау үшін енді ешкім кіре алмайды.

Бұл мазарлар төмендегідей:

Оңтүстік Қазақстан облысында:

1. Сайрам ауылындағы Ибрахим ата кесенесі.
2. Сайрам ауылындағы Хусейн Ғази Байзави кесенесі.
3. Сайрам ауылындағы Қарашаш ана кесенесі.
4. Сайрам ауылындағы Мирәлі баб кесенесі.
5. Сайрам ауылындағы Қызыр кесенесі.
6. Сайрам ауылындағы Қожа Тали кесенесі.
7. Сайрам ауылындағы Абдулғазиз баб кесенесі.
8. Шәуілдір өңіріндегі Арыстан баб кесенесі.

Жамбыл облысында:

9. Жамбыл ауданы, Головачевка ауылындағы Айша бибі кесенесі.

10. *Сол жерде орналасқан Бабаджа Хатун кесенесі*» делінген (ҚР ОМА, 1711-қ. 2-т. 87-іс. 60-62-пп.). Бұл құжат көп нәрсені аңғартады. Бұдан советтік биліктің бұл аталған қасиетті жерлеге қатысты ниеті мен жоспарын айқын көруге болады. Осылайша, коммунистер кесенелерге келген зияратшыларды тоқтатып қана қоймай, кесененің кілтін қолдарына ұстап, оған ешкімді кіргізбей қатаң бақылауға алған. Сонымен қатар, большевиктердің Ахмет Яссауи кесенесін сақтап қалу үшін арнайы қаржы бөліп, ұзақ уақыт жөндеу жұмыстарын жүргізгенін де айта кету қажет.

Тағы бір айта кететін жайт, сол кезеңде Қазақстанда киелі орын деп саналып сақталған киелі орындар саны 20 ғана емес еді. Одан бірнеше есе көп болды. Советтер зиярат етілетін киелі жерлердің санын барынша азайтып көрсетуге тырысқан. Өйткені, 1960 жылы тек Оңтүстік Қазақстан облысында бұрыннан бар және советтердің «шарлатан» деп атаған тіркелмеген дінбасылардың киелі орын ретінде пайдаланып ақша табатын жерлеріне айналған 14 кесененің анықталғаны және жабылғаны жазылған. Көріп отырғанымыздай, тек қана Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде қасиетті жерлердің саны көп болған. 1960 жылы олардың барлығы жабылып, дінге сенушілер тарапынан зиярат етілуі тоқтағаны

жазылған. Олардың арасында Арыстан Баб пен Қожа Ахмет Яссауи кесенелері де бар еді (ҚР ОМА, 1711-қ. 1-т. 82-іс. 308-309-пп.). Тағы бір маңызды бір құжат 1961 жылы 19 сәуірде Д.А. Қонаевтың төрағалығымен өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының мәжілісінің хаттамасы. Ол құжатта:

«Қазақ ССР Министрлер Кеңесіне бағынышты Горстройға, республикалық ислам және атеизм тарихының атеисттік музейі құрылатын Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын аяқтау бойынша қосымша шаралар қабылдау тапсырылсын.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен Саяси және ғылыми ақпараттарды тарату қауымдастығына музей жұмысын ұйымдастыруға қатысты барлық қажетті құрал-жабдықтарды, экспонаттар мен басқа да материалдарды дайындау жүктелсін» делінген (ҚР ПА, 708-қ. 34-т. 123-іс. 65-п.). Бұл құжатта да Н. Хрущев кезеңіндегі қасиетті жерлермен күрес науқанында Ахмет Яссауи кесенесінде атеисттік музей салу әрекеті сөз болған. Ахмет Яссауи кесенесі Н. Хрущев тұсында атеисттік музей ретінде пайдалану жоспарланғанымен, реставрация жұмыстары аяқталмай, ол кезде атеисттік музей ашылмаған болатын. Алайда, кесенеге қатысты мұндай жоспар кейінгі жылдары да жалғасын тапқан.

1966 жылы Ораза айт күндері Шымкенттен және Қазақстанның басқа облыстарынан келген діндарлар Қожа Ахмет Яссауи кесенесін зиярат еткен. Рамазан мен Құрбан айтта айт намазынан кейін зияратшылар топ-топ болып Яссауи кесенесіне барып, дұға қылатын болған. Бірақ зияратшылар кесенеге кіре алмайтын. Ал, кейбір дінге сенбейтін адамдар кесенені тарихи ескерткіш ретінде зиярат ететін болған. 1966 жылы кесенеде бір кітапхана орналасқан және басқа бөлмелердің көбі бос болған. Большевиктер Ахмет Яссауи мазарының бос бөлмелері мен үлкен залын ғылыми-атеистік насихаттың орталығына айналуы тиіс атеизм музейін ұйымдастыруға пайдалануды ұсынған (ҚР ОМА, 2079-қ. 1-т. 2-іс. 16-п.). Алайда, Совет үкіметінің барлық кедергілері мен шабуылдарына қарамастан алыстан келген діндарлар Ахмет Яссауи кесенесін зиярат етуді жалғастыра берген. Мәселен, 1966 жылғы діни мерекеде Ахмед Яссауи кесенесін зиярат етуге келген діндарлар қатарында қызылордалықтар да болған. 1966 жылдың 30 наурызы мен 2 сәуірі аралығындағы Құрбан айт кезінде Қызылорда қаласынан 40 діндар Ахмет Яссауи мазарындағы құлшылықтарға қатысу үшін Түркістанға барған (ҚОМА, R-808-қ. 1-т. 7-іс. 48-п.). Дәл осындай жағдай 1968 жылы Құрбан айтта да қайталанған, яғни 30-ға жуық діндар Қызылордалық Яссауи кесенесін зиярат еткен (ҚОМА, R-808-қ. 1-т. 9-іс. 67-п.). Байқағанымыздай, Қазақстанның түкпір-түкпірінен арнайы мемлекеттік органдар Ахмет Яссауи кесенесіне келушілерді бақылап, оны тиісті органдарға хабарлап отырған.

Діндарлар киелі жерлерді көбіне жаз айларында зиярат еткен. Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесін жұртшылық тұрақты түрде зиярат етуін жалғастырып отырған. Мысалы, 1970 жылы кесенені зиярат еткен діндарлар ішіне кіре алмай, дуалдың сыртында дұға қылған. Ахмет Яссауи кесенесінде атеизм музейі ашылмағанымен, 1970 жылы кесенеде атеистік кітаптармен

жабдықталған арнайы атеизм бұрышы (уголок) орналасқан (ҚР ОМА, 2079-қ. 1-т. 58-іс. 39-п.). Байқалғанындай, Ахмет Яссауи кесенесінде ашу жоспарланған атеистік музей құрылмаса да, оның ішінде атеистік бұрыш жұмыс жасаған.

Совет үкіметі діни зиярат ету орны ретінде Ахмет Яссауи кесенесінің қасиеттілігін жоюға әрекеттенгенімен, нәтиже шықпады деуге болады. Мұрағат құжаттары ол жерге зиярат етіп келушілердің тоқтамағанын көрсетеді. 1973 жылы Құрбан айт күндері Ақтөбе, Қызылорда және Шымкент облыстарынан келген кейбір діндарлар Қожа Ахмет Яссауи мазарын қасиетті жер ретінде зиярат еткен. Бірақ кесенеге кіруге рұқсат етілмей, бұл діндарлар қаладағы тіркелген мешітте айт намазына қатысып, айт намазынан кейін Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қоршауының сыртынды құран оқып, дұға жасаған (ҚР ОМА, 2079-қ. 1-т. 127-іс. 57-п.). Қазақстанға келген шетелдік қонақтар да киелі мекен ретінде Ахмет Яссауи бейітін зиярат ететін болған. Мысалы, 1979 жылы қыркүйекте Түркияда тұратын Оспан Алтай есімді бір этникалық қазақ Қазақстанның Алматы, Түркістан қалаларына барған. Яссауи кесенесін аралаған Оспан Алтай одан үлкен әсер алғанын айтқан. Сондай-ақ ол Түркияда тұратын қазақтар арасында Яссауи кесенесіне үш рет бару Меккеге қажылыққа барумен бірдей деген түсінік бар екенін жеткізген (ҚР ОМА, 2079-қ. 1-т. 198-іс. 22-23-пп.). Осылайша, советтер қанша тырысса да, Ахмет Яссауи кесенесінің киелілігін түрік халықтарының санасынан өшіре алмағанын көруге болады.

1981-1984 жылдар аралығында Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарына атсалысқан маман Жантемір Алимов өз естелігінде, мемлекеттің Яссауи кесенесін музейге айналдырудағы мақсаты, адамдардың санасынан «әулие», «қасиеттілік», «киелілік» деген түсініктерді өшіріп, кесенені жәй ғана тарих және мәдениет музейіне айналдыру болды деп жазады. Музейге айналдыру жұмыстарының нәтижесінде кесененің қатты зақымданғанын айтады. Музейге айналдыру жоспары бойынша кесененің есік-терезелері жабылып, барлық желдеткіш каналдардың қолмен жабылғанын өз естелігінде жан-жақты баяндайды. Ж. Алімов бұл мәселелерді Мәдениет министрлігіне және оның лауазымды тұлғаларына (Ж. Еркінбеков – министр, Ө. Жәнібеков – министрдің орынбасары, Д. Жалилов – кесенені қорғау басқармасының бастығы) жеке хатпен жеткізгенін де келтірген (Алимов, 2019: 15-16, 29-31). Тағы айта кететін жайт, Ж.Алимов, Өзбекәлі Жәнібековтің Яссауи кесенесіне (компартияның мүшесі болса да) үлкен жанашырлық танытқанын да айтады (Zholdassuly, Baizhanova, 2022: 204).

1955-1959 жылдары кесенедегі реставрация жұмыстарының жетекші кураторы болған советтік ғалым Л.Ю. Маньковская да Ахмет Яссауи кесенесін музейге айналдыру кесене үшін қауіпті екенін былайша жеткізген: *«Использование памятника как музея повлекло бы нежелательное отопление и герметизацию проемов, что нарушит режим проветривания и поставит под угрозу своды»*. Яғни, атақты реставратор Л.Ю. Маньковская кесенені музей ретінде пайдалану оның жылыту жүйесін және ойықтесіктерін бітеуге алып келетінін, ал бұл жағдай бөлмелердің желденіп, ауа ауысу тәртібін бұзатынын және күмбездерге қауіп төндіретінін ескерткен. Бірақ Л.Ю. Маньковскаяның

пікірін кейінгі реставрация басшылары ескермегенге ұқсайды (Алимов, 2019: 116).

Ақырында, Ахмет Яссауи кесенесі 1978-1979 жылдардан бастап музей қызметін атқара бастаған (Муминов и др., 2017: 79). Ал, 1989 жылы 28 тамызда бұл музей «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы болып қайта құрылған (Свод памятников, 1994: 357-359). Бір қызығы, аталған музейдің негізгі жұмысының бірі атеистік насихат жүргізу болған. Музейде атеистік бұрыш жұмыс жасаған және өз кезегінде ол жерде атеистік көрмелер қойылған. Сонымен қатар, Ахмет Яссауи кесенесінде көшпелі атеисттік автоклуб да болған. Музей қызметкерлері қала мектептерін, оқу орындарын және зауыттарды аралап, жылына 2-3 рет атеисттік лекциялар оқыған және бұл музей қызметкерлерінің басты міндеттерінің бірі болған (Zholdassuly, Baizhanova, 2022: 204). Бұл деректердің барлығы Яссауи мұрасының қаншалықты шабуылға ұшырап, бүлінгенін аңғартады.

Қорытынды. Коммунистік партияның исламдық қасиетті жерлердің дінге сенушілер тарапынан зиярат етілуіне қарсы ондаған жыл бойы жасаған шабуылы нәтиже берді ме деген сұраққа, толық нәтиже бермеді деп жауап бере аламыз. Большевиктер киелі мекендерге деген сенушілердің зияратын азайтқанымен толықтай жоя алмады. Большевиктер күткен толықтай атеистік қоғам құрылмады. Өйткені қасиетті жерлерге қарсы шабуыл мен үгіт-насихат жаппай күш алып тұрған 1958-1964 жылдардың өзінде зиярат етушілердің саны азайғанымен, тоқтамағанын көреміз. Сосын Н. Хрущев кеткен соң қасиетті жерлерге баратын зияратшылардың саны жылдан жылға көбейе берген. Бірақ зиярат тоқтамағанымен, атеистік идеологияның қазақ даласында өмір сүрген атақты қожа-ишандардың мұрасына үлкен зияны тигені мәлім. Киелі мекендердің зиярат етілуіне және оған қатысты діни дәстүрлерге қарсы күрес ишанизмге (сопылыққа) қарсы күрес аясында жүргізілді. Ишандық, диуаналық, дәруіштік (дервишизм) және мүридтік (мюридизм) атеистік тұрғыда талданып, «ескіліктің», «қараңғылықтың», «надандықтың» белгісі саналды. Ишандардар болса жұмысшылар мен шаруалардың «жауы» саналып, «қанаушы» тапқа жатқызылды. Халық тарапынан көп зиярат етілетін, әулие тұтылатын ишан-қожалардың кесенелері және ол жерлерде жасалатын діни ритуалдар атеистік қоғам құрғысы келген большевиктер үшін үлкен кедергінің бірі болды.

Жалпы сол кездегі деректерден советтік биліктің қасиетті жерлердің зиярат етілуіне қарсы күресі екі бағытта жүргенін көруге болады, біріншісі киелі мекендерге қарсы үгіт-насихат жұмыстары, екіншісі оларға қарсы тікелей шабуыл. Үгіт-насихат жұмыстары атеистік тұрғыда дінге қарсы күрестің құрамдас бөлігі ретінде жүргізілді. Партия қасиетті жерлерге қарсы шешімдер мен қаулылар шығарды және сол шешімдер негізінде мерзімді басылымдар мен музейлер жаппай үгіт-насихат жұмыстарына қатыстырылды және атеистік мазмұндағы әдебиеттер жарияланып тұрды. Ал, тікелей шабуыл барысында кейбір қасиетті жерлерге зияратшылардың келуіне кедергі келтіру үшін кесенелер жабылып, оларға үлкен құлып салынды және сенушілер ішіне кіргізілмеді. Укаш ата кесенесі р секілді кейбі қасиетті жерлер балалар лагеріне

айналдырылды. Ал, Ахмет Яссауи кесенесінде атеистік музей ашу жоспарланды және ол жерде атеистік кітаптармен жабдықталған арнайы атеизм бұрышы жұмыс жасады. Бірақ орта ғасырлық тарихи ескерткіш ретінде Ахмет Яссауи кесенесіне советтік кезеңде жасалған зерттеу және қалпына келтіру жұмыстарын да айта кету қажет. Бұл бағытта да аз жұмыс жасалмады. Бірақ бәрібір большевиктер аталған мавзолейді қазақ халқының рухани орталығы, қасиетті орны ретінде халық жадынан өшіруге талпынды. Бірақ советтер ол мақсатына толықтай жете алмады.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві

ҚОМА – Қызылорда облыстық мемлекеттік Архиві

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

AP RK – Archive of the President of the Republic of Kazakhstan

KRSA – Kyzylorda Regional State Archive

Әдебиеттер

Абашин, 2006 - *Абашин С.Н.* Ислам на территории бывшей Российской империи: энциклопедический словарь. Том 1. Ред. С.М. Прозоров. Москва: Восточная литература, 2006. 164-166 сс.

Алимов, 2019 - *Алимов Ж.* Кесене үшін күрес: Естеліктер мен мақалалар. Алматы: Орхон, 2019. 140 б.

Бабаханов, 1999 - *Бабаханов Ш.* Муфтий Зияуддин ибн Эшон Бабахан. Жизнь деятельность. Ташкент: Узбекистон миллий энциклопедияси, 1999. 351 с.

Ғылмани, 2013 - *Ғылмани С.* Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. I том. Жауапты: Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 576 б.

Дастанов, 1967 - *Дастанов О.* «Әулиелі» жерлер туралы шындық. Алматы: Қазақстан, 1967. 80 б.

Ёлгин, 2013 - *Ёлгин Ю.А.* Археологические и историко-архитектурные исследования мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави: Вторая половина XIX в. - середина 1950-х годов: (Очерки и материалы). Алматы: Ғылыми қазына, 2013. 225 с.

Ислам в СССР, 1983 - *Ислам в СССР. Особенности процесса секуляризации в республиках советского Востока: монография / А. И. Абдусамедов, И. Ш. Алискеров [и др.]; отв. ред. Э. Г. Филимонов.* Москва: Мысль, 1983. 173 с.

Ислам и советское государство, 2010 - *Ислам и советское государство (1917–1936). Сборник документов. Вып. 2. Сост.: Д.Ю. Арапов.* Москва: Издательский дом Марджани, 2010. 209 с.

Ислам и советское государство, 2011 - *Ислам и советское государство (1944–1990). Сборник документов. Вып. 3. Сост.: Д.Ю. Арапов,* Москва: Издательский дом Марджани, 2011. 528 с.

Кеңес өкіметінің дін саясаты және діни себептермен қуғындалғандар, 2022 - Кеңес өкіметінің дін саясаты және діни себептермен қуғындалғандар. Құжаттар мен мақалалар жинағы. Жауапты ред.: Кенжетай Д. Алматы: Арыс, 2022. 184 б.

Массон, 1930 - *Массон М.Е.* Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. Ташкент: Типо-Лит, 1930. 25 с.

Муминов и др., 2017 - *Муминов А.К., Кумеков Б.Е., Султонов У.А., Шуховцов В.К., Кенжетай Д.Т., Кабылова А.С., Утепбергенова У.А., Айбасов А.А.* Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасави. Астана: Мастер ПО ЖШС, 2017. 216 с.

Мухаметшин и др., 2013 - *Мухаметшин Ф.М., Абашинов С.Н., Арапов Д.Ю., Бабаджанов Б.М., Германов В.А., Иванов В.А., Шигабдинов Р.Н.* Россия — Средняя Азия: Политика и ислам в конце XVIII — начале XXI века. Москва: Издательство Московского университета, 2013. 480 с.

Преодолевая религиозное влияние ислама. Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Казахстан, 1990, 256 с.

Свод памятников истории и культуры Казахстана: Южно-Казахстанская область. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. 368 с.

Юсупов, 2008 - *Юсупов Р.М.* Ўзбекистонда XX асрнинг 40-80 йилларида мусулмон диний ташкилотлари ва уламолар фаолияти (МДА маълумотлари асосида). Тарих фанлари номзоди илмий даражасини олиш учун диссертация. Андижон, 2008. 163 с.

Muminov, 2013 - *Muminov A.* Sacred Places In Central Asia: Attempts At Their Historical And Theological Interpretation. / Shinmen Yasushi, Sawada Minoru and Waite Edmund (Eds). Muslim Saints and Mausoleums in Central Asia and Xinjiang. Paris: Librairie d'Amérique et d'Orient, 2013. Pp. 27-36.

Sartori, Babajanov, 2019 - *Sartori P., Babajanov B.* Being Soviet, Muslim, Modernist, and Fundamentalist in 1950s Central Asia. // Journal of the Economic and Social History of the Orient, 62 (2019). Pp. 108-165.

Tasar, 2017 - *Tasar E.* The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943-1991. New York: Oxford University Press, 2017. 432 p.

Zholdassuly, 2020 - *Zholdassuly T.* Sovyet Kazakistan'ında İslama Yönelik Bir Uygulama: Militan Tanrısızlar Birliği // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, 96 (2020). Pp. 531-556.

Zholdassuly, Baizhanova, 2022 - *Zholdassuly T., Baizhanova G.* Sovyetler'in Kutsal Yerlere Karşı Politikası: Ahmet Yesevi Türbesi Örneği. // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Yaz 2022/Sayı 102. Pp. 193-210.

Zholdassuly, 2023 - *Zholdassuly T.* Sovyetler'in İslam Siyaseti ve Orta Asya'da Dini İdare. Ankara: Hitabevi, 2023, 336 p.

References

Abashin, 2006 - Abashin S.N. Ishan [Ishan]. Islam na territorii byvshei Rossijskoi imperii: enciklopedicheskij slovar. Vol. 1. Red. S.M. Prozorov. Moskva, 2006. Pp. 164-166 [in Rus.]

Alimov, 2019 - Alimov Zh. Kesene ushin kures: Estelikter men makalalar [The Struggle for the Tomb: Memoirs and Articles]. Almaty, 2019. 140 p. [in Kaz.]

Babahanov, 1999 - Babahanov Sh. Muftii Ziyaaddin ibn Eshon Babahan. Zhizn' deyatel'nost' [Mufti Ziyaaddin ibn Eshon Babakhan. Life activity]. Tashkent, 1999. 351 p. [in Rus.]

Gylmani, 2013 - Gylmani S. Zamanamyzda bolgan gulamalardyn gumyr tarihtary [Life stories of contemporary scholars]. Vol. I. Edit. A.K. Muminov, A. J. Frank. Almaty, 2013. 576 p. [in Kaz.]

Dastanov, 1967 - Dastanov O. "Aulieli" zherler turaly shyndyk [The truth about "holy" places]. Almaty, 1967. 80 p. [in Kaz.]

Yolgin, 2013 - Yolgin Yu. A. Arheologicheskie i istoriko-arhitekturnye issledovaniya mavzoleya Hodzhi Ahmeda Yasavi: Vtoraya polovina XIX v. – seredina 1950-h godov [Archaeological and historical-architectural studies of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi: Second half of the 19th century. – mid-1950s]. Almaty, 2013. 225 p. [in Rus.]

Islam v SSSR, 1983 - Islam v SSSR. Osobennosti processa sekulyarizatsii v respublikah sovetskogo Vostoka [Islam in the USSR. Features of the process of secularization in the republics of the Soviet East]. Edit. E. G. Filimonov. Moskva, 1983. 173 p. [in Rus.]

Islam i sovetskoe gosudarstvo, 2010 - Islam i sovetskoe gosudarstvo (1917–1936) [Islam and the Soviet State (1917–1936)]. Documents. Issue 2. Comp.: D.Yu. Arapov. Moskva, 2010. 209 p. [in Rus.]

Islam i sovetskoe gosudarstvo, 2011 - Islam i sovetskoe gosudarstvo (1944-1990) [Islam and the Soviet State (1944-1990)]. Sbornik dokumentov. Issue 3. Comp.: D.Yu. Arapov. Moskva, 2011. 528 p. [in Rus.]

Kenes okimetinin din sayasaty zhane dini sebeptermen kugyndalgandar, 2022 - Kenes okimetinin din sayasaty zhane dini sebeptermen kugyndalgandar [The religious policy of the Soviet government and those persecuted for religious reasons]. Kuzhattar men makalalar zhinagy. Editor: Kenzhetai D. Almaty, 2022. 184 p. [in Kaz.]

Masson, 1930 - Masson M.E. Mavzolei Hodzha Ahmeda Yasevi [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasevi]. Tashkent, 1930. 25 p. [in Rus.]

Muminov i dr., 2017 - Muminov A.K., Kumekov B.E., Sultonov U.A., SHuhovcov V.K., Kenzhetaev D.T., Kabylova A.S., Utepbergenova U.A., Ajbasov A.A. Istoricheskie dokumenty mavzoleya Hodzha Ahmada Yasavi [Historical documents of the mausoleum of Khoja Ahmad Yasawi]. Astana, 2017. 216 p. [in Rus.]

Muhametshin i dr., 2013 - Muhametshin F.M., Abashin S.N., Arapov D.YU., Babadzhanov B.M., Germanov V.A., Ivanov V.A., SHigabdinov R.N. Rossiya — Srednyaya Aziya: Politika i islam v konce XVIII — nachale XXI veka [Russia - Central Asia: Politics and Islam at the end of the 18th - beginning of the 21st century]. Moskva, 2013. 480 p. [in Rus.]

Preodolevaya religioznoe vliyanie islama, 1990 - Preodolevaya religioznoe vliyanie islama [Overcoming the religious influence of Islam]: Sbornik dokumentov i materialov. Alma-Ata, 1990, 256 p. [in Rus.]

Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Kazahstana: Yuzhno-Kazahstanskaya oblast', 1994 - Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Kazahstana: YUzhno-Kazahstanskaya oblast' [Collection of historical and cultural monuments of Kazakhstan: South Kazakhstan region]. Almaty, 1994. 368 p. [in Rus.]

Yusupov, 2008 - Yusupov R.M. Uzbekistonda XX asrning 40-80 jillarida musulmon diniy tashkilotlari va ulamolar faoliyati (MDA ma'lumotlari asosida) [Activities of Muslim religious organizations and scholars in Uzbekistan in the 40s-80s of the 20th century (based on MDA data)]. Tarih fanlari nomzodi ilmiy darazhasini olish uchun dissertatsiya. Andizhon, 2008. 163 p. [in Uzb.]

Muminov, 2013 - *Muminov A. Sacred Places In Central Asia: Attempts At Their Historical And Theological Interpretation.* / Shinmen Yasushi, Sawada Minoru and Waite Edmund (Eds). *Muslim Saints and Mausoleums in Central Asia and Xinjiang.* Paris: Librairie d'Amérique et d'Orient, 2013. Pp. 27-36

Sartori, Babajanov, 2019 - *Sartori P., Babajanov B. Being Soviet, Muslim, Modernist, and Fundamentalist in 1950s Central Asia.* // *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 62 (2019). Pp. 108-165

Tasar, 2017 - *Tasar E. The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943-1991.* New York: Oxford University Press, 2017. 432 p.

Zholdassuly, 2020 - *Zholdassuly T. Sovyet Kazakistan'ında İslama Yönelik Bir Uygulama: Militan Tanrısızlar Birliği* [A Practice Against Islam in the Soviet Kazakhstan: The League of Militant Atheists] // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 96 (2020), Pp. 531-556 [in Tur.]

Zholdassuly, Baizhanova, 2022 - *Zholdassuly T., Baizhanova G. Sovyetler'in Kutsal Yerlere Karşı Politikası: Ahmet Yesevi Türbesi Örneği* [Soviet Policy Against Sacred Places: The Example of Aḥmad al-Yasawī Tomb] // *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, Yaz 2022/Sayı 102, Pp. 193-210 [in Tur.]

Zholdassuly, 2023 - *Zholdassuly T. Sovyetler'in İslam Siyaseti ve Orta Asya'da Dini İdare* [Soviet Islamic Policy and Religious Administration in Central Asia]. Ankara: Hitabevi, 2023, 336 s. [in Tur.]

ХҒТАР 03.20

1944-1987 ЖЫЛДАРДАН БҰРЫҢҒЫ ҚАЗАҚ КСР ТАРИХЫНДАҒЫ ҚЫРЫМ ТАТАРЛАРЫ

Абдулхаиров Абжемиль Закерьянович¹

¹п. ғ. к., доцент, Февзи Якубов атындағы Қырым инженерлік-педагогикалық университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, e-mail: abzhemil@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада ашық архив деректері мен БАҚ материалдарына, тарихи дереккөздер мен энциклопедияларға негізделген. Қырым татар халқының белгілі өкілдерінің Қазақ КСР-дегі еңбек және шығармашылық қызметін көрсетуге талпыныс жасалды. 1944 жылы атамекенінен Сібірге, Оралға және Орта Азия республикаларына күшпен жер аударылған тұтас халықтар сталиндік режимнің құрбаны болғаны белгілі. Бұл халықтардың арасында Қырым татарлары да болды, оларды депортацияның иірімдері арнайы қоныстардың әртүрлі жерлеріне шашырап кетті. Қырым татарларының бір бөлігі Қазақ КСР-іне әкелінді. Қазақстан Республикасынан алынған архив деректеріне сүйене отырып, Қырым татарларының өкілдері халық шаруашылық нысандарының құрылысына, мәдени-ағарту саласы мен ауыл шаруашылығына белсене қатысқаны анықталды.

Түйінді сөздер: Қырым және Қырым татарлары, Қырым татар зиялылары, Қазақстан, еңбек әскеріне жұмылдырылған, арнайы қоныс аударушылар.

МРНТИ 03.20

КРЫМСКИЕ ТАТАРЫ В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР В ПЕРИОД С 1944–1987 ГГ.

Абдулхаиров Абжемиль Закерьянович^{1*}

¹к.п.н., доцент, доцент кафедры социально-гуманитарных дисциплин Крымского инженерно-педагогического университета имени Февзи Якубова, e-mail: abzhemil@mail.ru

Аннотация. В статье на базе открытых архивных данных и материалов СМИ, исторических источников и энциклопедий была предпринята попытка показать трудовую и творческую деятельность известных представителей

крымскотатарского народа в Казахской ССР. Как известно, в 1944 году жертвами сталинского режима оказались целые народы, которые были насильственно выселены с родины в Сибирь, на Урал и республики Средней Азии. В числе таких народов были и крымские татары, которых маховик депортации разбросал по различным местам спецпоселений. Одна часть крымских татар была привезена в Казахскую ССР. По материалам архивных данных Республики Казахстан было выявлено, что представители крымских татар приняли активное участие в строительстве народно-хозяйственных объектов, в культурно-просветительской сфере и сельском хозяйстве.

Ключевые слова: Крым и крымские татары, крымскотатарская интеллигенция, Казахстан, мобилизованные в трудармию, спецпереселенцы.

IRSTI 03.20

CRIMEAN TATARS IN THE HISTORY OF THE KAZAKH SSR IN THE PERIOD FROM 1944 TO 1987

Abdulkhairov Abzhemil Zakeryanovich¹

¹Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Social and Humanitarian Disciplines of the Crimean Engineering and Pedagogical University named after Fevzi Yakubov, e-mail: abzhemil@mail.ru

Abstract. *The article, based on open archival data and media materials, historical sources and encyclopedias, attempts to show the labor and creative activities of famous representatives of the Crimean Tatar people in the Kazakh SSR. As is known, in 1944, entire nations fell victim to the Stalinist regime, having been forcibly deported from their homeland to Siberia, the Urals and the republics of Central Asia. Among these nations were the Crimean Tatars, whom the flywheel of deportation scattered across various places of special settlements. One part of the Crimean Tatars was brought to the Kazakh SSR. Based on archival data from the Republic of Kazakhstan, it was revealed that representatives of the Crimean Tatars took an active part in the construction of national economic facilities, in the cultural and educational sphere and agriculture.*

Keywords: *Crimea and Crimean Tatars, Crimean Tatar intelligentsia, Kazakhstan, mobilized into the labor army, special settlers.*

Введение. Как известно, различные военные действия в историческом процессе любого государства влекут за собой миграционные процессы, в результате меняет численность населения и национальный состав территорий, сказывается на политико-экономической и национально-культурной сферах того или иного государственного субъекта. В истории СССР в начале 20-х годов XX века миграционные процессы в мирное время были связаны с политикой большевистского строя, который строился на карательно-надзирательных действиях относительно «чуждых элементов» строящегося коммунизма,

подвергшихся принудительному переселению в Сибирь, на Урал. При этом следует отметить, что политика принудительных переселений периода сталинизма была существенно дополнена политикой использования в СССР принудительного труда переселенного работоспособного населения, в целях развития экономико-промышленного сектора данного региона. «Первые масштабные депортации прошли под знаменами коллективизации и раскулачивания в начале 1930-х годов. В Северный край высылались зажиточные крестьяне – кулаки из Украины и Центрально-Черноземной области, в Сибирь – с Нижней и Средней Волги и из Белоруссии, а на Урал и в Казахстан – из Северного Кавказа. В Сибири и на Урале большая часть переселений носила внутри краевой характер. Это касалось в полной мере и советских немцев» (Кукса&Кислицын, 2002).

В предвоенное время в начале 1940-х годов также продолжилась депортация народов, например, в мае 1941 года под статьей «социально-чуждые элементы» были выселены граждане, проживающие в республиках Прибалтики, Западной Украины, Молдавии. Таким образом, процесс насильственного выселения народов СССР начался еще задолго до начала Великой Отечественной войны.

Вместе с трагедией, начавшей Великой Отечественной войны против немецкого фашизма, внутри СССР происходили тяжелые события, связанные с геноцидом собственного советского народа. Как правило, насильственное выселение в годы войны связывают с требованиями безопасности, под этим подразумевалось недоверие правящей власти СССР к народам, проживающим на оккупированных фашистской Германией территориях, и после освобождения советской армией это население были огульно оговорены и им вменялось в вину нелояльное отношение к Советской власти и готовность сотрудничать с фашистскими оккупантами. К таким народам относились немцы, карачаевцы, чеченцы, ингуши, балкарцы, калмыки, крымские татары, турки-месхетинцы, хемшины, курды. «В 1944-1945 гг. спецпереселенцы расселены в 6 союзных, 8 автономных республиках и 27 областях СССР. Больше всего их к 1946 г. в Казахстане (более трети общего числа по стране), Узбекистане (более 81 тыс. чел.), Красноярском крае (более 125 тыс. чел.), Киргизии (более 112 тыс. чел.), Кемеровской обл. (более 97 тыс. чел.), Томской обл. (более 92 тыс. чел.), Свердловской обл. (более 89 тыс. чел.), Алтайском крае (более 85 тыс. чел.), Молотовской обл. (более 84 тыс. чел.). Таковы данные на 1 января 1946 г. Казахстан, Западная Сибирь и Урал – главные регионы приема депортированных» (Бердинских, 2006: 141).

